

84(5492)6
0-54



Сабырбек ОЛЖАБАЕВ

Ақылзек



84(5425)

0-54

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

Ақиғек

291685



Сабырбек Олжабай
АТЫНДАҒЫ КІТАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘМБЕДИК
КІТАПХАНАСЫ

Повестьтер мен
әңгімелер

KITAP SAKTA
БӨЛІМІ

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-44
О-34

О-34

Сабырбек ОЛЖАБАЙ.

АҚІЛГЕК. Повесттер мен әңгімелер. С.Олжабай.
/Алматы: «Жамбыл» баспасы. 2021.

ISBN 978-601-80719-6-6

Танымал жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшсі Сабырбек ОЛЖАБАЙ - сатира, драматургия, проза жанрларында өнімді еңбек стіп келе жатқан қаламгер. Шығармалары әуезді тіл, сырлы сюжет, ірімді мазмұнға бай. Ол оқиғаны ойдан құрап, алыстан іздемейді, құнделікті түрлі ситуациялардан ой өрбітіп, айналасындағы адамдар тағдырларынан нанымды образ сомдайды.

Бұған дейін «Жылыбұлақ», «Ақсақ Темірдің алмас қылышы» атты прозалық кітаптарымен танылған жазушының бұл жолғы жинағына үш повесть, бірнеше әңгімелері еніп отыр. Бұлардың қай-қайсысы да уақыттынысын, замана шындығын ашуға құрылған. Жазушының жыл сайын жаңа тынысы ашылып, өсу жолы мен шеберлік жағынан шындала түскені байқалады.

Кітаптың тілі көркем, женіл оқылады.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-44

ISBN 978-601-80719-6-6

© С. Олжабай, 2021
© «Жамбыл», 2021



*Шын жазушының козі
кокірегінде болады.*

Шерхан Мұртаза

АҚІЛГЕК

(Повесть)

Еңсели үш қабатты үйге кіріп келген Болатбек ақырады да қалды. Жо-жоқ, оны таң-тамаша қалдырыған зәулім сарайдың алтынмен аптаپ, күміспен қаптап қойған көз суарлық сұлу да сымбатты көрінісі мен қымбат жиһаздары емес еді. Қарсы алдында үріп ауызға салғандай келісті келіншек тұрды. Япырай, мынадай да сұлулық болады еken ғой, гүлді халатының алдыңғы өңірі сөл ғана ашық қалыпты да, қос алмасы серіппедей сыртқа теуіп тұрған келіншектің мойылдай қараышына тұсалды да қалды. Тұла бойында бір мін болсашы. Аққудың көгілдіріндегі келіншек бейтаныс жігіттің үрлана да сұқтана қарағанына қымсынған да жоқ. Қайта «қарай тұс, тіміскелене тұс» дегендегі әнтек жымып, тостағандай көздерін төңкеріп, сүйкімін арттыра тұсті. Ол «не үшін келдіңіз?» деп сұрамады да, тап қазір өзінің осы бір ерке болмысты тұрысының үстіне бөтен ереккі кіріп келетінін күткендей екі көзі боталап, Болатбекке қыла қарады.

Болатбек не үшін келгенін айта алмай тұтықты да қалды.

- Сізге мынаны басекең беріп жіберді, - деді әлден соң есін зорға жинаған Болатбек не үшін келгені есіне түсіп.

Келіншек сыңғырлап кеп күлді. Құлкісі күміс қоңыраудың сыңғырында жүрек қытықтайды екен.

- Сіз Талқанбайдың жаңа шопырысыз ғой, - деді райы да шырайы да келіскең келіншек оның тұла бойын тінтіп қарап шығып, - иә, жаңа ғана қоңырау соқты. Қолыңыздағыны мына жерге қоя салыңыз.

- Иә, Тауаға жіберді, - деді Болатбек сөзін қайта пысықтап.

Ол келіншектің күйеуін неге Талқанбай деп тұқыртып атап түрғанын түсінген жоқ. Жұмыста ғой, бастықты барлығы да «Тауағ!» деп атап, алдында құрақ ұшады. Сонда келіншегі оны неге Талқанбай деп тұр?

- Менің есімім - Ақілгек. Әжем қойған, - деп әдемі келіншек қолын ұсынды.

Үп-ыстық та ұлпадай жұмсақ сүйріктей саусақтар жүргізуші жігітті майдай ерітті. Болатбек қолын тартып ала алмай, ұзағырақ бөгелді. Ақілгек ақ маржандай тістері жарқырап, ақтарыла құлді.

Олар осылай танысқан еді.

Содан бері Bolatbek бастығының да, Aқілгектің де айтқанын екі етпейді. Көбіне іс-сапарда, тығыз-таяу жұмыстарымен қауырт жүретін бастығының қызын балалар бақшасына апарып келу мойнында. Аракідік Ақілгек қаладағы супермаркеттерді аралайды, сән ательесінде ұзақ бөгеледі.

Жүргізушіге керек басты қасиет - төзімділік пен шыдамдылық. Сосын қанша ұрсып жатса да мылқау адамдай тіл қатпау. Ұшіншісі, бастығың туралы басына мылтық тіресе де, тіпті өліп бара жатсаң да сыр шашпау. Міне, осыларға шыдасаң, бастығыңың да, оның отбасы мүшелерінің де бабын тауып, сенімінен шықтым дей бер.

Болатбек мұның алдында да бір мықтының көлік жүргізушісі болған. Тәжірибесі толық, тісқаққан жігіт. Бастыққа ұнаудың, сеніміне кірудің жөн - жосығын біrkісідей біледі.

Болатбектің бұрынғы бастығымен танысуы да, қоштасуы да қызық. Онда Bolatbek қоғамдық көлік жүргізетін. Таңертең ерте тұрып, кеш жатады. Белгілі бағыттағы автобуспен қаланы таңғы сағат алтыдан тұнгі онға дейін айналады да жүреді. Жұмысы ауыр болғанымен, табысы тәуір. Оған тәжірибелі жүргізуші ретінде басшылары үнемі жаңа

автобус береді. Құрмет-сыйы, қомақтылау қаржысы бар жұмыстан кім қашады? Оның құтты орнынан қозғалғысы да жоқ еді.

Бір күні ойламаған жерден алдынан «Джип» автокөлігі шыға келді. Болатбек тежегішті басып үлгермеді, екі көлік соғысып, дүние төңкеріліп жүре берді. Салон толы жолаушылар үлардай шулап қоя берген. Бір есін жиганда ол дәрігердің алдында отыр екен.

Кінәлі «Джип» жүргізушісі еді. Рульде арыстай болып Ақылбектің өзі отырыпты. Сол күні ол жолдас - жоралағымен мейрамханалардың бірінде бөгеліп қалады да жүргізушісін үйіне қайтарып жібереді. Мейрамханада қанша уақыт отырды, қаншама ішімдік ішті, бұл арасы бұлыңғыр, әйтеуір, Болатбек оның теңселіп тұрып тепсініп жер - жебірінен жеткенін еміс - еміс біледі.

Қалай дегенде де «Аққа Құдай жақ». Жол - көлік апартының қалай болғанын көргендер бар, жолаушылар бар, Ақылбектің рульге ие бола алмай, көлігімен автобусқа өзі келіп соқтығысқанын бұлтартпас дәлелдермен мойынына қойып берді. Бірақ, Ақылбек алдырмайтын да, шалдырмайтын да жуан органың жолбарысы болып шықты. Не керек, ол өзін де, Болатбекті де тығырықтан алып шықты. Оған себеп Bolatbektің бір сөзділігі. Ол ішкі істер басқармасының тергеушілері, анықтаушылары алдында да, сот отырысында да «кінәлі менмін» деп тұрып алды.

Жоғарыдағылар үшін бір кісінің апат салдарынан о дүниеге аттанып, бір келіншектің түсік тастап, екі - үш адамның қол - аяғы сынғаны бүйім болыпты ма, Ақылбек судан таза, суттен ақ болып шыға келді. Дегенмен өзі мәрт жігіт екен. Сөзінде тұрды. Bolatbektі темір торда көп телміртпей, суырып алды.

Автобусынан айырылған, жұмысынан қуылған Bolatbektі сындарлы сәтте сыр бермегені үшін ұнатып - ақ қалыпты. Көп кешікпей өзіне жүргізуі етіп жұмысқа қабылдады.

Ақылбек ойға да шапқылады, қырға да шапқылады. Неше түрлі қылмыс та жасады. Саудасы да жүрді. Саунасы

да қызды. Болатбек сол бұралаң-бұлтарысты, бұқпантайлы тайғанақ жолдардың бірінің де жымың білдірмей, жібін ілдірмей өткелдерден таза да аман өткізіп отырды.

Бірде Ақылбек тау баурайындағы саяжайында биліктегі дүмді орындарда отырған дос-жарандарымен үлкен мереңке үйімдастырыды. Кілең ығай мен сығай мынадай оңашалықты аңсап қалған ба көз байланғанша ішіп - жеді, қалағандарынша көсіліп бақты, ойнақ та салды. Олардың әр қайсысының жанында бір-бір сылқым сұлу бар еді. Не ойлағанын өзі біледі, бастығы екі күлімкөзді бірге ала келіпті. Саяжайда қонып қалатын болған соң, екі сылқымның бірін кері қайтаруға шешім қабылдапты.

- Болатбек! - деді бастығы оны қасына шақырып алғып, - мына қарындасты үйіне жеткізіп сал. Байқа! Бір тал шашы түсетін болса, менен жақсылық күтпе.

- О, не дегеніңіз, басеке!

Үйлай шыға Гүлбанудың ызадан әлде қызғаныштан тызақтап келе жатқанын аңғарды. Өйткені, басекең мұны емес, оны таңдады ғой. Ішіне от түскен Гүлбану үятты жиып қойып, мұның мойнына асыла кеткен. Ішіп алғанымен бұл бойжеткен аса ажарлы еді. Ажарлы адамның да аузынан албаты сөз шығады еken-aу. Жол-жөнекей оның айтпағаны жоқ. Әсіресе, Ақылбектің жанында қалып кеткен құрбысы жөнінде ауызына келгенін ақтарды. «Салдақы», «кәzzап», «алbastы» деген теңеулер Болатбектің сөз қорынан баяғыда өшіп қалған екен. Тұла бойы тітіркенді.

Бір рет кездейсоқ көлік апатын жасап, жүрегі шайлығып қалған Болатбек иығына асылып, рульге жармасқан Гүлбанудан әбден ығыр болды. Бәлдене қарап, бұлдана сөйлеп келген Гүлбанудың үйінің тұсына жеткенде және бір қылық көрсетті.

- Міне, қарындағас, үйіңізге де жеттіңіз, - деген Болатбек ойында ештеңе жоқ.

Гүлбану көліктен түсе қоймады. Тіпті, тұсу ойына да келмейтіндей. Кенет ол жүргізушиңің мойыныңа асыла кетті. Болатбектің мойыны жыбырлағандай болды. Сөйтсе, Гүл-

бану оны мойнынан сүйіп жатыр екен. Жігіт қыздың құшалынан зорға босады.

- Пәтеріме дейін шығарып салмайсың ба? - дейді үздігіп.

- Эне, тиіп түр ғой. Сіз ішке кіріп кеткенше кетпеймін. Сыртыңыздан бақылып тұрамын, - деді Болатбек азар да безер болып.

- Жігіт емес екенсің. Шығарып салуды да білмейсің.

Гүлбану темекі тұтатты.

- Қорықпаңыз, жеп қоймаймын. Үйге түсіңіз. Олар саяжайда сайран салып жатқанда біз немене сыбағадан құр алақан қаламыз ба? Болсаңшы енді. Өкінбейсің! - деді Гүлбану мұның қолынан тартып.

Шошақай қыздың шолжаң қылышынан мезі болып келген шопыр мына арсыздықты естіп, бойын тартып алды.

- Жо - жоқ, - деп тартынды ішкі бұрауы мықты бастықтың көлік жүргізушиі, - кешіріңіз, мен асығыс едім. Уақытта біргілай болыш қалды. Үйде отбасым күтіп отыр.

- Э - э, сенің отбасың бар екен ғой. Қалай есіме түспеген - деп, күлді Гүлбану.

Болатбек тосылып қалды. «Мына бойжетken не деп түр? Есіне түскені несі? Мен оған қашан отбасылымын деп едім?» деп ойлады.

- Сен саяжайда сайран салып жүргенде келіншегің етегіне намаз оқып отырмаған шығар, - деп сықылықтап күлді Гүлбану.

Болатбек тіксініп қалды.

- Сен оған тіл тигізуі болма. Ол сен сияқтылардан емес, - деп тарс кетті Болатбек.

- Сонда кім сияқтылардан? Білеміз ғой, әйел атаулыны. Әсіресе сен сияқты күні-түні бастығының қасынан жетім қозы сияқты жалбақтап қалмайтын жүргізуі сымактардың келіншектері екі көзі төрт болып босқа жата қоймас. Сондықтан бүгін оны ұмыта түр. Мен саған әдемі түн сыйлаймын, - деді аярланып.

Болатбектің қаны басына шапты. Мұндай қорланбас. Ол енді Гүлбанумен кермалдасып тұруды артық көрді. «Мына

азғыннан іргемді аулақ салайын» деп ойлады да Гүлбануды көліктен сүйреп шығарып, есікті тарс жапты.

- Өзің бір есің жоқ, дәндүріс, көк ми екенсің. Жындыбас. Бар, кет. Мәз боламын дейсің бе? Келіншегіңің өзгемен тояттап жатқаны үстінен түсерсің. Осы ма еді күткенің, - деп Гүлбану тұнгі аспанды жаңғыртып долы ашумен айқайға басты.

«Бәледен машайық қашыпты» деген бар. Болатбек мына дүлейден құтылғанша асықты. Ажарлы деген бойжеткен мұнша азулы, азғын ойлы болар ма? Болатбектің үйге жеткенше қаны тасып, миы солқылдан келді.

Ол көлігін қаңтарып, үйіне кіргенде бөлмесінде алаңсыз ұйықтап жатқан жарын көрді. Балаларының бетінен сүйіп, сүйіктісінің жанына келіп жантайды.

- Келдің бе? - деп Зағипа бері бұрылып жатты.

Болатбек көпке дейін дөңбекшіп, ұйықтай алмады.

Арада екі-үш күн өткенде сыртта жігіттермен темекі шегіп түрған Болатбекті бастығы шұғыл шақыртты. «Тағы бір жерге жұмсайтын болды ғой» деп темекі түқылдың күл-қоқыс салатын жәшікке тастанай салып, алып - ұшып жеткен мұны Ақылбек ақыланып, елірме, ожар мінезben қарсы алды. Болатбек оның тап осылай жарылғалы түрған сызыдауықтай сызданып түрғанын алғаш көруі. Көздері шапыраштанып, сөздері қотыраштанып түр. Қолдары безгек тиғен адамдікіндей дір-дір етеді. Болатбек дүлей дауылдың қай тұстан соққанын долбарлай алмады. «Не жазып қойдым?» дегендей Ақылбекке аңтарыла қарады.

- Эй, сасық теке! Гүлбануда не әкеңнің құны бар, ә? Қатынқұмар болсан, саған басқа әйел құрып қалды ма? Неге тиісесің оған? - деп ұрып жіберердей тап - тап берген бастығына не деп жауап берерін білмей тосылды.

- Не істеп қойыппын оған? - деп Болатбек ашына сұрақ қойды әлден соң.

- «Қонақүйге түсейік. Менімен бол» депсің ғой.

Болатбек аяр адамның өз есесіне келгенде аянбайтынын білуші еді. Бірақ, Гүлбанудан тап осындаи аярлық күптеген. Япырай, ындынның ырқы, қызғаныштың құрты осыншама

шақар болар ма? Саяжайда қалған сылқымның тоят түні үшін Гүлбану мұны жазалағаны несі? Түкке түсінсе, бұйырмасын. Болатбектің беті өрттей алаулап, нені бұлдіріп қойғанын білмей дал болды.

- Былай. «Тышкан ініне кіре алмай жүріп, құйрығына қандауыр байлапты» дегенді білуші ме едің? Өзің мұнда сиыса алмай жүріп, қатынға қырындаған ненді алған? Оның үстіне Гүлбануды мен ертіп барғанымды көріп - біліп отырсың. Сонда не, сен маған қыр көрсетпекпісің? Бастығының көңілдесіне сөз айтуға қалай ғана дәтің барды? «Сенген қойым сен болсаң» дейтін бе еді? Ертең бәлкім, кеше ғана саяжайда бірге қонып, қойынымды қыздырған Хадишаға да қырындарсың. Сенен қорқайын дедім. Боқшанды жина да, қараңды батыр! - деді Ақылбек ашудан қалш - қалш етіп.

Онымен ерегісіп марқадам таппайтынын билетін Болатбек ләм-мим деместен бастығының бөлмесін босатты.

Сөйтіп ойда-жоқта Болатбек тағы да жұмыссыз қалды. Енді не істеу керек? Баяғы өзі еңбек еткен автобаза болсада, болмаса да маңайына жолатпайды. Қайда барады? Үйіндеңі ұлардай шулап отырған бала - шағасын қалай асырайды?

Осылай дел-сал болып жүрген күндерінің бірінде күтпеген жерден ескі көзтаныс Жұман жолығып қалды. Ол бір таксопарктегі жұмыс істейді екен.

- Болатбек, біздің таксопаркке келсөнші. Бастығымыз жақсы адам. Екі-үш таксистің орыны бос. Тәжірибелі жүргізушілер керек. Бастықпен өзім сөйлесемін, - деді ол.

Сәтін салғанда таксопарктің бастығы ашық - жарқын, қақ - соқпен жұмысы жоқ жайдарлы жан екен. Еңбек кітапшасымен танысқан соң сөзге келмей Болатбекті жұмысқа қабылдады. Үйде отырып, отбасының ұсақ - түйек күйебінен мезі болушы еді, жұдә жақсы болды. Бәрінен бұрын Загипаның зілсіз айқайынан құтылды.

- Экесі, ет таусылды.
- Экесі, үйде үн бітіп қалыпты.
- Экесі, бұл үйде май да қалмапты, - де - е - еп мидың құртын жеуші еді.

Автобус жүргізушісі болып жұмыс істеп жүргенде де, Ақылбектің «оққағары» ретінде алшаң басып, арындаң тұрғанында да мынадай тапшылықты көрген жоқ-ты. Әлдебір контейнермен қазы-қарта дейсіз бе, жал-жая дейсіз бе, қойдың еті дейсіз бе, тайдың еті дейсіз бе, ағылып келіп жатуши еді. Шопырлықтан шеттетілген соң бұл бастаудың көзі бітеліп, Зағипасына кіріптар болып қалған. Осы кіріптарлықтан құтқарған Жұманға дән риза. Күректеп таппаса да әйтеуір алақанына бірдең түседі. Бұрынғыдай артылғанын әке - шешесіне, бауырларына дорбалап та, арбалап та жіберіп тұратын тоқ та бақуат күндер келмеске кеткенімен, жұрт қатарлы күнелтіп жүргеніне шүкіршілік етеді.

Такси жүргізушісі деген бір рахат жұмыс екен: басында әңгіртаяқ ойнатып, бақырып бастығы тұрмайды, автобус айдал жүрген күндеріндей күн сайын таңмен таласа жылы төсегінен атып тұрмайды, әрі-беріден соң ешкімге есеп те беріп жарытпайды. Қайда барады, үйіне қашан қайтады, бұл да өз шаруасы.

Бір күні ойламаған жерде оның таксиін Жомарт тоқтатты. Кезінде Ақылбектің компаниясында бірге жұмыс істеген жігітті көріп, Болатбек те қуанып қалды. Болса - болмаса да бір - бірінен хал - ахуал сұрасып, қауқылдасып отырып, біраз жерге үзап та кетіпти.

- Ал, компанияда не жақалық бар? - деп сұрады Болатбек бір кездері өзі жұмыс істеген ұжымның жағдайын білгісі келіп.

- Бәрі де бәз - баяғынша. Өзгерген ештеңе де жоқ. Айтпақшы, басекең сені сұраған. «Көрсөндер, маған алып келіңдерші» деп еді. Жақсы кездестің ғой, - деп Жомарт ұмыт қалдырған затын тауып алғандай қуанып қалды.

- Е, оның менде не шаруасы бар? - деп Болатбек иығын қиқаң еткізді.

- Итім біліп пе? Бірақ, қайта - қайта сұрағанына қарағанда бір зәрулік бар сыңайлы, - деді Жомарт та «мен қайдан білейін?» дегендей иығын қүшитып.

- Тағы да сол Гүлбану болмасын! - деп қалды Болатбек.

- Гүлбануың кім?

- Білмейтін бе едің, бастықтың көңілдесі.
- Естісем, құлағым керең болсын.

Задында, бастықтың шопыры - құлпы берік сандық болуы тиіс. Сыр шаштым дегенше сирағымнан айырылдым дей бер. Сондықтан шопыр атаулы ауызын суға толтырып алған адамдай бүртиып жүреді. Жақ ашпайды. Ашты екен, жағынан да, бағынан да айырылады. Бұл Болатбектің көкірегінде көмүлі жатқан құпия сыр болатын. Ақылбектен кеткеннен соң ба әлде ескі жараның беті қайта ашылған соң ба Болатбек абайсызда жасырын сырды ақтарып алды. Бірақ, Болатбек бұрынғы бастығынан есе қайтарғысы жоқ еді. «Қыртты езген жеңеді, Езгенді Құдайдан безген жеңеді» деседі ғой, Ақылбек сияқтыларды сүріндіремін деген ой оның басына үш ұйықтаса да келмеген.

Бірде Болатбек жолаушылар тасып жүріп, бұрынғы жұмыс орнының жанынан өтіп бара жатты. «Мені неге іздеді екен?» деген бір әуесқой сауал көкейіне келіп қалды. «Гүлбандудың әр кешіккенін менен көріп жүрген шығар» деп бір қойды. «Көйлегімді шешіп алып қалмас, не де болса бара көрермін» деген бір ой оны ширықтырды. «Себепсізден себепсіз қорқақ не ұры атанбайын. Төбемнен тастап жіберер тасы болса, оны да көріп алам» деп батылданды. Өйткені, ол өзінің адалдығына сендей.

Ақылбек оны арада ештеңе болмағандай сыпайы - сырбаз қабылдады. Хатшысына қоңырау соғып, екі шыны кофе алдырды. Бұрынғы шопырының хал - жағдайын, денсаулығын, көңіл - хошын, отбасының амандығын түгін қалдырмай сұрап шықты.

- Шүкір, бәрі де жақсы, - деп қысқа қайырды Болатбек.
- Менің не үшін шақырғанымды білесің бе? - деп Ақылбек төбеден түскендей күтпеген жерден сұрақ қойды.
- Қайдан білейін? - деп Болатбек екі алақанын жайды.
- Бірақ іші қылп ете қалған еді.
- Сенен кешірім сұрағалы шақырдым, - дегенде Болатбектің аң-таң қалғаны соншалық, ауызы ашылып қалды.
- Рас айтамын. Менен бір ағаттық өтті. Кешір мені.

Ақылбек кінәлі адамдай-ақ алдында шынында да тұнжырап отыр.

Болатбек не айтарын білмей, қипақтады. Анау-мынау емес, білдей бір компанияның пілдей бастығы кешірім сұрап отыр ғой. Иә, кезінде ойнақы күлімкөздің жаласына бола мұны жұмысынан қуып еді. Мас болып көлік жүргізіп, мұның автобусын соғып, сottталып кете жаздаған кезінде Болатбектің бар кінәні өз мойнына алып, құтқарып қалғанын да ескермеді. «Жақсылыққа жақсылық әр адамның ісі, жамандыққа жақсылық ер адамның ісі» деген де бар-ау. Жарайды. Өткен іс өтті. Не айтар екен? Бұл кешірім қай кешірім?

- Не үшін кешірім сұрайсыз? - деп Болатбек дегбірсізде не түсті.

Ақылбек көп бөгелген жоқ, орнына жайғасып отырып, асықпай әңгімесін бастады.

- Сені біксер кінәлаппын. Саяжайға барып, сайран салғанымыз есінде ғой. Сонда мен Хадишаны алып қалып, Гүлбануды қайтарып жіберген едім. Гүлбану Хадишаны менен қызғанып, сенімен көңіл қоспақ болыпты. Сен, әрине, оның ырқына көне қоймадың. «Бәлкім осылай десем, мені қызғанып, бауырына тартар» деп ойлады ма әлде басқа да есебі болды ма, білмеймін, сені «қонақүйге шақырып, бірге болайық деп мазалады» деп айтып келді емес пе? Артынша бұл сырын бір құрбысына айтады. Ол Хадишаға жеткізеді. Сонымен, сені сүріндірмек болған сылқымның сыры ашылып қалды. Кейін өзі де мойыннады. Сен кінәлі емессің, - деді Ақылбек.

- Қалай сонда? - деп Болатбек аң-таң болды.

- Еш қалайы жоқ, Солай! Кейін ол басқа бір жігіттің басын айналдырыпты. Қызығы сол, қылмыстарының үстінен түстім. Ол осының барлығын қызғаныштан істеп жүргенін айтып, ақталды.

- Қызғанғаны несі? Қылмысы несі? - деп Болатбек тағы да таңырқады.

- Иә, олар саунада мауығып жатыр екен. Қас қылғанда тап сол саунаның екінші бөлігінде біз демалып отырмай-

мыз ба? Қыздар шақырғанбыз. Кешіккен соң әкімдіктегі кезекшіден сұрайын деп дәлізге шықсам, қарсы алдыннан ойқастап шыға келгені.

- Гүлбану ма?

- Енді кім деп едің?

- Расында, қызық болған екен, - дей салды Болатбек аузына басқа сөз түспей.

- Несі қызық? Өз обалы өзіне. Жұмысқа аламын ба деп те ойлап жүр едім. Жұмысын тауыпты. Енді сол жұмысымен болсын, - деді Ақылбек күйініп.

Ол тағы да қофе алдырды. Болатбекке мына кермек дәм ұнамады. Ауызы ащып бара жатқандай сезінді.

- Қаласаң, компанияға қайта орал. Саған қашан да есігім ашық. Бірақ, мені кінәламай, бәрін ұмытып кел, - деп Ақылбек бүған барлай қарады.

- Бір рет сынған көзе қайта қалпына келмейді, басеке! Қалған көңіл - шыққан жан. Ниетіңізге раҳмет! - деді Болатбек орнынан тұрып жатып.

- Маған қатты ренжулі екенсің ғой...

- Болар іс болды. Өтті, кетті. Жұмысыныңға сәттілік тілеймін! - деп Болатбек бұрынғы бастығымен қоштасып, есікке беттеді.

- Қалаған уақытыңда келіп тұр. Саған есігім қашан да ашық, - деп Ақылбек соңынан дауыстап қалды.

Адамды толық білмей тұрып, сырттай баға беру - ұшқары ойдың белгісі. Болатбек өзі ер жігіт деп бағалап жүрген Ақылбектің қайдағы бір жеңілtek қыздың жаласына сеніп, шүйліккені қалай есінен шығар? Қанша жерден ұмыттым дегенмен, алдынан қайта айналып кездесе кеткенде кеуде тұсы шым ете түскені қалай?

Талқанбайдың тіршілігі таусылмайды. Үйге керекті азық - тұлікті, керек - жарақты Болатбек тасиды. Осы екі ортада Ақілгек оны балалар бақшасына жұмсайды. Үйге үш жасар Ақбілекті алып келгенде келіншектің қуанғанын көрсөніз фой. Ақбілек те анасына қарай құлдыраңдап жүгіреді. Олардың шұрқырасып табысқандарына сырттай сүйсініп қарап тұрып-тұрып үйіне қайтады.

Ақылбектен жертезек болып жасып, «бұдан былай бастық атаулыны желкемнің шұңқыры көрсін» деп есеп айрылысқан Болатбек ойда-жоқта Талқанбайға тап болды. Таксопарк басшысы басқа мекемеге жоғарылап кетті де онына келгені такси жүргізуілердің күндік өткізетін теңгесін еселеп арттырды. Тапсырыс пен талап үдесінен шыға алмағандар амалсыздан жылы орындарын тастанап, басқа жерлерден жұмыс іздеп, сарсылды. Міне, осы тұста Ақылбек бұрынғы шопырын өзінің досы Тауғамен таныстырған. «Өте сенімді жігіт» деп мақтауын асырған болар, мұны бірден өзіне көлік жүргізуісі етіп жұмысқа қабылдады. Өмір дегеніміз осылайша бірде сыртын, бірде ішін беріп, өз арнасымен ағып жатты. Дегенмен, Болатбекті өзі де күтпеген өзгешелеу сүрлеу - соқпағы күтіп тұр еді.

Сырт көзге сыр бермегенімен, Ақілгектің көзіне тұнып қалған бір мұң бар. Сымбатты да ерке болмысты келіншек әлдебіреуді сарыға күткендей слегзиді. Оның алаңжарлы көңілінде не бар екенін Болатбек түсінбей-ақ қойды. Кейде жадырап-жайнап отырып-ақ тұңғының бір терең ойға шым-шым батып, торығып қалады. Мынадай дәулет, Талқанбайдай табысты күйеуі, Ақбілектей тәп-тәтті қызы барда басқа бақыт іздеп не керек? Оның көңіл толқынында қандай қайық шарқ ұрып тербетіліп жүр? Әдетте қағанағы қарқ, сағанағы сарқ адамдарда есірік сияқты бір дерпт болады. Бәлкім, оны дерпт деп сипаттауга келмейтін де шығар. Әйтсе де желкөкірек сияқты әлдене оларды байыз тапқызбайды. Адамға шыр біткенде пенде шіркін осылай өзгеріп кете ме екен? Ақілгек-

тің бойындағы өзгешелеу өзгерісті көрген сайын жүргізуші жігіт құпияны таба алмай басы қататын. Былай шыға «басқаның қайғы-мұңында менің не шаруам бар осы?» деп жаңа ғана өзін байыз таптырмаған жұмбақ жанарды ұмытқысы келгенімен, гүлді аймаққа қайта айналып келе беретін арадай шешімін таба алмай - ақ қойған сауалына тағы да оралады.

Ой, несін айтасыз, Ақілгек те оңай ілдірер көгершін деймісіз, құлыптаулы сандықтың кілтін берік ұстайды, сыр шашпайды. Ол «әмиянның түбі мен жүрек түкпірін кісіге көрсетпес болар» деген тұжырымға қазық байлаған тастүйін жан. Болатбек Самархандағы мешіт мұнарасының алыстан арбап, мың құбылмалы түске еніп, ғашығына қол бұлғап, сағынышпен сарғайып тұрған арудай көрінгенімен, жақындай түссен түксіп, тәкаппарлана қалатын тылсым бір сыры бары жайлы бір кітаптан оқығаны бар. Ол Ақілгекті көрген сайын осы жәйтті есіне алады. Құліп отырып мұнай қалатын, мұңайып отырып күле салатын бір еркетотайлар болады ғой. Ақілгекті ондайлардың қатарына жатқыза алмайсыз. Сонда бұл қандай жұмбақ? Болатбек келіншектің кілтипан құбылышының кілтін таба алмады.

Талқанбай аса маңызды шаруасымен әлдеқайда шұғыл аттанатын болды да, Болатбек оны діттеген жеріне шығарып салып кері қайтты. Бастығының бүйрығы бойынша біраз затты жолай үйіне тастан кетпек. Құн кешкіріп қалған кез еді. Үйге жетемін дегенше қас қарайды. Аспанда үкінің көзіндей жарқырап ай шыға келді. Есік ашылғанда ай жарығымен Ақілгектің ақ торғын көйлегімен көзкөрім жerde құлімсіреп тұрғанын көрді. Ақ көйлегі аппақ денесімен дene болып, құлын мүшесі айқындалып тұр еken. Жібектей толқынды қара шашын бос жібере салыпты. Соңғы кезде көңіл күзі ортайып, жұдеп жүрген Bolatbek кенеттен «япрай, ізденім осы емес пе еді?» деп қалды. Ақілгек те сусаған сезімінің ырқына бой алдырып тұр-ау, шамасы, жігіттің кәпелімдегі көңіл толқынын тап басып түсінген тәрізді. Bolatbek асқақ арманының қалықтап зау-заңғар биікке көте-

ріліп кеткенін аңғаратын халде емес еді. Оған мына аппақ та ажарлы келіншек ақ торғын көйлекпен алдынан арнайы дайындықпен шыққандай көрінді.

Ең ғажабы, сұлулық дегеніңіз - сиқырлы бір әлем ғой. Оның алдында тұсалмайтын, есін жоғалтпайтын пенде болмайды. Мейлі табиғаттың түмса сұлулығы болсын, мейлі әйелдің ажарлысы болсын, олармен ұшырасқан жан қорқау озбырлықтың құрбанына айналады. Сұлулық атаулыны тек өзі ғана меншіктеп алғысы келеді. Осындаі бір лап етпе сезім Болатбектің де бойында бұлқынып жатты. Тіпті, есі шығып кеткені соншама, ол адамгершілік, имандылық, сабырлылық деген ізгі қасиеттердің барын ұмытты. Осылай көңіл күншуағына шомысылып, өзімен - өзі болып тұрғанда Ақілгек «Сәлеметсіз бе? Осылай тұра бересіз бе?» деп сыңғыр етіп күлген. Ол үйқысынан шошып оянғандай селк етті.

Болатбек Зағирамен сүйіп қосылды. Бұғінде сол маҳабаттарының жемісіндей екі - үш қарадомалағы құлдыраңдал шауып жүр. «Қандай әзәзіл еліктірсе де аяғымды қия баспаймын» деп сүп - сүйкімді келіншегіне де, өзіне де уәде бергені бар. Сонда бұл қайдан бас көтерген желкемді желік? Зағирасы бар да, ақ маҳаббаты бар да Болатбек Дон - Жуан сияқты жігітшілік жасаймын деп әсте ойламайтын. Оның үстінен Тауағадай бастығының келіншегіне көз сұғын қадау қандай айуандық десеңші! Болатбек жепкетерлер жұрағатынан емес. Сондықтан лап ете қалған жалынды өшіріп, қияс ойдан бойын аулақ салғысы келді.

Ол бастығы беріп жіберген артық заттарын Ақілгек көрсеткен бөлмеге тасып бітті де, тезірек шығып кетуге тырысты.

- Бір шыны шай ішіп кетпейсіз бе? - деді келіншекке кенет тіл бітіп, есікке қарай беттеген Болатбекке.

- Жо-жоқ, рахмет! Үйде қожайын бар кезде жайғасып отырып, бәлкім он кесе шай ішермін.

«Бәлесін-ай, өзінің?». Ақілгек оны қоштағандай құлімсіреп, басын шүлғып қойды.

Талқанбайдың түгесіліп бітпейтін шаруасы көбейді де, көпке дейін кідірістей берді. Ақбілекті бақшасына жеткізіп салу, алып қайту, анасын айтқан жерлеріне апару, компанияның басқа да тіршілігі бар, уақыт өз ағымымен сырғып өтіп жатты. Ол күн сайын қожайынның үйіне кемінде екі - үш рет келіп, кетеді. Неге екені белгісіз, алдынан кермаратадай керіліп Ақілгек шыға келгенде тұла бойы бір ысып, бір суып, жүрегі атқақта соғады.

«Құрысын! Ԑлулық деген де сиқырлы қақпан ғой. Қандауырға ілігіп қалып жүрмейін» деп ішінен сақтық ойлай бастады. Осыдан соң қөрікті келіншекке көз салмауға бекінді. Бірақ, ол қанша қашқақтағанымен, жігіттің ішкі сырын бәлекей келіншек сезіп - біліп тұрған сияқтанады.

Болатбек аға! Саудалыма жауап берсеңізші! Немене саңырау болып қалғанбысыз? - дейді зілсіз күліп.

Жүргізушиңің меңіреу болғысы келіп, өзін зорға тежеп жүргснін жайнаққоз келіншек біледі. Эй, білмеуі мүмкін емес. Біледі. Көңіл - шиша, көз - таразы емес пе? Сол шиша-дан іште бұғып жатқан адамдық та, надандық та көрінбейді деймісіз?

Асаяттай ала қашқан алапат сезім - серпілісіне құрық салғысы келіп өзімен - өзі арпалысқанымен, іштегі бір дүлей күш ырыққа бағынбайды. Кейде адамның желкөрік көкірегі бой бермей аласұратыны бар ғой. Болатбек кірнесіз көңілін сарқып, бұлдыр байлам жетегіне еріксіз ілеседі. Сезім мастығы - соқыр әрі саңылау. Оның құрығына бір ілік-сен, құрдымға кетуін ғажап емес.

Қалай дегенде де Ақілгек мұның келетін кезін қутіп отыратын сияқтанады. Сараң сөйлесіп, сырт айналып, қашқақтаپ тұрғанымен Болатбекті көргенде ақ жүзіне алау жүгіріп, еріксіз жымың ете қалады. Осылай ол қанша бүркемелегісі келгенімен, қуанғанын сездіріп алады. Ал, Болатбек кетерде сыртынан жәудірей қарап, көзімен ұзатып салады.

Өзі де бір еліктей ойнап тұрады, еркелігі де басым. Хас шебердің қолынан шыққандай құлыш мұсінін айтсаңшы. Оған қандай киім болса да қона кетеді. Кейде спорт киімі-

мен жүретіні бар. «Шіркін - ай, суретші болсам, оның осы бір мінсіз мұсінін салар едім-ау» деп кез - келген адам қиялдайтынына бәс тіге алады. Ақілгек қашан да асып - саспайды. Қақпа ашылған соң бір шетке ығысып, кіріп келе жатқан көлікке қарап тұрады. Оның осы тұрысына қараудың өзі бір ғанибет. Тұп - тұзу де жұп - жұмыр аяқ, тоқ балтыр арасынан саңылау таппайсыз. Көріктей көтеріліп, басылып тұратын қос алмасына қарауға көз үялады. Кейде халатын асығыстау киіп, алдынан жүгіріп шығатыны бар. Мұндайда тоқ балтыры ақ сазандай жарқ ете қалғанда көз қарықтырады.

Болатбектің сұлу суретке сұқтанып ұзақ қарағысы - ақ келеді. Бірақ, әдеп деген тосқауыл оны үнемі тұсаулап тастайды. Керім келіншекке бір рет қарағанының өзі жетіп жатыр: бойы балбырап, жан дүниесін жадырап, көңіл кептепі қалықтап шыға келеді. Осы бір санаулы секундтардың өзі санаулы өміріне сәуле шашады. Ол жүргегін әлдилеген сезімнің ырғағында жүріп өзіне тапсырылған тірлікті үнсіз атқарады. Ақілгек әлденені сұрамаса, өздігінен ләм - мим деп лепес шығармайды. Бір ауыз сөз! Осы бір ауыз сөзден - ақ ол от тұтанып кететінін біледі.

Қаншама келіп-кетіп жүріп өздігінен бір ауыз сөз айтпаған Болатбек көңіл күмбезіне қоңырау ілген келіншектен көп нәрсе сұрағысы келгенімен, батылы бармады. Әсіреле, керім келіншектің көзіндегі мұқ оның жан дүниесін астаң-кестең еткенімен, мұның мәнісін сұраудың қисынын таппай-ақ қойды. Не деп сұрайды? Біреудің тағдырында қандай шаруасы бар? «Менің мұқым сіздің арқаңызға аяздай батып жүр ме? Одан да келіншегіңіздің көңілін табыңыз» деп тастаса ше? Бірақ, Ақілгек ондай бейауыз бетпақтардың қатарынан емес. Сонда да жүргегі дауаламай-ақ қойғаны.

Қалай дегенде де заттың сынығын жамау оңай болғанымен, көңілдің сынығын жамай алмайсыз. Сондықтан Болатбек өзгенің көңіл ауанына жығылғысы келмеді. Иә, әркімнің басына пешенесінің шақтап жазған тағдыры бар. Оның

бәріне араласып, қисығын түзеймін, құлағанын тұрғызамын, жылағанын жұбатамын, сүрінгенін сүйеймін дегенмен ғұмыр шіркін жетер ме? Әрі ойлап, бері ойлап Болатбек бұдан былай бастығының үйіне көп жоламауды жөн көрді. Иә, тәтті сезімге пәк көңілдің жауабы болмаған соң, босқа әуреленіп не керек?

Соңғы кезде жүргізушінің қашқақтай бергенін Ақілгек те аңғарғандай ма, қалай өзі? Оның санасында «осы бір жүргізуши жігіттің шылауында кетіп жүрермін» деген қарауыл үнемі қырағы күзетте тұратын. Қанша дегенмен бай - бағланның жары емес пе, күйеуі құлша жұмсап отырған әлдебіреуге сыр алдыра қояр ма?!

Әйтсе де осы бір қой аузынан шөп алмластай момын да бұйығы жігітке бүйрекінің бұрып тұратыны несі? Қанша жерден сыр алдырғысы келмегенімен, шоқ шашқан жанарын қайда жасырады? Ол кіріп келгенде атқақтай жөнелеттің жүргегінің дүрсілін қалай басады?

Әдеттегідей Ақбілекті бақшасынан әкеліп, көліктен түсіргені сол еді, қуыршақтай қыз анасына қарай құлдыраңdap жүгіре жөнелді. Ақілгек кіп - кішкентай қызыны жерден көтеріп алып, кеудесіне басты. Қызының екі бетінен алма - кезек шөпілдете сүйді. Осы бір елжіремелі сәтке сүйсінген Болатбек:

- Бақыттысың-ау, Ақілгек! - деп қалды.

- Сіз де айтасыз-ау! Қайдағы бақыт? «Бағы жоқ басқа жаудыраған көз бітеді, дауысы жоқ адамға саудыраған сөз бітеді» дегенді естімелеп пе едіңіз? Бұл жаудыраған көз маған бақыт болып жарытып па? Үлде мен бұлдеге оранып отырғанымды көріп, мені бір бақытты жан санайсыз-ау...

Бұлақтың тұма бастауынан мөп - мөлдір су әкеле жатқан келіншек ойда - жоқта сүрініп кетіп шелегін ақтарып алатыны бар ғой. Мұндайда ол әлдебір қымбатынан айырылып қалғандай аh үрады. Ақілгек те осындей халде тұр еді. Ол өзінен басқа жан білмесе екен деген сырын қалай шашып алғанын білмей, тілін тістеледі.

- Иә, бақытты санаймын.

- Қателесесіз! - деді Ақілгек тұнжырап.
- Иә, қателескен болайын. Шын мәнінде бақыттысың ғой.
- Сізге, сырт көзге, айналамызыдағыларға солай көрінетін шығар. Бірақ, Абай атамыз айтқандай, жүргегім қырық жа- мау. Оның бәлкім емі де табылmas, - деп күрсінді Ақілгек.
- Япрай! Қандай да бір аурудың емі табылмаушы ма- еді?

- Таба қалсаңыз, маған әкеліп берерсіз.

Бұл жолы да Ақілгектің дауысы қатқыл шықты.

Құбырдағы суға қолыңызды жуып түрғанда кенет сұық су келіп қалса, шошынып, алақаныңызды тартып ала қоя- сыз ғой. Үнемі сыпайылық шеңберінен шықпайтын үл- першектей келіншектің болмашы ғана қатқыл сөзіне Болатбектің іші қылп ете қалды. Демек, Ақілгектің де ішкі әлемінде бұлдыр бықсық бұғып жатыр ғой. Сонда оның жү- регін жаралаған нендей жағдай? Болатбек жанары жасау- раИ қалған келіншекті қазбалап, сұрақтың астына алғысы жоқ - ты. Сондықтан сөзді созбалақтамай тезірек шығып кеткісі келді. Өйткені ол «қашқан қоян жатқан қоянды ала кетеді» дегенді жақсы біледі. Келіншектің ішінде шемен болып қатқан бір қоясын ақтарса, екіншісі қылтиып бас кө- термесіне кім кепіл?

Болатбек өзінің аппақ әлемін былғап алудан қорықты. Таза заттың таза күйінде қалғаны жақсы ғой. Шыныдай мөлдір затты сындырып алса, қиуына келтіре алар ма? Осыны ойлап Болатбек келіншекті одан әрі сөйлеткісі кел- меді.

Содан бері екеуі мысық пен тышқан ойнағандай, бірін - бірі көрсе қашқақтап жүреді. Әсіресе, Ақілгек жүргізушінің келіп-кеткенін елемеген болады.

Әйтсе де қапқа мөлшерінен тыс көп салса, жем ернеуі- нен асып-төгілмей ме? Ақілгектің де ішіне жинаған сыры, бәлкім мұңы бір күні кемерінен асып-төгілді. Онда да ойда - жоқта Болатбекпен оңашада аз-кем әңгімелесіп қалған.

- Ағай! - деді Ақілгек бірде көлігіне қарай кетіп бара жатқан мұны кідіртіп.

Болатбек «не айтпақ екен?» деп оған жалт қараған.

Ақілгектің түрі бол - боз еді. «Ауырып қалмаса игі еді».

- Иә!

- Ағай! - деді Ақілгек тағы да бөгеліп.

Аздан соң бойын жинап алды да:

- Сізден бірнәрсе сұрайын деп едім, - деді күмілжіп.

Оның ыңғайсызданып түрғаны айтпаса да белгілі еді.

- Сұраңыз.

- Ағай! Сіздің сыр шашпайтыныңызды білемін. Мұны екеуіміз ғана білуіміз керек.

Болатбектің іші бүріп өткендей болды.

Ақілгек «айтсам ба, айтпасам ба?» дегендей ойланып тұрып қалды да ішіндегі әлдебір күш сыртқа лықсытып шығарғандай батылданып:

- Мен Талқанбай туралы сұрайын деп едім. Ол жайлыштада жөні тұзу сөз естімегенім қашан. Құрбыларымнан есітіп жатамын, соңғы күндері сұйық жүрістері тым көбейіп кеткен көрінеді. Компаниядағы бетінің қызылы бар қыздарды құр жібермейді екен ғой, - деді қызырақтап.

- Қой, шырағым! - деді Болатбек жұлып алғандай.

Ол енді ересек адамдардай салмақты сөйлеуге тырысты.

- Тауаға үлкен қызметтегі адам. Ондай адамдарға көре алмайтындар күие жаққыш келеді. Қайдағы біреулердің қаңғырған сөздеріне құлақ түріп қайтесің?

- «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды» ғой.

- Желсөз! Тауағаның теріс қылышың көрсем, көзім шықсын! Көре алмайтындар, іші тарлар, қызғаншақтар не демейді? Олардың сандырақ сөздеріне құлақ сала берсең, бір күні сені де жолдан тайдырады. Есінді жи, қарағым! Тауағаны ұжым түгел құрмет тұтады, бастарына көтереді. Қызметіне тұзу келіп, тұзу кетеді. Эй, біз тегі, біреуді сыртынан қаралап жүрмесек, бойымызға ас батпайды. Қашан адам боламыз? Қызғаныштың қызыл итін босатып, айтақтап отырғаннан не ұтамыз? Ақілгек, ақылың бар адамсың, мұндаидай қаңқу сөзге сенбе!

- Иә, ағай! Сенгім келмейді - ақ. Бірақ соңғы кездері осы сөз қамысқа тиген өрттей қауласп барады. Осы өрттің жалыны шарпымаса болғаны, - деді Ақілгек жүзін ала қашып.

- Шарпымайды, қалқам, шарпымайды. Оған толық сенемін, - деді Болатбек күптеген жерден айтылған күдік - күмәнді тұншықтырғысы келіп.

Бірақ, ол өртті де, күдік-күмәнді де тұншықтыра алмаған екен.

Бықсып жатқан қоламта үрлей берсең шоққа айналады. Шоқ өрши келе жалыны бет қаратпайтын отқа айналады. Қанша жерден жасырып жабулағанмен Талқанбайдың Дон - Жуандық жігітшілігі жария бола бастаған еді. Оқ жарасы жазылады екен. Тіл жарасы жазылмайтын көрінеді. «Көп жортқан жылан аяғын көрсетіп алады» деседі ғой, саяжайдан саяжай, саунадан сауна қалдырмаған Талқанбайдың терісқақпай теріс жолы әшкереленіп те қалған еді. Қолы қалт етсе-ақ билік басындағы дос-жарандарымен, одан қалды сұлу келіншектермен әмпей-жәмпей болып жүрген ол талайды көрген зымияндығына бағып, абыройсыздығын қанша жерден жасырып-жабуласа да елдің ауызына қақпақ бола алмады.

«Ауруды қанша жасырғаныңмен, өлім әшкерелейді». Талқанбай қаншама рет тырысып, аяғының тысырын сездірмеймін деп тыраштанып баққанымен, студент қызды жүкті етіп қойғаны, оны жеке пәтерде ұстап отырғаны туралы сыйыр күздің ызғарлы желіндегі сумандап, әр бөлмені аралап өтті.

Құнді қолмен көлегейлеп тұра алмайсың. Қанша жерден қымтамақ болғаныңмен, оның сәулесі жалпақ әлемге нұр шашып, таңның атқанын сүйіншілеп жеткізіп тұрады. Шындық та солай. Шындық қашан да шыны сияқты өткір. Ол шипа болып та дариды, дерпт болып та жабысады. Болатбектің пайымдауынша, шындық Ақілгекке дерпт болып жабысқан тәрізді.

Жадыраңқы жаз күні болса да Ақілгектің көңілі күз кезіндегідей ыбылының-сыбылының, бірде нөсер болып тө-

пелесе, бірде ызғырықты жел болып соғады. Жүргегі қаты жүдеп, көкірегін әлдебір ыза қысқандай. Осындайда ол екі көзін шарт жұмып, тынысы тарылғандай үнсіз тұрып қалады. Әдемі ажары бірте-бірте солғын тартып, беті домбықкан. Күлімдеп тұратын жанары жасаурап, адамға жасқаншақтай қарайды. Ол көзін жұмғанда қараңғылықтан дөңгеленіп жүрген көптеген суреттер көреді. Сақина сияқты дөңгелектер шыр айналып, мың құбылып, біресе алыстап, біресе жақында түскенде шошынып, көзін бақырайтып ашып ала қояды. Осы кезде ол жүргегінің жарылып кетердей дұрсілдеп тұрғанын сезеді. «Япырай, қан тамырларым бырт-бырт үзіліп кетер ме екен?» деп шошынады. «Біраз үйиқтап, тынығып алсан мына пәлекеттерден құтылармын» деп төсегіне қисайғанымен, кірпігі айқаспайды.

Ақілгек күйеуінің шектен тыс дүниекоңыздығына дал. Дүниекоңыздың іші қашан таза болып еді? Мың - сан шайтан ішінде ойнақ салып, есірте түседі. Ішке кіріп алып, адамды ығына біржолата бағындырған шайтанды бұғалықтау мүмкін емес. Кейде адамның ішіне кіріп кеткен шайтанды ғұлама молдалар дүғамен қуып шығып жатады ғой. Ал, дүниекоңыздық дертіне шалдықкан жанның ішіндегі шайтанға ешбір амал жүрмейді. Әйтпесе, Ақілгек сол шайтанды қуып шығуға әрекет жасамады ғой деймісіз.

Шіркін-ай, Ақілгек кімнің арманы болмады. Бірінші курстың студентіне сұқтанбаған жан қалмаған. Тәнірім адамды мүнша сұлу етіп жарата салады екен-ау. Аршын төс, нәркес көз, қиғаш қас, тоқ балтыр, құлын мүсінді қызды одан сағын ажарландыра түсетін.

Ол Талқанбайдың қармағына ілінемін деп әсте ойлаған жоқ. Бәленің бәрі курсасты Жұпардан басталды емес пе? Бір күні ол:

- Мениң бір ағам бар. Үйіне қонаққа шақырып жатыр. Жалғыз баруға ыңғайсызданып тұрмын. Оның үстіне ағатайым «курстастарыңды да ерте кел» деген. Талқанбай көкем өте бай тұрады. Ет жеп, сорпа ішіп, бір жырғап қалайық, - деп қолқалап қоймады.

Ақілгектің әуелгіде барғысы келмеп еді, басқа құрбыла-ры да үгіттеп, «барайық, барайық» деп тұрып алды. Бөлменде бір өзі қалатындықтан, Ақілгек амалсыз ілескен.

Ол Айсұлуды сонда алғаш көрді. Бет біткеннің сұлуы екен. Майысып жүріп қызмет етті. «Мынадай дәүлетті, бай - бақуат адамның келіншегі осындай болуы керек қой» деп ой қорытты Ақілгек. Расында, Жұпардың ағасы мен жеңешесі егіз қозыдай жарасып, бір - біріне әзіл тастап қойып, қонақтарды жақсылап күтіп, риза етіп шығарып салды.

Бұл кезде Ақілгек Айсұлудың орнын басамын деп ой-лапты ма?

Күзгі сынақта Ақілгек бір сынақтан сүрінді де Жұпар оны қояр да қоймай ағасының үйіне ертіп барды.

- Ағатайымды білесің ғой. Бүгінде оны осы қалада танымайтын, сыйламайтын жан жоқ, - деді Жұпар жол - жөнекей мақтанып.

Расында, Талқанбайдың тасы өрге домалап түр екен. Оның профессорға бір рет қонырау шалғанының өзі жеткілікті болды. Ақілгек «ұштікке» риза болып жүргенде қаталдау көрінетін ағайы ортаңқолдай «төрттік» қойып берді.

Бір байқағаны бұл кезде Айсұлу бір баласын жетектеп төркініне кетіп қалған екен. Неге кетті? Араларынан қандай шайтан жүгіріп өтті? Бәлкім төркіндеп қайтатын шығар? Ақілгек бұл жағын қазбалап сұрамады. Қызға тән ибалық-пен сыпайылық сақтады. Бірақ Жұпармен Талқанбайдың үйіне екі - үш рет барғанда үялды көздері мен жылды сөздерімен баурап алған Айсұлуды көре алмады.

- Ерке қатын не істемейді? - деп түсіндірді мұның мәнісін Жұпар құрбысы.

Содан бастап Талқанбай Жұпарды үйіне шақыруды үдедті. Әр шақырғанында «Ақілгекті ала келсейші» деп өтінетін. Екеуінің де сабағына да, тамағына да көмектесіп жүрген соң одан пәлендей жамандық күтпеген болатын. Сөйтсе, бір бармағы бұгулі екен ғой.

Екінші курсқа өткенде де Жұпар құрбысының қасынан бір елі ажыраған жоқ. Күн сайын бай - бағлан ағасын мақ-

тап, оның сыйға беріп жібергендерін көрсетіп, шаттанумен болды. «Тау мен тасты жел бұзады, адамзатты сөз бұзады» дегенді ол кезде Ақілгек қаперіне де алмаған. Қамқор ағатайының құрығына қалай түсіп қалғанын өзі де түсінбейді.

Сол күнді қарғыс атсын! Бұл Ақілгектің соңғы кезде ауызынан бір түспейтін қаралы сөзі. Бәрі де Жұпардың туған күнін ағасының зәулім сарайында атап өтуінен басталды емес пе? Жұпар бүкіл курстастарын ағасының үйіне шақырды. Мынадай алтынмен атап, күміспен құп-теп қойған келісті үйді бұрын кім көрген? Курстастар, құрбы - құрдастар кең де келісті бөлмеде тартынбай ішіп - жеді. Дастарханда құстың сүтінен басқасының барлығы бар еді. Мұндай бай дастарханды сирек көретін студенттер тартынуды ұмытты.

Ақілгек өмірінде татып көрмеген шарапты алғаш рет сол түні ішті. Онда да құрбыларының «Жұпарды сыйламай-сың ба?» деп зорлағандай болуынан соң. Алғашқында басы сәл айналғандай еді, бірте - бірте жадырап, жүргегі сөйлеп түрғандай күй кешті. Жұпар да жабысып, өлердегі сөзін айтЫП, жанынан шықпай қойды.

- Менің қуанышымда ішпегенде, қайда ішесің? - деп үстін - үстін бастырмалатты.

Тағдырдың ызалы мазағында, Ақілгек ертесіне Талқанбайдың тәсегінде ояndы.

Міне, содан бері осы үйдің отымен кіріп, күлімен шығып келеді.

Болатбек, кейде ақ борықтай келіншекпен оңаша қалғанда Таланбай туралы сұрағысы келгенімен, оның ретін таба алмай жүрді. Талқанбайдың талтаңбай жүрісі жиілеш, ожар міnez көрсете бастаған бір күні Ақілгек жүргізуші жігітке өзі ақтарылып еді.

«Е, мұндайлардың қармағы қапқыш келеді. Бірақ, жай-калып түрған гүлді мал ғана таптап өтпей ме?» деп ойлады Болатбек.

- Енді не іstemек ойың бар? - деп сұрады Болатбек ғана жаңы жаңы не діттегені бар екенін білгісі келіп.

- Білмеймін, аға! Екі оттың ортасында қалғандаймын. Кетіп - ақ қалайын десем төркінімнен қаймығамын. Олардың ықыласынсыз күйеуге тиіп кеттім ғой...

Болатбек келіншекті тығырықтан алып шығудың жолын таба алмай дал болды. Талқанбайдай құзырлы капиталистің отбасы тағдырына араласып, опа таппасың жақсы біледі. Ақілгекке ақыл айта алмай күмілжіген жері осы.

Әйтсе де ол Ақілгектің бір байламға келе алмай жүргенін аңғарды. Ол қандай байлам? Өзегін өкініш өртеген Ақілгек күйініш уытында жүріп әлденеге ұрынып қалса ше? Осыны ойлағанда жүргізуши жігіттің жүрегі жүлқынды. «Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқтың» күйін кешті.

Ымырт үйіріліп, көз байлана бастады. Кенет бір бүйірден алақұйын бүркәсін көтерілді де артынша суырсын жүріп өтті. Мұның соңы алай - дүлей боранға айналды. Жан - жақтан ұшып түсіп жатқан қар көліктің терезе көзін бітеп таставады. Тоңази бастаған жүргізуши моторды оталдырып, жылынудың қамын жасады. Бұл уақытта қызметкерлер де, жұмысшылар да үйлерінде ыстық шайларын ішіп жайланып жатыр еді. Жұмыста әкесінің құны қалғандай Талқанбай ғана тапжылмай отырып алды. Жүргізші оны күте-күте жалықты. Тіпті, алаңдай да бастады. Дүние астаң- кестең болып жатқан мынадай мезетте жылы үйіне ертерек жетіп алғаны жақсы ғой. Бастықтың не ойлайтынын өзі біледі.

Уф! Жалықтырып, зарықтырып барып кеңсесінен шықты-ау әйтеуір.

- Құтіп қалдың ба? Ештең етпес. Мен бір жігіттерге қонақта баратын болым. Сен үйіңе қайта бер. Айтпақшы, мынаны жолай біздікіне таставай кетерсің, - деп Талқанбай оның қолына мұқият оралып, сырты скотчпен қапталған бір затты ұстадты.

- Сіз ше? Баратын жеріңізге жеткізіп таставайын да.

- Жоқ, әуре болма. Қазір кезекші көлік апарып таставайды. Ал, не тұрыс? Жөнел! - деп Талқанбай кері шегіне берді.

Болатбек бастығының құпия сапарының талайын көрген. Сондықтан таңданған жоқ.

Бұрқасын басылар емес. Желтоқсанның жентек қары үст-үстіне төпелейді. Сырттағы бұрқасыннан жүргізушінің ішіндегі құйын қатты ұйытқып, ершелене түскен. Ол бұл бұлқыныс-бұрқасынның қайдан бас көтергенін ойлап та жатпады. Эйтеуір, іші ызалы кекке толып қалғандай. Келесі бір көшениң қызылысынан өте бергенде көлігі шайқатылып, теңселіп кеткендей болды. Тәжірибелі жүргізуши емес пе, көлікті лезде - ақ жуасытып, қалышты жүрісіне салды. Көлік тайғанақтамай, шайқатылмай жүрісін түзегені сол, оның ойына не үшін ашуға булығып келе жатқаны сап етіп түсе кеткені. «Иттің ғана баласы, әлгі студент қызына кетті ғой» деп ойлап қойды. Ақілгектей ажарлы жары бар адам да аяғын қия басады екен-ау! Оның зығырданы қайнады. Ызага булығып отырып зәулім үйдің қақпасы алдына көлігінің тұмсығын қалай тірегенін өзі де сезбей қалды.

Есікті әдеттегідей Ақілгектің өзі ашты.

- Тым кеш қайттыңыз ғой. Қарныңыз да ашқан шығар, - деді мұны көрген бетте.

- Ештеңе етпейді. Мынаны басекең беріп жіберді. Үйге алып кете алмадым. Ертең-ақ әкеліп тастауға болар еді. Кім біліпті...

- Үйге кірсөніші. Мен шай қойып жіберейін.

Құдауанда, әншейінде кетуге асығып тұратын Болатбек тырп ете алмай қалды. Бұл жолы Ақілгек жігіттің бөгелгегіне қуанып та құп алып та тұр еді.

- Мына жерге аяқ киімінізді шешініз, - деп Ақілгек ішкі бөлмеге кіріп кетті.

Әлде соң буы бұрқыраған шай да келіп қалды. О, несін айтасыз, бақуатты адамның дастарханы емес пе, үстел үсті көздің жауын алатын дәмге толды.

Бұл олардың алғашқы бетпе - бет отырулары еді.

- Басекенді таныс - тамырлары тамаққа шақырып, сонда кетті, - деді Болатбек үнсіз отырғаннан бірдене деп отыру керек қой деп ойлад.

- Е, әлгі сайқалына кеткен ғой, - деп ауызынан жалын ата күрсінді Ақілгек.

- Білмеймін, аға! Екі оттың ортасында қалғандаймын. Кетіп - ақ қалайын десем төркінімнен қаймығамын. Олардың ықыласынсыз күйеуге тиіп кеттім ғой...

Болатбек келіншекті тығырықтан алып шығудың жолын таба алмай дал болды. Талқанбайдай құзырлы капиталистің отбасы тағдырына араласып, опа таппасың жақсы біледі. Ақілгекке ақыл айта алмай күмілжіген жері осы.

Әйтсе де ол Ақілгектің бір байламға келе алмай жүргенін аңғарды. Ол қандай байлам? Өзегін өкініш өртеген Ақілгек күйініш уытында жүріп әлденеге ұрынып қалса ше? Осыны ойлағанда жүргізуши жігіттің жүрегі жүлкынды. «Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқтың» күйін кешті.

Ымырт үйірліп, көз байланған бастады. Кенет бір бүйірден алақұйын бүрқасын көтерілді де артынша суырсын жүріп өтті. Мұның соңы алай - дүлей боранға айналды. Жан - жақтан ұшып түсіп жатқан қар көліктің терезе көзін бітеп тастады. Тоңази бастаған жүргізуши моторды оталдырып, жылдынудың қамын жасады. Бұл уақытта қызметкерлер де, жұмысшылар да үйлерінде ыстық шайларын ішіп жайланып жатыр еді. Жұмыста әкесінің құны қалғандай Талқанбай ғана тапжылмай отырып алды. Жүргізші оны күте-куте жалықты. Тіпті, алаңдай да бастады. Дүние астаң- кестең болып жатқан мынадай мезетте жылы үйіне ертерек жетіп алғаны жақсы ғой. Бастықтың не ойлайтынын өзі біледі.

Уф! Жалықтырып, зарықтырып барып кеңесінен шықты-ау әйтеуір.

- Күтіп қалдың ба? Ештеңе етпес. Мен бір жігіттерге қонақта баратын болым. Сен үйіңе қайта бер. Айтпақшы, мынаны жолай біздікіне тастай кетерсің, - деп Талқанбай оның қолына мұқият оралып, сырты скотчпен қапталған бір затты ұстадты.

- Сіз ше? Баратын жеріңізге жеткізіп тастайын да.

- Жоқ, әуре болма. Қазір кезекші көлік апарып тастайды. Ал, не тұрыс? Жөнел! - деп Талқанбай кері шегіне берді.

Болатбек бастығының құпия сапарының талайын көрген. Соңдықтан таңданған жоқ.

Бүрқасын басылар емес. Желтоқсанның жентек қары үст-үстіне төпелейді. Сырттағы бүрқасыннан жүргізушінің ішіндегі құйын қатты үйытқып, өршелене түскен. Ол бұл бұлқыныс-бүрқасынның қайдан бас көтергенін ойлап та жатпады. Әйтеуір, іші ызалы кекке толып қалғандай. Келесі бір көшениң қызылсызынан өте бергенде көлігі шайқатылып, теңсөліп кеткендей болды. Тәжірибелі жүргізуі емес пе, көлікті лезде - ақ жуасытып, қалыпты жүрісіне салды. Көлік тайғанақтамай, шайқатылмай жүрісін түзегені сол, оның ойына не үшін ашуға булығып келе жатқаны сап етіп түсе кеткені. «Иттің ғана баласы, әлгі студент қызына кетті ғой» деп ойлап қойды. Ақілгектей ажарлы жары бар адам да аяғын қия басады екен-ау! Оның зығырданы қайнады. Ызаға булығып отырып зәулім үйдің қақпасы алдына көлігінің тұмсығын қалай тірегенін өзі де сезбей қалды.

Есікті әдеттегідей Ақілгектің өзі ашты.

- Тым кеш қайттыңыз ғой. Қарныңыз да ашқан шығар, - деді мұны көрген бетте.

- Ештеңе етпейді. Мынаны басекең беріп жіберді. Үйге алып кете алмадым. Ертең-ақ әкеліп тастауға болар еді. Кім біліпті...

- Үйге кірсөнізші. Мен шай қойып жіберейін.

Құдауанда, әншайінде кетуге асығып тұратын Болатбек тырп ете алмай қалды. Бұл жолы Ақілгек жігіттің бөгелгегініне қуанып та құп алып та тұр еді.

- Мына жерге аяқ киімінізді шешініз, - деп Ақілгек ішкі бөлмеге кіріп кетті.

Әлде соң буы бүрқыраған шай да келіп қалды. О, несін айтасыз, бақуатты адамның дастарханы емес пе, үстел үсті көздің жауын алатын дәмге толды.

Бұл олардың алғашқы бетпе - бет отырулары еді.

- Басекендей таныс - тамырлары тاماққа шақырып, сонда кетті, - деді Болатбек үнсіз отырғаннан бірдене деп отыру керек қой деп ойлап.

- Е, әлгі сайқалына кеткен ғой, - деп ауызынан жалын ата күрсінді Ақілгек.

Заты әйел емес пе, әлден соң көңіл әуеніне ырық берді.
Бөтен еркекпен отырмын-ау деп ойламады-ау шамасы, көз
жасы сорғалаған күйде ашына сөйлемді. Әйелдің әлі көз жа-
сына ғана келеді ғой. Тұңышға жылап алмаса, шемен шері
тарқатылар ма?

Бәлкім, Болатбекке мұң шаққысы келген болар.

Болатбек оны қалай жұбатарын білмейabdырады. Осылай отырып, Ақілгек жігіттің иығына басын сүйеді. Болат-
бек мынадай жұмсақ та жұпар істі шашты алғаш рет дәл
иегінің астынан көріп отыр. Ол келіншектің шашынан иіс-
кеді. Бұрын ол Ақілгектің қолын алуға да именетін еді. Бұл
жолы қорыққан жоқ. Бойын бір батылдық биледі. Бұдан
арғысы еміс-еміс есінде қалыпты. Ақілгектің шоқ шашқан
шие ерніне сұліктей жабысқаны жадында. Сосын... сосын...
Соншалықты жалынмен жігітке бой ұрған келіншек бо-
йындағы бар қызызын ірке алмаған.

Әйел табиғаты жұмбаққа толы. Тыйым салынған та-
мырдың дәмін татып, әбден құмарынан шыққанша тояты-
нан тартынбайды. Бұл жолда қанша қиналғанымен шыдап
бағады.

Ақ үлпадай аппақ төсек. Ақ сазандай толықсыған келін-
шек. Толқындай төгіліп жатқан жұпар шаш. Көріктей көте-
ріліп-басылып түрған қос анар. Ақілгектің құшағы барып
түрған от екен. Болатбектің құр сұлдері ғана қалды. Әлден
соң құмарлықтың әбден шегіне жетті-ау шамасы, келіншек
бар дауысымен айқайлап жіберді.

Бой-бой болып терлеген Болатбек әлден соң келіншек
үстінен сусып түсті.

Қыстың талмауыр тұні қашан да ұзаққа созылады. Бірақ,
бұл тұн олар үшін қас қағымдай ғана уақытта өте шыққан-
дай.

Таң қараңғысында Болатбек ыстық құшақты қанша қи-
маса да, орнынан амалсыз тұрды. Ол келіншектің от бүркі-
ген аузынан, шиедей ернінен ұзақ сүйді.

Ақілгек ағыл - тегіл жылап қалды...

Ертесіне Болатбек жұмысына әдеттегісінен кеш барды. Оған Талқанбайдың уыз қыздың құшағынан кеш босап қайтатыны себеп емес - ті. Ол бір байламға тоқтаған болатын. Көп ойланған ол жұмыстан босату жөнінде өтініш жазды. Оның жүрегін мазалаған «көзінді ойып берсең де дос көңілін қалдырма» деген тәмсіл болатын. Қанша жерден жүрісі сұық, ісі бұлыңғыр дегенмен, Талқанбай өзіне қандай қысастық жасап еді? Ай сайын көтеріңкі еңбекақы алады. Тоқсан сайын сыйлықтан да құралақан қалмайды. Сұранған жағына жібермей қалған кезі жоқ. Бұдан жайлы жұмысты қаланы мың айналсаң да табуың қыын. Сондықтан әріптестері «бекер кетіп бара жатырсың» деп өкініш білдірді.

Болатбек көлігін инженерге тапсырып, бухгалтериядан тиісті еңбекақысын алды да ғимараттан сұыт шығып кетті. Талқанбай оның жұмыстан сұыт шығып кетуінің себебін түні бойы сарсылтып күттіріп қоюымнан деп жорыды.

Былай шыға иығынан ауыр жүк түскендей жеңілдеп қалды.

Ол енді Ақілгектің есігін ешқашан бұрынғысынша еркін қаға алмайтынын ойлап қамықты. Іші удай ашыды. Әлден соң өзінің жылап келе жатқанын ауызына түскен кермек дәмнен білді. «Жігіт те жылай ма екен?». Әкесі көшеден жылап келгенде оған үнемі осылай деуші еді. Қалтасынан жалма - жан дәсорамалын алып көзін суртті.

Уақыт шіркінге тоқтам бар ма, диірменнің тасындағы зыр айналып, өте берген. Болатбек талай мекеменің есігін қаққанымен, ыңғайлы жұмыс таба алмады. Бүгінде бастық біткен бәлекет болып барады. Сырт адамды оңайлықпен қабылдай да бермейді. Қабылдаған күнде жылы қабақ таңытпайды. Мызғымас жартастай сазарып отырып алған бастықтардың талайын көрді. Үндерінде сұмдық салқындық бар. Осындағы киіз көкірек, тұман кеуде жандарды кеziktirgende Талқанбайға жасаған сатқындығы есіне түсіп, қыбы қанатын бір әдет тапты. Томсырайып отырған адамға өтініш айттып, опа таппайды екенсін.

«Ат айналып қазығын табады». Өзіне қолайлы жұмыс табыла қоймаған соң Болатбек тағы да такси паркіне келген. Бір көнелеу көлік бүйірдышы. Жүруінен тұруы көп. Үнемі су жаңа көлік жүргізіп үйренген Болатбекке мұның өзі ауыр соқты. Басқа түссе адам не істемейді? Ескі көлікті жөндей - жөндей ол нағыз шебер болып шықты.

Қай адамда да кәсіби дағды деген болады, дәрігер адам көрсө науқас па еken деп ойлайды, полицей кездейсоқ кеziккенге күдікпен қарайды, оқытушы жастар көрсө лекциясы есіне түседі, ал таксист біткенге көшедегілердің барлығы да жолаушы сынды көрінеді. Болатбек те көше-көшемен жолаушы іздең келе жатып, не такси шақырған қонырауға құлақ түріп отырып: «Шіркін, алдыннан Ақілгек жарқ етіп шыға келсе ғой» деп армандайды. Қас қылғанда көрікті келіншек сағымға сіңіп кеткендей кездеспей-ақ қойғаны.

Пенде шіркінді талдырмай алға сүйрейтін бір күш болса, оның аты - үміт. Үміт үзілген күні адамның мұнар түні басталмақ. Болатбекті бір үміттің жетектеп келе жатқанына қаншама уақыт өтті. Бірақ ол белгісіздіктің белдеуіне сіңіп жоғалып кетпеуге бар күшін салып бақты. Қаншама діңкелесе де, деміксе де діттеген жеріне жетпей қоймайтын жаны сірі адамдар болады ғой. Ол қиналған сайын солар сынды ширыға түсті.

Қорқақты қуа берсең батырға айналады. Бір күні Болатбектің бойына батылдық бітті. «Азар болса ашуланып, ұрысар. Себепсіз кетіп, не үшін қайта келдің?» деп сұрап. «Табан жолыңдан жаңылып, менен кетіп тапқан барқадарың, тапқан ұшпағың қане?» дер. Бірақ Ақілгек екеуіміздің арамыздағы үздікпе құмарлықтың құлына айналған түнімізді қайдан біледі? Мұндай құпияны айта қоятын Ақілгек ашиқауыздар қатарынан емес. Ендеше бастықтың маған ұрысатын реті де, жөні жоқ. Босқа үрейленбей, компанияға соға кетейін. Мүмкін Ақілгектің бір хабарын біліп қалармын» деген ой таксистті бұрынғы жұмыс орнына сүйреп келді. Ескікөз таныстар оны құшақ жая қарсы алды. «Қайдан жүрсің?», «Қандай жел айдан келді сені?», «Оралу ойын-

да бар ма?», «Жеке кәсібінді аштың ба?» деген сауалдармен бастырмалатып жатыр.

Әлден соң сауал-жауап та, сағыныш та сарқылғандай болды. Осы кезді пайдаланып Болатбек:

- Эңгімелерің бітсе, мен басекеңе сәлем беріп шығайын. Менің осында келгенімді естісе өкпелеп жүрер, - деді.

- Бөке, қай бастықты айтып тұрсыз? - деді байырғы көзтаныс Есенәлі көздері ұсынан шыға жаздал.

- Талқанбайды айтамын да.

- Естімеп пе едіңіз, Талқанбайдың талқаны шыққан. Істі болып сотталып кетті. Үш әйелі дүние-мұлікті бөлісе алмай қырқысып жатыр деп естігенбіз. Одан арғысын білмейміз, - деді Қайрат.

- Япрай, қыын болған екен-ау! - деп қалды Болатбек.

- Қыын ештеңесі де жоқ. Өзіне өзі істеді. Қарамағындағыларды қан қақсатып бітіп еді. Қайта сауап болды ма деп отырмыз, - деді Есенәлі.

- Сүрінгенге сүйсінбес болар. Кінәлі болса жазасын тартып жатыр екен ғой. Енді сабасына түсер, - деп Болатбек ыскырып тұрган зәрлі өшпенділікке басу айтпақ еді, жиналғандар өршеленіп кетті.

- Қаққанда қанымызды, соққанда сөлімізді сыйып алушы еді. Сауап болды!

- Өзі де бір тойымсыз екен.

- Қызыл көрсे шүйлікпей қоймайтын бүркіт сияқты болып шықты ғой біздің бұл бастық.

- Шіріген байлығына қарамастан, сараңдығында есеп жоқ еді. Сол сараңдығының жазырын тартты ғой ақыры. Қасықтап жинаған мал-мұлкі ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті, - деді Есенәлі шытынап.

- Ендеше, байлар да жұтайды екен ғой, - деп сөз қосты Болатбек.

- Жоқ, жұтамайды. Байлар да жылайды, - деп түзетті оны Қайрат.

Болатбек өзін осы уақытқа дейін қыл үстінде жүргендей сезінуші еді. «Енді қорқатындағы ештеңе жоқ» деп ішіне әл-

денені түйіп қойды. Сөйтті де бұрынғы әріптерімен асығыс қоштасып, ауладан шығып бара жатты.

«Шешінген судан тайынбайды» деп бір қойды ол. Сөйтті де жоспар, тәртіп дегендерді жиып тастап, бұрынғы бастығының үйіне қарай құстай үшты. Өзіне таныс зәулім үй көрінгенде жүргегінен сәуірдің желіндегі леп есіп тұрғанын аңғарды. «Алдынан жарқ етіп Ақілгек шыға келсе ғой, шіркін» деп ойлаған ол үйреншікті қақпаның алдына келіп, тегежішті басты. Жүргегі атойлап кеудесінен шығып кете жаздаپ тұрса да өзін-өзі сабырға шақырған болып, қоңырауды басты. Іштен мошқал әйел шықты.

- Сізге кім керек?

- Осында Талқанбай деген кісі тұрып еді, - деді Болатбек асып-сасып.

- Иә, тұрса тұрған шығар. Бірақ бұл үй қазір Жандар Көрімұлынікі.

Бұл сөзден Болатбектің аңғарғаны, Талқанбай үйін әлдсқашан сатып жіберген. Сонда Ақілгек қай жерге көшіп кетті екен? Бәлкім, Талқанбай оған басқа үй сатып әперген шығар? Мынадай зәулім үйден үш келіншегіне де көп - көрім үш үй алуға болады ғой. Не ғыпты сонша, келіншектерін далаға тастамаған болар.

- Осы үйде Ақілгек деген келіншегі тұрып еді, - деді енді Болатбек үйдің жаңа иесі бірдене айтып қалар деген үмітпен.

- Саған қандай жақындығы бар еді?

Болатбек жауап таппай мұдірді.

- Қарағым, мен бұл үйде бұрын кімнің тұрып, кімнің кеткенін қайдан білейін? Біз көшіп келгенде бұл үй қаңырап бос тұрды. Ешқандай да иесін көргенім жоқ, - деді әйел.

Болатбектің Ақілгектің бір хабарын біліп қалармын деген дәмесі адыра қалды.

Содан бері жүргегінің басына бір түйін пайда болды. Түйін берішке айналып кетсе, мұның соңы қарақұрым терең құз. Одан оңайлықпен шыға да алмайсың. Жүректің емі қайда? Бүгінде бағамдап отырса Болатбек сол

ем-дауаны іздеумен келеді екен. Абайсызда қымбат та қимас затын қанқасап қарақшыларға алдыртқан аңғал адамдай айналасына алақтап қарай беретін күйгелек бір әдет тауыпты. Сол сұғанақ үрүнын тапса жаны жай табар ма еді, қайтер еді?

Қоңыр күз саябақтардағы, көшелердегі, жол бойларындағы, аулалардағы тал-теректердің, жеміс ағаштардың, сан алуан гүлдердің жапырақтарын сарғайтын, төңіректі ерекше реңкке бөлеп түр. Мұндайда көкіректегі тырналар тыраулап, кімді де мұңға орап қоятыны бар-ау. Болатбектің де көлдей көңілі көнетоз тартып, әлдебір мұнардың ішінен шыға алмай-ақ қойған. Өміріндегі бар қызығын күздің бодауына беріп, жан дүниесі босап қалған. Сынық көңілінде шарасыздық сызы бар.

Ол жол бойында қол көтеріп түрған келіншекті бірден байқады. Сырғып келіп жанына тоқтаған таксидің артқы есігін ашқан жолаушы:

- Жаңақалаға дейін ала кетесіз бе? - деді сыпайы ғана.
- Отрыңыз.

Келіншек лып етіп артқы орындыққа жайғасты. Такси орынан баяу қозғалып, бірте-бірте жылдамдығын үдettі.

Таксист біткенде көлігіне мінген қандай да жолаушыны бір шолып өтетін үйреншікті әдет бар. Негізінен бұл кәсіби дағды. Таксиге кімдер мінбейді? Аラларында мұсәпірлері де, кісәпірлері де толып жатыр. Сондықтан жолаушыға бір сәт көз қыығын салып қою теріс болмайды. Осы қанға сіңген әдетпен алдыңғы айна арқылы жолаушыға қарап қойды. Келіншек тым сымбатты еді. Болатбек еркінен тыс жолаушыға екі-үш мәрте тесіле қарады. Жүрегі шым ете қалды. Қайдан көрді, япырау!

- Сіз, сіз...

Сасқалақтаған таксистің ауызына басқа сөз түспеді.

- Иә, аға! Бұл менмін. Ақілгекпін! Танымай қалдыңыз-ау, шамасы.

Ақілгек бұрығысынша «аға» деп отыр.

Ақ бұлттар арасына жасырып жүрген аппақ арманымен ойда - жоқта қауышамын деп ойладап па? Ол көлігінің артқы

орындығында отырған жолаушыға бұрылыш қарай бергенде рульге ие бола алмай қалды.

- Алдыңызға қарасаңызшы, аға! Соқтығысасыз ғой!

- Япрай, Ақілгек! Өнім бе, түсім бе? Расымен, бұл сенбісің? - деді көлігін жолға салып алған Болатбек қайта тілге келіп.

- Өңіңіз, аға! Сенбей келесіз-ау.

- Мен сені көп іздедім ғой, Ақілгек!

- Міне, таптыңыз, - деді Ақілгек сыңғырлай күліп.

- Түк те өзгермегенсің. «Сырлы аяқтың сырлы кетсе де сыны кетпейді» деуші ме еді? - деді Болатбек ендігі сөздің қисыны осы шығар деген оймен.

- Сіз де айтасыз-ау! Өзгермеген неміз қалды? Бұл баяғы Ақілгек емес, аға!

- «Отқа салып ерітсең де алтын сірә жез болмас, аяққа шүлғау қылсаң да асыл жібек бөз болмас» дегенді білуші едім. Асыл туған жансың ғой, қалқам! Қанша қиналсаң да, арада қанша жыл өтсе де алтын күйінде қаласың! Сенің бағаң қашан да жоғары ғой. Элі сол сұлу да сымбатты қалпың!

- Ұялтпаңызшы, аға! Сіз ғана ғой солай ойлайтын. Ал, басқалар сіз сияқты ойламайды.

Болатбек көлігін жол жиегіне тоқтатты.

- Мен сені үйіңе іздел бардым, - деді Болатбек.

- Босқа әуре болғансыз. Талқанбай ол үйді сottаларының алдында сатып жіберген.

- Саған үй әперген шығар?

- Қайдағы, аға! «Бұлінгеннен бұлдіргі алма» дейді ғой, бір сабак жібін де алмадым.

- Содан?

- Содан өз күнімді өзім көрейін деп жұмыс іздедім.

- Тапқан шығарсың?

Болатбектің ішіне мұз түсіп кеткендей болды.

- Табуын таптым-ау, бірақ...

- Жұмысқа қабылдамады ма?

- Бұл ұзақ әңгіме.

- Мен сені жылдан тыңдауға дайынмын.

Ақілгек айтсам ба, айтпасам ба дегендей біраз ұнсіз қалды.

- Иә, сонымен...

Болатбек дегбірсізденді.

- Сонымен, Талқанбайдан түпкілікті құтылған соң жұмыс іздел әр мекемеге кірмеймін бе? Сенесіз бе, аға, ажар деген адамға бақ та, сор да болып бітеді еken ғой. Маған сор болып біткен екен. Мені көрген мекеме басшыларының есінен танып қалмағаны аз. Өн бойымды тінте қарап, ауызынан сұы құрып отырғандары мезі етті. Олардың көздегені белгілі ғой.

- Иттер-ай десеңші!

Болатбек отқа түскен тұздай шыртылдады.

- Босқа күйіп-піспеңіз, аға! Мен олардың құрығына іліккенім жоқ. «Ағайын өкпеге қиғанмен, өлімге қимайды» дейді ғой. Құдайға шүкір, бауырларым бар. Олар мені күресінге тастамады. Кешірді. Барлық күнәмді. Қазір бір бауырымның фирмасында жұмыс істеп жүрмін.

- Уф! - деп терең күрсінді Bolatbek, - жақсы болыпты. Телефоныңды берсеңші. Хабарласып тұрайық. Кездесейік.

Болатбектің есіне сол бір тоят түннің тәтті елесі түсті.

Ақілгек те осы сәт тұла бойын бір ысытып, бір сұытқан сезімін іркіп қалды. Сол тәтті түннің өшпес белгісіндегі болып, құрсағына шарана бітіп еді. Шекесі торсықтай ұлын ол Bolatbektің құрметіне Бекболат деп атаған. Бұл сырды білсе, Bolatbek соңынан қалар ма?!

- Жоқ, аға! Ырду-дырду қызық қуатын, жыртың - жыртының көп жастан әлдеқашан өттік. Қазір мен дін жолындағы адаммын. Бес уақтылы намазымды қаза қылмаймын. Әурелеп қайтесіз. Өткен іс өтті. Енді өткен күндерді кері қайтара алмаймыз, - деді Ақілгек сабырлы қалыпта.

«Ақілгек ары мен намысының, ұятының есігіне ешқашан ашылмайтын аппақ ілгек салып қойған екен-ау» деп ойлады Bolatbek. Сонда да:

- Сені қайта кездестіре алмаймын ба, жаным-ау! - деді толқып.

- О, не дегениңіз. Бір қалада тұрамыз. Бәлкім осылай оқта
- текте кездесіп қалармыз. Осы жақсы емес пе?
- Несі жақсы?
- Сирек кездесеміз.
- Жоқ, сені күн сайын көрсем деймін.
- Ол болмайды, аға! Менен достықтан, сыйластықтан артық ықылас күтпеңіз.
- Сағынамын ғой...
- Бос сөз. Отбасыңыз, бала-шағаңыз бар.
- Оны бұрын да білгенсің.
- Иә, білгенмін. Бірақ, ол кездегі менің жағдайым мүлде басқаша еді. Бір жағынан жастықпен әрі ызалы кекпен ырқызызға көніп қалған шығармын. Оны ұмытыңыз.
- Ұмыта алмаймын. Сені күн сайын көріп тұру үлкен қуаныш, бақыт болар еді.

- Бақыт құсы басыңызда, аға! Оны ұшырып алмаңыз.

Ақілгек сыңғырлай күлді. Оның күміс қоңыраудай сыңғыр күлкісі өн бойына шымырлап дарып, сіңіп жатты. Кенет Болатбектің басынан аяғына дейін ыстық бір ағын жүгіріп өтті. Ол оқыс жадырады. Бұл жолы жүрегі әдемі ырғақпен лупілдей соқты.

Болатбек өзінің көп жыл сырттай болса да қызғыштай қорып келген аппақ айдынының тұнық та таза сақталғанына жүрегі жарыла қуанып келе жатыр еді...

1 мамыр 2021 жыл.



ОЛАР-АТАСЫНЫҢ БАЛАЛАРЫ

(Повесть)

Тау баурайындағы шағын ауыл екі кештің арасында дүрлікті де қалды. Кеше ғана қаладан ата-әжелеріне қыдырып келген Жолдас пен Мирас ойнап жүрген жерлерінен ұшты-күйлі жоғады. Қаладан келгелі бұзау арқандап, қозы-лақтарды қуалап, ара-арасында желідегі құлындардың қасынан шықпай жүретін олардың қайда кетіп қалулары мүмкін? Әлде тентектер қаладағы әкешшелерін сағынып, айтпастан қайтып кетті ме еken? Бірақ екеуінің мұндай әдеттері болмаушы еді. Оның үстіне тау түкпіріндегі шағын ауылдан қалаға қатынайтын көлік те жоқ. Сонда олар қайда кетуі мүмкін?

Жыл сайын жазғы каникулда екеуін әке-шешесі осында әкеліп тастайды.

- Атаңың қасында жүріп, көп нәрсені үйренесіндер. Біздің әкей дала академигі ғой. Ал, әжелерін ірімшік, құрт жасаудың шебері. Апамның дайындаған қай дәмі де тіл үйіреді. Бал татыған қымызын айтсаңшы, қымызын!-дейді балаларын осында әр әкелген сайын Олжас.

Олжас –құлдыраңдап ойнап жүрген осы екеуінің әкесі.

- Әй, бұлай әкене жағымпазданбай-ақ қой. Онсыз да не мерелерімізді сендерден кем көрмейміз. О, несі-ей, соншама! - деп Пернегүл әжесі жорта ашуланады.

- Біздің апа енді сөйтеді, - деп өтірік шарасыздық танытып, Олжас пен Перизат кері қайтуға жиналады.

Машиналарына отырып жатып та, жүргелі тұрғанда да екі ұлын қасына шақырып:

- Ата-әжелерінің тілін алып жүріндер. Тентек болмаңдар. Ауылдан ұзамандар, адасып кетесіндер. Сосын ата-әжен аландап қалады, - деп ақылдарын айтудан жалықпайды.

- «Ата-әжең аландап қалады» деп көлгірсімей-ақ қой. «Әр күнімізді санап біз аландап отырамыз» десенші одан да. Қорықпа, біз де оларды сендерден артық көрмесек кем көрмейміз. Осыдан қара да тұр, ертең балаларыңды танымай қаласындар. Жұмыс істетіп шынықтырып, қымыз ішкізіп жардай етіп жібереміз. Бар, барыңдар алаңдамай, - деп Пернегүл оларды асықтыра түседі.

Жеңіл көлік ауылдың шаңын бүркүратып әудем жер ұзғанша көзіне күн салып қарап тұрады.

- Эй, болды енді. Кешке дейін осылай тұрамысың? Әлі-ақ мына немелерді сағынып, ананы-мынаны сылтауратып жетіп келеді. Жүр үйге. Шайыңды қайта демде, - дейді Санжар қабағын түйген болып.

Міне, енді сол тентек болмауға уәде берген қос құлыш таңған астында жоғалып кетті.

- Қайда жүр екен? Жарығым-ай, әлденеге ұшырап қалмаса екен! - деп Пернегүл әже аһ ұра күрсінгенде үй сілкінгендей болды.

Оның бұлай ауыр күрсінетінідей де бар. Олжас пен Перизаттың қос перзентін қаладан ауылға ала қашуының өзіндік себебі де бар. Қазір тек қалада ғана емес, бүкіл әлемде коронавирус деген бір тосын тажал шықты емес пе? Аш айдаһардай айналасының бәрін түгел жайпап келеді. Өзі де бір тоғымсыз неме екен, қаншама отбасыны қан қақсатса да «тойдым, болдым» дейтін түрі байқалмайды. Қайта жұрт күніренген сайын құтырына түсетін сияқты. Дәрігерлер «бұл ауру балаларда жеңіл өтеді» дегенмен, сақтықта қорлық жоқ. Жылдағыдай тау баурайындағы ата-әжесіне барып, олардың көз қуаныштарына айналып жүреді әрі оларға көмектеседі, құшақтарын жылытады, сағыныштарын басады. Оның үстіне жылқының етін жеп, қымыз ішіп, ағзаларын тазартып, қай ауруға да қарсы тұратында мыйқты болып оралады.

- Эке, қалада індег өршіп тұр. Талай жақсы адамдары-мыздан айырылып қалдық,- деген Олжас бір сөзінде.

- Е, балам, оны біз де есітіп отырмыз. Үл бір ел басына түскен зұлмат болды ғой. Өзің де сақтанып жүр. Қалада бір-

талай құда-құдағи, жекжаттар, көзтансыстар кетіп жатыр деп естіміз. Барып, Құран оқып қайтуымыз керек еді, - деп Санжар ұлына сұраулы кейіппен қараған.

- Ойбай, әке! Ажалыңыздан үш күн бұрын өлгелі жүрмісіз? Қазір өлік шыққан үйлерге дәрігерлер, полициялар жолатпайды да. Сырттай қарап қайтасыз. Неңіз бар, тыныш отырыңыз үйіңізде. Жақын жекжаттарға амалсыздан біз барып жатырмыз ғой. Сол да жетеді. Сіз апам екеуіңіз мыналарға қарап, тырп етпей үйде жүргендеріңіз дұрыс. Бұл ауыртпалық та кетер. Содан кейін екеуіңізге арнайы көлік жіберемін. Қайтыс болғандарға, келін түсіргендерге барып қайтасыздар. Әзірге ешқайда қозғалмаңыздар, - деп нығарлады Олжас.

Осыдан кейін қалаға түсіп қайту жоспары бұзылған. Малына, ауласындағы бау-бақшасына қарап, немерелеріне сүйініп, тәубемен күн өткеріп жатқан күндерінің бірінде құрдасы Атанбек сырқаттанып жатыр деген сұйт хабар келді емес пе? Енді таяқ тастам жерде тұрып дос көңілін сұрап қайтпаса болмайды. Онда несіне құрдас? Несіне дос?

Санжар күрең айғырға ер салды. Кемпірінің «кейін барсаң болмай ма?» деген ескертүін құлағына да қыстырымады. Әлден соң тау етегіндегі бұралаң жолмен күрең айғырды жорғалатып кетіп бара жатты.

Пернегүлдің де енді аландайтыны бар. Жаздай ер салдырмай тың жүрген айғыр былай шыға өнер шығарып, осқырынса кәрі немені жығып кетуі бек мүмкін. Жол-жөнекей бос жүрген биeler кездеспейді деймісің? Оның үстіне шатқал үстімен өтеді. Ат сүрініп кетсе, Санжардың кәрі сүйегін құздан іздей бер.

Алайда, Пернегүл кемпірдің құдігі күтпеген тұстан келді. Атанбектің аузынан сүйген бе, насыбайынан атқан ба, қасында сарыжамbastanып жатқан ба, кім білсін-ай, Санжар сол келген бетте мұрттай ұшты. Өн бойы қалш-қалш етіп, барып-келіп жатыр. Пернегүл оның үстіне сары тонды қымтап жапты. Тыққыштап жүрген дәрілерінің бірер түйірін ішкізген. Санжардың шөптен қайнатып дәрі жасай беретін де өнері болушы еді.

- Эй, шал! Қайсы шөбінді қайнатып берейін, - деп өлмелі шалына шүкшія қарады.

- Көкнәр ішсем, тәуірленіп кетер ме едім. Бірақ соны кім тауып бере қояды? Мына үкімет оны жинауға да, егуге де рұқсат бермейді. Олар өз адамдарына Құдайдың қу шөбің де қимайды. Оны ішкеннен адамдар нашақор болып кетпейді ғой. Біле білсең, көкнар мың да бір ауруға шипа, - деп Санжар шыдай алмай әрі-бері аунақшыды.

Сөйтіп жатып оның ойына ертедегі гректердің бір аңызы тұсті. Кеменгер үйқы құдайы Морфей диқан құдайы Церерге миллионыншы баласын туған соң ұйықтап демалсын деген мақсатпен бір өсімдіктің тұнбасын ішкізеді. Бұл дәріні ішкен соң ол қатты үйқыға кетеді. Церер оянған кезде далада масағы теңіздей толқып, жайқалып өсіп түрған бидайды көріп, өз көзіне өзі сенбей, таң-тамаша болады. Бұл дәрі көкнәр тұнбасынан дайындалған еді. Осыдан да болар, ертедегі гректер көкнәрді диқаншылық символы ретінде құрметтейді екен. Дәрінің атын Морфей құдайдың құрметіне осылай атаған. Ежелгі гректердің Құдайдың суретін салғанда қолына көкнәр суретін ұстасып қоюы тегін болмаса керек. Санжардың шығыс көкнәрін алғаш рет өткен ғасырда француздың белгілі ботанигі Жозеф Туристфор Армениядағы Аарат тауынан тапты дегенді бір кітаптан оқығаны бар. Көкнәрді алыстан ізде-мей-ақ мына Шу бойынан қалағанынша жинауға болады. Оны қолдан да өсіреді. Ауланы сиякөк түске боялған гүлдер көмкеріп тұрады. Негізінен көкнәр өнімді көп береді, өнгіштік қабілеті өте жоғары.

- Ау, шал, сен әлі көкнәр туралы қиялышынан шыға алмай жатырмысың? Ана екі немерені не істеймін? Әке-шешесін шақыртып, қаласына қайтарайын ба? Сенің мына тұмауыңың сүркү жаман. Аурыңды жүқтүрьып жүрерсің, - деді Пернегүл терлей алмай қиналышп жатқан Санжардың қасына тақап.

- Мен де соны ойлап жатырмын. Тәуірленсем, қайта шақырып аламыз ғой. Өздері қайда жүр? - деп Санжар тонның арасынан басын қылтиытты.

- Тұрма. Тершіп келеді екенсің. Азырақ жата тұрсаң, терлейсің. Сосын сауығып кетесің. Ыстық шай берейін бе? - деп кемпірі жік-жаппар болды.

- Эй, керең болып қалғаннан саумысың? Екі бала қайда деп сұрап жатырмын ғой, - деп Санжар қалш-қалш етті.

- Жаңа ғана құлындармен ойнап жүрген. Қайда кете қояды дейсің.

- Байқа, құлындарға мінемін деп жығылып қалып жүрмесін. Эке-шешесі алдында есеп бересің.

- Немене менен есеп алатын олар кім еді сонша?

- Бар енді, бар сұңқылдай бермей. Ана екі тентекке баскөз бол. Эне-міне дегенше әке-шешесі де құйындантып келіп қалар, - деді Санжар ентігіп жатып.

Сыртқа шығып кеткен Пернегүл сүт пісірімдей уақыттан соң сүрініп-қабынып үйге кіріп келді. Тұрі өрт сөндіргендей. Тілі күрмеліп қалған ба, ауа қарманып, сөйлей алсашы.

- Эй, жын иектеп кетті ме, түге! Не болды? - деп Санжар басын жастықтан жұлып алды.

- Отағасы, ана тентектерді жер-көктен іздеп таба алмадым. Көршілерден түгел сұрап келдім. Көрдім-білдім дейтін бірі табылсашы. Алтындарым қайда жүр екен? Мана оларды қалаға қайтарайық дегенді естіп қойып, өздері кетіп қалып жүрмесін? Алайда, олардың бұлай етуі мүмкін емес, - деп Пернегүл жер тоқтақтап отыра кетті.

- Байбайлама! Жамандық шақырма! Ой, нәлеті сол! Қай-қайдағыны бастап. Осы тұрған жерінде жерге қазық қылып қағып жіберейін бе? - деп Санжар тепсінди.

- Мен тағы да маңайды шолып келейін, - деп кемпірі да-лаға ытқып шықты.

Жолдас пен Мирас көршілес балалардың арасынан та-былмады. Жолдас көршінің қызы Айарумен ойнағанды жақсы көруші еді. Айару оны бүгіндікке көрмепті. Үлкендер биік қыратқа шығып, қалаға қарай түсетін айнау жолға дурбі салып көрді. Нысанаға ештеңе ілікпеді. Сосын ауылдың үш-төрт жігіті атқа қонып, тәңіректі түгел шолып шығу үшін шұғыл аттанды.

Ал бұл кезде Жолдас пен Мирас Ақсу-Жабағылы мемлекеттік қорығының ішінде қия жартастардың арасында тауға тырмысып бара жатыр еді. Олар аталарының құрдасының көңілін сұрай барып, қатты ауырып келгенін естіген. Әжесінің:

- Бармай-ақ қой деп Құдайдың зарын қылдым. Тыңдаудың ба? Ал не болды енді? Сен барғаннан Атанбек орнынан тұрып кетті ме? Ана екі немерене жүқтывып алсаң қайтесің? - деп үрысып тұрғанын да естіген.

Кеше ғой, ауыл балаларымен барлығы тығылмашақ ойнаған. Арапарында Айару да бар еді. Екеуі Айарудың атасы жинаған маяның үстіне келіп тығылды.

- Сен білесің бе? Қазір коронавирус деген ауру шығыпты. Адамдар содан көп ауырып жатыр дейді ғой. «Қалада осы аурудан қайтыс болғандар көп. Құдай бетін әрмен қылсын» деп атам айтып отырады, - деп сыйырлады Айару.

- Білемін. Біздің бір көршіміз осы аурудан қайтыс болды. Папам сондықтан бізді осында әкеліп таstadtы, - деді Жолдас.

- Осы аурудың емі табылмай жатыр дейді ғой. Дәрігерлер барлық аурудың емін біледі дейтіндері қане? - деді Айару тағы сыйырлай сөйлеп.

- Жер шарының барлық аумағына таралған дейді менің папам. Сондықтан, аса сақ болу керек деген. Менің мамам да ауырды ғой. Ол терлететін дәрі ішіп, жазылып кетті. Коронавирустың емін табады біздің ғалымдар, - деп қойды Жолдас өзінше білгішсініп.

- Қайдам, - деді Айару мұңайып, - біздің әжемізді аман алып қала алмады ғой.

Жолдас енді байқады, Айарудың екі иығы солқылдан жылап жатыр екен. Жолдас оны не деп жұбатарын білмеді.

Оның Айарумен танысуының езі қызық. Бұл осыдан бірер жыл бұрын еді. Қаладан ата-әжелеріне келген бұлар ауыл балаларымен қосылып, аяқдоп ойнап жүрген. Ойын қызығымен байқамапты, көйлегін шешіп тастамақ болып

алаңның шетіне келсе, бір қыз көзін сыйырайтып бұған қарап түр екен. Аппақ жүзінде қызылтым нұр бар. Мойылдай көз қараышы алыстан жылт-жылт етеді. Самалмен көйлегі желбіреп түр. Көйлегімен бірге қара шаштары толқындана лықсиды. Ақша жүзі арайланған түсіп, бұған ұяла қарағыштайды. «Сынай қарайды ғой өзі. Бәлесін қарай гөр өзінің» деп ойлаған Жолдас көйлегін анадай жерге лақтырып жіберді де ойын қызығына қайтадан сұңғаш кетті.

Әрі де бері қара тер болып жүгірген Жолдас ойын біткен соң көйлегіне келгенде қол созым жерде өзіне қуле қарап түрған жаңағы қызды қайта көрді.

- Жақсы ойнайды екенсің, - деді қыз бұл мақтау күтіп түрғандай-ақ.

Жолдас қысылышқырап қалды.

- Қаладан келдің ғой, ә. Қаладағылар футболды жақсы ойнайды, - деп әлгі қыз өз тұжырымын айтты.

Содан кейін кешке балалар жиналышпен футбол ойнағанда алаң шетінде жанкүйер болып отыратын қызды ол құн сайын көріп журді. Бірде доп алаң шетіне шығып кеткенде сол таныс-бейтаныс қыздың допты алып бергені бар.

Жолдас жағының командасты бұл жолы да жеңіске жетті. Балалар бір-бірін құшақтап, мәре-сәре болысты. Бір кезде қараса қасына таныс қыз келіп түр.

- Құттықтаймын! - деді әдеттегінше бір көзің сыйырайта қарап.

Дегенмен оның осы бір көзін сыйырайтып қарайтыны өзіне әдемі жарасады. Найзадай кірпіктерінің арасынан жүзімдей жарқ ете қалған түңғиық көздері қандай! Жолдас неге екенін өзі де білмейді, тіктеп қарай алмады.

- Мениң атым Айару! - деп қыз қолын ұсынды.

- Жолдас!

- Енді біз таныспыз, - деді қыз сабырлы күйде.

Осыдан соң екеуінің жұбы жазылмайтын болған. Кейде Айару да қозы жая шығады. Мұндайда екеуі қырат базындағы қойтасқа шығып алып, ұзақ сөйлеседі.

- Мына жартастағы суреттер кейде маған сөйлеп тұрған сияқтанады. Осындағы әр шөптің де өз құпиясы бар,-дейді Жолдас атасынан естігендерін айтып.

- Өзің бір қиялшыл бала екенсің. Бірақ қиял дегениң алға жетектейтін күш қой. Өскенде кім болғың келеді? - деп сұрады Айару.

Жолдас иығын қиқаң еткізді. Бұл «білмеймін» дегені.

- Сендей қиялшыл баланың мамандық таңдамауы мүмкін емес. Ал, менің дәрігер болғым келеді. Мамам: «Қызыым, үлкейгенде дәрігер бол. Қазір мамандықтың сұлтаны дәрігерлік. Бізді емдейсің. Науқас адамдарға шипа дарытасың. Сені сыйлайтындар, құрметтейтіндер көп болады» дейді, - деді Айару алысқа көз жіберіп тұрды.

- Мен де дәрігер болатын шығармын. Атам қорықтағы дәрілік өсімдіктерді жақсы біледі. Маған да үйретіп жүр. «Улкейгенде мен сияқты емші боласың» деп қояды,- деді Жолдас.

Бұған Айару қатты қуанды.

- Алақай! Екеуіміз бір университетте оқимыз.

- Құдай қаласа! - деп қойды Жолдас атасынан естігенін және қайталап.

Жолдас қайткенде де таудан емдік шөптер теріп әкеліп, атасына қайнатып беріп, емдеп жазғысы келді. Осы ойын інісі Мирасқа айтқанда оның көзі жайнап кетті.

- Ура! Мен де барамын!

- Жоқ. Сен үйде қал. Әлі кішкентайсың. Жол алыс әрі қыын. Шаршайсың. Шөлдейсің. Атам да, әжем де іздел қалады. Сен «қазір келеді» деп алдаусырата тұрасың. - деді Жолдас.

Мирас көнгендей сыңай танытқан. Үйден ұзаған соң соңына қарап еді, ілби басып ілесіп келе жатқан інісін көрді. Өзі жасырынбақ ойнағандай ана тастың, мына тастың тасасына барып тығылып қалады.

- Көріп қойдым. Қайт, ауылға! - деді Жолдас.

- Қайтпаймын. Сенімен бірге барамын. Маған тауды көрсетемін дегенсің.

- Тауды онсыз да көріп жүрсің ғой.

- Менің тау ішін аралап көргім келеді. Сен сияқты мен де шөп теремін. Атама мен де ем жасаймын, - деп қояды Мирас.

- Қарай гөр өзің! Ал, күнп жет ендеше!

Інісінің ендігі жерде қалмайтының әрі ауылдан тым жырақтап кеткенін ойлап, Жолдас бауырын қолынан ұстап тауға өрмелей жөнелді.

Біраз жер өрмелеген соң екеуі де шаршады. Бір тастың үстіне отырып демалды.

- Үйден мына қоржынды ала шыққанымның себебін білесің бе? - деп сұрады Жолдас інісінен.

- Неге?

- Ақымағым-ау, бұған жинаған шөбімізді саласыз.

«Иә, солай екен-ау» дегендей Мирас басын шүлғып қойды.

- Ақсу-Жабағылы қорығында жабайы өсімдіктердің сан түрі өседі, - деп қойды Жолдас өзін мұғалімдерше ұстап.

Сырт қарағанда ол шәкірттеріне сабак түсіндіріп тұрған ұстазға үқсайтын да еді.

- Осы ауданда бұрын Мичурин атындағы шаруашылық болыпты. Атам айтқан. Мичурин мықты биолог, агроном екен. Сол кісі қара жемісті шетенмен кәдімгі шетенді будандастырып, «ликерная» деген сорт шығарған. Ал, Владимир облысының Невежинск қаласындағы белгілі шарап саудагері Смирнов шетен жемісінен коньяк жасап шығарған, - деп бір қойды.

Мираб мұның бірін де үққан жоқ. Жеті жасар баланың үғымына бұл өте ауыр еді. Оған ағасымен бірге келе жатқаны ғана қызық. Оның үстіне, таудың құз-шатқалдары бұрын көрмеген бұған аса таңсық. Сонда да Жолдас атасынан естігендерін інісіне айтып бергелі отыр. Өйткені, ол інісінің бұл арман сапарына не үшін шыққандарын аз да болса түсінсе екен дейді. Сол мақсатпен:

- Мираб, тыңдал отырысың ба? Саған айтып тұрмын. Осы қорықта таңқурай деген жеміс бар. Оның жемісінен безгек, гүлінің спиртке салған тұнбасынан жылан мен шаян шақ-

қанда уды қайтаратын дәрі жасайды. Жапырағы мен сабағының қайнатпасынан жасалған тұнбамен тұмауды, бронхит, ларингит ауруларын емдеген. Оны қақырық түсіруге де пайдаланған. Ал, қарақатта аскорбин қышқылдары көп. Қарақат тұнбасы жүқпалы ауруларға ем. Атам халық медицинасында қарақат қайнатпасынан ревматизмді емдеуге болатынын айтқан. Жапырағы мен жидегі суық тигенде ем екен. Әрі ол денедегі ыстықты қайтарады. Таушымылдық тапсақ, жақсы болар еді, ол үйқы қашқанда жақсы екен. Жанаргұл деген де өсімдік бар. Оны жүрек ауруына қарсы пайдаланады. Алтын тамыр мен тасжарғанды тапсақ, тіптен қатып кетер еді. Осының бәрі де атама ем болады ғой. Дермене мен адыраспанды Арыс, Бәйдібек аудандары аумағынан іздеу керек. Папа ата ауырғанда осы шөптерді айтқызбай-ақ әкелуші еді ғой. Адыраспанмен үйді ыстайды. Сонда вирустар қырылып қалады екен, - деп Жолдас ұзап барып тоқтады.

Атасы атына мінгестіріп алып, тауды аралатқанда талай өсімдіктің атын атаған еді, біразын ұмытып қалыпты. Есіне түскендерін інісіне айтып берді. Ал, Мирас болса, ештеңеге зауқы жоқ, балырап болдырып отыр екен.

- Әлден шаршапсың. Баратын жеріміз әлі ұзак. Енді сені тастап кетуге де болмайды. Кері қайтарсам, адасып қаласың. Ертіп жүрейін десем, түрің мынау. Не істесем екен сені? - деп Жолдас ойланып қалды.

Біраз қалғыған соң Мирас орнынан тұрды.

- Ілесе аласың ба?

- Ілесемін.

- Кеттік онда.

Олар шатқал бойлап ұзақ жүрді. Жолдас атасы көрсеткен біраз өсімдікті теріп, қоржынына салып алды. Бір қияда қарақат тұнып тұр екен. Екеуі қып-қызыл қарақаттан біразын үзіп жеді. Тағы бір түкпірден шырғанақ, шәңгіш терді. Осы қызықпен олар ауылдан тым қашықтай берген еді.

Күн көкжиекке ілініп тұр еді. Ол тау арасына жасырынып, іле зде айналаны қаракөлеңке басты. Жаңа бір әзірдегі айналаны өрт шалғандай қып-қызыл тұс іле зде жоғалды.

Ирелендеңеген жалғызаяқ жолмен ағалы-інілі екеуі бір төбенің үстіне тырмысып зорға шықты. Жабағылы тауы алыстан бозамықтанып көрінді. Төменде асau өзен гүрледеп ағып жатты. Олар төменге ілбебайлап зорға түсіп, өзен арнасы бойымен жүрді. Ақ көбіктеніп ағып жатқан тау өзеніне қарап келе жатып Жолдас турлі ойға шомды.

- Аға, ауылға қашан қайтамыз? - деп сұрады соңында қорқып келе жатқан Мирас.

Жолдастың өзі де былай шыға адасқанын іштей сезіп еді. Алайда, атасына керек дәрілік шөп пен жемістерді таппай қалай кері қайтады? Атасы оны қутіп жатыр емес пе? Әжесі не дейді? Айару орта жолдан қайтып келген қорқақ баланы жақсы көре қояр ма? Осы ойлармен ол қажетті шөп пен жемісті таппайынша ауылға оралғысы жоқ-ты. Алайда, құртақандай інісі аяғына оралғы болып келе жатқанын көрмеймісің?

- Аға! Мен шаршадым, - деді Мирас.

Екеуі өзен бойындағы бір тасқа келіп отырды. Жолдас қолындағы кішкентай шелекпен өзеннен су іліп алып, інісіне ішкізді.

- Қарным ашты, - деді Мирас.

- Бағана үйде қалуың керек еді. Осыны айтатынынды білгемін. Шыда, - деді Жолдас.

- Менің нан жегім келеді, - деді Мирас тағы да.

- Менің жегім келмей ме? Табылса екеуіміз де жер едік.

Мирас қорсылдап жылай бастады.

- Сен жігіт емессің бе? Жігіт адам жыламайды. Біз атама дәрі іздеу үшін келдік мұнда. Дәрісіз оралсақ, атам жазылмайды, - деді Жолдас.

Атасының шөп қайнатпасынсыз жазылмайтынын ойлап, Мирас та аздал тыншығандай болды.

Күн батқалы айналаны соқыр қараңғылық басты. Таудың бір бұрышынан үкінің көзіндей дөңгелек, толысқан сап-сары ай көрінді. Айналаға аздал болса да сәуле түсे бастады. Сонда да бойда бір секем бар. Жолдас атасының «тау ішінде қалсан, бір қуысты, тапсаң үңгірді панала» дегенін еске алды. Ол өзен жағасында қалу қауіпті екенін білді. Ай

жарығымен аяғын ептеп басып, шатқал үстіне қарай өрмелеп келе жатты. Бір қолында дорбасы, екінші қолымен інісін тарс құшақтап алған оның жүрісі өнбеді. Мирас бірер жерде сүрініп, тізесін жаралап алды. Бұдан соң оның жүрісі мүлде қыындағы. «Таса жер табылса ғой. Сонда қона кетер едік» деп ойлап келе жатты Жолдас. Бір аттам жер екеуіне бір шақырымдай көрінді. Мирас та ауырсынып жүруден мүлдем қалды. Ол енді інісін арқалап журуге мәжбүр болды. Тұртінектеп келе жатқан адамның жүрісі өнер ме? Олар алысқа ұзай алмады. Шатқалдың ортан беліне келгенде әйтеуір бір жазықтау жер кездесе кеткен-ді. Арқасындағы інісін жерге жатқызып, Жолдас шөп тере бастады. Оларды інісінің астына тәсеп берді. Ендігі кезекте отын жинау керек. Ол ұзаған сайын Мирас «қорқамын, аға» деп жылайды. Ұзамауға шара бар ма? Жолдас қарманып жүріп, біраз кураган бұта жинады. Алайда, оны тұтату оқай емес-ті. Үйден асығып шыққан Жолдас азық-тұлік, сіріңке ала шығуды қа-періне де алмаған. Енді соның жазырын тартып отыр.

- Охо! - деп айқайлап жіберді ол әлден соң.

Оның есіне атасы айтқан сіріңке жоқ кездे отынды қалай тұтату керек екені түскен еді. «От - тіршілік атаулының жаны. Жалын адамдарға жылу ғана емес, үміт, сенім сыйлайды. Түнде жалғыз-жарым қалатын болсаң, от жақ. Оттан жын-шайтан да қашады. Отқа ешқандай пәлекет жола-йалмайды. Қасқырлар да отқа жоламайды» дегенді Санжар атасы талай рет айтты емес пе?

Бірде Санжар атасы Жолдасты алып тауды күні бойы ара-лаған. Кешке бір үңгірге келіп, бел жазды. Атасы ат үстінде-гі қоржынды алып, тамақ қамына кірісті. Аттың тоқымын мұның астына тәседі. Үстіндегі күпәйкесін иығына жапты. Сол түні атасы екі шақпақ тас тауып, бір-біріне үрғылаған. Жарқ-жарқ еткен тастардың жанына тез тұтанатын құрғақ шөп қойды. Әлден соң жалпылдақ отын бүрк етіп тұтанды. Оны атасы үрлеп жіберіп еді, қау лап ете түскен. Сол лап етіп тұтанған жалынмен бірге үміт шоғы да лаулады.

Ол кезде қасында асқар таудай атасы бар еді ғой. Ал мына құйтақандай інісі қорқақ әрі аш жатыр. Көмекті кім-

нен алады? Мирас оны үлкен сүйеніш көреді. Сондықтан да ол ағалық қамқорлық танытуы керек. Осыны ойлап Жолдас ширықты. Тұртінектеп жүріп, екі тас тауып әкелді. Бірақ, бір-біріне қаншама соққыласа да от тұтанбай-ақ қойды. Ол енді жыларман күйге тұсті. Үзіланып, тасқа тасты қатты-қатты соққылады. Уф! Әлден соң қау лап етіп тұтана кеткені. Жолдас енді тұтанған ағаш үстіне отынды бір-бірлеп салып отырды.

- Сен алаңсыз үйықтай бер. Мен таңертеңге дейін от жағып шығамын, - деді інісіне.

- Қорықпайсың ба?

Мирастың дауысы дірілдеп шықты.

- Неден қорқады екенмін?

- Қараңғыдан.

- Енді бізге қараңғы болмайды. Міне, от жақтым емес пе?

- Қасқыр ше? Қасқыр?

- Мынадай биікке қасқыр шыға алмайды.

Осыдан соң Мирас тынышталғандай болды. Енді шамалы уақыттан соң мұрыны пысылдап үйықтап та кетті. Бар жауапкершілік өзіне қалған Жолдас бір құшақ отын әкеліп, інісінің бетіне үңілді де отырды. Мұндайда уақыт деген мұлдем өтпейді екен. «Таң қашан атар екен?» деп айналасына үздік-үздік қарайды. Күн де әбден қалжыраған ба, ұясынан шықпай-ақ қойғаны.

Түн тылсымы тыныштықты бұзды. Жолдастың ойына небір оқиғалар келді. Селкем жел саяқ жортқан қасқырдың зарлы үнін жеткізді. Әудем жерден бірнәрсе пыр етіп ұшқанда онсыз да қорқып отырған Жолдастың жүргегі аузына тығылды. Әлдеқайдан «ауп, ауп» деген үн келді. Бұл не болды екен? Нені көтере алмай жатыр? Адам ба әлде басқа ма? Мына бір жарықтың айналышықтап шықпай қойғанын көрмейсіз бе? От болып айналып жүрген шайтан шығар? Ол орнынан тұрып тұра қашпақ еді, алаңсыз үйықтап жатқан інісін тастап кете алмады. Оның пыс-пыс етіп демалып жатқанының өзі оған үлкен демеудей көрінді. Күні бойы қозы-лақ қайырып, одан бұзау арқандап, кешкісін ауыл балаларымен доп қуалап келіп, төсегіне қисайғанда түяқ сер-

пуге шамасы келмей қатып қалушы еді. Таңертең бірақ оянатын. Ол тұнді соншалықты шолақ деп ойлап келген екен. Сөйтсе, түн дегеніңіз тұңғирық терең екен ғой.

Бұл Жолдастың даладағы қорғансыз қалған бірінші әрі ең ұзақ түні еді.

Арайланып атқан таң шапағы таудың жотасына ілініп тұрды. Күн көтерілген сайын айнала дүние әр алуан түрге ауысып, өзгеріп, өзгеше орнек салды. Айналадағы көп төбелер күн сәулесіне малынып, айқындала түсті. Дағдылы қарабарқын тау төбелері маңғаздана зорайып, жазиралы жазық, белді биіктегі жаңғыра жадырап, алтындей сары, ашық реңкке ауысты.

Жарықпен бірге Жолдастың да бойына жылу дарып келе жатты.

Бұл Жолдастың жапан далада атасынсыз қарсы алған алғашқы аппақ таңы еді!

Ол Мирастың оянуын күтіп ұзақ отырды. Інісі жаурап қалмасын деп үстіне жаппағаны қалмаған. Сірә, үйде жатырмын деп ойлайды-ау шамасы, әрі-бері аунап түсіп, бірнәрселерді былдырайды. Өзі де әлі ойын баласы бола тұрып бауырдың тәтті үйқысының қымбат екенін Жолдас түсініп келе жатқандай. Үйде болса ғой, қытықтап, шымшылап әлдеқашан оятып алушы еді. Қазір оның әр қимылын бағып, тыныштығының бұзылмауын қалап отыр. Бауыр деген осыншалық қымбат болады екен ғой.

Күн найза бойы көтеріле Мирас қозғалақтап, оянғанының белгісін берді. Көздерін уқалап, айналасына жатырқай қарағыштады. Сірә, есіне зорға түсті-ау шамасы, жанында сауысқандай сақ отырған ағасына бажырая қарады.

- Мирас, міне таң да атты. Енді қорқыныш жоқ. Біраз жүрген соң ауылды тауып аламыз, - деді інісінің көңілін аулап қою үшін.

Әншейінде көзін тырнап аша сала тамақ сұрайтын Мирас бұл жолы қынқ еткен жоқ. Өмір-ау десенші! Адамды өз дегеніңе тез көндіреді екенсің ғой. Бұл уақытта Мирас әжесінің әлпешімен ояна салып, бетін жумастан таңғы асын

ішіп отырушы еді. Дәл қазір Жолдастың бауырына суырып алып бере салатын дәнемесі жоқ. Сондықтан, ол інісі қашан жүреміз дегенше күтпеске шарасыз да.

- Ауыл қай жақта? - деп сұрады әлден соң Мирас.

Жолдастың қайда қарап жүрерін білмей басы қатып отырған.

- Мына жаққа, - деп ол күн шыққан жақты нұсқай салды.

Сірә, шоқ болып шығып, көңілге от үрлеген Күнді көңіліне медет санаған шығар. Күншығыс жақ оған құтқарушы болып көрінген болар.

Мирас әуелі ширақ жүріп келе жатты. Бір сағаттай жүрген соң оның қынқыл-сыңқылышы қайта басталды. Ол түгілі Жолдастың өзі шөлдеп келе жатыр еді. Сондықтан ол құламалы биік жартастар тереңіндегі асau өзенге түсуге мәжбүр. Жұлқына ағатын өзен адам түгілі аюды да ағызып кетеді дегенді ол талай рет естіген. Сондықтан, өзен жағасына келгенде інісін аулағырақ жерге тұрғызады. Құздағы өзеннен аң-құс болмаса жаяу адам өте алмайды. Өзеннің екі қапталы сиңсіған қалың ағаш. Жазды күндері құз, шың, шатқалдардан тәмен түсіп, борлы судай бозамықтанып ағатын өзен жағасында отырсаныз, сары торғайлар, таңшымшиқ, басқа да құстар қурай, бұталардың басына қонақтап, әр түрлі әнге салып, құйқылжыта сайрайды. Бүгін де өзен маңы сол әуеніне салып жатыр екен.

Сірә, табиғаттың тамылжыған көркем көрінісі мен сан түрлі торғайлардың құйқылжыта сайрағаны әсер еткен шығар, Мирас өзен жағасында біраз тынышталғандай болды. Бұған Жолдас кәдімгідей қуанды. Ол өзен бойын жағалап түрлі жеміс теріп әкелді. Ағалы-інілі екеуі таңғы несібелерін осылай тауып, ішіп-жеді.

Бұл Жолдас пен Мирастың өз беттерінше тұңғыш рет та-мақ тауып жеулері еді!

Көп ұзамай ағалы-інілі екеуі қайтадан жолға шықты. Бұл жолы Мирастың жүрісі өнбеді. Қайта-қайта сүріне береді. Кешегі жаралап алған тізесі ауырды деп отыра кетеді. Мынадай ілби басып қозғалудан жол жүріп өндіре алмасын

біліп Жолдас жыларман күйге түсті. Бірақ, інісі үшін шыдап бақты. Шыдау керек еді. Шыдамдылық керек болатын. Мұны үшінші сыныптың оқушысы жақсы түсінді. Есіне атасының: «Балам, сабырлылық ер жігіттің басты қорғаны. Ахмет Игүнеки деген бабаң «Сабыр ет, қуаныш пен бәле келсе, Күте тұр, қайғы, реніш ала келсе» деген екен. Бір ауыртпалықтың соңында бір қуанышы болады. Сондықтан шыдамды бол!» деген сөздері құлағының дәл түбінен естілгендей болды. Ол айналасына алақтап қарады. Атасы атымен дүбірлетіп келе жатқандай көрінді. Бірақ ол дүрсілдеп тұрған өз жүргегі екенін білген жоқ.

Баяу жүріп келе жатып та жас жолаушы ой сорабынан шыға алған жоқ. Қаладағы әке-шешесін, кластас достарын ойлады. «Қазір олар қалада балмұздақ жеп, рахаттанып жүрген шығар». Осыны ойлағанда Жолдас өзінің еріндегі кезеріп, оны тілімен қайта-қайта жалағыштап келе жатқанын аңғарды. «Менің күйім мынау. Ал, Мирас қалай шыдап келеді екен?» деп ойлап қойды. Иә, басқа түссе бәріне көндігеді екенсің. Әншейінде аулада атасынсыз жатпайтын Жолдас пен Мирас бір тұн далада тұнеді-ау.

Бұл күні де ұзақ-сонар жүріс өнбеді. Қарындары шұрқырап ашты. Жеміс теріп жейтіндей өзен бойынан алысталап кетті. Әлдеқайдан кезіккен бұлақтан су ішті. Жолдас жолай тауып алған ыдысына су құйып алды. Мұны Мирас үшін істеді. Өйткені, ол әр қадам жасаған сайын «шөлдедім» деп отыра кстуді көбейтті. «Жүрейік» десе Мирастың иегі кемсендеп, жыламсырай бастайды.

Таудан асып құлаған күн қызылкүрең шапағын шашып тұрды да соңына қаракөлеңке қалдырып жоғала бастады. Енді лезде көз байланбақ. Осыны ойлаған Жолдас «қараңғы түспей тұрып қасқыр шыға алмайтын бір таса жерге жетіп алсақ» деп ойлады.

Шатқал бойының табиғаты тамылжып тұрды. Екі қапталдағы құз-қия түрлі пішінде мың құбылады. Әншейінде болса мынадай сұлулыққа сұқтана қарап отыра беруге болар еді. Бірақ, қазір бір адым болса да алға жылжи бе-

рулері керек. Кенет жүргегі атқақтай соқты. Бекер үрей-ленбеген еken. Қалай болғанын өзі де түсінбей қалды. Ойламаған жерден алдынан бір аюдың қорбаңдап шыға келмесі бар ма? Жолдас пен Мирас қаладағы зообақтан аюдың қаншамасын көрген. Алайда, олар арнайы тор ішінде еді. Ал, мынау бетпе-бет қарсы ұшырасты. Не істеге керек? Ағайынды екеуінің де жүректері тоқтап қала жаздады. Екеуінің де денесін ток соғып аткендей болды. Төбе шашынан басталған шымыр аяғына дейін жетті. Бұл үрейдің нағыз өзі еді. Бірақ, адамды үрей билесе қауіпке ұшырайды. Санжар атасы солай деген. Сондықтан Жандос есін тез жинады. Дереу інісін көтеріп алды да тауға қарай өрмеледі. Аю бұлардың әлі бала екенін білді-ау шамасы, сондарынан түскен жоқ. Екі аяғымен адамша тұрып барып, бір өкіріп қойды да қалың қамыс ішіне кірді де кетті. Қорыққанынан шың басына шығып кеткен Жолдастың жүрек дүрсілі көпке дейін басылған жоқ.

Енді ол шатқал жаққа жоламауға тырысты. Жота-жотаны бетке алып ілбіп келе жатты. Аз жүрді ме, көп жүрді ме, білмейді, бір кезде жота басына қараса бір үйшік түр. Неде болса сол үйге жетіп құлауды ойлаған жас бала бар күшін салды. Терлеп-тепшіп биікке көтерілгенде бір үйдің түрғынын көрді. Бұл қорықшылар баспанасы еді. Соған сүрініп-қабынып зорға жеткенде көз де байланды.

Жандос түртінектеп жүріп қорықшылардың уақытша баспанасынан бірқатар дүние тапты. Мына бұрышта шүберекке ораулы әлдебір зат жатыр. Орауын ашып қараса бір үзім нан екен. Бірақ, тастай болып қатып қалыпты. Жолдас сонда да қатты қуанды. Қорықшылардың тостағанына нанды салып жібітті де інісінің аузына тосты. Кешеден бері нәр татпаған Мирас нанды соғып алып жата кетті. Иә, екеуі де күні бойғы өнімсіз жүрістен шаршаулы еді. Бұл түні Жолдас қорықпай үйықтауға болатынын білді. Өйткені, қорықшылар баспанасына жабайы аң жолай қоймайды. Мұнда мылтықтың иісі бар. Қорықшы мылтығын өзімен бірге алып кеткенімен, иісі қалады. Күндіз мұнда төрт аяқтылар

жүретінін білетін аң екеш аң да бұл жерге жоламайды. Жолдан зорығып келген Жолдас осыны ойлап жатып, інісін құшақтап қалың үйқыға кіріп кеткенін өзі де байқамай қалды. Екеуі де дым сезбеген күйі пырылдап жатты.

Жолдас түсінде атасын көрді. Қүрең атымен келген екен дейді. «Адасып кетіндер ме? Мен сендерді алып кетуге келдім» дейді емірене ііскең. «Ура!» деп көзін ашып алғанда бетін күн сүйіп жатқанын сезді. Сығырайтып көзін ашып еді, күн көкке тырмысып қалған екен. «Қатты үйықтаппыш ау» деп ойлаған ол інісіне қарап еді, ол әлі маужырап жатыр екен. Қорықшылар үйінен сыртқа шыққан Жандос мұнда бірталай зат жатқанын көрді. Тұнде шаршап келгендіктен де шығар, ештеңені аңғармапты. Мұнда божыда шәйнек ілулі тұр. Демек, шай қайнатып ішуге болады. Ол құтыдан шай да тапты. Ағаш жинап әкеліп, от тутатты. Қорықшылардан қалған сіріңке оның кәдесіне жарады. «Тағы бірдеңе табылып қалар» деп түкпір-түкпірді ақтарып қарап еді, қолына ештеңе тусе қоймады. Шағын үстел үстінде наның қиқымдары ғана шашылып жатыр. Қорықшылар балық консервісін жеген екен, қалбыры анадайда аузын ашып қаңырап, қисайып тұр. Мұны көрген Жолдас ернін жалап, тамсанып қойды. Есіне әжесінің ерте тұрып беретін ыстық наны мен қаймағы түсті.

Қазір Мирас оянады. Оянады да тاماқ сұрайды. Не істесе екен? Ол нан қиқымдарын жинап, тәрелкеге салып жібітті. Шай да қайнап қалған еді. Оған теріп әкеле жатқан шөптепріш қосса дәмі де кіреді әрі қуат та береді емес пе? Қолына басқа ештеңе тұспеген соң інісінің таңғы асына осыларды беріп жұбатты. «Бүгін атам бізді қалайда тауып алады» деп кішкентай Мирасты қуантып қойды.

Кетерінде Жолдас күркे ішін тағы бір сұзіп шықты. Қалай байқамаған, киіздің бір шетінде әлдене томпайып жатыр. Шіркін-ай, нан болса гой. Ол дереу киізді көтеріш жіберіп, астындағы затты алып шықты. Дүрбі. Екеуіне қызық табан астында табылды. Олар дүрбімен тау баурайын, айналаны кезек-кезек қарап мәз болысты.

- Дұрбіні алып кетеміз, - деді Жолдас.
- Атам «бөтеннің бүйімін алмаңдар» деуші еді ғой, - деді Мирас.
 - Атам дұрыс айтады. Бірақ, бұл бізге керек. Ауылды тауып алуымыз үшін керек. Түсіндің бе? Уақытша ала-мыз. Кейін атам тауға шыққанда мұны иелеріне қайта-рып береді.
 - Өзі ауыр екен. Қалай алып жүреміз?
 - Сол да сөз болыпты ма? Мен көтеріп жүремін ғой. Шүрқ етпе. Шіркін, мылтық болғанда ғой, оны да ала ке-тер едім.
 - Аға, сен мылтық ата аласың ба?
 - Атқанда қандай? Жолбарыстың өзін жайратып сала-мын.

Мирас ағасының мылтық ата алатынына сенді.

Мылтық еске түскенде Жолдас «бүгін қалай да қару тауып алуым керек» деп ойлады. Ол шатқал бойынан көр-ген аюды есіне алды. «Інімді де, өзімді де қорғауды керек қой. Алда тағы не кездесер екен?» деген ой оның өн бо-йын шымырлатып өтті. Қой, сақтық шараларын жасама-са болмайды. Жолдас жан-жағына қарап түр еді, анадай жерде жатқан шөп буатын жіпті көрді. Оны беліне байлад алды. Сосын балық консервісінен босаған қалбырды ор-нынан көтерді.

- Мұны не істейсің? - деп сұрады Мирас.
- Бұдан жебенің ұшын жасаймын.
- Жебе деген не?
- Ол садақтың оғы.
- Ал, садақты қалай жасайсың?
- Тіптен оңай. Қазір алдымыздан ағаш кездессе, соның бір бұтағын кесіп алып, садақ жасаймын. Жебелерінің ұшына қалыңтыр кигізсем, ол жақсы ұшады әрі аңды жа-рып өтеді.

Қалада жүргенде папасы оларға талай рет дүкеннен садақ сатып әперген. Оны қалай ату керектігін екеуі де жақсы біледі. Атасының ауылындағы балалар кейде шы-

бықты иіп, садақ жасайды. Жебесі өткір болуы үшін ұшына шеге байлаушы еді. Айдалада шегені қайдан табады? Қаңылтырды кесіп, шағын етіп дөңгелектеп іісе жебенің ұшы болып шыға келмей ме? Жолдас осыны ойлап тұр еді.

Жолдас күркеге қайта кірді. Әрі-бері ақтарып жүріп, пышақ тауып алды.

- Ура! Енді біздің қаруымыз бар.

- Мұны да алып кетеміз бе? - деп сұрады інісі.

- Пышақсыз қалай жүреміз? Атам дүrbімен бірге қайтаратып береді ғой, - деп қойды Жолдас.

Тау баурайының барлығы жағалай тал-терек емес пе, Жолдас садақтың шыбықты оңай тапты. Пышақпен бұтақты кесіп, оның екі ұшын кертіп, иді де беліндегі жіпті байлады. Сосын қаңылтырды кесіп, біrnеше жебе ұшын жасады. Біrnеше таяқтың ұшына жебе ұшын байлады. Бұдан соң атып көріп еді, садағы нысанаға дәл тиді. Жебенің ұшуы да жаман емес сияқты.

- Маған ше? - деді Мирас.

- Саған не?

- Маған да садақ керек.

Жолдас алғашқы жасаған садағың інісіне сыйлады да, өзіне басқасын жасауға кірісті.

Мұнан соң Жолдас жол бойынан теріп алған қауырсындарды басына шарт байлап алған орамалының арасына жағалай қадап шықты. Інісіне де осыны жасап берді. Өзінің де, інісінің де бетіне лай жақты.

- Міне, енді біз Чингачгукпіз!

- Шынгакшук деген не?

- Ол үндіс адамы. Шынгакшук емес, Чингачгук! Веган Чингачгук! Оның Ункас деген баласы болған. Джеймс Фенимор Купердің «Могиканың соңғы тұяғы», «Зверобой» деген романдары бар. Ол 1740-1745 жылдардағы оқиғаны қамтиды. Чингачгук гурондардың қолына түскен көсемнің қызы Ватаваны құтқармақ болады. Олар дәл біз сияқты киініп жүрген. «Острие стрелы», «Расщепленный дуб» деген киноларды көрдік қой, - деді Жолдас.

Мирастың есіне орманның ішінде садақпен жүретін жауынгерлер тұсті. Олар да бастарына осылай қауырсын тағып алатын.

Үндістер шеттерінен өжет. Ештеңеден қорықпайды. Атқан жебелері дәл тиеді. Солардай болса, ағайынды екеуіне кім тиісе алады? Тіпті, андар да бұлардан қорқып, қашып кетеді емес пе? Мирастың бойына бір сенімділік, батылдық ұялап келе жатқандай. Ол әке-шешесімен көріп отырып, талай рет үйіктап қалған киноны есіне алды. Батыр адам қорықпайды! Тіпті, аю, қасқырдан да!

Енді қолдарында садақ, дүрбі бар емес пе? Ауылды бүгін қалай да табады.

Алайда, алда әлі бір тұн бар еді.

Бұл күні де олар беті ауған жаққа жүре берген. Жолдас өзі білетін өсімдіктерді теріп, оны жуып, інісіне жегізді. Екі күн бойы тоқтаусыз жол жүргендіктен де, бұл күні Мирас тіptен қалжырап қалды. Жолдас оны біресе арқалап, біресе жетектеп, зорға жүріп келе жатты. Еріндері кезеріп кеткен олардың түрлері де адам шошырлық еді. Үрей мен аштық, ұзақ жол оларды әбден қалжыратқан -ды. Жолдастың жүргегі сыздады. Көзіне жас келді. Тамағына өксік тығылды. Бірақ оны інісіне білдірмеуге тырысты. Ағасы боркеміктенсе, інісі қандай күйге түспек? Осыны ойлап ол інісіне күле қарағысы келді.

Жолдас енді бір орында тоқтап қалмау керектігін туғындағынан өтіп кетуі де мүмкін. Мына түрінде екеуінің қарсаққа да шамалары келмейді. Ал, сәл де болса аяңдал, бір жерге жатып қалса, тұрыш кетулері қыын. Шақырайған күн бастарынан өтіп кетуі де мүмкін. Сондықтан Жолдас саялы жерлермен көбірек жүргуге барын салды. Өзен, бұлақ жағалап жүру пайдалы екенін ол кешелі бері жақсы біледі. Су жағалауы салқын әрі шөлдетпейді. Мирасқа су да болса ішкізгеніне қуанады. Атасының «адам аштан бір неше күн жүре береді. Ал, сусыз екі күннен әрі шыдауы қыын» дегені еске түседі. «Демек, әлі де біраз уақыт шы-

дауға болады» деп ойлайды Жолдас. Не болыпты сонша, оған дейін іздеушілер тауып та алар.

Тас төбеден төңкөріліп түпсіз терең тұңғиық төніп түр. Шексіз де шетсіз. Осынау ғажайып әлемге қарай бергің келеді. Тұнде самаладай етіп жұлдыздарын жамырататын заңғар көк күндіз нұрын себелейді. Табиғаттың таңғажайып құбылыстарына Жолдас осы жолы ғана назар аударған. Әне, ана бір бүйірден әлдеқандай бір құс көрінді. Қанатын кең жайып жіберіп, жер бетін асықпай сүзіп келе жатқан сыңайлы. «Осы қанат менде болар ма еді. Ауылды оп-оңай тауып алар едім ғой» деп ойлады ол. Ана көк жұзін шарлап жүрген қанатты құста еркіндік бар, мүмкіндік бар. Ол қазір қаласа атасы тұратын ауылға оңай үшып барады. Егер оған тіл бітсе «Жолдас пен Мирас ана жерде жүр ғой» дер еді. Бірақ, табиғат оған бәрін беріп, осыған келгенде сарапандық жасапты.

Қолында зілдей дүрбісі, садағы, пышағы, құркеден ала шыққан күпәйкесі, шөп толы қоржыны бар бала алыстан сағымданып көрінген көкжиекке телміріп ұзақ қарады. Сағымдар арасынан бір кеме бүлдышрап көрінгендей болды. Өз қиялyna елітіп тұрған оның көнілі өрекпіп, қуанып қалды. Ақ желкен арман алыстарға самғатып бара жатыр еді. Ол енді сол кемеге мініп, ауыллының дәл төбесінен топ ете түсетіндей жүрегі атқақтады. Сосын кемеге қарай ескі сүрлеуге түсіп ілби басып жүре берді, жүре берді...

Екі күннен бері хабарсыз кеткен екі баланы іздеу операциясы бұл кездे қызу басталып та кеткен еді. Ал бүгін үшінші күн. Ішкі істер басқармасы, төтенше жағдайлар жөніндегі департамент, Біркөліктегі әскери застава, еріктілер, қорықшылар екі күннен бері жықыл-жықылдарды, шатқалдарды, құз-жартастарды, сай-саланы, түкпір-түкпірді тінте қарап, ештеңе таппастан пүшайман күйге түсті. Япырмай, көрдік-білдік деген бір пенде табылсашы. Сонда бұл екі бала қайда кетеді? Бір дерегі табылатын уақыт болды ғой.

Санжар ата кемпірінің хабарынан соң-ақ ауырғанын ұмытып, күрең айғырына ер салған. Әрине, жаңғалақ кемпірін жазалап кетуді де ұмытпады.

- Күйбендейсің де жүресің. Көз алдындағы екі балаға ие бола алмаған саған не дейін, - деп кемпірін ала көзімен ата қарап, қыр асып бара жатты.

Қаладағы балалар да сол күні көліктеріне мініп, тау қойнауындағы ауылға шұғыл жетті. Олжас пен Перизатта өң-тұс қалмаған. Қадырбек пен Салтанат Олжастың үйіне қызы Диананы қалдырып, ұлы Даниярды ертіп ол да шұғыл келіп жетті. Диананы үйде қалдырған себебі, егер екі бала қалаға қайтып келсе, үйдің кілтін таба алмай далада қалмасын дегендік еді. Дінмұхамед пен Гүлзат та іздеушілермен бірге жүр. Гүлзат балалар дәрігері. Оның қолынан қобдишасы түспейді. Санжардың інісі Болатбек те алқынып жеткен.

Іздеушілер табандарынан таусылды. Сонда да шатқал бойын тағы бір рет шолып шықпаққа бекінген. Қадырбек те, Дінмұхамед те төтеншеліктерге қайта-қайта айтып, іздеустіруді жалғастыра беруді сұранған. Екі баланың тағдыры ойландырыды ма әлде ағаларының жалынышты түрлөрін көріп аяныш сезімдері оянды ма, іздеушілер неде болса бұл түнде де кері қайтпауға бекінген. Мұнда ұлы телефон толқын ұстамайды. Сондықтан төтеншеліктер, полицейлер, әскерилер бір-бірлерімен рация арқылы сөйлеседі.

Үміт оты қоламсаға айналып, бірте-бірте сөне бастаған ауыр да азапты сэтте рация сөйлеп қоя берді. Қорықтағы биік таудың ұшар басынан жылтылдаған от көрініпті.

- Бұлар кімдер болды екен? Тауға шығып, демалып жүрген еріккендер ме? Әлде мал ұрлығымен айналысадындар ма? Ал, біз ізdegен балалар болса ше? Қайткенде де сақтық керек. Өте абай болғанымыз жөн. Ұрылар болса қашып кетеді. Ал, балалар болса жарықты, улап-шулаған бізді көріп алға ұмтылуы мүмкін. Мұндай жағдайда олар тастай қараңғыда аяқтары тайып кетіп, құздан құламасына кім кепіл. Ал, құлама жардың терендігі елу-алпыс метрдей. Одан құ-

лағанның аман қалуы мүмкін емес. Балалар бұл биіктікке қалай шығып алған? Тұсінбей тұрмын. Сірә, қарақшылар-ау осылар, - деп полковник Сәруар таңданып тұрды.

- Төтеншіліктер мен полицейлер аса сақтықпен қымылдап, от көрінген жерге жақындаپ барып тығылып жатасыңдар. Бірақ менен бүйрық болмай нысанана жақындаマンдар. Таң сыз бере іске кірісеміз. Бұл кезде ұрылар шырт үйқыда жатады. Балалар да ояна қоймас. Осылай еткенде ғана операция сәтті өтеді, - деп полковник жоспары мен бүйрығын қатар жариялады.

Тағат таусылып бара жатты. Санжар қария бастап, балалардың әке-шешесі мен ағайындары аландай бастады. Таң қашан сібізгілеп атады? Мұндайда сағаттың тілін біреу шынжырлап тастағандай тіpten қозғалмайды еken. Сарсылтып барып күткен уақыт та келіп жетті. Операция басталды.

Құтқарушылар үш күндік ауыр сапардан соң талықсып кеткен екі баланы қия беткейден түсіп, төменге тікүшақпен аман-есен алып түсті. Телеарналардың тілшілері осы бір қуанышты да толқымалы сәтті таспаларына тартып алуға тырысып бақты. Қуаныштан жылап жүрген бір адам. Танысын, танымасын кездескен жандар бір-бірлөрін құшақтай алады. Осы бір елжіремелі-толқымалы шақ сүт пісірімдей уақытқа созылды. Дәрігерлер дереу өз жұмыстарына кіріскен.

Сәруар рациямен екі баланың аман-сау табылғанын хабарлап жатты. Журналистер іздеу операциясының қалай жүргізілгенін сұрап, интервью алуша. Сырт көз мұнда малышылардың дәстүрлі жиыны немесе көкпар болып жатыр деп ойлап қалатындар.

Ал, етегі жасқа толған Санжар мен Пернегүлдің жағдайын айтып тауысу тіpten де мүмкін емес. Қайғы мен қасіреттен қу сүйектері ғана қалған екеуінің түрінен адам шошырлық. Жылай-жылай екеуінен де әл-дәрмен қалмапты. Санжар немересінің хабары жеткенде үш ұмтылып орнынан тұра алмады.

Санжар қария үш күннен бері Жаратқанға жалбарынып, екі немересінің аман-есен табылуын жатса да, тұрса да сұраумен болған. Көзінен аққан жас терең әжімдер бойымен тарам-тарам болып ағып келіп сақалына сіңіп жатты. Өндімен тұс аралығындағы шал мен кемпірдің жанына келген дәрігер екеуінің қан қысымын өлшеп көріп, шошып кетті. Жиналғандар екеуін «жедел жәрдем» машинасына сүйемледеп мінгізді. Сонда да Санжар қарт «ауруханаңа бармаймын, балаларымның жанында боламын» деп қарсыласып бақты.

Кенет Санжар қарт көкке қолын жайып, Жаратқанға жалбарынды:

- О, Жаратқан Ием! Құллі әлемнің ұлы билеушісі! Саған ғана жалбарынамыз, сенен ғана сұраймыз! Сен шексіз құдіреттісің, ешкім саған шек келтіре алмайды. Жердегі пендelerінді өзің шарапатыңа ал! Адасқандарға тұра жолды көрсет, ауырғандарға шипаңды бере гөр! Мына әлемді түгел жайпап келе жатқан індекті тия гөр! Мұсәпірлерді өзің жебей гөр, теріс жолдағылардың санасына сәуле туғсір! Жақсылардың тілектерін оңғар! Сен асқан мейірімдің, қамқоршымызыңың, пендelerдің біліп істеген, білмей істеген күнәларын кешіре гөр! Иә, Құдіреті күшті Алла! Шарапат-шапағатыңдан ешкімді де тыс қалдырма. Менің бала-пандарымды құтқаруға көмектескен мына барша қауымға тек жақсылығыңды нәсіп ет! Әумин!, - дегенде жиналғандардың барлығы тізе бүгіп, алақан жайып отыр еді.

Қария бет сипағанда талайының жанарынан мөлдір моншақ аунап тұсті.

Дәрігерлердің біршама уақыт ем-домынан соң Жолдас пен Мирас көздерін ашып, айналасына таңырқай қараған. Жолдас өзіне төніп қарап тұрған атасын көріп құшақтай алды.

- Ата, сіз қашан жазылдыңыз? Біз сізге емдік шөптер әкелдік, - деп атасына үлкен тірлік бітіріп келгендей мақтана қарады.

- Иә, батырым, мен сендер әкелген дәріден ішкен соң жазылдым емес пе? - деп Санжар немересін емірене ііскеді.

- Қараши, бұларды, нағыз Чингачгук емес пе? - деді Сәруар.

- Иә, біз Чингачгукпіз, - деп жымиды Жолдас.

Екі күннен соң Жолдас пен Мирас тау етегіндегі аталарының үйінде құлдыраңдап шауып жүрді. Санжар бір қошқарын сойып, көршілерін шақырып, әруақтарға арнап Құран оқытты.

Сол күні үйге әжесіне еріп Айару да келді. Әжесінің тасасында отырып, Жолдасқа жылт-жылт етіп қарағыштап қояды.

Улкендердің арасынан сыйылып, екеуі далаға шықты.

- Мирас екеуіміз таудан теріп әкелген шөптің қайнатпасын ішіп, атам жазылып кетті, - деп мақтанды Жолдас. Сосын:

- Атам айтады енді сол шөптен теріп әкеліп, ауырғандарды емдейміз деп. Біз коронавирустың емін таптық. Атам солай деді, - деп қосып қойды.

- Екеуінің жоғалып кеткендерінде атаң мен әжең қатты жылады. Папаң да, мамаң да жылады. Мен де жыладым, - деді Айару.

- Сен неге жыладың? - деп сұрады Жолдас.

Айару үялып, тәмен қарады. Бұл кезде көршілер Құран оқылып біткеннен соң үйлеріне қайтқалы жатыр еді.

- Атасының балалары. Улкендердің қолына су құйыңдар, - деді Олжас.

Жолдас пен Мирас үлкендерді жағалап қолдарына су құя бастады.

- Өркендерін өссін!

- Үлкен жігіт болыңдар!

- Қашан да Қызыр баба шылауларыңда болсын!

- Файып Ерен Қырық Шілтен қолдап жүрсін!

Баталар жаңбырдай жауды.

- Балапандарымды аман алып қалған әуелі Алла, сосын сендердің бата-тілектерің ғой! - деп Санжар бетінсипады.

Ертесіне Олжас балаларына қарап:

- Ал, аталарының балалары! Қалаға қайтамыз,- деді.

- Жок, - деді Жолдас жұлып алғандай,- Атам екеуіміз тауға барып шөп тереміз. Атам ауырған адамдарды емдейді. Қайтпаймын. Мен атамның баласымын!

- Мен де, - деді Мирас орнынан қарғып тұрып.
Иә, олар атасының балалары!

18-19 шілде 2020 ж.



БЕТПАҚДАЛА БАЛЛАДАСЫ

(Хикаят)

Япрай, мына ұшы-қыры жоқ құладұз дала қашан таусылып-түгесіледі өзі?

Екеуінің көліктегіне жүк артып, жолға шыққандарына бүгін жетінші тәулік. Көкшекұмды кесіп өтіп, Бетбақдала-ның ұлан жолымен діттеген жерге мерзімінен бұрын топ ете қаламыз деп топшылағандары теріске шықты, қысыр әңгімемен отырып қияс кетті ме, кім білген, бұрын-сонды көрмеген бейтаныс ойпанда ор қояндай орғытып келе жатыр.

Күміс күн ұясына жақындаған сайын төрткүл төңірек әралуан түрге ауысып, мың құбылады. Ұшкөкше, Қарақойын, Қоңырқұм, Қаражал, Қотантастың биік шоқысы, Тақырдың жазығы, Тоқымтыққан құдығы кеше ылдилап соңдарынан қол бұлғап қалып еді. Батар күннің сәулесі шоқы төбелердің ұшар шыңына ілініп қалыпты. Енді бір санаулы сәттерден соң ымырт үйіріледі. Қарабарқын тартқан мұңлы дала көңілге көлеңке ұялатып, қорқыныш дәнін себетіндей. Машина журегінің бірқалыпты ырғағы алыстан талып жеткен қасқырдың ұлыған аңы дауысын жұтып қоятын сияқты. Батар күннің жиегі қанқызыл шоққа айналуының өзі алдағы сұрапыл соқпақтарды сыйырлап түрғандай.

Айтақырдағы екеу зау-заңғарда алыстан қол бұлғап түрған жүлдышдарға қарап, бағыттарын айқындаپ алды. Егер мына темір тұлпар шабысынан танбаса, осы бетімен арындаپ отырып Жезқазғанның бір бүйірінен бүрқ етіп шыға келмек. Одан әрі межелі жерге жету бүйім емес. Әйткенмен, сусыма құм ауыр жүк көлігінің доңғалақтарына жыланша оратылып, тұсау салып келеді. Бірімен бірі жарыса созылып жатқан құмтөбелер мен шағылдар дәмелі жолаушыларға жат көрінеді: өңменнен өтер өгейлік, жүрек жылытпас жатырқаушылық, топас тосырқаушылық, нақұрыс

немкеттілік тұнжыр көңілді түқырта түседі. Қараңғылық қоюланған сайын селдір бұтақтар да бұғыпжатып жемтігін қақшып түсіретін жайын немесе қолтырауын сияқтанып, қорқынышты көрінеді. Шыр айналып қалып бара жатқан құмдауыт дала да, сирек ұшырасатын сексеуіл, жұзген, түйесінір, құсқонбас та екеуінің келер күндеріне деген құдіктерін қоюлата түскендей.

Олар осы құладуз дала мен сусыма құмды маңғаз өлкені әрі де, бері де қаншама рет кесіп өтпеді десенізші. Сонау Самарханд пен Бұхара, берісі Ташкент, Сарыағаш қалалары іргесінен көктемде ерте пісетін көкөніс артып, қысы ұзақ, жеміс-жидегі сирек Жезқазған, Қарағанды, Қызылжар, Кереку, Көкшетау, Қызылорда, одан да әрі асып Ресей өлкесіне сапар шегетін олар шалқар шабытты сапарларында небір адам сенгіз қызықты оқиғалардың күесі болды, орталарында жүрді. Кейде тіпті жүдеп-жадап келе жатқанда-рында бұлдыр тілектері қанағаттанып, құндыздай жайнап сала берген кездері де қалай ұмытылар. Бұдан да бөлек, осы азапты сапарларының өтеуіндей қоржын-қалталарына уыс-уыс теңге түсетін. Мына жалған дүниеде ақшадан құдіретті күш бар ма? Паң даланың пайдасы мен қасіреті тең. Ұзақ сапарға шығушылар (дальнебойщиктер) шындалп келгенде қасіреттен гөрі қуаныштың уызын көбірек татты.

Сөйте тұра осы сапарға екеуінің де аяғы тартпаған. Бұл сәттілік сапарынан гөрі сенімсіздік, сүріншектік жолы сияқтанды да тұрды. Алғаусыз көңілдері неден кіді алды? Құбылмалы қайран дүние бұл жолы жолдарына қандай жа-лын төсемек?

Бетбақдала бедірейіп жатты. Мұскін күйге түскен қос жүргізуі қағай баладай жаутаңдады. Сағымдай құбылышып, сабындағы бұзылып реңін мың өзгерткен ымырт алдындағы маңғаз дала әлдебір үрей лебін үрлегендей салқын тар-тып еді. Осыған көрінген еken ғой. Екеуі де бір-біріне тіл қатудан қалған. Тығылмашақ ойнаған баладай бір-біріне жұғыса алмаған олар шарасызың қапарына шыдап бақты.

Санасын сансыз ойлар сансыратып келе жатқанда ұзақ та ауыр жол қолының қарын талдырды ма әлде көліктің

өткір жарығы қақ жарып өткен жолақта жердің бедері байқалмады ма кім білсін, ауыр машинаның доңғалағы бір шұңқырға түсіп кеткені. Қөлік шойнаң ете қалғанда әлгінде ғана қалғи бастаған Тұрсынәлі шошынып ояңды.

- Не болды, ә, не болды?
- Ештеңе де болған жоқ. Жол кедір-бұдір ғой, байқаусызы да бір шұңқырға түсіп кеттім білем.

- Көзіңе қарап айдасаңшы.
- Мен қайда қарап келе жатыр екенмін? Сөзін қарай гөр.
- Әй, дегенмен, байқасаңшы дегенім ғой. Жарайды, үй-қым ашылып кетті. Әңгіме айтсаңшы, жол қысқартайық.
- Қайдағы әңгіме?

- Бұрынғылар «бағы жоқ басқа жаудыраған көз біtedі, дауысы жоқ адамға саудыраған сөз біtedі» дейді екен. «Әншайінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас» демекші, былайғыда жоқты-барды айтып, жағың талмайды. Неге ауызыңа құм құйылып келсді?

- Шаршағаннан шығар - деп Рақым сүлейсопа күйге түсіп темір тұлпардың тізгінінде ұзақ отырды.

- Ат қоюға келгенде қазақтан өткен тапқыр бар ма? Қалай дәл тауып қойған десеңізші. Бетпақдала десе, бетпақ дала. Қараши, бетпақ қатындай бет қаратай келеді, - деп алдың Тұрсынәлі көне бір әңгімені еске түсірді.

...Қазақ-қалмақ шапқыншылығы өршіп түрған зар заман. Құнамақор қалмақ байлыққа батып қалу, қазақтың үлан-байтақ жерін иемдену үшін тағы да жер қайыстырған қалың қолымен келе жатады. Қас қылғанда бірнеше ай бойы сүйт жортқан қалмақ әскері қарсылық көрсетер қазақ қосынын көре алмай қалжырапты. Ұзақ күнгі ат үстіндегі шоқырақтау жау жасағын да жасытыпты. Ас-сулары түгесіліп, қаталап өлуге айналады.

Қалмақ қолбасшылары алқа-қотан отыра қалып, мәслихат құрады. Он мың қолды қазақтарға арнайы аттандырағы да қалғандары шеген құдықтың басында қос тігіп жатады. Арада айдан астам уақыт өтеді. Шапқыншылар жақтан шаң көрінбейді. Үміт оты сөнгелі түрғанда жауға аттанған

қалмақ қосынынан екі сарбаз салы суға кетіл, құр сүлдерін сүйретіп оралады.

- Эй, неге мойындарыңа су кетіп, сүмірейіп тұрсындар? Қазақтар сендерді мына күйге қалай түсірген? - деп қалмақ батыры арыстанша ар етеді.

Сонда алыс жолдан қалжырап келген қалмақ жауынгері ақталмақ ниетпен:

- Батыр! Біз ешқандай да қазақ көрмедік, - депті.

- Сонда кіммен соғыстындар?

- Бір қалың құмға тап болдық. Оның шеті мен шегін-таба алмадық. Ішерге су, жерге тамақ табылмай, шөл мен аштықтан екеуімізден басқасы қырылыш қалды,- депті қалмақ сарбазы құмығып.

- Өтірік айтасындар. Сүжурек қорқақтар! Сендерді қазақтар қырып салған ғой, - деп ашуға мінген қалмақ батыры ызаға булығып ұзақ үнсіз қалыпты.

Қанына қарайып отырған қалмақ батыры жолдастарын тастап келгендерді аяушы ма еді? Ол бір мергеніне бес жұз әскер беріп сапарға аттандырады. Мойындарына кісен салынған қашқын екі сарбазды алдарына салып жолға шыққан жасақ күн жүріпті, түн жүріпті. Алайда, олар қаруластары қырылған жерді тапқанымен, өліктепін көре алмапты.

Сейтсе, қырылған қалмақтардың үстін құм басып қалған екен. Қалжырап, азып-тозып қайтып келгендер: «Өзі құм дала екен, өзі жазық екен, өзі бетпақ екен. Қырылған әскерді таба алмадық» деп батырдан сауға сұрайды.

Содан бері Бетпақдала атанаип кеткен. Шөлейт жазықтың көкдолы кесір-кесепаты мен көл-көсір кеңшілігі азыып па еді? Ұшса құстың қанаты талатын, жүгірсе аңың түяғы талатын ұшы-қыры жоқ меңіреу даланың мәңгілік ұмытылмас аңыз әңгімелері қаншама. Сусыма құмда қуатты көлік те кейде дәрменсіздік танытады. Машинаның мимырт жүрісінен мезі болғанда көсліліп жатқан кең даланың шеті мен шегі көрінбей кеткен кездері Тұрсынәлі мен Рақым үлкендерден естіген әңгімелерін кезек-

кезек айтып тауыса алмайды. Қатігез құшағына осынша аңызды мол сыйдырған бұл дала неткен ұлы еді десеңізші!

Бағзы бір замандарда Бетпақты Уанас деген бай жайлапты. Түйесінің көптігі сондай, санына жете алмаса керек. Уанас түйесін суатқа келіп су ішкенде су деңгейінің қаншалықты төмендегеніне және Зенғі баба түкымы тақырға жатқан кезде ашық қалған орынға қарап түгелдейді екен. Түйе сортанды жерді сүйеді. Уанастай усойқы бай оңаша түкпірді ұнатпак. Оның үстіне байдың Эйгенектей сұлу әйелі бар. Сұқтанушылар мен сұрамشاқтардан жырақ отырған әмісе де орынды болмақ.

Әйгенек ұзақ жыл құрсақ көтермеді. Уанастың алаңсыз көңіліне уайым түсті. Сосын іргелес жүртты шақырып, әулиеге ат атап, қорасанға қой атап ас берді. Осыдан соң елжүртynың батасын алып, әулиеден әулие қыдырып, етегін шеңгел сыдырып, табанына тікен кіріп, өкпесі өшіп, өкшелері тілім-тілім болып зар еңіреп келе жатты. Азып-тозып, ебіл-дебілі шығып келе жатқан ерлі-зайыптылар күндердіңкүнінде Жылыбұлақ бастауының іргесіндегі Баба Тұкті Шашты Әзиз әулиенің қалқыып түрған күмбезін көрді. Етектеріне сүрініп, бір құлап, бір тұрып келіп топ шеңгелдің түбіне құлай кетті қос мұнлық.

Жол азабынан шаршап келсе де түннің әлдебір уағына дейін әулиеге жалынып-жалбарынған ерлі-зайыптылар таң белдеулене қалғып кетеді. Сонда Әйгенек сұлу тұс көреді. Тұсінде оның қолына ақ киімді, ақ сақалды кісі екі сақина салады. Сақинаның біріне асыл тастан көз орнатылыпты. Сақина ерекше жарқырып, айналасына нұр шашып түр екен. Осы тәрізді түсті Уанас бай да көріп жатыр еді. Екеудің мезгілде қуанып оянып, бір-біріне елжірет қарасты.

- Тұс көрдім. Бір ерді жабдығымен тауып алдым. Ердің үстінде келісті қызыл қоржын бар екен. Осыларды жинастырып, қапқа салып жатқанымда сенің қуанышты дауысынды есітіп оянып кеттім,- деді Уанас елжіремелі күйде.

Әйгенек те көрген тұсін келістіріп айтты. Қуанғаннан екеудің таңды атыра алсаши. Көкжиектен алтын шапақ қылт

еткенде олар жолға шықты. Жүректері алышп-ұшып, қуаныштары қойындарына сыймай келеді.

Уанастай бәденді бай алыс жолдан аман-сау әрі қуанышты оралып жатса, құтханасы қаңырап тұрар ма, көрші-қолаң, алыс-жақын әп-сәтте-ақ жиналышп қалады. Алайда, Алла аянын кез келгенге айта беруге болмайды. Мұндайда түстің бағы таяды. Қызғанғандар түсті теріс жоруы да мүмкін. Соңдықтан Уанас пен Әйгөнек жол-жөнекей тұс туралы шындықты бүркемелей тұруға келіскең.

- Әйгөнектің әкесі, қайынатам Тұлкібайға сәлем беріп қайттық, - деп бір қойды Уанас.

Жиналғандар «жә» десней тарасты. Құн артынан құн аунады. Алла Тағалаға жалбарынған екеу құпияларын құндақтап жүріп жатты. Алайда, уақыт-таксырдың ашпайтын құпиясы болмайды. Уақыт сағаты келгенде Әйгөнектің құрсақ көтергені белгілі болды. Артынша ай-құні жетіп, толғақ та қысты.

Жаңын шүберекке түйіп жүрген Уанас атақты Алақай тәуіпке ат шаптырды. Жетіқоңырдың бір құмы Алақайдың құмы аталуы тегін бе? Осындай атақты тәуіптің күтімінде болған Әйгөнек ай-құні жетіп, арыстай ұл мен құндей нұрлы қызы тапты. Қос бірдей қуаныш арнасынан асып-тасып тәгілді. Бай ұлына Кескентерек, қызына Гүлжамал деп ат қойды.

Уанас ел-жүртін жинап, ұлан-асыр той жасады. Алақай тәуіп батасын беріп, туған жеріне қайтты. Кескентерек құн сайын өсіп, тұлғалана түсті. Ол өжет те батыр жігіт болып жетілді. Өзімшілдігі, тәқаппарлығы да жоқ емес-ті. Ол ерже-те келе «жай қайдалап» тыптырышып, бір орнында тұра алмайтын қүйге ұшырады. Бетіне ешкім жел болып тимеген соң ба, мейірімсіз әрі қатігез де еді.

Гүлжамал он бес жасқа толғанда талшыбықтай бүралды. Көрген жан айналсоқтап шыға алмайтын көрікті қызыға айналды. Ауызы оймақтай, еріні қаймақтай, қарлығаш қасты сұлудың жузінен аспандағы Ай да үялды. Жаратушы мұндай жомарт болар ма, Гүлжамалға асқан сұлулығымен қатар аз-

бас ақыл да берді. Сұлу көркімен, асқаңтаған ақылымен ол ауылдың маңтанышына айналды.

Осы тұста бай Ташкент саудагерінен Еркін деген баланы құлдыққа сатып алған болатын. Уанас оны қозы-лақ бағуға қойды. Еркін жиырмаға толғанда ат құлағында ойнайтын, қарсы келген жауын ат үстінен аударып тұсіретін батыр жігіт атанды. Небір асав атқа шалма тастап тартқанда жылқы орнынан қозғала алмай, тырп етпей тұрып қалатын. Оның осы қажырлылығын көрген Уанас Еркінді жылқышыларға басшы етіп бекітті.

Жылқышы жігіттің ішіне шоқ түсті. Ол Гүлжамалды алғашқы көргенде-ақ ұнатқан. Алайда, ол Қаныбек деген байдың Монды деген баласына атастырылған еді. Монды бір келіскең кісі болса бір сәрі ғой, ол можантопан, оның үстіне пұшық біреу болып шықты. Құрдастары оны «Мондыпұшық» деп кекете атайды еken. Бұған ұялып жүрген Монды жоқ. Осынау оспадарсыз қызығына айдалада отырып Гүлжамал қысылады. Айдай сұлу ару бір пұшыққа қор болып кетеді ме?

Еркін мен Гүлжамал бірін-бірі іштей ұнатқанымен, ойларын ашық білдіріскең емес. Еркін-аға, Гүлжамал-қарындас еді. Қалай Гүлжамалдың Мондтыға атастырылғаны белгілі болды, солай екеуі оңашаланып, сыр шертісті. Сейтсе, екеуі бірін-бірі қимайды еken ғой. Қимастықтың түбі-ғашықтық. Ал, ғашықтардың көзі соқыр болады. Өзің Гүлжамалға тең санамай, оны қарындасындей көріп, қызға сезімін білдіруді сатқындық санап жүрген жігіт осылай бір-ақ күнде лапылдаған от ішінде қалып қойды. Гүлжамал жылап отырып өзің жақсы көретінін жеткізгенде Еркін жанын қоярға жер таппады. Қыз ықтиярын алған жігіт тәуекелді қайық етіп мінуге даяр еді.

Уанас пен Әйгенек қызының белгілі жерге атастырып, көңілдерін демдеген соң Кескентерекке қалындық іздей бастады. Көршісі найман руының Әлмембет деген байының Айғаным деген сұлу қызы бар еді. Уанас пен Әйгенек осы қызға құда тұсу үшін жолға шығады. Ал, бұл кезде Еркін мен Гүлжамал

ата-анасының құдалыққа аттанар күнін асыға күтіп жүреді. Күзетшісіз қалған қолайлы бір сәтте Гүлжамал Еркіннің етегінен ұстап, алыс сапарға аттанбақ.

Үәделі уақыт та келіп жетті. Уанас пен Әйгенек құдалыққа атанған күні Еркін жылқы ішінен бұрыннан көздең жүрген екі жүйрікті алып келді. Гүлжамал жол жабдығын әзірлеп те қойған еді. Фашықтар үш күн, үш түн сүйт жол жүріп, Қаратаудың Созаққа жақын тұсындағы Балықшы әулие маңына келіп, бір үңгірге аялдады.

Үңгір ғашықтарға ақ отау болып көрінді. Өрмекші құрған тор шымылдық іспетті еді. Өрекпіген көңіл шоғын өткінші өкініш ірке алмады. Сезім арпалысында сергелденді ұмытты. Әке мен шеше рүқсатын алмай кеткен кінәларын аппақ махаббаттарымен бүркемелек болды. Пұшық Мондыға қор болғаннан мың түннен бақыт құшағындағы бір түн артық деп санаған Гүлжамал жігіт қолын қаққан жоқ. Махаббат отына өртеніп жатып: «Осы күндерімді көпсіне көрме» деп тіледі.

Бұл түні де олар ләzzаттың бал шарабын мөлдектете ішті. Айқасқан құшак, сүйген жардың ыстық лебі жігітті де желіктірді. Ол қорғасындаі балқып жатқан сүйгенін бүркіттей бүре түсті. Құмарлықтың қызыл құрттарын түгел қырып үлгермесе де жас жұбайлар татар қызығын келер күннен күтіп, талықсып үййіктап кеткен еді. Гүлжамал шошынып оянды. Іле қасында атқан Еркінді әйелдерге ғана тән жұмсақтықпен әлдилеп оятты.

- Тұр, жаным! Жолға шығайық. Жаман тұс көрдім. Бір қара бұлт басымызда төніп тұр екен. Әуелі сенің, сосын мениң басымды тұқыртып жерге кіргізіп жіберді. Ағам Кескентерек мейірімсіз, қатігез жан еді. Сол келіп, екеуіміздің ажалымызға жетіп жүрмесін. Тезірек кетейік бұл жерден, - деп жалынды.

Еркін бұл кезде өз күшіне мығым сенетін, анау-мынау жауға алдырмайтын шалымды жігіт. Оған қалыңдығының «қашайық» дегені өліммен тең көрінді. «Қашатын мен жау ма едім? Әлде қатынмын ба?» деп қоқиланды. Онысын сүй-

геніне сездіргісі келмей: «Жаным, мына жер маған ұнап қалды. Қалай дегенмен, ерлі-зайыптылық ғұмырымыздың, балшырын тұндеріміздің алғашқы қуәсі осы үңгір емес пе? Қалай қып тастап кетеміз? Тағы бірер күн осында аялдай тұрайық» деген. Жігіт болып қыздың ыстық лебін алғаш жүтқан, сүйген жардың аппақ төсін аймалап, махабbat отына мас болған үмітті үңгірді қимағаны анық еді. Сосын ол «Кескентерек қанша қатал болғанымен, туған бауырын ажалға қимайтын шығар» дегенді де қосып қойды. Осы сез екеуіне демеу болды. Бірақ сөзден қорған жасауға болмайтынын жігіт сезген жоқ.

Амалы таусылған Гүлжамал қорыққанынан есі шығып көйлегінің етегіне тас толтырып әкеліп, үңгір маңына екі жерге бөліп үйе берді.

Бұл кезде Уанас құдалықтан қайтып келген. Гүлжамалдың жылқышымен қашып кеткенін есітіп, тұлан тұтып ашуланды. Қанталаған көзімен Кескентеректі атып тұрып: «Жарау ат таңдал мін. Ана жылқышымен желігіп қашып кеткен, мауыққан қарындасынды жердің астына түсіп кетсе де тауып, алдыма алып кел. Егер айтқанына көнбесе өлтір де, екеуінен бір белгі алып кел» деп қатаң үкім етті.

Кескентеректің күткені де осы еді. Ол сұытып жүрген жириен айғырды мініп, сұыт аттанды. Дөкір де доңызмінезді, дөңбайбат, ұрда-жық Кескентеректен көп адам ықтап жүретін. Олар ғашықтардың Суындық асуындағы Балықшы әулие мағындағы үңгірде тығылып жатқанын ымыра-мен жеткізді. Қос ғашық қапияда қолға түсті.

- Ағатай, бауырыңа қалай қол көтересің? Кешір бізді, - деп Гүлжамал ағасының аяғына жығылды.

Кескентерек кесір-кесапаттан құрыштал құйылған қара ниет жан емес пе, қарындасының көз жасына селк етпеді. Қатігез жүрек қан тілеп тұрды.

- Екеуін де қойشا бауыздандар! - деп жендеттеріне әмір етті.

Осы кезде Гүлжамал ағасының аяғын құшып:

- Ағатай, бауырым едің ғой, алдымен мені бауызда. Еркіннің қиналғанын көргім келмейді, - деп еңірегендеге етегіне жас толды.

Екі қолы артына қайырылып байланған Еркін суырылып алға шықты.

- Қайынаға! Алдымен мені бауызда. Гүлжамалдың жанарпалысын көргім келмейді, - деп қасқайып қарап тұрды.

Жендеттер тау қойнауының батыс бетіндегі жартастың үстіне екеуін де дедектетіп алыш шықты. Алдымен Еркіннің тамағына пышақ тақалды. Артынша жарқ ете қалған қылыш Гүлжамалдың қылша мойнын да қырқып түсті.

Сол жартастың бетінде аққан қаннның ізі екі жолақ сыйық болып қатігездікке қарғыс айтып әлі де айқын көрініп тұр. Қарақошқыл қызыл қан Еркіндікі де, ақшыл қызыл жолағы Гүлжамалдікі деседі. Екі жолақ тарамдала келіп бір арнада түйіседі. Өздері өлсе де махабbat отын жартас бетінде мәңгілікке маздагың, таңбалаш көткен қосғашықтың рухының мықтылықтарына тінті боласың. О, махабbat! Мұнша құдіретті де қасіретті болармысың?

Кескентерек жігіт пен қыздың өлгендерін айғақтайдын белгі ретінде Еркіннің еркектігін, қарындастының қос анарын кестіріп, қоржынға салдыртты. Күн шыжып тұр еді. Қоржыннан иіс шыға бастайды. Сондықтан Кескентерек айғақты заттарды өтіп бара жатқан жерлеріне лақтырып тастауды бүйірады. Міне, осы жерге Қотантас пен Қыземшек пайда болады. Бүгінде осы екі белгі көне аңызды еске салып, сонадайдан қарауытады.

Кескентеректің шешесі Әйгенек баласының мінезінен қаймығушы еді. Жанындаған жақсы көретін жауқазынын жазым етер деп жүрегі құрғыр атқақтай соқты. Ақыры шыдай алмай қызы ауыл ішіне мініп жүретін жүйрікке мініп, ешкімге білдірмestен баласының соңынан қуып келгенде аты жүре алмай қалып, өзі шөлдеп өледі. Қыземшектің теріскей батысындағы тақырды жергілікті тұрғындар әлі де «Қатынның моласы» немесе «Қатынның ұңғысы» атайдыны сондықтан.

Уанас қос перзент сыйлаған жары мен аяулы қызынан айырылғанда қандай қүйде болғанын ешкім кесіп айтып бере алмайды. Дегенмен, әулиеден әулие қыдырып, етегін шеңгел сыйдырып жүріп Алладан сұрап алған перзенті жоғарыдағыдай жан түршіктірерлік жағдайда жантәсілім болғанын естігенде есінен танып құлапты деседі көне аңыз.

Аңыз желісі осы жерден үзілмейді. Эрі қарай тыңдаңыз. Кескентеректің атасы Әлмембет құшы болатын. Бүркіт салып, аң аулайды. Қысы-жазы ермегі осы. Бірде үйіне қүйеу баласы Кескентерек келеді. Оның көзі бүркітке түсіп тұрғанын байқаған атасы: «Балам, тұғырда тұрған бүркіттің біреуін таңдал ал» деп жомарттық танытады.

Айғаным әкесіне тартқан, бүркіт сыннын жақсы билетін алғыр қызы еді. Соны билетін Кескентерек ақыл сұрайды. Айғаным тұнде орнынан тұрып, тұғыр жанына барады. Тұғырда тұрған үш бүркіт Айғанымға жалт қарағанда ортадағы қыранның көзінен от шашып тұрғанын көрді. Айғаным үш бүркіттің де басын мойнынан бұрап сынап, байқады.

Ертесіне ол қүйеуіне «ортадағы қоңыр балақ бүркітті таңдал ал» деп кеңес берді. Кескентерек келіншегі көрсеткен бүркітті алып еліне қайтады. Оның өз елінде де бүркіт баптайтын саятшылар бар еді. Солардың бірін алдыртып, қыранын баптай бастайды. Қыран сонар күнін асыға күтеді. Көзінен от шашып, қанатын қомдал, дүр сілкініп, шаңқ-шаңқ етіп байыз таппайды. Күткен күн де келіп жеткен еді. Алғашқы ақша қар дала бетін тегіс көмкеріп, аппақ әлем көз шағылыстырып, әр-әр жерде сәуле ойнап тұрды.

Тұн көрпесі түріле Кескентерек орнынан тұрды. Айғаным қүйеуіне қарап:

- Бүгін сонарға шықпай-ақ қойсаң қайтеді?- деді алаң көңілмен қобалжып.

- Неге?

- Қыраның ашулы. Ұясын сағынғандықтан тұнде бірнеше рет шаңқылдады. Ашулы қыран жазым етіп жүрер.

Бірақ, Кескентерек алған бетінен қайтушы ма еді. Қолына қыранды қондырып, таңғы ызғар басылмастан сұыт жүріп кетпек. Айғаным оны қалай да кідіртуді ойлады.

- Мына көрші ауылдағы туысқан атаң алыс-жақын ағайынды, шақырып, бақұлдасып жатыр. Қалай боларын кім білген. Ертең өкініп жүрмес үшін атаңа сен де барып қайтарсың. Оның үстіне қорада бура шайнап тастаған атан тұр. Аттың басын ірік, батыр, - деп күйеуіне қыила қарады келіншек.

Бірбеткей, өркөкірек Кескентерек бұл жолы да кесірленді.

- Ата өлсе - қойылар,

Атан өлсе - сойылар.

Мынадай қансонар қайдан табылар? - деп атына қамшы басып, ұзай берді.

Ақтүтек боран көтеріліп келе жатты. Айғанымның жаны түршілікті. Амалы таусылған Айғаным аңшының соңынан айқай салды.

- Қыранды киікке салсаң, егіз ордалыға сал, құланға салсаң, қалың үйірге сал! - деп екі қолын аузының керней етіп тақап, барынша қатты айқайлауға тырысты.

Айғанымның «егіз ордалы» дегені екі мың шамасындағы киік еді. Мынадай қалың қарда қалың құлан бұл маңнан бой көрсете қояр ма?

Көп кешікпей Кескентеректің алдынан бір отар ақбөкен қашты.

- Иә, сәт! - деп Кескентерек қыранының томағасын сыйырды.

Қанат-қүйрығы суылдаپ көкке шаңшыла көтерілген қыран жебедей ысқырып келіп топ киікке тұсті. Ай, бір ойран болды. Қыран ақбөкендерді жуадай жусатып салды. Сонда да құмары тарамаған тәрізді. Қыран көкке қайта самғап көтерілді. Бұл кезде ақбөкен түгел сұлап жатыр еді.

Кескентерек бүркіт пейілінің бұзылғанын сол заматта-ақ сезді. Айғанымның айтқаның іstemегеніне өкінді. Бірақ бәрі кеш еді. Кескентерек басына пәлені кесірлігінен

тілеп алды. Ол сақтық жасап, атының бауырына тығылды. Көктен жай түскендей болды. Аттың белі опырылып, шойнанда қалды. Көкке қайта көтерілген қыранның ендігі көздегені иесі еді. Бұл жолы ол Кескентеректің мойын омыртқасын үзіп жіберді.

Әлдеқандай сүмдықты сезгендей Уанас қораны айнала берді. Жүргегі бір жамандықты сезгендей, үйге беттегісі келмеген. Осы кезде қасына келіні Айғаным келді.

- Ата, балаңыздан хабар алмасаңыз болмас. Жүргегім сезіп тұр, Кескентерек бір қыын жағдайға тап болған сияқты, деді түрі бозаң тартып.

Уанас бұдан әрі шыдап тұра алмады. Қорада жемде тұрған атын ерттеп мініп, қыр асып бара жатты. Үйден әудем жер ұзаған соң қоғадай жапырылып жатқан киіктерді көрді. Теңкіп-теңкіп жатқан киіктерді аралап жүріп тағы бір қыр асқанда омақаса құлаған ат пен етпетінен жатқан баласын көрді. Қолда өскен қыраны Кескентеректің бауырын сылыш алып жеп отырғанын көргенде әке атынан ауып түсті.

Жалғыз ұлын жер қойнына беріп, жетісін өткізген соң Уанас бүркіттің топшысын қыып, жөніне қоя берді. «Мәпелегенді білмеген мақұлық едің. Енді аң аулай алмай аштан қат» деп соңынан қарғыс айтып қалды.

Уанас баласын қаза тапқан жеріне қойған еді. Бұл жер содан былай «Кескентеректің төбесі» аталады.

Уанас баласын іздең шығып қаралы болып отырғанда Айғаным қара киіп киіп, қара жамылып отыр еді. Келінің білгірлігі мен сезімталдығы оны қайран қалдырды.

Бір жылдан соң Уанас баласының моласы маңында ас береді. Сонда баласының қабірінің үстіне қонақтаған тобаяқ бүркітті көрген Уанас өкініпті деседі.

- Әттең, ашу үстінде сені қатаң жазаладым. Иеңді әлі ұмыта алмай жүр екенсің ғой,- деп жер тоқпақтап ұзақ жылапты шерлі әке.

Уанас байдың әулиеден әулие қыдырып, аяқ-қолы тілім-тілім болып жүріп, Алладан сұрап алған қос перзенті

осылай опат болған. Ендігі жерде оның үрпақсыз өтерін ой-
лап ақылды Айғаным қатты қамықты.

Бір күні ол атасының кіші дәретке отырған жерін байқап
қалды. Зәр аулақтау түсіп, көпіршіп жатыр екен. «Атамда
әлі де күш бар екен ғой» деп қуанған келін өз ауылынан бір
қызды айттырып, атасына алып береді. Уанас осы екінші
әйелінен өсіп-өніпті деседі көне аңыз. Кәріқулақ қариялар-
дың айтудынша, Уанас бір баласын Кескентеректің әйелімен
әменгерлік жолмен атастырып қояды. Мұнысы ақылды ке-
лінін алысқа үзатпаудың амалы еді.

Тұрсынәлі мен Рақым Уанас тақыры мен Кескентерек
қыратының жаңынан жиі өтеді. Сонда көкте қалықтап
ұшып жүрген қоңырбалақ бүркітті талай рет көрген. Бұл-
Кескентерек бүркітінің үрпағы екені анық. Көне аңызды
бұғінге көктегі қыран қанатының зуылымен жеткізген
дала жырының жаны не деген сірі еді?! Қазақтың бар та-
рихы ауыз әдебиетінде жатыр. Ендеше, аңыз әңгімелерде
шыңырау шындық бар. Қос жүргізушінің Уанастың тақы-
ры мен Кескентерек қыратынан өткенде жүректері атой
салып бүлкүнатыны содан болса керек.

Шу өзенінің терістігі мен Сарыарқаның арасында жат-
қан тылсым даланың табиғаты кербез келіншектің міне-
зіндей мың құбылады. Бет қаратпайтын ызғар-суығы, долы
дауылы, ми қайнатар аптап-ыстығы, нөпір нөсері, аңызақ
желі талай өткіншіні, баукуспе барымташыны мезі еткен.
Арқадан өкпек жел көтеріліп, жоталанып жатқан жалпақ
шағылдың үстінен жел үп етсе-ақ болды артынша жаңбыр
төпелеп құйып береді. Ал, шағылдар шулап, сексеуілдер
сыңсыса алай-дүлей дауыл тұрады. Құм қырышықтарын
аспанға атып, айналаны қою шаңға көміп, ыскырына соқ-
қан боранның екпіні тау қопаардай зәрлі келеді. Боран ба-
сын бір көтерсе, апта бойы екілене соғатыны да бар. Мына
құбылмалы өмірде сараңның жомарттығында, қатігез
қанішердің мейіріміндей керегарлықтар аппақ киімге қара
мата жамағандай епетейсіздеу көрініп тұрады. Жұрт қанша
жерден «бетпак» деп қаралағанымен, қолайсыз ат теліге-

німен, Бетпакдаланың бетмонағы төгілген ибалы жандай жылы лебі, шапағат-шапапаты мол. Осы бір көргенде бедірейген көкдолы әйелдей көрінетін иен даланың сексейіл, жыңғыл, жүзген, баялыш, жусан, тасбұйырғын, теріскен, изен, ерекшөп, тораңғы сияқты өсімдіктері төрт түлік малдың азығы әрі қыстайғы панасы. Ұялы құмтөбелер мен қырқалы шағылдар арасынан ақбөкен, қарақүйрық, қоян, қасқыр, мәлім, алақоржын, сарышұнақ, аламан, дуадақ, құр үзілмейді. Небір аласапыран, алмағайып кезеңдерде бас сауғалағандар құмайт даланың құйқасынан нәр алып, жан сақтаған.

Базыналы Бетпакдала мен маңғаз Мойынқұмды талай батыр мен би, болыс, бай, датқа құтты мекеніне айналдырған. Солардың бірі шаруа отбасыдан шыққанымен, өжеттілігімен көзге ерте түсken Текей датқа. Ол аса көрікті, сыпайы әрі мырза адам болған. Текей мінген атына түстес киім киюді ұнатқан. Қоқан хандығының қазақ ауылдарында алғаш сайлаған датқаларының бірі.

Текей датқа туралы ел ауызында әңгіме көп. Соның бірі былайша өрбиді. Қоқан хандығы Оңтүстік өлкесіне тізесін аямай батырып түрған кез. Алым-салықтан жергілікті тұрғындар қатты күйзеліске ұшыраған. Хан өкілдерінің қарапайым халықтан жан басына салық алуды тоқтатар түрі байқалмайды. Бір куні Текей салым жинаушыларды іздел барып жолықты.

- Сіздер бізге қиянат жасап жүрсіздер,- деді ол салым жинаушылардан қаймықпай.

- Мұныңды немен дәлелдейсің? - деп дүрсे қоя берді хан өкілдерінің бірі.

- Өйткені, сіздер салықты жан басына қарай жинайсыздар. Ал, біреу бай, біреу кедей. Бай қолында барын береді. Кедей несін береді? Сондықтан салықты малы мен мұлкінің мөлшеріне қарай алуларыңыз керек,- деді Текей.

Талап орынды еді. Қоқан хандығының өкілдері бұл уәжге тоқтады. Осы сөз хан құлағына да жетті. Хан салық жинауға барғандарға Текеймен кездесіп, кеңесіп отыруды тапсырды.

Осыдан соң-ақ Текейдің Теріскейге аты тарады. Теріскейдің дәулетті адамдары онымен санасатын болды. Ел іші дау-дамайсыз болған ба? Мұндайда екі жақ та Текейдің алдына келіп жүгіне бастады.

Қазақ қазақ болғалы жер мен жесір дауынан көз ашып па еді? Қоқан хандығы қодыраңдап тұрған кер заманда да дәулетті адамдар шұрайлы жайылым, сулы өлкеге өлермендене таласатын.

Сол жылы Мойынқұмның Батыrbай, Қарақойын, Зеренді қыстауларынан шыққан Сейтімбет бай көшінің басын Көсегенің көк жонына бұрған. Оның сегіз мың жылқысы Мырзабай, Маралбай, Құрсай жазығын дүбірге бөлеп, Қаратай сілімдеріне түяқ іліктіріп те үлгерді. Осы кезде Құмкент ауылынан көшке жанама ілескен Текей байдың мыңғырған малының шаңы астында қалmas үшін атына қамшы басып еді.

Сейтімбет байдың осындай көші-қонда өз ережесі, тәртібі бар. Байдың жалшы, малайлары, басқа да адамдары негізгі топтан бір көш кейін жүрулері керек. Ал, көштің оң жағын ала қабаттасып шаң көтеріп келе жатқан мына пакыр кімнің шікәрасы? Сейтімбеттей баймен иық шендерстіретін құдірет оған қайдан бітті? Бай өз тәртібіне құлақ аспай жанама ілесушінің ерсі қылышына қатты ашуланды.

- Мына бір жарқанаттай жарбандал бізбен қосамжарлана көшетін кім екен өзі? - деп жұмық көзін кең ашып зіркілдеді.

- Байеке! Білмедім,- деді шабарманы иығын қозғап.

- Бар. Көш басшысын алдыма алып кел! Әуселесін көрейік.

Қожадан бүйрық болған соң құйыршықта қарсылық қайдан болсын. Атын борбайлатып шаба жөнелген шабарман көп кешікпей шағын денелі, орта бойлы, күнқақты жүзі тотықкан бір адамды бай алдына алып келді. Сейтімбет өзімен иық тірестіре көшіп келе жатқан топтың басшысына көңілі толған жоқ.

- Тұрымтайдай түркىң бар екен. Менімен көш қабаттастыратындаі кім едің? - деп айыптыға алара қарады.

- Айыптымын, ақсақал. Алыс сапарда ел ағасына серік болып, әңгіме-дүкен құрысып, бірге жүрейік, жол қысқарсын деп ойлағам. Оң жағыңызды ала жүріп едім, аңғармадыңыз ғой. Сосын сол жағыңызға өтіп едім, қолайсыздай болды ма, қалай өзі?- деді қатпа қара қайсарлана қарал.

Сейтімбет байдың іші қылп стс қалды. Оның оң көзі соқыр еді. Мына жолдан қосылған жүгермек соны мензеп тұр. Бұдан әрі сөз салғыласа берсе оңбай ұтылатынынан сескеніп Сейтімбет ләм-мим деп жақ ашқан жоқ. Тек шабарманына «Қоя бер!» деп ымдап ұлгерді.

Осы сөз Теріскейдің түкпір-түкпіріне тарады. Болыс-бiller, бай-бақуаттар ендігі жерде Текейді кезіктірсе қол қузырып қоғадай жапырыла кетеді. Аталы сөзге тоқтамаған атаусыз қалатын зайды заман-ай десеңші. Олардың ләмі түзелген соң Текейдің әні түзелді. Бір ауыз ұтқыр сөзімен талайларды тақырға отырғызған Текей аты Теріскей асып Батыс Сібір генерал-губернаторына дейін жетті.

Бұл кезде қазақ-қырғыз арасындағы барымташылық қоғаға тиғен өрттей қаулап тұрды емес пе? Барымта бар жерде қарымта бар. Шиелініскең шайқаста екі жақтан да өлім-жітім орын алған.

Осы оқиға Батыс Сібір генерал-губернаторының да құлағына жеткен-ді. Ол көрші екі елдің игі жақсыларын алдына шақырып, мәмлеке келу, барымташылықты тоқтату, бәтуа жасасу жөнінде талап қойды. Шақырылғандар ортақ байламға келе алмады. Мұның мәнісін сұрастырғанға екі ел арасында белгіленген шекера жоқтығы алдан шықты.

Генерал-губернатор екі жақтан ортақ комиссия шығарып, оның құрамына арнайы мамандар қосатынын жеткізді. Осы жиынға қатысқандар шашау шықпай Бөлтірік шешенге келіп, ақыл сұрады. «Комиссия құрамына кіріңіз, жол сілтеңіз» деп өтініш айтты. Бөлтірік шешен ұзақ ойланды.

- Соншалық сіңіріме ілініп, сүріне кеткелі тұрған өлмелі шал болмасам да ұзақ жолға жарамаспын. Бұл сапарға бара-

тын адам үстамды, қандай тұзаққа да алдырмайтын, азат басына құрық салдырмайтын, қыннан қыстырып уәж айта алатын шешен адам керек. Менің қалауым Қаратаяудың теріскейіндегі Текей датқа. Оған Қоқан хандығы датқа атағын текке берген жоқ. Келісімін берсе, оны осында шакырындар. Батамды берейін,- деді құс жастықты шынтақтап отырған шешен.

Билікөлдің баурайында отырған Бөлтірік шешен ауылына Текей датқа үш қонып жетті.

Бөлтірік шешен алыс жолдан келген қонағын ақбоз үйдің сыртында күтіп алды. Орта бойлы болғанымен, денесі шымыр, қыран көзді, орақ сөзді Текей датқа Бөлтірік шешенге бір көргеннен ұнады. Екі шешен шешіліп ұзақ кенесті. Бал қымыздан ала отырып, жылқының қаз-қартасынан, субелі етінен ауыз тиді.

- Бөлтірік аға! Сыртыңыздан көп естуші едім. Көрдім. Қөнілім толды. «Әлі де бөлтірік пе еken» деп те ойлаушы едім, қасқырдың сырттанына айналыпсыз. Енді сіз сенген соң жолға шықпасқа шара бар ма? Қасыма тақымы мықты қырық жігіт қосып берерсіз. Бұл мәселені біржақты етіп шешермін, - деп Текей датқа шешенмен қоштасып, атына қонды.

Белгіленген мерзімде қасына қырық жігіті бар Текей датқа қазақ-қырғыз ауылдары қоныстанған, арасын тауғана бөліп түрған межелі жерге келді. Генерал-губернатор да осында екен. Қырғыздардың да сақадай сай әзірлікпен келгендері көрініп тұр.

Көп ұзамай арнайы топ жер бөлісу, шекара белгілеу мақсатымен жолға шықты. Екі топтың да басшылары алда келеді. Текей датқа әңгіменің тиек-тиегін, түйме-ілгектерін ағытып, маңайындағыларды сөзге ұйытып, шұрайлы жер, бал бұлақ көрсе қиғаштай тартады.

- Текей датқаның мұнысы несі?- деп қырғыз манаптары айтып үлгергенше атынан қарғып түседі. Мұны көрген қырық нөкері де аттарынан ауып түсіп, шөкелеп ортыра қалады. Осы кезде Текей датқа оқыған Құран тау-тасты

жаңғыртып ала жөнеледі. Құран оқылған жерде мұсылман баласы қақшиып түрегеп тұрмайды. Қырғыздар да көліктерінен түсіп, отыра қалып, бет сипап барып орындарынан тұрады. Құран оқылып болған соң Текей датқа атын тебініп, тағы да жол бастайды. Оның қызық әңгімелеріне қыран-топан құліскен топ соңынан ілеседі. Осылай көнілді сапар ұзақса созылды. Датқа әр-әр жерде атынан түсіп, Құран оқуын жалғастыра берді.

Ай жүрді ме, апта жүрді ме, кім білсін, шаршап-шалдық-қан топ күндердің күнінде генерал-губернатордың алдына келеді.

- Хош келдіңіздер. Не шештіңіздер? Қалай келістіңіздер?
- деп сұрады генерал-губернатор комиссия мүшелерінен.

- Ештең де шешкен жоқпыз. Екі елдің ортасындағы иен дала мен тау-тасты кезіп, тінтіл шықтық. Қазақтар әр төбенің басында Құран оқумен болды, - депті қырғыз манаптары күнкілден.

Генерал-губернатор топограф мамандары белгілеген жерлерді қазақ жері деп табады.

- Оу, бұл қалай? - деп дүрлігіпті сонда қырғыздар.

- Мұсылман дәстүрі бойынша ата-бабасының басына келген адам Құран оқымай кетпейді. Осы дәстүрге сүйенсек, Текей датқа ата-бабаларының жатқан жерлеріне келгенде Құран оқып отырды. Ал, қырғыздар бұл жерлерді танымады. Демек, білмейді. Сондықтан, датқа аялдаған жерлерді қазақтардің деп белгіледік, - депті топографтар.

- Шешім ете дұрыс, - деп генерал-губернатор картага мөрін басып, қолын қойып, бекітіп беріпті.

Сонда қырғыздар:

- Текей датқа мұндай тапқыр болар ма. Бір ауыз сөз айтуда мұрша келтірмей, Құранмен қол-аяғымызды байладап тастанадың-ау, - деп еріксіз бас шайқасыпты.

Мойынқұмға кіре берістегі асу Текей аталады. Тұрсын-нәлі мен Рақым осы тұстан өткен сайын Текейдің Таракты Шілмембет бимен кездесенін де еске алып отырады. Орда бұзар отызында датқа атанған Текейдің соңында аңыз бо-

лып қалған өнегесі мен «Текей айтыпты» деген тапқыр да үткыр әңгімелері көп. Тағылымды да тапқыр Текей Құмкент ауылында дүниеге келген. Сіргелі тайпасының Тутаңбалы руынан. Бүгінде үрпақтары бір қауым ел болып үйісіп отыр. Құмкент-көне шаһар. Кезінде бұл шаһарда Әмір Темір ат шалдырған деседі. Құттықия атты қала басшысы Әмір Темірмен көңілі жақын дос-жаран болыпты. VI-VII ғасырларда Шыңғыс-Батыс түрік қағанаты құрылады. Құмкент қаласы батыс түріктің Ұлы Жібек жолы бойындағы үлкен сауда орталықтарының бірі. Арғы жағы Ираннан, Үндістаннан, бергі жағы Ресейден, Қытайдан тең-тең жүк әкеle жатқан керуендер осында аялдап өтетін болған. Шеңжіре бойынше көне кент 1218 жылы сағымнан пайда болған Шыңғыс ханның жорығында қиратылады. Екінші рет 1723-1735 жылдар аралығында жоңғар шапқыншылығында бұзылады. Мұнда құллі түркі әлеміне мәшіүр Баба Тұкті Шашты Әзиз баба кесенесі қарт Қаратая сілімдерінің етегінде, Жылыбылақ қайнарының іргесінде түр. Кесене басы қысы-жазы зиярат етіп келушілерден бір босамайды. Осы Баба Тұкті Шашты Әзиз бабаның ұлы Едіге батыр кезінде Мәскеуді бағындырған баһадүр. Баба кесенесінен төмен «Едігенің майлы жұрты» деген жазиралы жазық көсіліп жатыр. Баба Тұкті Шашты Әзиз бабаның перінің қызына үйленгені жайлы әңгіме бар.

Өз өлкесінің арғы-бергі шежіресін жақсы білетін, бапты баяндайтын, от тілді, орақ ауызды Кенжеғұл Берденов деген ақсақал өткен. Сол кісі тіпті Қарақасқа атты Қамбардың тұлпарын ойнатып, құмайын жүгіртіп, қыранын шүйген көлдері Аюқар, Қаракөл, Үсіктас маңы деп айтып отыруши еді. Бұл туралы ұлы жазушы Мұхтар Әуезов Құмкентке келгенде Кенжеғұл атамыз оған дерек берген. Мұны ұлы жазушы еңбектеріне пайдаланған. «Алпамыс батыр» жырындағы Байбөрі мен Аналықтың Жаратқаннан бір перзент сұрап, қияндағы Жиделі-Байсын жерінен етегін шеңгел сипырып, арып-ашып, жадап-жүдеп келіп Баба Тұкті Шашты Әзиз баба басына келіп түнегені белгілі. Ал Қөрүғлы өзінің

асыранды баласы Әуезханды осы Құмкент қаласынан алып қашқан.

- Е, аңыз-шежіренің барлығы Теріскейде жатыр десеңші, - деп Тұрсынәлі миығына мысқыл үйіріп, серіктесіне қарады.

- Бұл-аңыз емес, шындық. Тарихтан хабарың жоқ,- деді Рақым рульді сығымдай үстап, алдынан көз айырмай отырған Тұрсынәліге қарап.

- Қаражаяу жүргізуші тарихтан мақұрым қалады. Осындағы жол-жөнекей әңгімелерден үзіп-жұлқып қауашағымызға бірдене құйып алмасақ.

- Осының өзі үлкен рухани азық. Тұған жер тарихынан тамыр тартып, ата-бабалар өмірінен сыр шертетін ғибаратты әңгімелерді біле жүрген жөн.

- Мен өзі мектепте ортан белден әріге көтеріле алмадым. Әйткенмен, ауыл әңгімелеріне жүйрік едім. Әсіресе, әкемнің айтқан әңгімелері есіме көп түседі,- деді Тұрсынәлі тұнжырап.

- Маған да керегі осы әңгімелер ғой. Қане, бір қапшығыңың ауызын сөк те, әңгімеңнің тиек-тиегін ағыт.

Осы кезде ауыр жүк көлігі оқалақ тиген сиырдай мөңкіп-мөңкіп барып, сабасына зорға түсті. «Қай әңгімeden бастасам екен?» деп ойланып отырған Тұрсынәлі кабина төбесіне басын ұрып алып, ойбайлады да қалды.

- Көзіңе қарасаңшы.

- Қарап-ақ келе жатыр едім. Не болып кетті өзі? Қайдан ғана шыға келді мына шұңқыр.

- Сен өзі бүгін әруақтар жөнінде көп айттың ғой. Сол әруақтар иектеп келе жатпасын?

- Солай шығар.

Бұл кезде ауыр жүк машинасы Өлке жазығына ілініп еді. Өлке аталатын бұл маңай Бетпақдаланың бір бүйірі. Мұнда көне зираттар, кесенелер, обалар жиынтығы бар. Кезінде осы жерді зерттеген ғалымдар «Өлі қала» деген ен тағып кеткен. Расында, өлі қала үнсіз мұлгиді. Есте жоқ ескі жылдар шежіресін ішіне бүгіп жатқан әр-әр жерде шошайған

обалар, төрт құлақты қабірлер сирек жолаушыларға мұң шағатындау ауыр күрсінеді. Обалардың ауыр күрсінің желдің улімен жаңғырып зарлы естіледі. Осы уіл бой шымырлатып, жүрек жаншиды.

Көне көздерден қалған әңгіме бойынша осы өңір Алшын руының атақты байы Бақтыбайдың тұрақты мекені. Бақтыбайдың Жұндібай деген баласынан Отыншы, Өлке және Манап атты үш ұл тараиды. Бір ғана Отыншының үш мың жылқысы жайлалауда жусап жатыпты. Алайда, осы өңір Бақтыбайдың да, Жұндібайдың да, ағайынды үшеудің үлкені Отыншының да емес, Өлкенің атымен аталады. Мұның өзіндік сырьы бар.

Мұңлы-құлы тауына түскен қар көктем шыға еріп, сайжыралармен ағып келіп Қоржын көлшігіне құяды. Осы сұзы қысы-жазы сарқылмайды. Жайылым оты бітік, тұщы сұзы мол Қарабидайық аталатын жазық ағайындылардың төрт түлік малына молынан жетіп жатты. Мыңғырған малы бар ағайындылар тері-терсегін, жұн-жүрқасын Қараөткел базарына шығарып, күнделікті тұтынатын бүйімдарын жеткілікті қамдап алады. Оның үстіне Өлкенің қолынан келмейтіні жоқ. Он саусағынан өнері тамған Өлке атақты ұста да еді.

Өлкенің серілігі мен жібектей жұмсақ мінезі көпшілікті тәнті еткен. Ол шаңырағына түскен қонақтарына қымызды бір тұсті ыдыспен берсе, сорпаны басқа тұсті кесемен ұсынған. Сері жігіттің серіктепі ел арасында, жол жүргенде бірыңғай киініп, бір тұсті ат мінген.

Тірісінде Өлке «сақы» атанған. Бірде Қуандық елінің мырзасы оны сынамақ болып, жүз жігітімен үйіне топ ете түседі. Өлке саспапты да, аспапты да. «Қайтер екен?» деп аңдысып отырған жүз жігітке бірыңғай кесемен қымыз жағалатып, астан соң басқа пішіндегі ыдыспен сорпа таратады. Мынадай мырзалықты, өзгеше өрнектегі қонақ жайлалықты алғаш көрген мырза жігіт: «Атыңды Өлке деп келте қойыпты-ау. Шын мәнінде өзен екенсің» деп сүйсініпті деседі.

Бетпақдала барымташылардың бағзыдан басыбайлы баспанасы болатын. Мидай далада мыңғырған мал өріп жүреді. Ұрылардың соңынан тұскендер көсіліп жатқан далада із кесе алмай, дал болып қалады. Сол түні Жиенбет Абақ батыр ауылының жылқысына барымташылар бөрідей тиген. Шұрқырап қашқан жылқының біразы қайыру бермей сыйтыла қашқан. «Аттан! Аттан!» деген ащы дауыстан шырт үйқысынан шошына оянған Абақ батыр атының ерін салып ұлгермеді. Олар Қарабидайық жайылымында жауды қып жетіп, жылқыларын қайырып алды. Боса-болмаса да күғыншылар ауылдан ұзап кеткен-ді. Аздап тынығып, әлденіп алса болар еді. Осы кезде Абақтың есіне Өлке түсті. «Сақы деуші еді. Бір топ жігіт сау етіп жетіп барсақ қайтер еken?» деген бір құлық ойлап қойды.

Бір топ жігіт даланы дүбірлетіп келе жатқанда Өлке қамшы өріп отыр еді. Ол жігіттеріне бір жылқыны өрістен алып келу үшін жұмсады да өзі қонақтарының алдынан шықты. Барымташылардың соңынан асыға аттанған күғыншылардың бірінің киімі, екіншісінің ер-тоқымы, үшіншісінің жүгегні, төртіншісінің тағы бір нәрсесі жоқ еді. Жолаушылардың жоқ-жітігін көзімен түгендереген Өлке қызметші жігіттерінің бірін оңаша шақырып, тығыз тапсырма берді де өзі зәуімен келіп қалған қонақтардан алыстағы ағайын, құда-жеқкаттың амандығын білмек үшін тізе бүкті. Осы екі арада жылқыны алып келген жігіт келіп қалды да, Өлке қонақтардан бата сұрады.

Жас ет тайқазанда буы бүрқырап пісіп жатты. Алыс жолдан келген қонақтарды ашықтырмайын деді ме, көп күттірмей дастарханға қуырдақ келіп қалды. Артынша тегентеген ет келді. Қымыз сапырылды. Сорпа ішілді. Сусынның ретіне қарай әр түрлі ыдыс келтірілді. Мұны байқампаз жігіттер тез аңғарды.

Күғыншылар Өлкенің қонақжайлышы мен ықылас-пейіліне риза-хоштық айттысып, аттарына қонғалы жатқанда Өлке:

- Жігіттер, қазақ «қуыс үйден құр шықпа» деп жатады. Сіздерге арнаған сый-сияпатым бар. «Орамал тон болмай-

ды, жол болады» деген, қомсынбасаңыздар. Артық-кемі болса айып етпессіздер,- деді.

Қызметшілер өре түрекеліп, қонақтарға жағалай сый-сияпта таратты. Басшысы Абақ батырдан бастап барлығына бір тұсті шапан кигізді. Аттарына жайдақ міне салып ба-рымташылар соңына түскендер ер-тоқымды болды. Тағы бір ерекшелігі батырдың жігіттеріне түгелдей біртекті то-былғы сапты қамшы ұстатты.

Былай шыға Абақ батыр серіктегіне жағалай қарап:

- Пай, пай, шіркін! Өлкенің мәрттігіне шек келтіруге бол-майды екен! Бұрын сырттай атағына қанық едім, бүгін са-қылышына көзім жетті. Сақы деп осыны айт! - деп ішкі тол-куын бүркемесіз жеткізді.

Қайтқан малда қайыр бар. Бүгін сол қайыр еселеніп келеді. Ер-тұрман, жүген-құрық, киімге дейін түгелденді. Үйір-үйір жылқы айдаған талай байды көріп жүр. Көшілігі Өлкенің сирагына да татымайды. Батыр бастаған топ кө-ңілді келе жатты.

- Сол Өлке ағасынан бұрын қайтыс болған деседі. Мұны созақтық шежірешілер кітаптарынан оқығаным бар,- деп Рақым әңгімесін сабактады.

- Кітап оқуға уақытты қайдан табасың? - деп Тұрсынәлі таңырады.

- Тұрсеке, өмірдің мәні-білімде. Әр нәрседен хабары бар адам адаспайды. Осыны біліп қой.

- Өткенде ғана күнде әрі-бері шаңдатып өтетін жеріңнен адасып кетпеп пе едің. Білімдарлығың осы ма? - деп Тұрсынәлі әдеттегісінше серігін бір шымшып өтті.

- Э, ондай-ондай ханның қызында да болады. Шіркін, Со-зақ тұнған тарих қой.

- Жол қысқарсын, сол тарихтың бірер тарауын ағыт-саңшы.

- Болсын.

Қазақ даласының әрбір пүшпағы тарихқа бай. Соның ішінде көне Созақ жұрттының тарихы да қалың. Созақ жерін қазақтар Теріскей деп те атай береді. Аймақтың әр төбесіне,

әр тасына тиіп кетсең, сөйлей жөнеледі. Тау мен шың-құздарынан, шалқар даласынан есте жоқ ескі заманның әуені мен жыр-аңыздары төгіліп тұрады. Теріскей қойнауының құпиясы қырық қабат. Осында VI ғасырдан XIX ғасырға дейін Созақ қаласы өмір сүрген. 1465-1469 жылдар аралығында Керей мен Жәнібек ордаларын Созақ қаласына тіккен. Әбілқайыр ханның өлімінен соң басталған билік үшін таласта хан ордасы Созақ қаласынан көшіріледі.

Армения патшасы Гетум-І-дің моңғол қағаны Мөңкеге бара жатқан сапарында жол-жөнекей осы Созаққа аялдаған. Оның тарихшылары Қаратудағы Ақбикеш мұнарасы туралы дерек қалдырған. Сол замандарда Теріскейдің қүйқалы топырағанда райхан гүлмен көмкерілген Созақ (Хузак), Құмкент (Қойкент), Шолаққорған (Ұрасоған), Балладж (Қарғалық), Ақсүмбе(Хендахор) қалалары бой көтерген. Созақ қаласы маңында Тарсатөбе деген ірі шаһар болғанын Әлкей Марғұлан жазбалары мақұлдайды. Созақ-Қаратудың теріскейінде Дешті Қыпшақ даласынан Түркістан мен Отырарға, Сауран мен Сайрамға, батыс жақтағы Арал маңындағы Шу мен Таластағы ірі сауда орталықтарына аппаратын жолдың түйісер тұсына орналасқандығымен де маңызды.

Теріскейдің сұңғыла қариялары мен көнекөздері Созақтан қазақтың үш жүзін таратады. Теріскей топырағындағы Қекмұрынтой деген қос төбеде қазақтың көп руларының тасқа қашалған таңбалары бар. Бетбақ шөлінде Таңбалы Нұра деген жер бар. Осындағы өзекше бойындағы жапсарлас тастарға кезінде Алтын Орда ыдырап, оның құрамындағы елдер сергелдең күйге түскенде алты алаш тобындағы ел Таңбалы Нұрада бас қосып, өздерінің жеке мемлекет болғанын жария еткен. Илияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» романының желісімен із кессек, Керей мен Жәнібек хан тұсында қазақ рулары Қаратұзда бас қосып, Асан қайғының үйғарымымен әрі жөн-жоба көрсетуімен үш жүздің таңбаларын тасқа қашағанын оқимыз. Шежірешілер осы оқиғаны Алаша ханның кезеңімен шенdestірсе, енді бірі Оғыз ханның тұсындағы талпыныстарға танады.

- Эңгімең әсерлі екен. Ширата тұс, - деді Тұрсынәлі шөлі қанбай қалған адамдай тамсанып.

- Саған мұндай шежіренің талайын айтқам. Қауашағыңда бірдене қалды ма өзі? - деп жорта сұрады Рақым.

- Қалмаса қайта сұрап аламын ғой. Немене, әңгімең таяз ба еді?

- Бұдан да қызықтары, терең мағынасы барлары көп.

- Ал, тыңдадық.

Рақым Теріскей топырағының таланттарға толы болғанына арнайы тоқталып өтті. Жамбыл ақынның өзі сыйынған Құлыншақ ақын, Шәді төре, Құлжабай сынды ақындар, Ықылас, Сүгір, Жаппас, Төлеген, Генерал, Файзула, Ергентай сынды дәүлескер күйшілер, Тәкен Әлімқұлов, Асқар Сүлейменов, Сәуірбек Бақбергенов, Төлеген Тоқбергенов сынды қарымды қаламгерлер Теріскейдің тумалары екенін қысқа қайырып, әңгімелеп өтті. Мұнан соң Шыңғысты хан сайлағандағы алқалы жиынға қатысқан Қоңырат Санғыл би туралы білетіндерін термеледі. Санғыл би Жошы ұлысының бас би болғанын да айтып өтті. Жиембет руынан өрбіген Абақ батыр жайлы білетіндері де бірқызыру екен.

- Япырай, «әңгіме бұзау емізеді» деп қазақ қияс айтады екен-ау. Біраз жер өндіріп тастаппыш. Міне, мынау атақты Отыншы мен Өлкенің зираттары. Бастьарына Құран оқып аттанайық,- деді Тұрсынәлі көлікті тоқтатып жатып.

- Уф! Белім-ай! Құрысып қалыпты ғой.

- Менің де белім шыдатар емес.

Екеуі қорым шетіне тізе бүкті. Рақым қырағыттап Құран оқыды.

Құраннан соң олар оба арасында келе жатты.

- Мынау Өлкенің жатқан жері. Ал, мынау ағасынікі.

- Япырай, інісіне үлкен кесене тұрғызыпты да, ағасынікі кішілеу екен. Мұның мәнісі Өлкенің ағасынан бұрын қайтыс болғанында ма? - деп сұрады Тұрсынәлі.

- Жоқ, олай емес. Өлкे о дүниелік болған соң Отыншы бауырына осы кесенені қарауытады. Арада біраз жылдар өткен соң туған-туыстары мен баласы Сыздыққа «Мен кет-

кен соң сүйегімді Өлкенің аяқ жағына қойып, шағын төрт құлақ белгі орнатындар. Маған сол да жетеді! деп аманат айттыпты. Туған-туыстары мұның мәнісін сұрамай ма? Сонда Отыншы: «Өлке маған өзінің тірісінде теңдік бермеді, өлгенде теңдік берер дейсіндер ме?» деген екен. Демек, інісінің талантына, сақылығына, соңына қалдырган өнегелі ісіне разы болғаны ғой,- деді Рақым.

- Қайран бұрынғының кіслері-ай! Эрбір ісі үлгі-өнеге емес пе? Не деген даналық. Не деген кішіпейілділік. Осының өзі білген жанға өнеге емес пе? - деп Тұрсынәлі қалың ойға шомып тұрды.

Қаншама ғасырлар бойы жел-құздың, жауын-шашының астында тұрған қорымдар құзданып, шөге түскен. Өлі қала үнсіз мұлгіп тұр. Өкпе тұстан соққан қызыл жел екпінінен өсімдік атаулы баяу қозғалады. Ой орманындағы обалар арасынан мұңлы бір әуен құлаққа талып естіледі. Бағзы бабалардың зарлы үні бой-бойды шымырлатып, еңсені езіп, жүрек жұлқылайды.

Екі жігіт можа болған мықыр шалдай тырбандарап көліктеріне зорға мінді.

Сол бойымен Шенгелді жазығына дейін тоқтаусыз тартты. Осындағы шағын көлшік маңына аялдап, бой жазды. Салондағы көди-сөдилерін түсіріп, тамақтанып алу қамына кірісті.

Сортанды жерде өсетін көкпек, бұйырғын, барқын, сонымен бірге түйесінір, құсқонбас сияқты шебі қалың маңайды шолып шықпаққа кеткен Тұрсынәлі сүлесоқ күйде басы салбырап оралды. Қолында бір құшақ отын бар. Ол отынды осындаі ұзақ сапарда үнемі өздерімен бірге алып жүретін үш аяқты темір ошақтың астына қалап, от тұтатты.. «Шай, ішсең, көнілің жай» деп жұрт тегін айтпайды. От қызыумен қайнаған суға бірер шөкім шай салып жіберсөніз, міне, жапан далада бұдан артық сусын жоқ. Оның ұстіне Тұрсынәлінің даладан әлдебір шөптерді теріп әкеліп, жуып-шайып аққұманға тастайтыны бар. Шай деп осыны айт! Иісі қандай! Дәмі қандай!

Шай қамымен күйбендең жүрген Тұрсынәлігे наң турал
отырған Рақым бүйірден сұрақ қойды.

- Отын тере барып, от көргендей осқырынып оралдың
ғой. Немене жылан көрдің бе?

- Жо-ға! Бұдан дағері сол жыланды көргенім анағұрлым
жақсы болар еді.

- Ау, сонда сені соншама шошындырған не пәле өзі? Жын
ба, сайтан ба?

- Осы қазір сайтаныңнан да, жыныңнан да қорқайын деп
түрғаным жоқ.

- Батырсынуын. Сонда не көрдің? Неден шошыдың? Айт-
саңшы.

- Айтсам, қураған бұта ізден ұзаңқырап кеткен екем, ана
бір тұста терең сай кезіктірдім. Іші толы киіктің ақ сөңке
болып шашылып жатқан сүйегі. Шамасы, жұз қаралы бо-
лып қалар. Барлық ақбөкеннің мүйізін қағып алыш, етін рә-
суә етіп тастап кетіпті.

- Айуандығы, жыртқыштығы жағынан адамдар бүгінде
қасқырдан асып түсті. Не деген жауыздық? Қайда кетіп ба-
рамыз? Түбінде осы ашқездігіміздің сазайын тартамыз.

- Тартып та жатырмыз ғой, - деп қоштады Тұрсынә-
лі, - Жер астындағы оба, індettің барлығы үстіне шықты.
Бұл-бір. Күні кеше ғана емес пе еді, мына Бетпақдала, Арқа
жазығында ақтылы қоймен бірге мыңдаған ақбөкен, киік
жусап жататын. Олар қайда кетті? Тойымсыздық пен тоғы-
шарлық түбіне жетті. Бұл-екі. Сонау Созақ ауылынан сұы-
рылып шыға Бетпаққа, Арқаға дейін кеңшардың малы кең
далаға сыймай жатушы еді. Көріп келесің, алдымыздан бір
отар қой немесе бір үйір жылқы кезікті ме? Жоқ. Малышлар
бүгінде Бетпақдала, Арқа төсіне шығудан қорқады. Өйтке-
ні, уран алушылар жалпақдаланы улап бітті. Бір кездері кез
келген артизианнан, құдықтан су ішіп кете беруші едік. Қа-
зір флягімізді суға толтырып, өзімізбен бірге алыш жүреміз.
Себебі, артизиан, құдықтың барлығының ауызын шеген-
деп, бітеп тастады. Ашығының сұы ішуге жарамсыз. Бұл -
үш. Бейшара Бетпақдаланың бүйі аты мұнымен де бітпейді.

Тағы қандай індет-обасы бары бір Аллаға ғана аян. Үкімет «мал асыраңдар» дейді. Қала, аудан, ауыл маңынан бүгінде ешкі арқандайтын тоқымдай жер таба алмайсың. Жердің көвшілігі, әсіреле, шұрайлы жер жекешелендіріліп кеткен. Ал, мына Бетпақдаламызың сыйқы мынау. Басқасы аз болғандай енді мұнда қытайлар қаптай бастапты. Олардың жүрген жері ойран, оба. Қайтіп өсіп-өнеміз?

Тұрсынәлі күйініп, қызбаланып сөйлемеді. Жұдырығын түйіп алыпты. Рақым оны мұндай күйде алғаш рет көруі. «Момын жігіт пе десем, мұның да ішкі жанартауы атқылайын деп түр екен ғой» деп ойлады. Артынша «Ойлы жігіт екен ғой. Азамат екен ғой» деп сүйсінді. Тегі, адамдар серттескен серіктерінің, қол алысқан, жілік үстасқан жанындағы жолдастарының, тіпті қойындарындағы жұбайларының жан дүниесін жай күндері байқай берер ме? Адамдардың азаматтығы, пайым-парасаты осындай сәттерде жарқырап көрінеді. Қорқақтар мен жәдігөйлер, жағымпаздар ішкі сырларын алдырмаймыз деп қанша жерден тұлкібұлаңға салынғандарымен, қысылтаң кезеңде ішкі қоясын көрсетіп қояды. Дәл қазір Рақымға салса, Тұрсынәлі ел ертеңін ойлайтын арда азамат. «Осындай жігіттермен алысқа баруға болады» деп іштей ой қорытты Рақым.

- Есінде ме, осыдан он-он бес жыл бұрын мына Шу, Тасты ауылдарынан аңға шығып, жоғалып кеткен жігітті жаппай іздегеніміз?- деді Тұрсынәлі.

Оқиға былай болған еді. Мотоциклмен ақбекен қуып жүрген бір жігіт қалың сексеуілге соқтығысып, оңбай құлапты. Мотоциклі бір жаққа, өзі бір жаққа ұшады. Сірә, құлаған жері жайсыздау болған шығар, оң жамбасы опырылып сынса керек. Бір сәтте ғаріп болып сорлап қалған аңшы ми қайнайтын аптапта қозғала алмай ұзақ жатып қалған. Жоқ іздеушілер үш күннен соң ғана оны тауып алғанда денесі жидіп бұзыла бастаған екен. Бір тәуірі аңқустың көзіне түспепті. Өзегі талып келе жатқан жыртқыш жайрап жатқан адамды аясын ба?

- Е, мұндаі оқиғаның талайына күә болдық. Оңай олжа іздегендер қолдары барып даланың бота көздерін қалай атады екен? Тұсінбеймін. Мына сайын далаға сыймай жүрген жанары мұнды ақбекендерді құнды мүйізі үшін ғана қырып тастады. Сол мүйізді Қытай асырады. Олар ақбекен мүйізінен адам ағзасын қуаттандыратын дәрі жасайтын көрінеді. Қазақтардың ақымақ екенін білетін қытайлар «әкеle бер, әкеле бер» деп аран ауыздарын ашты да отырды. Мүйіз табамыз деп Бетпақдала, Арқаның ұшы-қыры жоқ жазығын әрі-бері кезгендердің талайы ажал құшты. Киік-киелі жануар. Сірә, солардың киесі жібермеген шығар,- деді манадан бері үнсіз отырған Тұрсынәлі басын шайқап.

- Бұ қытайың түйені түгімен, жылқыны жүтімен жұта беретін тойымсыз халық па дейім. Бетбақдалада отырған малшылардың түкке керек қылмай тастаған жидіп кеткен тері-терсегі, шуаштанып кеткен жұн-жүрқасына дейін сипырып-сыйырып жинап алып кетті. Ескі-құсқы қалдықтарды жинап, қаптап арғы бетке өткізуге көмектескен өзіміздің жігіттер,- деді Рақым шайын бір ұрттап қойып.

- Тоқырау жылдарында мына Шымкентте, Жаңатаста, Қаратауда, басқа да қалаларда зауыт, комбинаттар, фабрикалар қаңырап тұрып қалды ғой. Осы кәсіпорындардың темір-терсегін түгелдей Қытай жинап алды. Небір агрегаттар, аппараттар, моторлар, басқа да құрал-жабдықтар талқандалып, Қытайға жөнелтілді. Мениң екі-үш туысым осы талан-таражға тікелей қатысты. «Қойындар» деп айта алмадым. Қалай айтамын? Басқа күнкөріс көзі жоқ. Қазір кейкейде құлағым шалады, елімізде шикізат қоры түгесіліпті деп жатыр. Қалай ел боламыз осы? - деп Тұрсынәлі тағы да күрсінді.

Ұшқан құстың қанаты, жүгірген аңының түяғы талатын итарқасы қияндағы бір түкпірде отырып екі жүргізуши саясат ауылсының соқпақтарына ат басын қалай бүрғандарын ет қызыумен отырып өздері де аңғармай қалған. Адамдар арасында аран ашкөзділік, тоқмойын топастық, жалаңқия жәдігөйлік, жебір жемқорлық, қасқыр қаскөйлік, мұттақам

мақтаншақтық, парықсыз паракорлық жайлап бара жатқандарына күйінген екеу әлдекімдерді балағаттап та жіберді. Сонда да айыздары қанбай қалғандай.

- Бір балдызым университет бітіріп, қолына табақтай диплом алды. Құдауанда, мектепке мұғалімдік жұмысқа тұруы үшін осынша тосқауыл, бөгет барын білмеппін,- деді Рақым қабағы түйіліп.

- Менің бір қарындасым оқу бітіріп келіп, ауруханаға мейірбіке болып орналаса алмай жүр,- деді Тұрсынәлі маздал жанған отқа үстемелеп отын тастай отырып.

Күн екіншіге еңкейіп қалыпты. Айнала жым-жырт тыныштық. Әр-әр жерден інінен шыққан сарышұнақтар екіаяқтан қаздыып тұрып «мына адамдар әлі де кетпеген бе? Не керек өздеріне? Бүкіл даланы бүлдіріп, тонап бітіп еді, ендігі кезек бізге келіп, сорымыз қайнап қалмасын» дегендей жылт етіп жоқ болады. Әлдеқайдан батар күннің қызының қимай ма әлде көкейінде кептелген ашы запыран бар ма, кім білсін, дала бозторғайы безек қаға шырылдайды. Онсыз да көңіл аспаны бұлттанып, толқымалы екіүдай сезімнің жібек жібіне ілініп тұрган екі дос бір-біріне қарап құліп жіберді.

- Япырай, есіме бір әңгіме түсіп тұрганы,- деді Рақым дастарханды жинап жатып.

- «Айтылмаған сөз жетім» демеуші ме еді? Айтсаңшы.

- Бұл аңызды сен де білесің гой. Сонда да айтайын. Ескендердің Зұлқарнайының мүйізі бар екен. Сондықтан ол шашын алдырып болған соң шаштаразды өлтіріп тастайтын көрінеді. Күндердің күнінде бір шаштаразға рақымы түсіп, оған «ешкімге айтушы болма, тісінен шығарсан, сен де ажал құшасың» деп қатаң ескертіпті. Элгі шаштараз көрген-білгениң ешкімге айта алмай, әбден ішкүса болыпты. Күндердің күнінде айдалада келе жатса алдынан бір құдық кезігеді. Шаштараз сол құдықтың ауызынан тереңіне үңіліп «Ескендердің мүйізі бар» деп дауысы қарлықсанша айқайладап, шерін тарқатыпты. Бір күні Ескендердің дәл осы құдықтың қасынан өтіп бара жатады. Сөйтсе құдық ішінен «Ескендердің

мүйізі бар, Ескендірдің мүйізі бар» деген жаңғырық шығып тұр дейді. Осылай бұл құпия жалпақ жұртқа жария болып кетіпти. Біздің бүгінгіміз сол шерлі шаштараздың тірлігіндегі болды-ау, шамасы, - деп Рақым досына сынай қарады.

- Эй, Рақым-ай, таппайтының, айтпайтының жоқ Баяғыда өліп, сүйегіне қына бітіп кеткен Ескендір есіне қайдан тұсті? Менің естуімше, шаштараздың сөзі шөпке жазылып қалған деп келуші еді. Қалай десенде дс әңгіме желісі бір. Мына даланың шөбі қасиетті емес деп кім айтты саған? Түбінде біздің осы әңгімемізді болашаққа осы шөптер, ана жота, қыр, шағылдар, шырылдап жүрген бозторғайлар жеткізеді,- деді Тұрсынәлі толқып тұрып.

- Жақсы айттың,- деді Рақым дауысына діріл араластырып, - Қане, жүрелік. Жолаушының жолы жүрсе бітеді.

Ауыр жүк көлігі таңасырған тұлпардай орнынан жүлкіна қозғалып, бара-бара шабысын ұдетті. Енді ол осы шабыстан қашан иесі тізгін тартқанша танбайды. Негізінен дала жолы құмдауыт болғанымен, айнадай тегіс. Тек кейбір саздауыт жерлерде ауыр көліктің салмағымен ойылып, ойдым-ойдымы шыққан жол кездесіп қалғаны болмаса, басқа кедергі аз.

Машина шоқырақтап барып қайта түзелді. Мотор үні бірсарынды қүйге ауысты. Ұшы-қиры жоқ меңреу дала керіліп жатыр. Қаратұздан жоғары Қабақ аталатын жерден әрі кезінде телегей теңіз толқып жатқан екен. Қабақтың төбесінен қарасаңыз, бұған көзіңіз толық жетеді. Қаныш Сәтбаевтың еңбектерінде осы өңірде теңіз болғаны туралы дерек бар. «Хоба» жүк көлігі осы ойпаңға табан тірегенде Тұрсынәлі әйнектен әрі көз жіберіп отырып, әңгіме бастады.

- Япрай, кезінде Мөңке би қалай дөп басып айтқан десенші.

- Иә, дала данышпаны не деп еді?

Кер заман кезінде,

Көлдің суы бітіп табаны қалар,

Аттың жүйрігі кетіп, шабаны қалар,

*Жақсының атағы кетіп, азабы қалар,
Әулиенің әруағы кетіп, мазары қалар,
Адамның жақсысы кетіп, жаманы қалар,
Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар,
Сөйтіп, ақылы жоқ санамыздың заманы болар.
Кер заманның кезінде,
Құрамалы, қорғанды үйің болады,
Айнымалы, төкпелі биің болады,
Халықта бір тыын пайдасы жоқ
Ай сайын бас қосқан жиын болады.
Ішіне шынтақ айналмайтын,
Ежірей дейтін ұлың болады.
Ақыл айтсаң ауырып қалатын,
Бедірей деген қызың болады.
Алдыңнан кес-кестеп өтетін,
Кекірей деген келінің болады, - депті.*

-Неткен көрегендік десеңші. Осы Мөңке би бабамыз:

*Кер заманның кезінде су тартылар,
Тана менен торпақта жүк артылар,
Ар-ұяттың бәрінен жүрдай болып,
Қарап тұрган жігітке қыз артылар,-дей келіп:
Ертеңіне сенбейтін күнің болады,
Бетіңнен ала түсетін інің болады,
Алашұбар тілің болады,
Еркегің азаншы болады,
Әйелің базаршы болады, - дейтіні де бар емес пе?*

- Оу, мұны сен қайдан білесің? - деді Тұрсынәлі таңырап.

- Реке, өзіңізден басқаны дымбілмес, дүмбіlez санауды қашан қоясыз? Біздің де қараны әріп деп танитын шамамыз бар, - деп Тұрсынәлі қулана қарады.

Екеуі қосамжарлана күліп жіберді. Бұл күлкі ойларының бір жерден шыққандығынан да еді. Олар кер заманның қи-тұрқылары мен қалтарыстары, қиналғанда шапағаты жоқ

жақынның, ит пен мұсықтай ырылдаған еркек пен қатынның болатынын да еске алып өтті. Иә, өмір қайшылықтарға толы. Құрма ағашын жаратқан Құдай тікенді де жаратқан.

Тұрсынәлі темекі тұтатты.

- Терезені ашып қойсанышы,- деді Рақым.

- Тұншыққым келеді.

- Неге?

- Дүниені топаң су басып жатыр. Ел ішінде індеп бар. Жаңартаулар атқылап, жер қақ айырылып, адамдарды жұтып жатыр. Жер астындағы жалмауыздардың барлығы жер бетіне шықты. Небір адам айтса сенгісіз сүмдықтарды есітіп жатырмыз. Осының барлығын ойлағанда...

- Иә, менің де денем тұршігеді. Бірақ, амал бар ма?

- Бізді құртатын осы немқұрайылық пен шарасыздық қой.

- Шарасыздық-сорлылық.

- Дұрыс айттың. Бізді құртып тынатын осы.

- Құн сайын естіп, көріп жүрген сорақылықтарды ойлағанда жүрегіме тікен қадалады.

- Менің де жүрегім сау емес. Тілім-тілім.

- Негізі біз дімкәс адамдармыз.

- Сырт көзге сағанағы сарқ, қағанағы қарқ адам болып көрінеміз тағы.

Ауыр жүк көлігі екпінінен жаңылысар емес. Сан сүмдықты көрген сары дала дөңгеленіп қалып барады. Кабинадағы екеу өткен-кеткеннің жықпыл-жыраларын ойлады, жеке-жеке ой сорабына батып келеді. Көкжиеңкөңнің ойынан соңғы сәулесімен көмкеріп, алабұртып тұрды.

- Құдауанда, ойыма қай-қайдағы түсіп отырғаны несі? Бұл бір көңілге сайтан ұялатқан кеш болды-ау, - деп Рақым сөнген шоқты қайта үрледі.

- Сайтан демекші, әнеуқуні Жұмаштың айтып жүрген бір әңгімесі есіме түсіп келеді. Сайын сахарада жолдассыз жортатын сол Жұмаш бірде Бетпақдаламен келе жатады. Бір жерлерге келгенде жол бойында жайылып жүрген екі

қозыны көреді. «Енелерінен ажырап қалған ғой. Маңайда малшы ауылы көрінбейді. Шөлдеп өлер. Айдалада қалдырғанша, үйге ала кетейін. Күзге дейін марқа қозы болады. Оған дейін балаларым ойнап жүреді» деп ойлаған Жұмаш «КамАЗ»-ын тоқтатып, кабинаға бір қозыны салып, екіншісін ұстапты. Кабинаға мінсе, әлгінде ғана осында тұрған қозы жерде маңырап тұр дейді. Содан кабина есігін тарс жауып, жердегі қозыны көтеріп ішке енсе, екіншісі жерде маңырап тұр. Осы оқиға бірнеше рет қайталанғанда Жұмашқа ес кіреді. «Әй, мына екі қозы шайтан болмасың» деген ой келгенде бүкіл денесі түршігіп сала береді. Содан кабина есіктерін тас жауып, қаша жөнеледі. Қөп жүрді ме, аз жүрді ме, кім білсін, есі кірелі-шығасылы ғой, бір жерге келгенде жол бойына қараса бағана тастап кеткен екі қозы тағы алдынан шығып тұр. Жұмаш машина жүрісін ұдетіп екі қозыны таптап өте шықпақ болады. Қайдан, бір қараса, екі қозы капоттың ұстінде тұр еken. Содан Жұмаш бір малшының үйінің маңында есінен танып құлаған ғой. Бір жағы қисайып, бір көзі қитарланып қалды. Қаралмаған тәуібі, емделмеген емшісі жоқ. Ауруханаға да жатып шықты. Қазір тәуір деседі. Дегенмен, бір жағы әлі де қисайыңқырап тұрады еken.

- Өн бойым түгел шымырлап кетті ғой. Әр қарайған әзірейілдей көріне бастады, - деп Рақым әйнектен жан-жағына біреу тап берердей үрейлене қарады.

- Қайдағыны көкімеші.

- Сен ғой, қай-қайдағыны айтып...

Ұры көңілдерге үрей үйіріле бастады. Тезірек бір ауылға жетіп алмай болмас. Қара-құрасы селдіреп қалған құладүзде қарайғанның бәрі қас. Әншейінде шаршаған жерлерінде ат шалдыра беретін бұлар ауыл қарасы көрінбей тізгін тартпауға бекінді.

Көктемнің таңы толықсып атты. Құннің алғашқы шапағымен бірге көңілдерге шуақ шашылды. Енді сондай-лық аптықпаса да болады. Өйткені, күн нұры түнімен тітіркендірген үрей тоңып үрлеп жібітті. Әлден соң екеуі

таңғы астарын асықпай ішіп отырды. Іштеріне ел қонған соң ба, екеуі де жырғап қалды.

Ұлы сәскеде олар жүргізушілер Қосқыршын аталаپ кеткен жерден өтіп бара жатты.

- Алла-ай! Тұніміз қосүрейлі өтіп еді. Сірә, қырсық қырық ағайынды демекші, қорқыныш та қат-қабат жүреді екен-ау, - деп қалды Рақым.

Екеуінің де есіне Қосқыршын оқиғасы оралып еді.

...Бетпақдаланың айдау жолымен «Хоба» жүк көлігі соңына будақ-будақ шаң тастап жүйткіп келе жатты. Кабинада екеу еді. Неше түрлі шәркез қиял кезген жүргізушілер құдігі де қалың. Қаңырап жатқан құ медиен даладан көрген құқайлары аз емес. Ана бір жолы машиналары бұзылып, айдалада аңырап қалды. Тұн тұнеріп тұрды. Екеуден екеу отырған олар жақын маңнан жылтылдаған от көрді. Әлгі от біресе жақында, біресе алыстап кетіп, онсыз да үрей құшағында отырған бұларды қорқыныш қамалына қамаған.

...Сол тұні Тоқтар бір жүргізушінің көлігіне жол-жөнекей мінген сұлу қыздардың аяқтарының орнына түяқтары көрініп тұрғанын айтып, серігі Мақсатты қатты шошындырығын. Бұл тұні екеуі кірпіктегіне таяқ қойып, бозала таңды үйқысыз қарсы алды. Былайғыда батырсынған екеудің бетінде қан-сөл жоқ. Бәденді көрінетін Тоқтар байыздай алмай айналасына алақ-жұлақ қарайды. Шешектен жаңа тұрғандай боп-боз болып оянған Мақсаттың да жіпсік көзі жыптылық атады.

Көліктерінің соңына ілескен қою шаң сияқты көңілдеріндегі күбірткі құдіктен арылмай-ақ қойды. Осылай дүдемалы күйде келе жатқанда өздеріне қарай құлдырандал жүгірген екі баланы көрді. Екеуі де сүрініп-қабынып, бір құлап, бір тұрып жанын сала жүгіреді. «Тоқта!» дегендей қолдарын бұлғайды.

- Тоқта! Ала кетейік!- деді Мақсат.

Онсыз да тұнерулі Тоқтар түйіліп қалды.

- Құрысын! Айдалада жүрген не қылған бала? Бала бейнесіндегі шайтандар ғой мынау, - деп шошына айқайлады.

Жол жиегіне жақындаپ қалған қос жеткіншек шаң қауып қала берді. Ауыр жүк көлігі зырылдаپ өте шықты.

- Уф! Құтылдық-ау!

- Өткенде шоқ болып көрініп еді. Бүгін бала бейнесінде жақындасты. Не ойлағаның бар, Тоқтар?

- Сірә, шайтандар бізді иектей бастады-ау.

- Болса болар.

- Бұдан былайғы сапарларға сақадай сайланып шығу керек. Жолда қалсақ, біттік дей бер.

- Енді жолға жалғыз-жарым шығуды доғарайық.

- Бұрынғыдай төрт-бес машина болып жүрген жөн.

- Соның реті келіп түр ма? Кейде бағытымыз түйіспейді. Кейде жүк дайын болмай шығады. Қорқау қасқырдай жалғыз жортатын күйге тап болдық.

- Жаманшылық шақырып қайтесің?

- Мен бе екем, шақырып отырған. Көріп жүрсің ғой, аяғымызды қия бастырмай қойды.

- «Көп жортқан тұлкі терісін алдырады» деуші еді. Өзімізден де бар ғой, - деп Мақсат сөз соңын әзілге жықпақ болды.

Өмір көп ретте күтпеген кереғарлықтарға толы. Бүгінгі жасаған ерлігін ертең ұсақ-түйек іске алғысыз тірлік болып қалуы бек мүмкін. «Шайтанды өз көздерімен көріп, оларды ауыздарын аңқитып орта жолда қалдырып кеткен ерліктері алдарынан қасірет, кешірілмес күнә болып шығатынын кім білген?! Қасірет болғанда да орны толmas ауыр қылмыс еді. Бұл кінәні қандай жолмен де жуып-шаю мүмкін емес-ті.

...Жезқазған, Қарағанды, Ақмола қалаларына көкөніс апарып, қайтып келе жатқан олар шегенді құдық жанына қоныстанған малшының үйіне кездейсоқ тап болды. «Жүрек жалғап, аздал мызығып алып аттанайықты» ойлаған олар шөл даладан аbatbaқ кездесе кеткендей көліктерінен аударылып түсе-түсе қалысты.

Жапандағы жалғыз үй иелері қалбалақтап қарсы ала қоймады. Шаңырақта иық жаншиштын әлдебір ауыр мұңқайғы бар еді. Үйге арсаландаپ кіріп келген екеуге тілінің

ұшымен ғана амандасқанның ырымын жасап, жанарын ала қашқан әйелдің мына қылышы қонақтарды қайран қалдырған. Қонаққа, хабарға сусап отырған түз адамдары алыстан қарайған көрінсе-ақ болды, қазанын көтере бермеуші ме еді? Алдынан шығып, атын байлап, шабалана үріп шыққан итті аулаққа қуып тастап, мейманды төрге оздырып, құдасы келгендей бәйек болып күтпеуші ме еді? Ал, мына жабырқаулы үйдің жандары ауыр күрсінеді.

Мақсат пен Тоқтар көкіректерінен әлдекім итергендей тосылып қалды. Тақыр жерде отырған пақырларда қандай күй болсын! Әлде ерлі-зайыптылардың күнделікті жүз шайысқандары үстінен түсіп қалды ма? Қанша жерден керілдескендерімен, үй иелері сырткөзге сыр алдырма-са керек-ті. Демек, бұл шаңырақта айықпас аза, жазылmas жара бар!

- Айып етпеніздер!- деді әйел өксігіне тұншығып отырып,- жақында екі бірдей балапанымыздан қапыда көз жазып қалдық. Соның күйік-шерінен арыла алмай отыр едік...

- Балапандарым ойнап жүріп үйден үзап кетіпті. Адасып кетті ме еken айналайындарым. Күре жолдың бойынан тауып алдық. Аптапта шөлге шыдай алмапты. Анасы байғұс жер бауырлап жатып қалды. Менің де құр сұлдерім жүр. Жан шықпаған соң осы да, қарайып отырысымыз мынау... - деп отағасы ауыр күрсінді.

Қонақтардың тамақтарына тас тығылып қалғандай, ауа жетпей алқынды. Бүрк етіп шыққан ащы тер маңдайдан бастау алышп, жон арқаға сырғыды. Тәменшіктең қалған қонақтарды қайғыға ортақтасқандық деп ойлаған отағасы:

- Жоғары шығындар! Алыс жолдан шаршап келесіздер ғой. Шай ішіп болғанша ет те дайын болады, - деп қонақ жайлышық танытты.

Ауыр аза үстінде отырып та қонақжайлышынан арылмаған кеңпейіл, дархан қазағым-ай!

Тоқтардың тамағынан бір жұтым су өтсеші. Мақсат та мәз болып отырған жоқ. Қос бірдей балапанды жолға тастап, ажал құштырған бұлар бұл үйден қалай дәм татпақ?

Қос қыршынның наласы екі «батырды» жазасыз жіберер дейсіз бе? Қорқақ қашан да сатқын. Екеуі осы үйге аса ауыр сатқындық жасағанын, соңын салдарынан ерлі-зайыптылар орны толмас қайғыға батқанын ойлап қамықты. Бірақ сатқындық кешіріле ме? Ендеше, не отырыс? Беймезгіл қонақтар қаралы үйден сыр алдырмай түрғанда сыйылып шығып кету үшін жанталасты. Қара терге малшынған қонақтарға үй иелері секемдене қарады. «Бұлар мал үрлап келе жатқан үрылар ма? Әлде кісі тонаған қарақшылар ма? Қайсысы болса да жақсы емес. Ұрлық қылған адамдай неге қуыстانا береді? Қалқайып қара басымыз қалған бізге зияны тиіп кетіп жүрмесін» деген зілді ой жандарын жегідей жеді.

Суыт аттанған жолаушылардың соңынан ерлі-зайыптылар күмән-күдікпен ұзақ қарап түрдү. Қойындарына жылан кіріп кеткендей тұла бойлары түршіккен олар үйлерін үрейлене кірді. Бойларындағы әлдебір тылсым түйсік «үйлерінді тонап кетті» деп сыйырлап түрғандай еді. Ерлі-зайыптылардың танаулары делдиіп, он сегіз мың ғаламның ең сүмпайысы үйге түнеп кеткендей шошынып түрдү. Өкпек жолаушыларға неге өкпелі? Неге кектенеді? Мұны тап басып таба алмады.

Сол түні олар түстерінде қыршынына қыылған екі бебегін көріп шықты. Тірі кездеріндей «көке, апа, ана екеуін үйге неге кіргіздіңіздер? Олар жаман адамдар» дейді бүртиып.

- Қандай аянышты тағдыр! - деп Тұрсынәлі түнжырап отырып қалды.

- Япыр-ау, сәл ғана кідіріп, кіп-кішкентай балаларды ала кеткендерінде мұндай қайғылы жағдай орын алар ма еді? - деп Рақым басын сығымдап үрғылай бастады.

Қаны басына шапқан Тұрсынәлі:

- Жүрексіздер ғой. Жүрексіз жандарда жігер болмайды. Жігерсіздер жәдігөйлердің жақыны. Жәдігөйлер, қорқақтар жүрген жерде жуа өспейді. Адалдық, әділдік, имандылық, адамгершілік әдіре қалады, бауырым! - деп қызына, кіжіне сойлсді.

- Алла-ай десенші! Қаншама сапарға шығып жүрсем де дәл мынадай ауыр да азаптысын бастан өткермеппін,- деді Рақым.

- Лә-лә-ләйлап әрі-бері шапқылап жүре бергенбіз ғой. Өмір сапарының сабақтары мен сынақтары көп, бауырым.

- Бүгін езі философ болып кеттің ғой.

- Өмір - философия!

«Рақым дұрыс айтады. Өмір - сабақ. Өмір - философия! Өмір - жұмбақ. Сол жұмбақты шеше алғанда ғана өмір сапары сәтті сабақталмақ. Ал, сүріндің екен, өмір әкең емес, аямайды» деп ойлап келе жатты Тұрсынәлі.

Тұкір сәүле қою қараңғылықты қақ жарып, ауыр жүк автомашинасына жол ашып келеді. Әрбір қылт еткен қарайғанға жіті назар аударып отырған екеу басқа бір әлемге еніп кеткендей күйде еді. Мотордың бірқалыпты үнінен ғана жұбаныш тапқан олар жұмбақ әлемнен тезірек құтылғысы келді.

Бетпақдаланың тылсым тұні ерегіскендей тыпты етпей жатып алды. Өз патшалығынан айырылғысы келмеген тұнжыр тұн тұңғиық тереңіне тарта түсетіндей. Қараңғылықтың құшағы - сұық, демі - ұскірік, сыйы - қаза екен ғой.

Қараңғылықпен бірге келіп бойларын құрсаулаған қорқыныш аңызы тырнағын бүйірге сұға тұсті. Аланжарлы көніл алаңдаулы еді.


Күн құланиектенгенде олар жентек-жентек күрең құм, сортан топырақты даладан сұтылып шығып келе жатқандарын андады. Көп кешікпей өндірісті қаланың қарасы қарауытып көріне бастады. Тұрсынәлі мен Рақымның Құс Жолы галактикасындағы қара құрдымнан құтылғандай бойлары жеңілдеп сала берді.

Алда үміт шамы жарқырап, өзіне шақырып түрдь...



Ешқаңда бастамайтын сұғлеу

Әңгімелер



ЕШҚАЙДА БАСТАМАЙТЫН СУРЛЕУ

(Әңгіме)

Қылтың-сылтың көп, құлпырғаны мен құтырыңғаны жарасып тұратын қыздай құбылмалы көктем де есік қақты. Ағаштар бүршік жарып, қыр-қыраттар, бел-белестер, жайдак жоталар кек көрпесін жамыла бастады. Ерке әрі шолжаң бір қыздар болады ғой, қит етсе өкпелей салады, сәл нәрсеге көз жасын көлдей етеді: көктем соның көшірмесі ме дерсіз. Әпсөтте көк жүзін бұлт торлап, нөсерін төгіп-төгіп өте шығады. Артынша аспан шайдай ашылып, төрткүл дүние жаңа түскен келіндей құлпырады.

Нақ осындай қосамжарлы шақта аула ішіндегі ағаш орындықта қаусаған кәрі сүйегін күнге қыздырып бір шал отырды.

Көкке өрлей көтерілген Күн көзін толық ашып алғанымен, қызуы мардымсыз. Қыстың тоңы әлі де жібіп ұлгермендердікten, ауада дымқыл сыз бар. «Қап, шапанымды жамыла шықпаған екенмін» деп ойлап қойды шал. Бірақ, орнынан қозғалған жоқ. Тарамыс, тамырлары одырайып-одырайып көрініп тұрған қолын тізесіне қойып, ұзақ-сонар терең ойға шомған. Әжімді жүзінен қажығандық байқалады. Тұнжырап тұрған көзі жылт-жылт етеді. Шидей мойынын жаға ішіне тыққысы келгендей жиырып алыпты. Аппақ қудай шашы мыж-мыж бастың талай сойқанды өткергенін аңғартады. Шодырайып тұрған шынтағы сидиған сүйекте қырым ет жоғын айтқызбай айғақтайды.

Шал кезінде арша еті арша, борша еті борша болып, маңдай терін сыптырып жүріп салған үйіне жиі-жиі қарағыштайды. Осы ауылдағы ең бір еңселі үй еді, бүгінде аласарып қалғандай. Бірі кем дүние-ай десеңші, аласарған тек үйі ғана емес. Қазір орталанып, түбі көрінуге тақау дүниесін санап отырса таусылмайды.

Е, нелер дәурен өтпеді десеңізші басынан. Бәрі де осы өзі іргетасын құйып, қабырғасын қалаған, түнікесін жапқан кең сарайдай боз үйінде өтпеді ме?

Мына атшаптырым аймақтағы жайқалған бау, сан алуан сарайлар, монша, бастырмалар кім үшін салынды? Бәрі де балалары, отбасы игілігі үшін емес пе еді?

Шал өмір ырқына сабырлы ақылмен амалсыз көндік-кендік сыңай танытқанымс, тағдырдың тасыр ноқтасынан басын қалай шығарарын білмей аласұрып жүргенін былайғы жұрт қайдан білсін?! Оның қандай қыындыққа да ірге бермеймін деп жанталасып келе жатқанына да көп жыл өтті. Қаншама дауыл, борандарда илікпеген кәрі емендей әлі де еңсесі тік. Нешеме сын-сынақтарда еңкеймеген шалдың сүйегі сірі ме дерсіз.

Қарт қарманумен, қырбайласумен, талас-тартыспен, аңдысумен, арпалыспен өткен күндерін ойлап, тұңжырайды. Осы кезде үйден он үш-он төрт жасар бала шығып, қартқа қарай жүрді.

- Әке! Салқындал қаласың ғой, үйге кірмейсің бе?-деді қартқа көзінің қыығымен қарап.

- Көктемнің иісін сездің бе? Қандай керемет! Әлі де отыра тұрсаң ба деймін, - деді шал.

Бала «көктемнің иісі» дегенді түсіне қойған жоқ «Көктемде де иіс бола ма? Иіс деген гүлде болмаса әтірде болмаушы ма еді?» - деп ойлады.

- Онда купайкеңді немесе курткаңды алып шығып берейін.

Қарт макұлдағандай басын изеді.

Бала үйге кіріп кетіп, көп кешікпей жылы киім алып шықты. Оны әкесінің иығына жауып жатып:

- Бәрібір далада көп отырма. Суықтап қаласың, - деп ес-кертті.

Шал үн қатқан жоқ. Көзін сығарайтып күнге қарады. Бала әкесінің жанында айналышықтап біраз жүрді де көшеге шықты.

- Ұзап кетпе,-деп дауыстады оның соңынан шал.

- Ұзамаймын.

«Бұл енді ойынның соңына бір түссе, ымыртта бір-ақ келеді. Қарыны ашады ғой, не тамақ жасап қойсам екен?» деп ойлады шал.

Бала үйден үзай бергенде ол орнынан тұрып, үйге кірді. Қүйбендең әрі-бері жүріп алды. Не істегелі жүргенін өзі де білмейді. Ойы тұманданып, көзі қарауытып, өн бойынан әлдәрмен кетіп болбырады да қалды. Осындай әлсіз кездерінде ол көбіне ажал-айдаһармен бетпе-бет келіп, соңғы күші қалғанша арпалысар еді. Бұл жолы да қай тесіктен еніп кеткені белгісіз алдында Жаналғыштың өзі тұрғандай өне бойы түршікті.

Қамау ойдан құтылғысы келіп теледидарды қосып еді, ол құрғыры қияндағы бір елдегі қан-қасап қырғынды айтып, қара аспанды суға алдырып жатыр екен. Онсыз да түршігулі денесі құрыстанып, беймаза күйге түскен ол жылы төсегінен таяныш іздеп еді, одан да дауа таппады. Содан кейін орнынан тұрып жылы киініп, сыртқа шықты. Шалдың ендігі ойы көршісі Дүйсенәлімен әжік-күжік әңгіме шерту еді. Бәлкім басындағы қай-қайдар ойлар осыдан соң тарқар.

- Өңіңіз құп-ку ғой. Сырқаттанып қалғанбысыз? - деп Дүйсенәлі үрейлене қарсы алды.

- Денем түршігіп, біртүрлі мазам болмай тұрғаны,-деді шал.

- Көке! Жылы оранып жатпадыңыз ба? - деді Дүйсенәлі жана шырлық танытып.

- Жападан жалғыз жата да алмайды екенсін. Қай-қайдар ғылар есіме түсіп, елегзи берегенім.

- Балаңыз қайда?

- Е, бүгінгі бала үйде байланып отыра ма? «Ойнап келемін» деп кетіп еді.

- Ойын баласы ғой. Бір уақ ойнап келгені де дұрыс шығар, - деді Дүйсенәлі көршісінің баласын ақтап алғысы келгендей.

Шал ауладағы орындыққа отырды.

- Көке! Үйге кірейік. Келініңізге шай қой дейін.
- Шайды жаңа ғана ішіп шықтым ғой.
- Сонда да үйде отырайық. Қектемнің күні күлімдеп тұрғанымен, сызы жаман, шашшудай қадалып, жықпай тынбайды,-деп Дүйсенәлі үйіне бастады.

Түкпірдегі бөлмеден отағасының екі-үш немересі жылт етіп көрінді де артынша айқайы естілді.

- И-и, бұлар енді осы. Болмайтынға таласады да жатады,-деп Дүйсенәлі немерелерін зілсіз жекіді.

Мейрамқұл дастархан жайды. Үшеуlep отырып сары са маурын шайын сарқа ішті. Әңгіменің түймелері ағытылды.

- Қой, мен үйге қайтайын. Ана баланың тамағын жасап қоюым керек, - деп шал орныннан көтерілді.

- Қайнаға, әуре боласыз да жатасыз. Бізге айтсаңыз, ана екі қызды жіберіп, тамағынызды дайындастып берер едік қой, - деді Мейрамқұл ақталғандай болып.

- Өз шаруаларың да жетіп жатыр. Біз екеуімізге не тамақ керек? Бір тостақ көжені өзім-ақ пісіре саламын. Үйреншікті нәрсе ғой, - деді шал галошын киіп жатып.

- Осы көкем де қызық. Үйіне адам жолатқысы келмейді. Әлде жалғыз жүре келе кісікік болып кеткен шығар, - деді Дүйсенәлі қонағы үйден ұзап кеткен соң.

- Сен де қайдағыны айтасың. Бұл кісі зейнеткерлікке дейін басшылық қызметтерде жұмыс істеді. Өскен ортасы, көрген тәрбиесі бөлек. Сенімен мен сияқты кім көрінгенге ашыла бермейді.. Бәлкім, үйіндегі кемшін түсіп жатқан тұстарды сырт көзге көрсеткісі келмейтін шығар. Оның үстіне мұндай кісілер әлсіз болып көрінгенді ұнатпайды ғой, - деп Мейрамқұл күйеуінің болжамына қарсы дау айтты.

Дүйсенәлі көшелі кісілерді қадыр тұтатын, зиялы қауым өкілдерін басқа әлемнің адамдарындағы көретіндердің қатарынан еді. Сондықтан әйелінің уәжіне қарсы дау айтпады.

Шал қақпасына тіреп кеткен тасты көріп, ұлының әлі орала қоймағанын білді. «Осы уақытқа дейін қайда жүр екен?». Тыста желкем жел бар еді. Оған үй іші кірсең шыққысыз жылы көрінгенімен, көңілі байыз тауып отыра ал-

мады. Біресе теледидар қосты, біресе кітап, газет-журнал қарады. Ақыры шыдай алмай асханаға өтті. Ұлы құймақты жақсы көруші еді. Тоңазытқыштан жұмыртқа, май, ет шығарып, кешкі тамақ қамына кірісті.

Сыртқы есік сықыр еткендей болды. Бұл - Нұртілеу еді.

- Келдің бе, ұлым?

- Иә, әке!

- Көп кідірдің ғой. Қайда болдың? Жаңа достар таптың ба?

- Өзеннің арғы бетіндегі ауылдың балалары келді. Өзеннің арғы беті, бергі беті болып бөлініп, футбол ойнадық.

- Қай команда женді?

- Эрине, біз!

Нұртілеу әкесіне масаттана қарады. «Мен мүше болған команда қашан да жеңіске жетеді. Сон да білмейсің бе?» деген мақтаныш сезімі оның жүзінде алаулап тұр еді.

- Жарайды. Жуын! Тамақ ішеміз,-деді шал.

Шал ұлына сутке нан турал берді. Нұртілеу құймақты да сүйсіне жеп алды.

- Эке! Мамам саған телефон соқпады ма?

- Жоқ. Не демекші еді?

- Маған «ертең қайт» деді.

Нұртілеу өзің кінәлі сезініп, қысылғандай. Шайын төмен қарап ішіп отыр.

- Иә, мамаң «қайт» десе, қайтеміз, қайтасың да.

Шал тұнімен дөңбекшіп, ұйықтай алмай шықты.

...Тау қойнауындағы ауылдың атқа мінерлерінің бірі Тасқынбай еді. Жоғары оқу орынын бітіріп келе салысымен тәп-тәуір қызметтің жалынан ұстады. Тұрмыста таршылық көрген жоқ. Ел-жүртқа қызметімен де, ізетімен де жақты. Қашан да ақ сөйлеп, адал құліп, тұра жүргендіктен үлкен-кіші жолына жығылатын. Құдай қосқан келіншегі де көргенді елдің қызы еді. «Екі жақсы қосылса, Ай туады Күнменен» дәурен сырғып өте шығар деп ойладап па?

Шүкір, ұл-қыздарын түгел оқытты. Диплом алар кезінде үл келді «үйленем» деп, қыз келді «біреуді сүйген ем» деп.

Қолдарынан қақпады. Шама-шарқынша жолын жасап, ұлдарын-ұяға, қыздарын-қияға қондырыды. «Шықсан қыз шиден тысқары». Басқа босағаның түтінін түтеткен оларға не өкпе айтарсың, көргенде қорлықты шаңыраққа ие болып қалатын ұлдарынан көрді. Бастапқыда «қызмет бабымен жүр ғой» деп өзін-өзі алдарқатушы еді, сөйтсе үясынан бір үшқан балапан қайтып оралмайды екен ғой. Сыңарының септігі тиеді ме әлде қызметі тұсаулап, қолбайлау болып мұрша бермейді ме, оңаша отау болған ұлдары келуді си-рексітті. Оқта-текте зәуімнен соға қалғанның өзінде кері қайтқылары келіп елеңдеп отырады. Әке-шеше көңіліне қарайлайын-ау деген ой біреуінің басына келсеші.

Содан былай сынаптай сырғып жатқан өңеді өмір раяын да, шырайын да бермей-ақ қойды. Қырық жыл отасқан жұбайы Дариғасы «отағасы, мазамның болмай тұрғаны» деп әдеттегі сыпайылығынан жазбай сызылып отырып-ақ мұрттай үшты. Толған үршықтай тоқ денесі бірте-бірте қушиып бара жатқан соң қаладағы қыз үкідей үшып жеткен. Ол шешесін көріп шошынды.

- Мама, не болған сізге? Мына түріңіз не? Пап, мамамның сырқат екенін неге жасарып келгенсіз?

Зәуре әкесіне шаншыла қарады. Барлық кінәні әкесінен іздел тұрғаны жыбыр-жыбыр еткен қабағынан аңғарылады.

- Шешең ғой, «балаларға айтпа, оларды босқа шошытпа» деген.

- Шошытатын күйге жеткізіпсіз. Бұл болмайды. Мамамды қалаға алып кетемін. Өзім қаратамын.

Зәуре бәрін өзі кесіп-пішіп, әңгіменің соңғы нүктесін қойды. Әкесіне сөз қалдырыған жоқ.

Зәуре шешесінің жаңа киімдерін кигізді де сүйемелдеп сыртқа шығарды. Аулада күйеу баласының көлігі тұрғанды. Соған қарай ілби басып кетіп барады.

Дариға кілт тоқтап, күйеуіне қолын созды. Бұл «өзің демесеңші» дегендегісі еді. Дариғаның күйеуінің кеудесіне сүйеген басы шоқтай екен. Тасқынбайдың жүрегі оқыс бұл-

қынды. Дариға шайқатылып, құлап бара жатқандай болған соң оны қолтығынан тас қылып ұстап алды. Қырық жыл түтінін түтеткен қара шаңырағы қалып барады. Дариғаның жүргегіне шашудай қадалғаны осы еді. Енді қайтып үйіне орала ма, жоқ па, мұны бір Алла ғана біледі. Ой толқынындағы Дариғаның жүзіне қарау мүмкін емес еді.

- Жарайды, мамасы... Бара ғой! Күн сайын хабарласып тұрамын ғой. Мені уайымдама. Далада емес, ел-жүрттың ортасында қалып барамын, сен алаңдайтын ештеңе жоқ,-деді Тасқынбай.

- Сәл тәуір болсам, жатып алмаспын. Қайтамын ғой, - деді Дариға.

Тілі күрмеліп, әзер сөйледі.

- Иә, қайтасың. Ошағыңа ораласың. Тек алаңдамай, асықпай жақсылап емдел. Маған алаң болма. Өзінді күт! Мені ел ішінде жау алар деймісің?

Тасқынбай да толқып түр еді.

Зәуреге осы қоштасудың өзі жылдай көрінді.

Есік тарс жабылды. Күйеу бала: «Ата, сау болып тұрыңыз!» дегенді мұрынының астымен айтты да көлігіне от берді.

Содан бері даңғарадай үйде соқа басы сопиып жалғыз тұрып келеді. Оның кісікиктік өмірі тап осы қүннен басталды. Әншейінде ашылып көп сөйлей бермейтін Тасқынбай тым бүйіғыланып бара жатты. Дариғаны қалаға дәрігерге қаратқалы әкеткен алғашқы қундері көрші-қоландары мен ет жақын туыстары бір мезгіл тамаққа шақырып тұруши еді, уақыт өте келе ол да тылды.

Тасқынбай жолға жиналды. Бақшасынан қызанақ, қияр, құлпынай теріп алды. Немерелері алдынан жүгіріп шығады ғой. Бұл кезде Дариға қалалық ауруханада он қундей ем алып, қызының үйінде жатыр еді.

Күн Алатаудың шоқтығынан арай шаша бастағанда Тасқынбай аялдамада көлік күтіп тұрды.

Таңғы саф ауда Алатау қол созым жердегідей айқын көрінеді. Балдыберек өзенінің тастан тасқа секіріп, көбік

шаша сырғыған сүйнің сүңғыры қыз күлкісіндей сиқырлы. Таудан енді ғана киятия бастаған көктем шуағы жер бүйірін әлі қыздыра қойған жоқ. Жолаушы осындай оңтайлы сәтте діттеген жеріне жетіп алмақ.

Белестен белес асып, ауылдан ұзаған сайын жолаушының көңілі астан-кестеңі шығып бұзыла берді. Кемпіріне, жалғыздықтың қыын екенін айтып шағымданғысы келді ме әлде қызының зәрлі көзінен шошынды ма, екіудай сезімнен айырыла алмай-ақ қойғаны.

Алғашқы екі-үш күн қызықты өткенімен, жалпылдақ отын сияқты қызуы тез басылды. Дариға оңашада шалына: «Ауылға қайт. Онсыз да мына тар бөлмелерде қысылып-қымтырылып жатырмыз. Тәуір болсам, өзім де мұнда бір күн қалғым жоқ» деген. Осы сез қамшы болып, ауылнина қайтқан. Иесіз қалған қара шаңырағын жетімсіреткісі келмеген.

Әйел баласының соншалықты сезімтал болатыны жаратылысынан да шығар-ау. Тасқынбай қалаға әр келген сайын кемпірінің өзін қайрап, жігерлендіріп жіберетінінің мәнісін енді-енді түсіне бастады. Кеш аңғарды ғой, кемпірі өзінің айықпас дертке шалдыққанын сездірмеуге тырысып бағыпты.

Тасқынбай тәлейіне бұйырған тұманды күндеріне де бой ұсына бастады. Ол енді осы тұңғиықтан ешқашан шыға алмайтын шығармын деп те ойлаған.

Сейтіл жүргенде...

Иә, сейтіл жүргенде қою да қап-қара бұлттың арасынан жарқ етіп көрінген күндей ол кездесіп қалды.

Содан кейін алпысты алқымдаған Тасқынбайдың өміріне нұрлы сәуле құйыла бастады.

Өткенде қаладағы қызының үйіне барғанда Дариға оңашада мұның қолын қыса отырып: «Отағасы, менің сиқымды көріп отырсың ғой. Егер олай-бұлай болып кетсем, жәутендең жалғыз қаласың-ау. Ер-азаматсың ғой, мойыма. Өзіңе тең біреуді тапсаң, қой демедім. Көрер жарығың әлі де алда. Мына өмір адамға бір-ақ рет беріледі. Соның соңғы

күндерін жалғыздықпен өткізбе. Өле кетсең де басынды сүйейтін біреу керек. Көйлек-дамбалынды жуып, тамағынды жасап беретін де бір шүйкебас қажет. Эйелсіз үйдің сәні кірмейді. Мен өзіңмен өткізген күндеріме, саған жолықтырған тағдырыма ризамын. Бердім рұқсатымды» деген. Тасқынбай сонда тұңғыш рет әйелінің көзіне тіктеп қарай алмады. Оның көйлегінің астынан көрініп тұрган сидиған сүйектеріне қарап отырып жылағысы келді. Дап-дардай адамның жылағаны ерсі. Осыны ойлап ол іштей тас-түйін бекінді.

Ол қаладан бір байламға тоқтап оралды. Күні кешеге дейін үрлік қылған баладай әлденеге секемдене беруші еді. Тасқынбай иығынан ауыр жүк түскендей жеңілдеп қалды. Қайран Дариға! Сезімталсың-ау сен. Балаларыңың жатбауыр болып бара жатқанын, туған әке-шешесіне, ұшқан ұяларына келіп-кетіп жүруді мүлдем ұмытқандарын ойлап, Құдай қосқан қосағының бақсының моласындай жалғыз қалатынан шошыңдың ба еken? Қадіріңе жете алдым ба? Қарызыңнан қалай құтыламын? Қияметтік серігін орта жолда тастап кеткендей екіудай сезім жетегінде жүрген ол кемпірінің сөзінен соң жарым көңілі жақсылықты аңсай бастады. Оның санасында «жалғыз жатқанда жүріп кетsem, арам қатпаймын ба?» деген бір қарауыл тұратын. Қияметтік серігі сол қарауылды сырыйп тастапты ғой.

Тасқынбай алпысты алқымдаса да қылшылдағын қырық жастағы қырмасақалдылардай жас көрінетін. Қимыл-қозғалысы ширак, ұзын бойлы, еңсесі тік, айтары айшиқты Тасқынбайды бұл кездे қарттықтың ауылына қия алмайсыз.

Жамал ауылдағы әпкесінің үйінде тұратын. Мектепте мұғалім. Сырт құлақтан естуінше, қүйеуі қайтыс болған әлде ажырасқан. Отыздардағы келіншектің тал бойынан кемшілік ізделп әуре болмай-ақ қойыңыз. Ақ борықтай сұлу мүсін талайларды тамсандырған. Осы ақ сазандай келіншек шоршып келіп Тасқынбайдың торына тұскен. Байқаусызда, абайсызда емес, қармақты өзі келіп қапты.

Тегеурінді Тасқынбайдың екінші тынысы ашылды. Пах, шіркін, Жамал десе жамал еді-ау, шіркін! Екеуі үйден шығып, жұмыстарына кетіп бара жатқанда аттылар атынан түсіп, жаяулар жатып қарайтын.

Расында, Жамал бұл үйдің босағасын құт болып аттады. Көп кешікпей құрсақ көтерді. Бойына бала біткен күнде де талғагы басылғанша төсегін сұытпау керек. Бұл жағынан Тасқынбай ірілген жоқ. Артынша Тасқынбайға шекесі төрсүқтай ұл сыйлады. Араға үш-төрт жыл салып екіншісін босанды. Ерлі-зайыптылардың жарасымды тіршіліктеріне сүйсінбеген жан қалмады.

Сетінеген арқау жалғанып, өмір арнасына тусе бастағанымен, көніл-кептеріне әлдене жетпегендей қоңылтақси берді. Шартарапқа шашырап кеткен ойын шиырып әкеліп тоғыстырғанда олқылықтың орны Дариғадан өрген ұлқыздарының мүлдем жатырқап кеткенінде екенін білді. Қылыш-қылыш қиял кешті. Кінә кімде? Балаларын үршықша үйіріп, бауырына тарта алмаған өзінде ме? Әлде «оты бөлектің ойы да, олжасы да бөлек» дегенге сайып, өзімен-өздері болып кеткен ұлқыздарында ма? Тасқынбай ұлқыздарын тұмсықтыға шоқытпай, қанаттыға қақтырмай өсірді. Оқытты. Үйлендірді. Бөлек отау етіп шығарып, енші берді. Сондағы кінәсі не? «Жер ортасы жасқа келгенде ана-мызды тастан кетті» деп кінә артады ма? Бірақ, сырқатынан қайта сауықпасын сезген Дариғаның өзі рүқсатын берді емес пе? Көзі тірісінде үйленіп алды дегені болмаса, бұл кезде Дариға төсекте танулы, қозғалуының өзі қыын жағдайда жатты. Қосағының шетен ағаштай жалғыз шошайып тұрганын ол да қаламады. Ендеше, бауыр еті-балалары бұдан неге безеді? Тасқынбай «үйленерде балаларды жинап, алдарынан өтпеген екем» деп өкінді.

Әрі-сәрі күй кешіп жүрген күндерінің бірінде Жамал: «Тұйықталып бара жатырсыз. Ойыңызда не бар екенін білмеймін» деген. Бәленің басы осы болды. Екіжарлы көніл кетеуі кеткен дүниені қопарарын кім білген? Содан бастап Жамал суи бастады. Айдаһар тілді абысындар араласты ма,

пәлекет қыздар түрткіледі ме әлде кесір келіндер килікті ме, кім білсін-ай, кім білсін, Жамал бір күні «кетемін» деп шыға келді. Отбасында сөз салғыластыруды артық көретін Тасқынбай бұл жұбайының бір назы ғой деп қоя салған. Бейпіл ауызда береке жоғын, ғайбаттың құйыны үй жығатынын ол кезде байыптап ойлаған жоқ. Өспе сөздің соны өртке айналарын пайымдай алмапты.

Жанына жылу сыйлаған Жамалы, жүргегінің берік қамалы айтпайды екен, айтса айтқанынан қайтпайды екен. Ол айтқанында түрдү. Үйден бір сабақ та жіп алмастан екі ұлын жетектеп кете барды-ау. Қанша жерден ішкі бұрауы мықты болғанымен Тасқынбайдың оңашада егіліп жылағаны осы. Жамал кеткеннен соң көкірегінен ел көшкендей құлазып қалды. Жұпарлы Жамалды ойлаған сайын оның іші елжірейді. Үзілген үміттің балдай өкініші оны әлдилеп, әлдебір шыңырауға тартып бара жатты. Ішкі шер-шемен сыртқа ән болып ақтарылды. Әншейінде әу деп ән салмайтын Тасқынбайдың көмейіне запыран-өксікпен бірге әлдеқайдан бозторғай-әуен келеді. Құлағында жаңғырып тұратын сол мұнды ән оның сағыныш пернелерін дөп басып, жан-дуниесін астан-кестең етеді. Жұбанышты жаннан емес, әннен табар күн туар деп ойлапты ма?

Бірақ, есік көрсе де есті жерден шыққан жан емес пе, Жамал екі ұлын да әкесінен тыққыштаған жоқ. Қызмет бабымен шалғай шаһарда жүргенімен, обалы не керек, екі ұлды әкелеріне жіберіп түрдү.

Нұртілеудің бұл келісі соның бір айғағы еді. Отбасының сүт кенжесі болғаннан соң ба, басқа да қысыны бар ма, Нұртілеу әкесімен терезесі тең кісідей сөйлеседі.

- Эке, маған куртка әперемін деп едің ғой,-деді ол әкесіне еркелей қарал.

- Иә, балам! Таңертең қалаға барамыз. Куртканды өзің таңдалап аласың. Зейнетақымнан жинап жүрген теңгем бар. Ағана да беріп жіберемін, - деді Тасқынбай.

Таң толықсып атты. Дүние нұрға бөленді. Алатау ажарланып, мінсіз тұлғасын тұтастай жарқырата көрсетті. Өзен

гүрілдеп ағып жатты. Сәулелі алқап сырға тұнып тұрды. Жоталардағы шалғын шөп таңғы самалмен тербеліп, түрлі өрнек сала тербелді.

Нұртілеу сұлулыққа малынған туған жерін қимады ма, тамағына өксік тығылды. Көзіне іркіліп келіп қалған жасты әкесіне көрсетпеу үшін сынаптай толқып жатқан толқынды шалғынға қарады. Тасқынбай ұлының елжіремелі сәтін қалт жіберген жоқ «Балапаным-ай!» деп қалғанын өзі де сезбеді. Осы кезде такси де келіп қалып, бозторғай арман қанат қақпай қалып қойды.

Желмаядай жүйрік женіл көлік жолаушыларды қалаға жылдам жеткізді. Ығы-жығы адамдардың арасында әкелі-балалы екеуі де сініп бара жатты.

- Қалай, куртқаң өзіңе ұнады ма?
- Ұнайды, әке! Өзім таңдадым емес пе?
- Енді қашан келесің?

Нұртілеу иығың қиқаң еткізді. Бұл «мамам біледі ғой» дегендегісі еді.

- Мынаны Нұрболатқа бер. Ноутбук аламын деп еді. Тасқынбай ұлының қолына ораулы теңге ұстадты.
 - Байқа, жоғалтып алма.
 - Жоғалтпаймын ғой.
 - Мамаңа сәлем айт. Ендігі кезекте Нұрболатты жіберсін.
 - Пап, Нұрболат ауырып қала береді.
 - Білем, балам! Мамаң жақында маған жіберемін деген. Жіберсе дәрігерге қаратамын ғой. Өткенде алып беріп жіберген дәрілерді ішті ме?
 - Ішіп жүрген.
 - Жарайды. Өзіңе-өзің мұқият бол. Мына базарлықтарды үйіне шашпай-төкпей түгел жеткіз.
 - Пап, сен де денсаулығыңа қарап жүр. Тұнімен сандырақтап сөйлеп, үйиқтай алмай шықтың ғой.
 - Сен де үйиқтамадың ба?
 - Қалай үйиқтаймын?
- Тасқынбайдың денесін тоқ соғып өткендей болды. Кенжесінен еститін сөз бе еді бұл?

Тасқынбай ұлының заттарын вагонына дейін көтерісіп барды.

Тамбурда түрған ұлын көріп Тасқынбайдың қомейіне өксік тығылды.

- Жақсы, әке! Сау боп түр! Уайымдама. Мама күтіп алады ғой.

Осыны айтты да Нұртілеу күпесіне қарай кетті. Тасқынбайдың жүргегі оқыс шым етті.

Япырай, заман ауаны болса мынау, қос өкпеден қысып түр. Ал, мына желкілдеп өсіп келе жатқан жас құрақтардың ертеңі қалай болмақ? Олар қазірдің өзінде басқа анадан туған бауырларын танымайды. Олардың да әкесінің соңғы әйелінен туған інілерін бауырларына тартқысы жоқ. Сонда мына екі құлын жатбауыр болып кетпек пе? Алда-жалда аңдыған ажалдың апаныңа түсе қалса, екеуі туған ауылышына мұлдем аяқ басуды қояры анық. Жамал екі ұлын түптің түбінде туыстарымен таныстырыары анық. Сонда алдыңғы екеуі соңғы екеуді бауырым деп қабылдай алады ма?

Сан сауал сансыратқан Тасқынбай бір бұрышқа жүрелеп отыра кетті. Ол енді қайда қарай жүрерін де болжай алмады. Ауылдағы қаңсып қалған үйінде не жылу қалды дейсіз. Нұрболаты мен Нұртілеуі, немерелері асыр салып жүгіріп жүрмеген соң ол да бір, мазар да бір емес пе?

Мазар дегеннен есіне түсті. Дариғаның басына барып Құран оқып қайту керек екен ғой. Дариға басын көтеріп, жұбату айтар деймісің. Алайда, әруағы риза болып, өзі бір аунап түсер. «Осыдан ауылға жетсем, басына барып қайтармын» деп ойлап қойды.

Тасқынбай шым-шытырық ой шырмауында отырып, басты бағытынан жаңылып қалды. Ол жат мекенде келе жатып, жолайрыққа тірелгендей еді.

Мына екіге жарылған жолдың қайсысын таңдағаны дұрыс? Оның бірі - әлдеқашан базары тарқаған үйіне апарады. Үйіне барса сырласар, мұңдасар адамы қорымда жатқан Дариғасы ғана.

Ал, екінші жолға түсіп, Жамалдың алдына барса ше?
Әлдекашан ат құйрығын кесісіп кеткен Жамал мұны қа-
былдай қояр ма?

Ол ешқайда бастамайтын көне сүрлеуді таңдады. Бұл
соқпақ оны қай ұшпаққа жеткізеді? Оны ешкім де, тіпті
өзі де білмейтін еді.

Қалың нөпір арасында қалт-құлт етіп кетіп бара жат-
қан қарт бірте-бірте көзден тасалана берді...



ЖЕЗДЕ

(Әңгіме)

Әдеттегінше жұмысынан ел төсегіне жантая бастағанда барлық шаруаны бір өзі тыңдырғандай аһілең-үйілеп келген Мағрипа бұл жолы да кеш тұрды. Шаштары қобырап, бет-аузызы домбығып ісіп кеткен келіншек асығыс-үсігіс киінді де ас бөлмесінде таңертеңгі шай жабдығын жасап жатқан сіңлісі Зергүлге:

- Жездене дұрыстап шайын бер. Мен жұмысқа кеттім, - деп сонынан жау қуғандай үйден асығыс шығып кетті.

Жуыну бөлмесінен оралған Нұрбақыт балдызына аңтартыла қарап:

- Эпшең қайда? - деп сұрады.

- Жұмысына кетті.

- Осы-ақ қызылтанау болады да жүреді. Құлқынсәріден қайда барады? Кешеден қалған қандай жұмыс екен?- деді Нұрбақыт келіншегімен таңғы асты шүйіркелесіп отырып іше алмағанына қапаланып.

- Жезде, білесіз ғой, әпкемнің жұмысы бастан асады. Колледжді басқару онай дейсіз бе? Қазіргінің студенттері шетінен сотқар. Көзден таса болса әлденені бұлдіреді. Оның үстіне әпкем «комиссия келеді» деп отырған. Соның шаруасы шығар, - деп Зергүл әпкесін ақтай сөйледі.

Нұрбақыт тіл қатқан жоқ. Шытынап журген көңіл шынысы шашылып тұсуге тым тақау еді. Онсыз да құлазыған көңіл жайлалаудына қара құс қондырғысы келмеди. Балдызы баптап құйып берген шайды үнсіз ішті. Екі-үш кесе шайдан соң бөлмесіне кетті. Артынша қызметіне шығып бара жатқан тықылды естілді.

Зергүл ас бөлмесін жинап, дәлізге өтті. Жездесі айтқызбай-ақ балдызына мың теңге қалдырып кетіпті. Құндергісі осы. Жездесінің әпкесіне көрсетпей-көрсетіп жасайтын осы қамқорлығына Зергүл қатты қысылады. «Құрбыларыңың

алдында жүзің жарық болып жүрсін» дейді мұндайда жездесі.

Зергүлдің мейірімге сусаған жүрегі елжіреді. Ол әкесінен де тап осындай құрмет-сый көре алмады. Әкеде жазық жоқ еді. Ауылда құбатөбел күй кешті. Қеншар тараған соң жұмыссыз қалған Молдабек бес-он түяғын айналдырыды. Әйткенмен, «Құдай салды, мен көндім» деп қол қусырып қарап отыра алмады. Біреуін екеу, екеуін үшеу ету үшін тырбанып бақты. Сол алымдылығы мен шалымдылығынан ғой, бала-ларын түгелдей оқытты. Зергүл кенжесі еді. Міне, ол да жоғары оқу орындарының бірінде білім алып жүр.

- Көз қырынды сала жүр. Қанша дегенмен ауылда өскен бала ғой. Әлденеге ұрынып қалмасын, - деп Мағрипамен аталас туыс болып келетін әкесі осы әпкесіне табыстап кеткен.

Бұл кезде Мағрипа әлдеқандай себеппен күйеуінен ажырасып, үш бөлмелі дағарадай үйде соқа басы сорайып жалғыз тұрып жатты. Жалғыздықтан жабырқады ма әлде дағарадай үйдегі өлі тыныштықтан секем алды ма, бәлкім үнемі түзде жүретін оған тамағын жасап, кірін жуып, пәтерін таза үстап отыратын қызметші керек болды ма, ол арасын өзі біледі, көп кешікпей Зергүлді қолына кіргізіп алды.

«Жалғыздық Жаратқанға ғана жарасады» дейді үлкендер. Ендеше, жалғыздан жалғыз жабықсанша жақын сіңлісін неге әкеліп алмайды? Бұл кезде Зергүл курсас құрбыларымен пәтер жалдап тұратын. Әр ауылдан басы құралған құрбыларына бауыр басып та қалған еді. Әке-шешесі де, әпкесі де өлердегі сөздерін айтып отырған соң Зергүл олармен қызылшеке болғысы келмеген. Салулы төсек, дайын ас, жылы қабақ қай бойжеткеннің де қиялышында жүрмес пе, Зергүл алғаусыз адал көнілімен келіп тұрған әрі қауырт іci көп, қамкөніл әпкесіне қолқанат болғысы келген.

Көніл жайлауы гүлденіп, ауыры жеңілдеп, қаттысы жұмсарып, өмірі өзгешелеу өрнектеліп шыға келген бойжеткен жаннаттай жайнады. Мағрипа сіңлісін құшақ жая қарсы алған. Жан жарынан айырылған әпкесінің сәбидей қорғансыз кейпіне қарап Зергүлдің жүрегі сыздады. Ендігі жерде әп-

кесіне тірек бола жүріп, аяғынан тік тұрып кетуіне өзі ғана көмектесе алатынына сенди.

Екі мұңдық осылай табысты. Зергүл зарыққан көңілдің тарыққан, торыққан тұсында бауырына демеуші боларына күмәнсіз еді. Сол үшін де ол Мағрипаның қас-қабағына сақшыдай қырағы қарады. Айтқанын екі етпеді. Қымбат та қамқоршы жанның бейнесі көз-көкейінен көпке дейін көшпек емес. Мағрипаның мәлшерсіз мелдектелген махаббатының есесін қалай, немен қайтарамын деп те ойланатын.

Мағрипа сіңлісінен ештеңені де аяған жоқ. Тамағы мен қабағы келіскең соң Зергүл де оған құлша берілді. Тамағын жасап қою қол-аяғы балғадай, уылжыған бойжеткенге не тұрады? Үйге үйренісе келе Зергүл әпкесінің барлық киімдерін өзі жуып, үтіктеп қоюды да өз міндеті санады.

Зергүлге салса мына жалғанда әпкесінен сұлу жан жоқ. Әпкесінің ақ торғын көйлегі денесімен дene болып құлын мұсінін әйгілеп, әйгілеп қана емес-ау айқайладап айтып тұрады. Мағрипа құлындағы ойнап, жаннаттай жайнап кіріп келгенде үйде пейіштің есігі ашылғандай болады. Құлын мүшеден аңқыған жұпар қандай! Жалт етіп қарағанда жанындағылардың барлығын өртеп жіберердей жанар қандай! Қолаң шашы төгіліп, қос анары керіліп, Мағрипа сұлу төркініне келген қыздай ерініп, тұңғиық та терең ой шыңырауына беріліп диванға құлай кетеді. Зергүл әпкесіне жәудірей қарайды-ай бір! «Күйеуінен қайтып келді» демесеңіз, Мағрипаның дene бітімі қай арудан кем? Төсегінде толықсып маужырап жатысы қызың қиялына әлдебір іңкәр құштарлықты тықпалайды. Ол әпкесінің өзінен басқа ешбір адамға ашпас жан сырын біліп қойғандай екі беті өрттей лаулап шыға келеді. Құрық тимеген асаудың мойынына шылбыр келіп түскенде бүкіл дenesі дір ете қалмаушы ма еді. Тосыннан ток соғып өткендей өн бойы шым ете қалып, дene сіндірілгенде сүйкімді бір шымыр ойнап, қытықтап кеткендей болады. Ол осы бір құпия құмарлығының атын атап, тұсін түстегенде қорқады. Бірақ, ерте ме, кеш пе бұрын-соңды басынан өткөріп көрмеген сезім селінің жан дүниесін астан-кестен етіп өтерін жақсы біледі. Кейде төсекте қатар жатқанда әпкесі-

нің денесі от болып күйіп, аузынан жалын ата күрсініп, әлдебір тәтті тояты аңсағандай көркей кеудесін кере түсіп ыңырысқанын естігенде ұттан өртеніп жатып-ақ әлі дәмін татып үлгермен құштарлық көліне сұңгіп кеткісі келеді. Тұла бойына еркінен тыс жайылып бара жатқан арынды ағыстан құтылу үшін ол жуыну бөлмесіне асығады.

Осылай көп күндер өткен.

Дегенмен, сұлуулық дегеніңің өзі сырбаз мінезден сырт жүретін секілді. Туыстық, ағайындық деген алыстан сыйласқанда ғана қадірлі екеніне Зергүлдің көзі бірте-бірте жете түсті. Алғашқында Мағрипаның сұлу келбеті сұрланғанда да сұп-сүйкімді көрінетін. «Енді ішіндегі барлық қоясын маған ақтармағанда, кімге ақтарады» деп әпкесінің жұмысынан тұлан тұтып, дүниенің апшысын қуырып келгеніне түсіністікпен қарасты. Дегенмен, Мағрипанаң жоқ жерден ашуланып, қымс етсе кірпиязданып шыға келетіні бойжеткенді ойландырмай қоймады. Тікбақай, басынан сөз асырмайтын кеспірлі келіншек оған бірте-бірте жат көрінді. Оның алғашқы алдамшы сөздеріне малданып, жылы қабағына алданып келгенін енді ғана аңғарғандай. Әпкесінің табан жолынан жаңылып, ожар міnez көрсете бастағанынан түңіліп, «Мені артық көріп жүр ме? Пәтерге шығып кетсем бе екен?» деп те ойлап көрген. Зергүлге салса, мына екі оттың ішіндегі екіұдай қүйде жүргенінен гөрі ашқұрсақ болса да қатар-құрбыларымен табысқанды раяу көреді.

Бірде Мағрипа күндеңі әдетінше жұмысынан тұн ортасында келді. Зергүл жүгіріп келіп есікті ашқан. Әуелгіде аңғармапты, әпкесінің аяғы жаңа туған ботаның тірсегіндей дір-дір етеді. Қабырғаға сүйеніп тұрған ол сіңлісі демемесе жерге құлап түсердей. Қолтығынан сүйемелдей бергенде Зергүл кермек бір демді аңғарып қалды.

- Неменеге бажыраясың? Ишіп келдім, - деді Мағрипа.

Зергүл ештеме деместен әпкесін диванға әкеліп жатқызыды. Сырт киімдерін шешіп, үстіне көрпесін жапқан. Әлден соң ол лоқсып, басын көтеріп отырды. Зергүл оны қолты-

ғынан демеп ваннаға кіргізді. Сүмдық сасық иіс бөлмені алып кетті. Зергұл сонда да жиіркенген жоқ.

Мағрипа таң сыз бере оянды. Көзі шоқтай, сөзі оқтайды. Беті домбығынқы. Шашы үйпа-түйпа. Ішкі көйлегі түрліп кетіпті, қалтарыстағы қос қарлығаш пыр етіп ұшып кеткелі түрғандай қомпаяды. Зергұл өзінің де омырауындағы қос түйін пісіп-жетіліп келе жатқанын ойладап, қияс ойдан бойын ала қашты.

- Зергұл, Зергұл!- деген әпкесінің дауысын есітіп жатын бөлмеге кірсе, Мағрипа жібек желеңін киіп жатыр еken. Кешегі кісепір кесірлік көкке ұшып кеткендей. Үнінде жұмсақ, жылды леп бар.

- Жаным! Басым сынып барады. Жақсылап қайнатпа сорпа жасашы. Соны ішсем, бойым жеңілдер ме еді? - деп Мағрипа бұған кінәлі адамдай үркектей қарады.

- Қазір, әпкетай! - деп Зергұл лып етіп ас бөлмесіне өтті.

Асханада тамақ жасай жүріп Зергұл терең ойға шомды. Тіпті, сол ойының шырмауынан іірімге тап болған адамдай шыға алсашы. «Әпшеге оңай деймісің. Жұз елуден астам оқытушы, мыңға жуық студент бар. Солардың барлығының бабын табу қыын ғой. Оның үстіне жездем де кетіп қалды. Жабыққан жаңға жалғыз қалу бұл жалғандағы тоzaқ емес пе?. Зергұл әпкесін іштей мұсіркеді. Тағдырдың азы сабағында қалған қорғанына қарайлауды бауырлық борышы санады.

Сәтін салғанда бүгін жексенбі еді. Мағрипа сорпаға бұрыш салып ішіп, ағыл-тегіл терледі. Түс қайта апалы-сіңлілі екеуі моншаға барды. Будан шығып суға түсіп, судан шығып буға кірген Мағрипа құндыздай құлпырды. Моншада бүкіл денесіне бал жағып, буда ұзағырақ отырғанды жаны қалайды еken.

Қорғасындай балқып моншадан шыққан апалы-сіңлілі екеуі жол-жөнекей кеп-көрім кафеге кірген. Дәмді, тәтті дегендерге аямай тапсырыс берді. Бірер саптыаяқ салқын сыра сімірді. Осы күні олар үйге тоқ көңілмен, елжіремелі сезіммен оралды.

Көктемнің құбылмалы күніндегі бірде жауынды, бірде желді, бірде шуақты мезеттер іркес-тіркес өтіп жатты. Зергүл бірде тату, бірде кату күндерге көндіккен.

Осы бір үясына бірде түсіп, бірде шығып ойнамалы болып қалған сүйектей сүреңсіз, сұрықсыз, сызданған күндер тоқтаусыз жалғаса берер ме еді, кім білсін-ай, ойламаған жерден әпкесінің тәқаппар тағдырына Ол келіп килікпегенде.

Бір күні бұлардың оңаша отауына ойламаған жерден қонақтар келетін болды. Зергүл зыр жүгіріп базарға барды. Жолай азық-түлік дүкеніне соқты. Екеуіне қадірлі қонақтарды күтіп алу оңай болған жоқ. Мағрипаның мезгеуінше келетіндер байырғы сыралғы құдалар көрінеді. Әпкесі басқа қонақтар келгенде дәл бүгінгідей асып-саспайтын. Бүгінгі қонақтардың жөні бөлек, жосығы ерек тәрізді. Дастархан мәзірінің олқы тұсын өзі түгендеп, аяғының ұшымен жүр. Соған қарағанда бұл жолғы қонақтар аса маңызды сияқты.

Қоржын-қоржын сый-сияпат пен құшақ-құшақ гүл ала келген қонақтар ыстық қауышулардан соң едәуір уақыт оздырып барып төрге озған. Дастархан басында да ду-ду әңгіме басылған жоқ. Кіріп-шығып жүріп Зергүлдің құлағы көп әңгіме шалған. Алайда, қонақтардың сөзінен ілгені шамалы. «Сүйек жаңғыртайық», «көз көрген, таныс-біліс жермен құда болайық» деген сөздер Зергүл үшін жұмбақ, құпия қойманың кілті тәрізденген. Кейін білді ғой, олар әпкесіне ен сала келіпті. Қонақтар кеткенде байқады, әпкесінің алмабеті албырап, жүзі жаһұттай жайнап тұр екен.

Көп кешікпей үйге жездесі келді. Сымбатты жігіт екен. Құрылыс саласында лауазымды қызметте көрінеді. Үлкендердің үйғарымымен тойдан соң ол осында тұратын болды. Нұрбақыттың келіншегі бала үстінде қайтқан екен. Сопа басы сорайып ұзақ жүріп қалған соң ағайын-туыс, құда-жеқожат оны Мағрипамен жолықтырған. Мағрипа сұңғак бойлы, ажарлы келіншек емес пе, Нұрбақыт оны бір көрген-нен ұнатқан. Оның үстіне Мағрипа білдей бір колледждің пілдеги директоры. Көргенді жердің қызы. Зиялды ортада тәрбиеленген. Бар айыбы күйеуімен ажырасқан. Тәйірі, қа-

зір кім ажыраспай жатыр? Кешегі күйеуі кесірлі біреу болған шығар? «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң». «Тең-теңімен, тезек қабымен». Екеуінің табысқаны жудә орынды, бұрынғы жеңіжаттықтың жігі қайта жалғанса несі айып? Бұл шешімге екі жақ та қуанды. Соның бірі - Зергүл.

Нұрбақыт үй қожайыны болып кірген соң Зергүл әрі ойлап, бері ойлап байырғы қурстастарына барып қосылды. Мағрипа да мұны шеткөрі көрмейтін тәрізді. «Зергүл жаным! Тенгеден тарықсан, ұялма, келіп тұр» деп бетінен сүйіп шығарып салған. Зергүл әпкесінің кей қундері дөңбекшіп, ұйықтай алмай шығатынын ойлап, олардың оңаша қалғандарын қалаған. Құбылары Зергүлді қуана қабылдады. Өмір өз арнасымен ағып, студенттік албырт, ділмар шақтың алаулы қундері сынашпа сырғыған. Бұдан арғысы өмір заңымен жалғасады, диплом алғаннан кейін әркім өз тағдырының жетегімен әр тарапқа қанат қағады деп ойлаған. Бірақ, оны өмірдің басқа арнасы күтіп тұр екен ғой.

Арада үш-төрт, бәлкім бес ай өтті ме, өтпеді ме, әпкесі қоңыраулатып тұр.

- Зергүл жаным! Үйге қайтшы. Сенсіз тұра алар емеспін, дейді әпкесі дауысында діріл аралас жалынышты үнмен.

- Ўйде жездем бар емес пе?

- Болса ше?

- Екеуініздің аралараңызда мен не істеймін? Ыңғайсыз ғой. Үят емес пе?

- Ұялатын ештеңесі жоқ.

- Сонда да...былай, біртүрлі ғой.

- Несі біртүрлі? Сен маған керексің. Бауырымсың. Осы саған жеткілікті емес пе?

- Жездем ше? Ол кісі қалай қарайды?

- Жақсы қарайды. Қайта сол жезден емес пе, сені осы үйге қолай көріп отырған.

- Ренжіменеңіші, әпкетай! Мен өз ортама үйреніп қалдым. Оның үстіне жақын арада диплом аламыз. Ауылға қайтатын күн де тақау.

- Ауылға қайтамының не? Әй, ауылда не бар? Онда сені кім жұмысқа ала қояйын деп отыр? Ауылда жұмыс жоқ. Сиыр фермасына барып, екі емшекке кенедей жабысып, сүт саусацың. Саған керегі осы ма? Сөзді қой, үйге кел. Білесің, жезден үлкен бір мекеменің бастығы. Мені де білесің. Екеу-леп сені жұмыссыз қалдырмаспыз.

- Ойланып көрейін.

- Ойланатын ештеңесі жоқ. Эке-шешеңнің келісімін алып қойдым, олар қарсы емес. Куанып отыр.

Бұдан әрі Зергүлге шегінер жер қалмады. Ертесіне Мағрипаның өзі пәтеріне келіп, сіңлісін күйеуінің көлігімен алып қайтты.

Байқампаз бойжеткен ерлі-зайыптылар арасындағы әлдебір кіrbінді кикілжінің бар екенін келген күні-ақ аңғарды. Алғашқында екеуі бірін-бірі іздел, сағынысып тұратын. Сөйткен махаббаттары лап етіп тез тұтанып, жалп етіп лезде өшкені қалай? Бәлкім, бұрын шаңырақ көтерген екеуі алғашқы некелі жарларын іздейтін шығар? Бұрынғыларының бойларындағы асыл, ізгі қасиеттер, кешірімділік, бауырмалдық келесісінің бойынан табылмаған соң араға сызат тұсті ме екен? Өмірлік тәжірибесі аз бойжеткеннің отбасы қарым-қатынасы туралы түсінігі таяз еді.

Мағрипа сол баяғы кісі жұмсал қалған әдетінен таңбаған тәрізді. Ол қызметіне бармаса колледждің таңы атып, күні шықпайтындар. Көзін тырнақ ашқаннан жұмысына асығады. Түннің жарымында шаршап-шалдығып келіп тәсегіне құлайды. Таусылмайтын бұл неткен жұмыс? Қабырғасын сүйеп тұрмаса шаңырағы опырылып түсіп кететін бұл колледжде не сиқыр бар? Басқа оқу орындары құрып қалғандай, осы колледжге неге комиссия келгіштей береді?

Зергүлдің әжесі айтып отыруши еді, еркектің осал тұсының бірі тамағы деп. Қызметінен қалжырап келгенде сүйкімді жары мен сүйікті асы күтіп тұрмаған соң да ерекек біткен әйелдерінен безінетін шығар? Алдамшы өмірде адамдардың алданыш етер жұбанышы көп-ак қой. Елігіп елжіреу мен сұлу сезім болмаған жерде махаббаттың да топшысы қыылады.

Зергүл ендігі жерде өзін ерлі-зайыптылар арасындағы күтуші қатарында ғана сезінді. Өйткені, бұл ошақта адамның адамға деген жылуы қалмағандай. Өткендегі өзара сыйластық пен түсіністік қайда кеткен? Әрі-беріден соң осы шаңырақ астындағылар қызметтеріне барып-келіп, тек жатар кездерінде ғана тоқайласар сана-сезімнен ада құлтемір сияқтанады. Жас жұбайлар үнемі бірін-бірі сағына іздеп, тәтті табыспаған соң ошақ оты маздар ма? Зергүл әпке мен жезде арасындағы салқындықты сезген сайын қорқыныштың қақпанында қалтырай бастады. Әпкесінің өзін соншалықты емешегі үзіліп ізdemегенін ойлап қамықты. Бойжеткенді алдағы бақытты күндерге емексітіп, көмексі үміт жетегіне байлад қойғысы келгені көңіліне алаң кіргізген.

Адам баласының асыл мұраты – ізгілік, имандылық, жақсылық, бір-біріне деген мөлдір махабbat дейміз, алайда өмір үшін бітіспес шайқастағы алғашқы қауымдастық адамдарының тұз тағыларына жанкештілікпен жұмыла ұмтылғандарындаі бірлік-ынтымағын ыдырататын жалқы ғана жойқын күш бар. Ол – адам баласының кеудесіне сайтани жолмен кіріп кеткен – тәкаппарлық, менмендік, өзімбілермендік, өркөкіректілік. Бұлардан да қының һәм жарық күнде адастырар тұмандысы-астамшылық. Астамшылық жүрген жерде адамгершілікке, имандылыққа, өзара сыйластыққа орын қалмайды.

Махабbat қай адамда да қол жетпес арман болып қала бермек. Махабbat отбасы ошағының ұдайы маздал жанып тұруының басты ұстыны. Ал, ол бақайесепке құрылғанда отбасы жылуы суйиды, махабbatтан мән кетеді.

Соңғы кезде Зергүлді осындаі зілмауыр ойлар басып-жаншитын болып жүр. Тікбақай тәтесінің күйеуін күшікше жұмсағысы, болмашы келіспеушіліктерден бетінің түгі шығып, мәндайы қатпарланып шыға келетіні сансыратып ғана қоймай, астамшылықтың шегіне жеткен жерінде бомба болып жарылатынын ойлап тұла бойы түршіккен. Ал, сол бомбаны жарылып кетпей тұрғанда заарсыздан-

дырудың жолы қайсы? Отбасылық ошақ отын құтқаратын қандай күш бар?

Зергүл әпке мен жезде арасындағы бір-біріне деген соншалықты өршімелі өшпенділікті де байқап, қайран қалатын болып жүр. Сырт көзге сездіргілері келмесе де олар бірінің пікір-ойына екіншісі кереғар жауап қатып, екеуара қырқысатын да қалатын. Бірде табиғат аясында жүріп Зергүлдің екі басты жылан көргені бар. Табиғаттың кереметінде шек жоқ қой. Әлгі жыланның бір басы қүйрық жағына бітіпті. Бір денені екі бас иемденген соң іс оңа ма? Қай бас қүштірек болса, екіншісі иректеліп соның шылауында кетеді еken. Әпке мен жезде бастарындағы жағдайдан Зергүл екібасты жыланды көріп, сүмдышқ шошынды. Ол енді махабbat деген маздақ отты жүрегінде тұңшықтырған.

Отбасылық одақ бәлкім, екеуара құштарлық сезім қанағаттанған соң ғана қалыпқа түсіп, өз арнасымен жайраңдал ағар. Сол құштарлықтың болмысы қандай? Ләzzаты қандай? Махабbat отына қүйіп көрмеген Зергүл қеудесін тұртпектеген осы сауалға жауап таба алмаған. Әлде адамдар арманына қол жеткізіп алған соң бақыт құсын бағалай алмайды ма еken?

Жұмыс істеп келгендерін міндетсініп, екеуі екі жақта шалқайма орындықта шіреніп отыратын жұбайларды жақындастыратын ешқандай да дәнекердің жоқтығы Зергүлді одан сайын ой тұңғиғына батыра түсті. Бүкіл жоқты тырнақтай тіршілік иесі толтырмаушы ма еді? Бірақ, әлпешті әпкетайы қысыр жыландай қайқаңдал, сәби сую бақытын ойна да алмайтын сияқты. Іңгәлаған сәби үні естілмеген ошақ отының жылуы мардымсыз болатынын бойжеткен енді тусінгендей. «Әпкетайым сәбилі болса еken» деп Зергүл Жаратқаннан күнде тілейтін әдет тапты. Жүріс-тұрысы ауырлар ма еken деп әпкесінің құрсағына қанша қарағыштағанымен, Мағрипаның бойынан титімдей де өзгеріс таппай қиналды.

Есесіне Зергүлге артылар жүк ауырлай түсті. Мағрипа енді өзінікі аздай күйеуінің ішкі киімдерін де «жуа салшы» деп сіңлісінің алдына үйіп тастайтын болған. Алғашқында

қатты ыңғайсызданғанымен, әпкесінің көңіліне қарап, бойжетken бұл шаруадан да бас тартпады.

Мағрипа жұмысбасты болғандықтан да жезде мен балдыз көп ретте оңаша қалады. Бір-біріне үйренісе бастағанда аңғарды, жездесі жылы жүректі жан сияқты. Қамқор. Ілтипатты. Оның үстіне мол ақылдың да иесі. Оқыған-тоқығаны мол. Кейде Зергүлді туған қарындастында көріп, еркелетіні бар. Балдызының жасаған болмашы жұмысын жоғары бағалап, мақтауын да асырып отырады.

- Осы біздің жалбыз иісті балдыз болмаса бұл шаңырақтың шаттығы шалқып тұрап ма? - дейді Зергүлді көпе-көрнеу көтермелеп.

Әрине, Зергүл мұндай мақтауларға зәру емес. Қолынан келген барлық жақсылығын әпкесі үшін жасап жүр емес пе? Өзі құралыптас құрбылары не оку ақысын төлей алмай, не жесе тамаққа тоя алмай ашқұрсақ күй кешіп жургенде бұл не ішемін, не киемін демей шалқып өмір сүрді. Тауда қолына дипломы тимек. Жездесінің айтуына қарағанда, жоғарыдағы көкелермен келісіп, қызмет орнын әзірлеп те қойған тәрізді. Сәтін салса енді бір азырақ уақытта ол бұл үйден біржолата кетеді. Ендеше, әке-шешесіндей қамқор болған әпке мен жездесінің үй шаруасына көмектескеннен қолына әлдене жұғып қалmas. Осы оймен бойжетken әпе мен жезде арасындағы өзі де түсініп болмайтын сызатты сезбегенсіген.

Жездесі жігіттің төресі дерліктей сымбатты. Жоғары лауазымды қызметте жүргендіктен бе екен, мәдениетті де ұстамды. Әпкетайының шәкімшіл көңілі мен кісәпір кесірліктеріне үн-тұңсіз шыдап жургені де осы ішкі мәдениеттін болар. Мағрипа кейде орынсыз дау шығарып, өршелене долданған сайын жездесінің бірнәрсені бұлдіріп қойған балаша жаутаңдап, бас көтере бастаған боз бораннан үнсіз құтылатынын күнде көріп жүр. Не деген төзімділік! Басқа біреу болса бұл қорлыққа төзіп отыра алмайтынын бойжеткеннің іші сезеді.

Жездесіне деген аяушылық сезімі бірте-бірте іштегі алай-дүлей бүрқасынды босатып жібергендей бойжетken

өз-өзінен үрейленетін әдет тапты. Енді іштей ой сарабына салып таразылап отырса жездесіне бауыр басып қалған екен. Неге екенін өзі де бағамдап жатпады, әйтеуір жездесін осы үйде жадыраңқы күйде көргісі келеді де тұрады. Мағрипа жоқта жезде мен балдыз түрлі тақырыпта әңгіме өрбітеді. Ас бөлмесінде шүйіркелесіп отырып шай іshedі. Сол кездерде ол жездесінің бойынан бұрын өзі аңғара бермеген бір тазалықты байқады. Жездесі артық-аудыс сөзге жоқ, туған қарындастында сыйлап, қамқорлығына алып жүруді ағалық парызы санайтында.

Енді бүгін жүрек түкпірін ақтарып қарап отырса, кеудесін бір өкініш жаншиштында. Бұл нениң өкініші? Нениң күйігі? Боз бұлау болып тұншығып жылап шыққан тұндеріне сыр төккенде таныды – ол жездесін тәйтік тәтесіне қимайды екен. Сонда ол әпкесінен... жо-жоқ, бұлай болуы мүмкін емес.

Ой сергелдеңінде жүрген ол ішіндегі отты тұншықтырудың жолы осы үйден біржолата кетіп, қарасын батыру деп шешті. Осы ойымен киім-кешегін сөмкесіне салып кетейін деп жатқанда тағы да әпкесі алдын бөгеді.

- Неге кетпексің? Әлде жезден бірнәрсе деді ме?

- Жоқ!

«Сіздің долы ашуыңыз, кіді міnezіңіз болмаса, жездеде не күнә бар?» дегенді ішіне бүгіп қалды.

Осыдан соң-ақ жезде мен балдыз арасындағы жүмбақта жылы ағыстар толастамай жаңбырша себезгілегеніне қайран қалады. Әуелі үркек жүрек әлденеден секем алып еді. Жездесін көрсе жүрегі атқақтап, кеудесін тесіп өтердей тепкілейтіні несі? Бұл қандай сезім? Аяушылық па әлде ендіғана тұтанып келе жатқан балауса маҳабbat па?

Зергүл әуелгіде осы ойынан қатты шошынды. Екі оттың ортасында қалғанша қолымды төбеме қойып, осы үйден безіп кетсем бе екен деп те ойлаған. Бірақ, жездесінің жылы қабағы, өзіне деген жүмбақ сезімі оны тұсаулай түсті. Бойжеткен оңаша қалғанда жездесінің терең күрсініспен өзіне тесіле ұзақ қарап қалатынын аңғарады. Аңғара алмаса қыз болар ма? «Еркектің ұры көзі арамза ойының хабаршысы.

Қызым, жеңсік ойларға бой алдырып, сондай сұмырай-лардың құрбанына айналып кетуден сакқтанып жүр» деп анасы үнемі құлағына құйып отырушы еді. Анасының ес-кертпелерін есіне ала тұрып, жездесінің ұры көзінен жасы-рынғысы келсе де, сол отты жанарды іштей қалап тұраты-ны қалай?

Қандай сапардың да аяқталатын күні болады. Зергүл қа-лың тұман ішінде жүрген осы бір сүреңсіз де үрейлі үмітке толы күндерінің тезірек біткенін қалады. Бұл үшін қатерлі қоршауды бұзып өтіп, шексіздік шыңырауына біржолата сіңіп кетуі керектігін қыз көңілімен түйсінді. Отқа арбалған түнгі көбелекше шыр айналып жүрген күндерінің бірінде ол жүрек жалынының дауасын махаббаттан ғана табаты-нын түсінген. Университет оқытушыларынан бастап курс-тастарының көпшілігі оған сезімдерін білдіріп те үлгерген болатын. Бірақ, қыз жүрегі соның бірде-біреуін хош көрме-ген. Ешкімге де дес бермей келген дерпті жүрегі жездесінің алдында әлсіздік танытты. Сезім сергелдеңі мен селі оны теңіз толқындарына лақтырып жіберді.

Жаратқан қыз жүрегін жұмбақ сырға мейлінше мелдек-тете толтырып қойған. Кейде сол жұмбақты қыздың өзі де шеше алмауы мүмкін. Қайткенде де қыз қоймасының есі-гін ашпайды. Көнбіс жездесін адудынды әпкесінің шеңгелді қолынан арашалап алғысы келді ме әлде аяушылық сезімі басым түсті ме, кім білген, ол Бекжігіт алдында бойындағы алапат арпалыстарды ірке алмады, актарып салды.

Сол күні...

Иә, сол күні олар Бекжігіттің астанадағы жаңа қызметіне бірге аттануға серт берісті. Зергүл бойының алаулаған жа-лыны мен шие еріндерінің тәттісімен жауап қатты. Үздікпе құмарлық осылай тарқады.

Колледждегі көгенкөздер мен бағыныштыларын бір інге тығып, көңілі тыңшыған ол әдептегінше үйіне кеш келген. Келіншек бөлмелердің ешқайсысында жарықтың жоқтығын көріп, ішін тартып қалды. Мына үй неге меніреу күй кешіп тұр? Қүйеу мен сіңілі қайда кеткен? Әлде екеуі жақын кафелердің біріне тамақтанып келе қояйық деп үйден шығып кетті ме екен?

Шамды жарқ еткізіп жаққанда бөлмедегі әлдебір сұық ызығар бойын шарпып өтті. Ол Зергүлдің бөлмесіндегі үстел үстінде жатқан бір жапырақ қағазды көргенде жылан көргендей тыжырынды. Ондағы үшбу хат кісі өлтіргендей еді.

Мағрипа шат-шәлекейі шығып, ебіл-дебілі шығып булыға жылады. Ол дәл қазір қолына түссе күйеуін емес, сіңлісін тұтіп жеуге құмбыл.

- Сұр жылан! Сұр жылан! Қойынға кірген сұр жылан екенсің ғой, - деп долданып, уанбастан ұзақ жылады.

Өткенде ғой жезделі-балдызды екеуінің бұдан әлденені жасырғандай сыбырласа қалғанынан секем алып еді. Сөйтсе... «Сонда-ақ ана жүзіқараны үйімнен ит қосқандай безектетіп қуып шығуым керек екен-ау» деп ойлады жылап жатып.

Колледжде тұрлі мәдени іс-шаралар жиі өтіп тұрады. Сондай кездері өзін өркениеттің өркешінен көрсеткісі келіп, үнемі кітап ақтарып, жүрттап естігендерін жазып алып жүретін Мағрипаның ойына ағылшының бір мақалы түскен. «Аттар қашып кеткеннен кейін атқораның есігін жаптың не, жаппадың не?».

Ал, сол атқораның есігі қашан да ашық-шашық жататынын көң кеуде ұғына алмады. Долы ашу, алай-дүлей көңіл толқыны онсыз да ногала түскен көзді түмшалай түсті.

Мағрипа іштегі бар зар-запыранын сыртқа шығару үшін ар-ұят атаулыны жинастырып қойып, кафеге тартып кетті.

Япрыымай, бұл қаланың шамдары түгел сөніп қалған ба, төңірек көзге тұртсе көргісіз тас қараңғы. «Адасып кетпе-

сем екен» деп өксікті келіншек өмірге деген өшпенділігін өршітіп, тағдыр-талайына қарғыс айтып, сүрініп-қабынып келе жатты...



КӨРШІ

(Әңгіме)

Дауласыңыз, дауласпаңыз, алыстағы ағайыннан алдыңдағы көрші артық. Құтты құжыраханаңызда қуаныш бола қалса екі өкпесін қолына алып алғаш келетін кім? Көрші. Қуанышыңызға орай шашуы да, албырттығыңыз үшін ашуы да дайын тұратын кім? Тағы да көрші. Бетің аулақ қылсың, үйіңде отырып басыңызды бұлт шалша, көлдей етіп көмек қолын ұсынатын да жұрттан бұрын жағдайыңызды сұрайтын кім? Міне, сіз мойындан отырысyz, сол баяғы Құдай қосқан қоңсыңыз. Іргелес отырғандардың мидай араласып кететіні соншама, кеңқолтық қазекsem: «үйіңде ис барып коршіңисіп сұра» деп астарлайды. Демек, балалы үйдің үрліғы жатпайтыны сияқты, көршілердің бір-бірінен жасырып-жабулайтын ешнәрсесі де қалмайды.

Осыны айтқан қазақ «ағайынмен алыстан сыйлас» деп тағы тұспалдайды. Осыған қарағанда көршінен артық жақынның да, туыстың да жоқтығы Аллаға да аян ақиқат.

... Отыз жыл пәтерден пәтерге көшіп, небір тауқыметті көрген Есенәлі әкімшіліктен сегіз сотық жер участкесі берілгенде баяғыда өліп, сүйегіне қына бітіп ұлгерген әкесі тіріліп келгендей қуанды. «Неге өзгелердікі сияқты он сотық емес» деп дауласарлық дәрмені жоқ еді. Осы жасқа дейін не көрмеді ол. Дым тартқан сызды жертөледе де тұрды. Мұндайда келіншегі Үрбибі көрпе-төсекті таңертеп күн көзіне жайып, кептіріп, кешке балаларының үстіне қалыңдау етіп жабушы еді.

Сонда да сыздың аты сыз екен. Үлкен ұлдары Аманәлі күркілдеп жәтелі күшейгенде Есенәлінің кеудесіне күдік кірді. Асанәлісі де әлжуас еді, денесі күйіп-жанып жиі жатып қалатын. Бірақ, Дмитрий атай осы қоныстанғаны құт

әкелмеген жертөлесін де көп көрді. Бірде Есенәлі ауылдастарын ертіп келіп аядай бөлмесіне түнеткен. Ағайындар бас қосқан соң онсыз болады ма, тұні бойы өткен-кеткен-нен сыр ақтарды. Дастанханға көкмойындар шүпірлеп келгенде күңгірт бөлмеге сәулелі бір сиқыр ілесе кірген.

Дмитрий атай осы думанды көтере алмады. Онсыз да екі баласын көпсініп жүрген оған сол тұнгі у-шу жеткілікті еді. Ертесіне-ақ екі-үш көрпе-төсегін арқалатып жертөледен қызып шыққан.

Есенәлі күні бойы зыр жүгіріп, шаһарды шыр айналып жүріп бір әйелдің тауықкепесін зорға тауып келді. Маша апайдың талпақ танау асырайтыны-ақ қызын болды. Бір жексүрын сасық иіс көрпелерінен өтіп ішкиімдеріне сіңісе бастағанда курсас досы Дәурен келіп қалып бүл тозақтан алып шықты. Сондағысы Иван атайдың итарқасы еді. Мұнда да береке тапқан жоқ. Дымқыл бөлмеден екі баласының көзі әңгел-шеңгел болып оянуши еді. Балаларына сұық тигізіп алушан қаймыққан әке мұнда қалуды хош көрмедин.

Енді санап отырса қалақтай ғана қалада бүл тұрмаған шағын аудан қалмапты. Сондықтан ғой, оның «бүл қалада мен білмейтін қуыс жоқ» деп кергитіні. Есенәліге із кесушілік кәсіп бермеген. Бергенде бар ғой, ол осы қаладағы номері бірінші ізкесуші болып шығар еді. Әрі-беріден соң Есенәлі қай аулада қанша қаңғыбас ит, мысық барына дейін жатқа біледі. Бірақ, бүл білгенінің пайдасын да, зиянын да көрмедин.

Сегіз сотық жер участкесі Есенәліге кең жайлаудай көрінді. Міне, мына жерге даңғырлатып үй салады. Мына жерге сарай тұрғызады. Ана ашық алаңқай көкөніс үшін қалдырылды. Аздап жеміс ағаштарын отырғызуға да болады.

Сол күннен бастап Есенәлі жұмысынан шыға салып, жер участкесіне асығатынды шығарды. Тамағынан, пәтерақыдан жырымдап жинаған тыын-тебен тығынға да татымады. Не істеу керек? Қашанғы біреудің босағасында жүреді?

Ағайыннан жылу жинау – ұят. Есенәлі әрі ойланып, бері ойланып өзі құрылыптас жұмысшылардың жасап жүрген тірлігін қайтала маққа бекінді. Мұнысы – ұрлық еді. Күнде жұмыстан қайтарда қолына іліккенді ала кетеді. Бірақ мұнда «сен ұрлық істеп жүрсің» деген бір пенде табылса-шы. Тіптен, жұмысшылар үйлеріне қайтарда әлденені ар-қалап кетуі парыз сияқты. Бәлкім, басшылар қолдарында түгі жоқ бейшаралардың басшана салып алуын осылай қолдайтын да шығар.

Біраз құрылыс материалының басы қарайғанда Есенәлі іске кірісті. Жер участкесі қалаға қарағанмен, екі ортасы қозыкөш жер еді. Су болса да жоқ. Жарық түсіне де кірмейді. Он-он бес шақырым жерден шелекпен су тасиды. Кешке топыраққа су сіңіріп кетіп, ертесіне қыш құяды. Мойындарын тырнадай созып жүріп денесінде қырым еті жоқ тыриған екі ұлы – Аманәлі мен Асанәлі әкелеріне көмектесіп қыш құйысады. Үрбібі алыстан су тасып, бұлардың тамағын әзірлейді. Қас қарай жетілік шамның жарығымен күркедегі төртеу кешкі тамақтарын ішеді. Таңтертең қолы күс-күс болған әкелі-балалар қалаға қарай жаяу-жалпы сүретіліп кетіп бара жатады.

Осы бір азапты да қыын күндер үш-төрт жылға созылды. Есенәлі қоныс тойын тойлағанда үйге электр жарығы әлі кірген жоқ еді. Шағын аулаға сол күні ғарыштан шұғылалы сәуле түсіп түрғандай сезінген. Ошақтағы, самаурыннан шыққан от жүректерге жылу дарытты. Ұзакқа созылған той-думанның соңы әуезді әнге ұласып, жұрт қызыл күренденіп қызған шақта Есенәлі мен Үрбібі ортаға шығып дөңгелене биледі.

Іә, бұл көптен күткен қуанышты күн еді. Бақыттың баспалдағы еді.

Жаңа үйге және өздерінің көптен армандаған басыбайлы баспаналарына кірген күннен Есенәлі мен Үрбібінің екі баладан соң қайтадан бал айы басталып кеп берсін! Енді жұптынылау болса да екі ұлдың өз бөлмелері бар. Есенәлі мен Үрбібі ерлі-зайыптылық ғұмырын қайта баста-

ған. Оңаша бөлме. Ыстық қауышулар. Үрбібі де күйеуінің жұмыстан оралар сәтін аңсап тұратында. Кешкі астан соң-ақ екі ұл сабактарын пысықтамаққа өз бөлмелеріне кіріп кетеді. Осы ынтық көңіл, ыстық жүрек сұымаса екен деп тілейді екеуі де. Алдағы күндер жөнінде ой жүгіртіп, ұзақ шүйіркелеседі. Шашырап тұскен бір шоғыр ауылдың үстінде қорғалақтап кеш туған ай қалықтайды. Жапан тұздегі жарықсыз ауылға сәуле шашып, тұн қараңғысын сүйилта бастайды. Жоғары көтерілген сайын сәулесі де молайып, қаланың айқай-- шуынан тысқары, жапан да-лаға шашау-шашау тұскен үлкенді-кішілі үйлерге рақым жаудырғандай болады. Есенәлі мен Үрбібі осы рақым-нұрдан мол қарпып қалғысы келеді. Көптен уысқа түспеген Алланың рақымына шөліркеп те қалған еді.

Осы бір ләzzатты күндер мен тұндердің шапағатындағ өмірге таңшолпандай қыз келді. Аманәлі мен Есенәлі қа-рындасты болды. Жыртық үйдің де жарылқаушысы бар. Олардың күн артынан күн аунаған сайын тұрмыстары да түзеліп, тутіндері қою шыға бастады.

Қазақ не айтса да қадап айтады. «Ескі көшеде ежелгі көршілер тұрады». Қалай дәл айтқан десеңізші. Біреуі күр-ке, екіншісі палатка тігіп, әлі келгендері киіз үй тұрғызып, қалт-құлт етіп жүріп баспаналы болғандар бір әuletten өрбіген өрен-жаарандардай тату. Бірінің қуанышына бірі ортақтасып жүру үйреншікті үрдістеріне айналған. Келін-дер қай үйде жиын болса сол үйде білегін түрініп жіберіп, қызметке араласып кете беруші еді. Кейде абысын-ажын-дар бас қосып, берекесіз қысыр кеңес құратын. Олар мұ-нысын «гәп» деп атайды. «Гәп жейміз» деп те қоятындары бар. «Гәбін» жеп қойса онысы мардымсыз, татымсыз әл-дене болғаны ғой. Әйелдердің сөзін құлағына қыстырмай-тын Есенәлі «гәп» дегеннің өзі өзбек ағайындардың сөзі екенін біледі. Демек, қысыр әңгімеге жиналады ғой. Сол қысыр әңгіменің үстінде ішіп-жеп, ән салып, көңіл шіркін-ді бір демдеп қайтады.

Әйел атаулы «гәпtetіп» жүргенде еркектер де құрала-қан қалмайды. Олардың карта деген ермегі бар. Көбінесе

«күліс» ойнайды. Қағаз шимайлап, әр ойын сайын ұтыс жазып отыратын преферанс дегенге мойын жар бермейді. Әрі-беріден соң оған есеп те керек. Әр ойын сайын ұтыс алатын «күліс» тиімді-ақ. Мұндайда ұтқан да, ұтылған да ашы судан ұрттап, құнжандап қалады.

Есенәлінің есіне алыс қалған балалық шағы түсті. Ол кезде ауылдағылардың ынтымағы ыдырамаған, асты бір қазаннан ішеді. Бір әuletten тараған ағайынды бес-алты үй бар еді. Сол бес-алты үйдің бірі кешке қазан көтереді. Үлкендер өткен-кеткенді қаузап әңгіме тиегін ағытады, балалар ханталапай ойнайды. Күніге бір ошақтың басына жиналатындықтан ба, балалар өзара тату болды. Мектептегі еркешора, қарадай қағынып жүретін тентектер бүларды басына алмады. Тіпті, кейбір есерсоқтар бүлардың ығын ала сөйлейді. «Бұрынғының адамдары ауызбіршіліктің қадірін жақсы білген ғой» деп түйді Есенәлі.

Сол ауызбіршілікті жарқын өмірінің жартысын жер-төледе, тауықкепеде, сыз едендерде өткірген тағдырлас мұңлықтардан қайта тапты. Әр төбенің басында қарайтып үй түрғызғандар уақыт өте бір қауым елге айналып келе жатты.

«Әп-әдемі ән еді, пұшық келіп қор етті» демекші, әп-әдемі, ынтымақ-бірлігі жарасқан ауыл еді, жекешелендіру деген жалмауыз бүл төңіректі де жайпап өтті.

Тоқырау деген тобанаяқ жылдар тасбақадай баяу жылжыды. Қала іргесіндегі шағын ауданның кедей-кепшігі бүл сынақтан да әупіріммен өтіп еді. Қалт-құлт тірлік кейін шегінді. Нарық деген «жарық кемеге» мінгескендер тышқаншалап тапқан-таянғанын ініне таси беруді менгерген.

Осы кезде ғой, Есенәлі үйінің оң жағындағы бос жатқан екі участкені әлдекім әлдеқандай жолмен сатып алды. Арада ай аунады ма, жоқ па, іргелес үйдің иесі қала орталығына суыт көшті. Үш үйдің жерін иемденген шойын қара көп ұзамай техниканы қаптатты да жіберді. Құтты бір зауыт салып жатқан кешегі коммунистік отряд сияқты.

Есенәліден тыныштық кетті. Үй іргесі дүрс-дүрс етеді де жатады. Құрылышылары шаршау дегенді білмейді-ау шамасы, түнде де дүрсілдетеді де жатады.

Есенәлі түні бойы дөңбекшіп шықты. Үрбибі бүйі тиғен түйедей ыңырысып жатқан күйеуіне қорқақтай қарады. Айран әкеліп ұсынып еді, күйеуі шай сұрады.

Таңертең көзі кіртиіп отырған күйеуіне қараған Үрбибі:

- Көршілер зауыт салып жатыр ма? - деп сұрады.
- Ит біліп пе? - деп Есенәлі шарт ете қалды.

Әншейінде үстінен түйе өтсе де мыңқ етпейтін күйеуінің мына томырысық мінезіне Үрбибі келін болып түскелі алғаш таңырқап еді.

- Неғып тұрсың? Шайынды әкелмейсің бе ?- деді Есенәлі шегір көзін ежірейтіп.

«Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» демекші, дәл іргеден шыққан дүмпу мұның жүйесін жүқартайын деген екен» деп Үрбибі ой қорытты. Қатын ашуланса қазан қайнатады. Үрбибі жоқ жерден әкіреңдеген күйеуіне томсырайып жүріп таңғы асын дайындауды.

Шай үстінде Есенәлі оқыс жадырады.

- Мына көрші дәу де болса зауыт салып жатыр. Бір жолыққанда сұрамасам ба? - деп кесесін шыырды.

«Көрші зауыт салса, бір баламды жұмысқа орналастырып қоймаймын ба? Өзіме күзетшілік те жарап қалар» деген ішкі ойын бүгіп қалды.

Бесіндіде Есенәлі көне көршілерін жинап, күңкіл-шүңкіл сөйлесіп отырды. Үй іргесін дүрсілдетіп күндіз-түні тыным таппайтын көршімен келісімге келу керек пе, жоқ па? «Күштінің дүмі диірмен тартпақ». Мынадай алышпен тайталасу бекершілік. Не іstemек ләзім?

Ежелгі көршілер елп ете қойған жоқ. Онсыз да өз ауыртпалықтары аз емес олардан кісіге берер ақыл қайдан шықсың? Көршілердің отырып-отырып тапқан ақылы картада ойнау болды. Есенәлі «сенген қойым сен болсаң?» деп жерге түкірді.

Демалыс күні еді. Іргедегі дүрсілден құлақ тұнады. Асанәлі шыдамады білем, тысқа жугіре шықты. Жаңа көршінің ауласында қарулы күзет түр екен.

- Айдың, күннің аманында сендерді жау ала ма? - деп күзетшілерге тиісті.

- Бала! Аулақ жүр! Іс насырға шабады, - деді күзетшілердің бірі.

- Іс онсыз да насырға шауып үлгерген. Тыныштық бересіндер ме, жоқ па? - деп Асанәлі айбаттанды.

- Шіренген сен кімсің-ей? - деді күзетшілердің бірі.

- Мына үйдің иесімін. Көршімін!

- Осыны да үй деп тұрсың ба? Үй деп мына біздің қожайынның баспанасын айт. Әлі көресің, бұл жерде үш қабатты сарай салынады. Сенің үйін, оның алдында тауықке-педей мыжырайып тұратын болады, - деді күзетшілердің алпамассы.

Қарашадай бала намыстан жиырылып кете жаздады. Бұғанасы қатпай жатып қолы күс-күс болып қыш қүйған, құрылыс бүйімдарын тасыған азапты күндері есіне түсті. Жаратқан біреуге үйіп-төгіп бақ береді. Енді біреуді тақыр кедей етіп сорлатып қояды. Күзетшісінің өзін күпіндіріп қойған құдірет-ай десенші. Асанәлі қатты ызаланды. Қызыл шырайлы өңінің қаны қашып, тұтігіп кетті.

Көзі жасаурап, түсі бұзылып келген ұлын көріп Есенәлі шаптықты.

- Осыдан әулие болсаң да жағынды сындырмасам ба? - деп өмірінде жасап көрмеген сотқарлыққа бел буды.

«Осыдан Құдай болсаң да» деп айтпақ еді. Жаратушыға келгенде тілі күрмелді. Ашу-ызасы басылғанда парасаттың пайымына жүгінді. Есіне «Құм жиылып тас болмайды» деген мақал түсті. Өңшең кедей-кепшік, жарлы-жақыбай жиналып бас бола алмаймыз-ау» деп бір қойды. Сөйтіп сабасына түсті.

Күндердің күнінде күзетшілердің бірі келіп есік қақты.

- Қожайын шақырады, - деді аттан түскендей дүңк етіп. Амандық-саулық жоқ.

- Е, қожайын болса, саған қожайын. Оның маған әмірі жүрмейді. Бар, көкем! Есікті сыртынан жап! - деп Есенәлі қырланды.

Өз үйінде отырып өзгені басындырғысы келмеді. Мықты болса аспандағы Айды төбесінен тастап-ақ жіберсін. О, несі-ей, әй-шай жоқ адыраңдал, жетіп келіп «қожайын шақырады» деуің. Е, немене онысы Құдай ма еken? Бар болса, бай болса өзіңе! Қазіргі мына алмағайып аласапыран заманда екінің бірі үры! Екінің бірі жемқор! Қулықпен, сүмдықпен еселеп байып жатқандар қаншама! Көп болса солардың бірі шығар. Бірақ, солай еken деп Есенәлі өзін өзгенің басынғанына өлсе жол берер ме? Есенәлі усойқы уақыттың ахуалын жете аңғармаса да замана екпінін өзінше топшылайтын.

Осы оймен көңілін демдеп, Есенәлі есік алдында кекіріп отырды. «Өз үйі – өлең төсегі» көзіне ыстық көрінді. Осы үйдің іргетасын қалағанда Үрбібі бұраңбел келіншек еді. Белі майысып, әдемі шаштары желбіреп, бота көздері мөлдіреп бейнетті жұмыстың бір шетінде жүретін. Жеке шаңырақ болу бақыты екеуін талай тұндерде ыстық қауыштырып еді-ау. Зымырап бара жатқан уақыт-ай десенші. Сол сұлу келіншек бүгінде сарықарын әйелге айналыпты. Дегенмен «сырлы аяқтың сырьы кетсе де сыны кетпейді». «Біздің әйел әлі қыздай. Қарашы, екі бетінің қаны тамып тұр» деп мұртын ширатты. Іле осы ойы оқыс ашылып қалғандай жан-жағына ұрлана қарады.

Қосағының көңіл-хош халіне сүйсінді. Әлден соң қасына келіп отырды. Үрбикенің жон арқасында баяғы білектей бұрым сабалақ аттың жүніндей селдір күйде шұбатылып жатыр. Ол Үрбикенің белінен құшақтады.

- Жігіт шағын есіңе түсіп отыр ма? Балалардан үялсаншы! - деп Үрбібі назданды.

- Мен әлі де жігітпін! Кешке қара терге түсірмесем бе? - деп үй иесі қырланды.

- Ата сақалы аузыны тұскенде айтып отырғанын қара! - деп Үрбібі орынынан тұрып кетті.

Отбасында сөз салғыласуды артық көрген Есенәлі қордағы үш-төрт тұяғына қарай бұрылды. Күйбендең ұзақ жүрді. Ойына балалық кезі, таңертең ерте тұрып қозылақ бағатын күндөрі түсті. Енді қарап отырса, көзін тырнап ашқалы өмірі ауыр бейнетпен өтіп келеді екен. Көштен қалғанмен, аштан өлмелепті. Білегі талғанда айырға сүйеніп тұрып «бейнетті көп көрдім, еш болмаса балаларымның бірі қызметке орналасса айым жарқырап оқымнан тумай ма?» деп ойлап тұрды. Артынша қолының қысқалығына үстемелеп өкінді.

Осы өкініш оның күйікті кеудесін кешке дейін босатпады. Жұрт сияқты еңде тіктеп еркін жүре алмағанына налыды. Кешкі асты да қорғаншақтай отырып тартына жеді. Үрбибі үйректей үрпіп отырған күйеуіне қарады.

- Ауырып қалғаннан саусың ба?
- Қайдағыны қайдан шығарып отырсың?
- Екі иығын салбырап түсіп кетіпті ғой.
- Қораның қыын ойғаннан шығар.
- Білмеймін, соңғы кезде тіптен бойкүйе зденіп баrasың.

Әйелмен сөз таластырып оқбайтынын білетін Есенәлі кесесін төңкеріп, орыннан тұрып кетті. Сол бойы ерте жатып қалды.

Бүркеніп жатып Есенәлінің әлденеге іші елжіреді. Үкілі үмітінің балдай өкініші өң бойын еріксіз құрсап алды. Сол бойы көзі ілініп кетті.

Шалқыған шаттығының шырқын үй іргесіндегі дүбір бұзады деп ойлапты ма? Күннен күнге биіктеп бара жатқан қабырғаларға қарап отырып өзінен-өзі күйінетін әдет тапты.

Күткен күмән-күдік көп тостырмады. Арада екі-үш күн өткенде дарбазасының алдына дәулігі пілдей автокөлік келіп тұмсық тіреді. Нән көліктен нарттай жуан түсті. Кеспектей дene көлденендей берді. Әлгі жуаның қатулы қабағында шаршаумен қатар әлдекімге кейісі бар. Талай сарқынды сүмды білемін деп ойлайтын Есенәлі күтпеген қонағының алдында морып қалды.

Қонақ ілездे қырық құбылды.

Аулада жүрген тауықтың балапанын іліп алғып жөнетін немесе жайған құртты ала қашатын кезқүйрық сықылды мойнын ішіне тартып тымырайып тұрған жуан Есенәліге ұнай қойған жоқ. Ішінен тақыс есебі арылмайтын біреу-ау деп тағы ойлап қойды. Итініп келіп сәлемдескенінің өзіне айқаптағы жыны қозды. Оның мұп-мұләйім тұрысының тасасында бықсыма арамдық атой салып тұрғанын үй иесі әлдеқандай түйсікпен сезді. Қонақ қырғы мекеменің сайыпқырындарында сақтыққа көшкен секілді.

- Бақа!

Есенәлі селк ете қалды. Бақасы несі! Әлде мұны құрбақасың деп келемеждең тұр ма? Апалақтап қалған Есенәлі қонағына қарап еді ол үкікөзденіп қос қолын ұсынып тұр екен. Үй иесінің күс-күс қолы қонақтың алпамсадай алақанына жұтылып көтті. Қолын тартып алғанда Есенәлі жиіркеніп тұрды. Бақаның алақаны суланып тұрады екен.

Күйс үйден құр шығармау қаймана қазақтың ежелгі дәстүрі. Ауладағы божы үстіне дастархан жайылып, шай келтірліді. Бақа – Бақытбектің алыстан орығытып келіп айтқаны осы үйді сатып алғысы келеді екен.

Бұл Есенәлінің күтпеген құқайы еді. Қонағының қалауын естігенде жыландақ жиырылды. Жәркештену деңгенді білмейтін ол әңгімені шорт кесті. Бақа – Бақытбек кеткеннен соң да жүрегі мұздалап, денесі қалтырады. Бұған сақылдаған тісі қосылды. Үрбібі үрпіп қалды. «Жедел жердем» шақырмақ еді, күйеуі тиып таstadtы.

Кешке қарай Есенәлі сүзектен тұрғандай төсегінен сүйретіліп зорға тұрды. Қонақтың қандай құқай тастап кеткеннін білетін Үрбібі жақ ашпады.

Арада біраз күн өткенде жаңа көршінің балалары Аманәлі мен Асанәліні әлекедей жаланып, бәлекеттей айналдырып жүргенін байқады. Қос ұлы көршілерді қанша мақтап келгенімен тоңы жібімей-ақ қойды. Кесір көршісінен қарсы кесек әрекет ете алмай күйзеліске түсті.

«Адам үш күннен соң молаға да үйренеді». «Айналдырған ауру алмай қоймайды». Қазып айтатын қазақтың мақалы қаңғырған оқ емес, нысанаға дөп тиеді. Есенәлі қаншама рет көршіден іргемді аулақ салайын деп тырысқанмен оның адамды жадылап алатын сиқыры бар ма, әйтеуір оған дейін ешқандай кіріптарлығы болмаса да иініне иігендей.

Бірде Бақытбек алып көлігіне отырғызып бұларды қала сыртындағы ауылға әкелген. Олар еңселі үйге түсті. Дарбазаның кілтін Бақытбектің ұлы Бақтияр ашты.

Еңселі үй иесіз сияқты. Ауладағы қасқыриттен басқа тіршілік иесі сезілмеген. Қора-жайы, моншасы, бастырмасы, жаздық асханасы, сөкісі бар бәденді баспана. Ауласында жеміс бағы да бар еken. Олар көп бөлмелі үйді асықпай аралап көрді. Бірқатар бөлмеде көздің жауын алатын жиһаздар жұтынып тұр. Есенәлі «байлығын көрсетіп мақтанбақ па?» деп ойлап үлгерді.

Аулаға шыққанда лапылдан жанған отты көрді. Бақтияр бұлардың келу құрметіне кәуеп пісіріп жатыр еken. Сөкідегі азық-түлікке көз сүрінеді. Бақытбектің кәрі көзді қатаң қабағы жадырады. «Мәзdemсінген неменің тамағын опыра жеп кетейін» деген бір тентек ой келді Есенәліге. Ол тартынған жоқ.

Інір қараңғысында олар кейін қайтты. Есенәлі шөлдеп оянды. Бақытбек көмекшілерінен сыра беріп жіберіпті. Қаңылтыр құтыдағы сыраны ішіп отырған Есенәлі «кедейдің бір тойғаны шала байығаны» деп бір қойды. Артынша «балалар Бақытбектің қарамағына көшсе, біз де ел қатарына ілініп кетерміз» деп өзін-өзі жұбатты.

Арада тағы бірер апта өткенде Бақытбектің қала іргесіндегі үйіне бұлар қайта келген. Бұл жолы ақ борақтай келіншек аяғының ұшымен жүгіріп жүріп қызмет етті. Зәулім үй, кең аула, жайнақ көз келіншек, ас та төк дастархан Есенәлінің енжар көнілін едәуір биікке көтеріп тастады. Ол өзінің көңторғай тіршілік өмір бойы қанағат тұтып келген еді. Бұл жолы көңлі қалауы әлденеге желікті.

Бақытбектің бұқпантайлап айта алмай жүрген сыры осы жолы ашылды. Есенәлі дегенмен бірден лап ете түс-кен жоқ.

Бақытбек осы кең де келісті үйін Есенәлінің бәкене бас-панасына айырбастамақ. Керек десе, сол үйдің барлық ма-териалын бұзып алып кет деп отыр.

Шашы ұзын болғанмен ақылы қысқа әйел мұндайда ту-бегейлі есепке жүйрік келеді.

- Шал-ау, Құдай берді деген осы. Бәлденбей келіс. Пай-дасын кейін айтам, - деді.

Балаларының да басы айналып қалған ба, Бақытбектің осы үйін айналышықтап шықпайды. Есенәлінің шегінерге жері қалмады. Бірде желпініп отырып Үрбібіге айтқан өз сөзіне байланды. «Ана үйге көшіп барсақ, мал ұстағанға жақсы екен. Оның үстіне ана балаларың үйленсе, мына тар бөлмеде қалай сиямыз?» деген. Осы дегені Үрбібінің де миын жеген.

Шағын ауданның бас көтерер бір адамына айналған Есенәлінің табан астында көшетін болғанына көршілері таң қалысты. Бір қошқарды сойып, көрші-қолаңды шақы-рып бата алған Есенәлі едел-жедел көшіп кетті.

Үрбібі болжағандай жаңа қоныс құт әкелді. Бұрынғы ынжық үйқы келмеске кетті. Мал асырап, үй іргелік жерге көкөніс егіп, шаруасын ондап алды. Аздап шыр біте баста-ғанда «оқта-текте қатынның да айтқанын жасап тұру хош болады» деп ой түйеді.

«Қаншама жырғап қалдық» дегенмен, Есенәлінің бойын бір жылғыздық сезім жадыратпай-ақ қойды. Өзін айдала-да жалғыз-жарым жүргендей сезінеді. Адамдарына үйре-не алмай жүр ме, басқа да себебі бар ма, кім білсін, әлі осы ауылдың ешкімімен етене араласа алматы. Қартайғанда қалқыып соқа басы сопайып жалғыз қалғаннан, әңгімелес-сетін етене жақын адам таппағаннан асқан қасірет жоқ екен. Көшіп келгеннен соң бір қой сойып, құдайы ас бер-генде кіріп-шыққан көршілері содан кейін бас сүкқанды қойды. Есенәлінің ұры қауіпі әрсаққа жүгіреді. Бірақ тия-нақ таппайды.

Таңалакеуімде тұс көріпті. Аманәлі мен Есенәлінің сол баяғы буындары қатпаған кездері екен дейді. Әкелі-бала-лы үшеуlep, қыш қүйып жүр екен. Үрбибі қазан-ошақ ба-сында. «Әке, біздің енді өз үйіміз болады» дейді қос ұлы жайраң қағып. Әлден соң бауырларыңдай болып кеткен байырғы көршілері көрінеді. «Есаға, бұл шаңырақта әлі талай той болады» дейді ежелгі қоныстасы Қайсарбек. Сол баяғы уайым-қайғысыз, қуаныш-қызығы мол күндер. Бірін-бірі жатсынбай, еркін араласатын ардакүрен, ақ-а-дал адамдар.

Есенәлі әлдебір баж-бұж дауыстан шошынып оянды. Жаңағы көрген тұсін қимай ұзақ жатты. «Балаларымның маңдай тері сіңген құтты құшхананы бекер айырбаста-дым. Көрші-қолаңмен шүйіркелесіп әңгіме айтып отыра-тын едім. Үй кең болғанмен, көңіл тар» деп өкінді. Есіне баяғыда қайтыс болып сүйегіне әлдеқашан қына бітіп кеткен шешесінің: «Текемет сатсаң көршіце сат. Көршіце барғанда сол текеметтің бір шетіне өзің отырасың» дегені түсті. Қай-қайдағын есіне тұсіп ебіл-дебілі шығып жұбан-бастан ұзақ жылады.

Содан бері Есенәлінің көңілі қоңылтықсып, әлдебір асылын жоғалтқандай алаңдаулы күй кешіп келеді.

Сол жоқтың орынын толтыратын таяныш-тіректі кө-ңіл, жұбанышын таппай-ақ қойды.



ЖЕРҰЙЫҚ

(Әңгіме)

- Саған бір қызық көрсетейін бе? - деді сырттан сөйлей кірген Нұрсұлу.

- Тағы қандай қызығың дайын түр еді? - деді Жақсылық әйелінің бірнәрсені қоңырытпаса жүре алмайтынын менәзеп.

- Осы сен де. Мен бірнәрсе айтсам болды, үнемі осылай ауызыма қақпақ қоясың да жүресің, - деп Нұрсұлу шамдағып қалды.

- Өзің бүгін ауыздығыңмен алысып тұрсың ғой. Тағы қандай боран-бұрқасын басталар екен? - деп Жақсылық әйелінің шайпау мінезінен зәрезап болған рай танытты.

Бұл әйел дегендерді түсініп болмайсың, жоқ жерден құйын болып көтеріліп, боран болып екпіндете соғады. Ал, көңілі түссе – көл, одан мейірімді, одан қайырымды, одан қамқор адам таппайсың. Көңілі түспесе – шөл, «өлдім» десең ауызыңа су тамызбайды.

Жақсылық та отының басында жан тыныштығын, алтын бесігінің бейбіт тербелуін, сыйластық пен түсіністікті қалайтындар қатарынан. Долы дауылдың оқыс бас көтеруіне жан-тәнімен қарсы. Арғы жағы белгілі ғой, «мені сүймейсің, біреуің бар» деп көз жасын көлдей етіп төгуімен біtedі.

Тағы да боран басталып кетпесін деген күдік-күмәнмен әйелінің ығын ала сөйлеуге тырысты.

- Сұлуым-ай, Сұлуым! Сенің де таппайтының жоқ. Ол өзі қандай қызық? - деп тартыншақтай сөйледі.

- Айтпаймын. Мен бірнәрсе айтпақ болсам, саған ол түрпідей тиеді. Есіл сөзімді саған қор қылышп қайтемін? - деп Нұрсұлу бұлданды.

- Сұлуым-ай! Бала сияқты тым тез өкпелегішсің-ау. Бүйтіңде берсөң, жүрегінді жарагалап аласың ғой бір күні.

Жақсылықпен отасқалы талай жыл өтсе де осы уақытқа дейін оның сөзінің шыны қайсы, әзілі қайсы екенін Нұрсұлу түсіне алмай-ақ келеді.

- Телевизорыңды көре бер, - деп Нұрсұлу сырт айналды.

Телеарнада Жақсылық көптен бері ермек етіп келе жатқан ұласпалы фильм жүріп жатыр еді. Ол бір жағынан сол киноны да қимаған. Енді міне, жоқ жерден әйелің өкпелеттіп алып отырып.

Жақсылық орнынан қолынан біреу тартқандай болып ықылассыз көтерілді.

Нұрсұлу ауладағы күн түсетін ашық алаңқайға табақ қойып, соған үңгіліп түр екен. Бұл барғанда ол қолындағы екі-үш жұмыртқаны бір-біріне ұрып, қабығың жарды да табаққа быж-быж еткізіп тастай бастады. Жұмыртқаның сары уызы мен ақ сұйығы бырыса көпіріп, дөңгелене түсті де әп-сәтте дайын тамаққа айналды.

- Расында, мынауың қызың екен! - деді Жақсылық әйелің еріксіз мойындан.

Шілде түскелі аптал ыстық тіршілік атаулыны өртеп жіберердей лапылдан түр. Шаңқай түсте ұшқан құстың қанаты күйіп, жерге құлайтынына дау жоқ. Әлдеқандай жұмыспен далага шыға қалсаң, ауа емес, от жұтқандай бола-сың. Сондықтан ең тынышы – салқын үйде шалқадан түсіп жатқанын жақсы. Оның үстіне әлемді тітіркенткен тәж-та-жал (коронавирус) деген індет аждаһардай аран ауызын айқара ашып,, жан-жағындағыларды жалмап, адамдардың есін шығарды емес пе? Аймақта ірі кәсіпкерлердің бірі саналатын Жақсылық та індеттен – бір, ыстықтан – екі қашып, бұрынғыдай ой-қырға шапқылауды қойып, енді үйден ешқайда қия баспайды. Бар ермегі – теледидар, одан қалса қауызға түсіп, шықпай ұзақ жатып алады. Ара-арасында спорт залына кіріп, түрлі жаттығулар жасайды.

Бір жолы ол тағы да қауызда жалғыздан-жалғыз ұзақ шомылды. Ал, Нұрсұлу үш қабатты үйді тазалап шығамын деп-ақ әлек.

Екеуі екі жақта. Күні-түні бір-бірімен жиі ұшыраса бергендіктен бе, шүйіркелесіп айтар әңгіме де қалмаған. Ойда жоқта кездейсоқ кездесе қалса, бірін-бірі қажайды.

Далада күн жер бетін шыжғырып тұр. Үйіргелік баудың іші де қазір қорған болып жарытпайды. Жақсылық қауызда әрі-бері жүзіп келіп, салқын сырадан сылқылдата сімірді.

Нұрсұлу үй қызметшісін ұстамайтын еді. Ана бір жолы сүп-сүйкімді бір бойжеткенді үй қызметшісі етіп жұмысқа қабылдаған. Аузынан сөзді сұрап алатын ұяң ғана бойжеткен болатын. Кейін байқап қалды ғой, оңашалана қалса Жақсылыққа көзімен ішіп-жеп қарап, жанасқысы келеді де тұрады. Екеуінің бұл жоқта не айтатындарын кім білсін, әйтеуір Нұрсұлу бөлмеге кіріп келсе тығылмашақ ойнаған балалардай жым болады да қалады. Осыны құрбысы Айбалаға сыр қылып айтып көріп еді, ол бірден шоршып түсті.

- Ойбай, бәлесінен аулақ! Біздің бір көршіміз де үй қызметшісін алып еді. Өзі де бір сүйріктей сұлу неме скеп. Үйге жылан болып кірген ол ақырында бәйбішені қуып шықты. Сөйтсек, бұл жалмауыз күйеуінің ойнасы еken. Қазір осын-дайлар көбейіп кетті ғой. Жолатпа! - деді көздері алашап-раштанып.

Нұрсұлу тіксініп қалды.

Ертесіне ол Назипаның қолына еңбекақысын ұстатьп, сыпайы ғана шығарып салды. Бұл кезде Жақсылық шаруаларымен Нұр-Сұлтан қаласында жүрген. Ол оралғанда үйде кекселеу әйел қарсы алды. Оны көрген Жақсылық қанын ішіне тартып, сүп-сүр болып тұтығып кетті.

- Эй, неге мелшиіп қалдың? Ойнасынды қимай тұрсың ба? - деп Нұрсұлу шаптықты.

Сөйтіп, ойда-жоқта серінің сыры ашылып қала жаздады. Нұрсұлудың қолындағы хрусталь ыдыс жерге құлап, бытшыт болып қирады. Ұйдыстың жып-жылтыр бөлшектері жан-жағына құбылмалы сәуле шашыратып бытырай жайылды. Әр бөлшекте мөлтілдеген жас бар еді. Кімнің жасы? Мұны қимас сезімнің құшағындағы Жақсылықтан басқасы біле алған жоқ.

Кейінгі үй қызметшісі көнілден шыққан жоқ. Шаршаңқы. Ыбылжып жұмысы маңдымайды. Нұрсұлу өдан да құтылуға асықты.

Нұрсұлу үй жинап жүріп те ой тұңғиғынан шыға алмады. Әншіейінде үйдің бетін көрмейтін күйеуі неге түздегі жұмыстарына асықпайды? Неге бүйіріланып барады? Үйкүшіктеніп ауладан шықпайтыны қалай? Осы оймен ол қауызда жалғыздан-жалғыз шомылып жүрген Жақсылықтың жанына келді.

- Осы сенің қиялында шек жоқ. Ойлау жүйең ғажап. Тағы не ойластырып келдің? - деді Жақсылық судан басын шығарып.

Нұрсұлу қитығып қайтып кеткісі келіп тұрды да, «ақыры келіп қалдым ғой, айтарымды айтып кетейін» деген тоқтамға бекінді.

- Балалар көптен далаға шықпай, ішқұса болып отыр. Не ойлағаның бар? - деп күйеуінен жауап күтті.

- Мұндайда сен алдыңа жан салмаушы едің ғой. Айта бер, - деді Жақсылық әйелінің жоспарсыз журмейтінін еске алып.

- Тауға шығып, өзен жағалап дегендей, демалып қайтсақ қайтеді?

- Дұрыс.

- Ендеше, қай жерге барамыз?

- Шетелден шетел асып, көрмеген, баспаған жерің қалды ма? Маған өкпең жоқ шығар. Енді мына кесірлі коронавирус көріне кірмей шетелге шыға алмаймыз, - деді Жақсылық жабырқап.

- Балаларың ғой, үйге сыймай отырған, - деп Нұрсұлу наздана тіл қатты.

Жақсылықтың бір осал жері – балалары еді.

- Эрине, оларды ойлау керек. Өзімізді де ұмытпайық, - деді Жақсылық кері шегініп бара жатып, -әйтеуір ырыққа көне бастадың-ау. Мен бірнәрсе ойластырайын.

- Ойластыр да түскі тамағына кел, - деді Нұрсұлу жадырап.

Жақсылық қауыздан басын қылтитып, әйелінің сонынан қарады. «Дегенмен өзінің құлын мүшесі бұзылмаған. Бұлт-бұлт ойнап бара жатқан мықынын көрмейсің бе?» деп ойлап қойды.

Жақсылық қауыздан шығып, үстіне оюлы желеңін киді. Аяғына сүйретпесін іліп, тырп-тырп басып асханаға өтті. Бөлмені танау қытықтайдын әдемі бір хош иіс кезіп жүр. Су сергітіп, бойы жеңілдеп қалған үй иесі барқадар бір күй кешіп, рахаттанып отырды. Есіне сонау Американы шарлап өтіп, бүкіл Еуропаны армансыз аралағаны түсті. Соңғы рет Түркияның Кемер қаласында Жерорта теңізінің жағалауындағы бес жүлдyzды қонақүйде тынығып қайтқанды. Үйіне оралған соң кенжесінің қолына оттық ұсташқан. Серіктің көзін орамалмен байлады. Содан кейін алдын ала жайып тастаған дүниежүзілік картаның үстіне оттықты таста деген. Оттық Тайландқа барып түсті.

- Ура! - деп айқайладап жіберіп еді сонда Серік.

Тайландтағы Пхи-Пхи- Ле аралындағы Майя-Бэй жағажайы туралы Жақсылық біршама білетін еді. Леонардо Ди Каприо мен Тилда Свinton осы жұмақ жер туралы «Жағажай» атты фильм түсірген. Осы фильмнен соң жағажай әлемге танымал болды. Шығанақтағы жағажай биік жартастармен қоршалған. Теңіз суы тұнықта таза. Аралда тұнегендер «тыныштықты анық сезіне алдық» десетін. Негізінен бұл аралға тынығушылар қараша мен сәүір айларында келеді. Дәулетті отбасыға жылдың қай мезгілі болса да қолайлы. Оларға қолбайлау боларлық ештеңе жоқ еді. Мына тәж-тажалдың аяққа оралғы болып тұрғанын көрмеймісіз.

- Майя-Бэй жағажайына барамыз! - деді Жақсылық түскі тамақ үстінде керенау кейіпте.

- Бізді ақымақ қылма, - деді Нұрсұлу томсарып, - қай-қайдағыны айтасың. Карантин кезінде қайдағы Тайланд? Қайдағы Майя-Бэй? Айтасың-ау сен де.

- Қара да тұр. Осыдан уәдеде тұрмасам, ит болып кетеңін. Әкел қолды! - деп Жақсылық жан-жағына қоқилана қарады.

Нұрсұлу «осының шыны қайсы, өтірігі қайсы?» деп аңтарылып отыр.

- Ит болмай-ақ қой. Адам болшы! - деді Нұрсұлу сөзіне салмақ сала.

«Мына мыстар қалай-қалай сәйлелейді?» деп Жақсылық ішінен кіді алыш қалды.

Кешкілікте керімсал жел басылып, артынша жанға жайлыш самал соқты. Тырысқан дене жазылып, тұншықкан өкпе кен тыныс ала бастады. Ауа райына тәүелді ауру-сырқауы бар адамдардың жадырай бастаған кезі де осы тұс.

Қала ішінде тіршілік қайта маздады. Біреулер ауласына, екіншісі ғұлдеріне су шашып жүр. Үйіргелік бақшаларын суғаруға кіріскендер де бар. Жаңа ғана төрткүл дүниені отқышағына орап, бір қауыздың ішіне сыйдырып жібере жаздалап түрған алтын алаудың соңғы шапағы Қарататудың ұшар биігіне ілініп, бозамықтанып барып жоғалғалы қала ішінде көнілді шуақ орнықсан. Табиғаттың төл туындысы саналатын адамдардың анасына тартып туғанына шұбә жок; бірде борандатып, бірде дауылдатып, енді бірде жауынданып, тағы бір әзірде шуағын шашып, жайдарыланып тұрады. Өмір бәлкім құбылмалығымен де қымбат шығар-ау.

Жаңа ғана жұбайынан бір де нөл болып жеңілген Жақсылық гараждан нән көлігін алыш шықты. Улкен сарайдан демалысқа шыққанда керек болатын заттар мен бүйімдарды біртінде шығарып, қағып-сілкіп тазалап, көлігінің тіркемесіне тией бастады. Мұны манадан бері сырттай бакылап түрған Нұрсұлу күйеуін сұрақтың астына алды.

- Ойбай-ау, екі кештің арасында қайда барамыз? Тайландқа о заман да бұ заман адам машинамен жете алар ма? Жолда талай теңіз, мұхит бар, оны қалай кешіп өтесің? - деп сұрақты төпелеген Нұрсұлу тыржылып тұрды.

- Шүрқ етпе, бәйбіше! Тап бүгін жүріп кеткелі түрған кім бар? Жинал. Таңертең күн шықпай жүріп кетуіміз керек. Екі-үш күнге жетерлік жол азығындағы әзірле. Қалғанын ертең түсінесің, - деп Жақсылық жанықтырып бақты.

Ештеңенің байыбына бармаған Нұрсұлу:

- Ақымақсың! Ақымақ демей не дейін сені Жақсылық! - деп үйге кіріп кетті.

Таң алакеуімде жолға шығып кеткен олар күн қызбай тұрып Дарбазаға жетіп алды. Қазақ ат қоюға келгенде шебер-ақ. Дарбаза Алатауға кіретін қақпа секілді: тауды құдіретті бір құш қолдан қашап, ойып жасағандай. Сондықтан да бұл жерді жергілікті тұрғындар Дарбаза дейді. Барша жұртқа да осы атауымен таныс. Қақпа десе де болар еді, кім білсін, бабаларымыздың ауызына әуелі осы сез түскен шығар. Қырғыз Алатауы сілімдерінен басталып, жол-жөнекей мындаған жылға, бұлақтарды қосып алатын Балдыберек өзені осы Дарбаза арқылы өтіп, кең далаға шығып, көсіле ағады. Дарбазадан ішке қарай өтіп, өрлей берсеңіз, табиғат тамашалары сізді алға сүйрей береді. Жарқабақтың екі қапталы жалаңаш, жылтыр құз. Табанында Балдыберек өзені долданып, буырқанып, көбігін шашып гүрілдеп ағып жатыр. Аспанға қарай алмайсыз: құз-жартастар төбеңнен құлап келе жатқандай көрінеді.

Құлыпсыз құштарлық пен тойымсыз тілек алға қарай сүйрей береді. Сәлден кейін биіктен еңіске қарай қатты екпінмен бақырып, улап-шулап, жолындағысының барлығын жайпап, долдана ағып жатқан Бақырауық өзені кездеседі. Құдая тоба! Оның бақырганы құдды бір адамның дауысынан аусашы. Өзеннің неге Бақырауық атанғанын осыдан соң түсіне беріңіз.

Сұқсыр сұлуулық серуендеушілерді тағы да алға сүйреген. Тау бірте-бірте жайдақтала берді де қарсы алдарынан жазық алаңқай жарқетіп шыға келді. Осы алаңқайды жолаушыдан түсіп қалған жалғыз моншақтай жалт-жұлт еткен шағын көл жатыр. Бұл- Көлжайлау! Көлжайлау қысы-жазы көкпеңбек болып жатады. Тұнық табиғатты арша, қайың, терек, қара ағаш, долана, үшқат, шетен, тобылғы сияқты есімдіктер жасандыра түскен.

- Майя-Бэй жағажайынан несі кем? Турция, Тайландтағы теңізден, табиғаттан осы жеріміз артық емес пе? - деп Жақсылық желпінді.

- Бұрын неге осы жерге келмегенбіз?- деп сұрады жан-жағындағы сұлулыққа көзін суарып, мейірін қандыра алмай келе жатқан Берік.

Айналасына таңырқай қарап түрған оған әкесі:

- Келесі жолы Тәңіртауға барамыз. Осындағы Қектерек әулиенің биғіндеге «Пайғамбарымыздың ізі қалған» делінештін тас бар. Соны көріп қайтамыз, - деп жаңа жоспарын жария етті.

Не дейсің, бұл бір керемет демалыс болды. Ағалы-інілі Берік пен Серік, қарындасты Сәуле көсіліп жатқан көркем көріністерге тамсанумен жүрді. Сол күні олар палатка ішінде түнеді. Ертесіне де қалғылары келіп еді, Жақсылықтың жұмысы шығып, амалсыз кері қайтты.

Келесі сенбі, жексенбіде олар Тәңіртауға тартып кетті. Жалпақ тастың бетінде адамның ізі айқын көрініп жатыр. Осы Тәңіртау сілемдерін жағалап жүре берсеңіз Бикелді әулие қабірханасы кездеседі. Кемербастау бұлағының маңында «Пайғамбардың ізі» деген және бір тас бар. Осындағы тас Үрбұлақ тауынан да кездеседі. Азаттық ауылындағы Түркібасы әулиеге зиярат жасаушылар үзілмейді екен.

Машат, Біркөлік, Қасқасу демалыс орындарын түгелдеп болғаннан соң Жақсылық атының басын Қазығұрт тауына бұрған. Ақбура ата кесенесі жанындағы зияратжайға келіп тізгін тартты. Жер астынан буырқанып шығып жатқан бұлақ көзінен су ішті. Ақбура ата кесенесіне келіп, зиярат етті. Мұнан соң жұбайы мен балаларын бастап Нұх пайғамбардың кемесі қайырлаған делінетін Кеме Қалған биғіне өрлеп бара жатты.

Алып кеменің тұмсығы тірелген тау шыңы, Үңгір әулие, Тесіктас, Нұх пайғамбардың саусақ іздері, бәрі-бәрі олар үшін ғажайып әлем еді. Кеме қалған биғінен етектегі ауылдар алақандағыдай көрінеді.

*Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол әулие болмаса неге қалған?*

Жақсылық ұзақ ойға шомып тұрды.

Нұхтың жасы екі жүз елуге толғанда пайғамбарлық қонды. Ол халықты жеті жүз жыл бойы мұсылмандыққа үнде-ді. Осы жеті жүз жыл ішінде небәрі сексен адам мұсылмандыққа бас иді. Осыған налыған Нұх пайғамбар Жаратушыға жалбарынды. Алла оның тілегін қабыл етті. Жебірейіл періштені елші етіп жерге түсірді. Ол жерде топан су басатынын, сондықтан мұсылмандыққа өткен сексен адаммен бірге барлық жануарлар мен өсімдіктерден бір-бір жұптан кемеге отырғызып, әрекет етуді тапсырды. Нұх пайғамбар кеме жасай бастады. Былайғылар «тақыр жерде кеме неге керек?» деп күлді. Раджап айының алғашқы күні кемеге мінгендер алты ай он күн су бетінде жүріп мұхаррам айының оны күні жағаға шығады.

Нұх пайғамбар кемеге барлық жануарлар мен өсімдіктердің дәнін тиегенде шайтанға ғана орын тимей қалды. Бірақ, шайтан шайтан емес пе, кемеге кірудің жолын тапты. Кемеге жануарларды айдал кірерде шайтан есектің құйрығынан ұстап, кері тартып жібермей тұрған. Осыны көрген Нұх пайғамбар:

- Эй, малғұн! Неге тұрсың? Кір кемеге! - деп ашуланды.

Осы сөзді естіген шайтан зып беріл кемеге кіріп кетті. Әлден соң кемедегілерді түгендеп жүрген Нұх пайғамбар шайтанды көріп қалды.

- Сен қайдан жүрсің? Мұнда неге кірдің?

- Өзіңіз ғой, - деді шайтан мың құбылып, -«Кемесі кір, малғұн!» деп менің атымды атадыңыз ғой.

Пайғамбарлар уәжді сөзге қашан да тоқтаған.

Бірақ, шайтан шайтандығын іstemесе жүре алар ма? Ол жүзімнің ұрығын ұрлап алып, жасырып қойды. Нұх пайғамбар кемедегі барлық адамдар мен жануарлардан сұрас-тырғанда ешқайсысы көрмеген, білмеген болып шықты. Пайғамбар соңында шайтаннынан сұрады.

- Жүзімнің ұрығына үш мәрте су құюды маған тапсырса-ныз, тауып беремін, - деді шайтан.

- Жарайды! - деді ұрықтың табылғанын місе тұтқан Нұх.

Кеме Қазығұрт тауының үшар басына барып қайырлады. Жан-жануарлар жайылымдарға жіберілді. Адамдар өсімдік ұрықтарын жерге шашып, ертеңдері үшін жеміс күтті. Осы кезде уәде бойынша шайтан жүзім дәні түскен жерді үш рет суарды. Ол бірінші рет түлкі қанымен, екіншісінде жолбарыстың, үшіншісінде доңыздың қанын пайдаланған еді. Кейін жүзімнен адамдар шарап дайындауды үйренді. Оны ішкен адамдар түлкідей қылмаңдап, өмірінде көрмеген адамдармен ауыз жаласты, тез тіл табысты. Артынан жолбарыс болып жонданып шыға келді. Айбарынан жұрт шошынды. Сөйте тұра жомарттығына ел сүйсінді. Оған енді дүние-мұлік керек болмай қалды. Мұнан соң жолбарыс доңызға айналды. Демнің арасында адамгершілік қасиеттерінен де, жомарттығынан да, қайсарлығынан да, батылдығынан да жүрдай болды.

Қастерлі Қазығұрттың қиясында тұрған Жақсылық мырс етіп күлді. Ойына өзінің кезінде доңыз болып жүрген кездері түскен еді.

- Тағы да есіңе не түсті?- деп сұрады күйеуінің әр әрекетінен секем алатын Нұрсұлу.

- Осы сенің мені андығаннан басқа шаруаң жоқ па?

Жақсылық қитықты. Артынша жадырады.

Ол енді көпті көрген көсемдерше көсліп сөйледі. Елімізде тарихи, мәдени ескерткіштер мен киелі орындардың жүдә көп екеніне, Әзіреті Қаратай әулиелердің кені, қазақтың байтақ даласы тарихтың терең көмбесі екенін айта келіп, дүниежүзі халықтарының аузын ашып, көзін жұмып тамсана тамашалайтын Алтын Адам біздің жерден табылғанына тоқтады. Осы Қазығұрттың етегінің өзінде небір ғажайып орындар бар. Қазығұрт Шыңғыс хан, Әмір Темір дәуірінің талай шайқасына куә. Қытай елшісі біздің жыл санауымыздан бұрынғы 138 жылы Қазығұрттың қырық қатпарлы тарихы мен шежіресіне, киелі орындарына тәнті болып кеткен.

- Қазығұрт – адамзаттың алтын бесігі. Жер бетіндегі барлық адамдар осы тау етегінен өсіп-өніп, кейін көбейе бастаған соң шаруа қамымен жан-жаққа тараған. Қазығұрт-

тіршіліктің қайта тұтануының тірі күәгері, - деп алып Жақсылық бұл жорықтың енді үзілмейтінін, жалғастық таба беретінін айтып бір-ақ тоқтады.

- Сонда шетелдерге шықпаймыз ба? - деп сұрады Сәуле.

- Балам-ау, шетелдерде бізге не бар? Әуелі өз еліміздің киелі, тарихи, мәдени орындарын, көне қалаларын түгел аралап шығуымыз керек. Қөрмеймісің? Қандай ғажап! Осындай тарихы терең киелі орындар қай елде бар? Теңіз керек болса, Атырау мен Ақтауға немесе мына Шардараға тартып кетеміз. Алакөліміз, Қызылкөліміз, Аралымыз, Балқашымыз, Қапшағайымыз, Қайыңды көліміз, Мақпалымыз, Баянауылда Сабындықөліміз, Жасыбай көлі, Торайғыр көлі бар. Қазақстанның кең байтақ даласында біз көрмеген қаншама ғажайып жерлер бар. Біздің Алматы іргесінде Шарын шатқалы сол Гранд-Каньоннан бір мысқал да кем емес. Маңғыстаудағы Бозжыра, Тұзбайыр, Қынкеріш шатқалы, Жамбыл облысындағы Ақыртас, Қекшетаудағы Оқжетпес, Жұмбақтас, Қарқаралыдағы Шайтанкөл, Баянауылдағы Кемпіртас, санап тауыса алмайсың ғой, тегі. Ендігі сапар осы киелі де тарихи орындарға арналады, - деді Жақсылық жұбайы мен ұл-қыздарына қарап.

Сол күні олар Қазығұрт тауының баурайындағы Ақбура ата кесенесі жанындағы зияратхана маңына шатыр тігіп, сонда түнеп шықты.

Таң алакеуімде Жақсылықтың түсіне ақ киімді, ақ сақалды, өзі де аппақ қария кірді.

- Балам, мен Қызыр бабаң боламын. Жерүйікты алыстан іздеме. Жерүйік-туған жерінде, өз елінде!-дейді әлгі жүзінен мейірім төгілген ақсақал.

Жақсылық тау баурайындағы таза ауа әсерінен бе әлде көрген түсінен бе, үйқысынан куанып оянды.

- Мен Жерүйікты таптым! - деді шаттанып.

- Қорқыт бабаң таба алмай кеткен Жерүйікты сен қайдан таба қойдың? - деді Нұрсұлу тағы да тиісе сөйлемесе ішкен асы бойына сіңбейтін әдетіне басып.

Жақсылық оны тындаған жоқ. Әншейінде барымтасына қарымта қайтарып үлгеретін ол бұл жолы үндемей құтылуды құп көрді. Үнемі ду-дудың ортасында жүретін Жақсылық бұл жолы тыныштықты қалады. Өмір соқпақтарында жаңа сүрлеу іздеді. Оны енді ешкім алған бетінен тоқтата алмайды. Жақсылықтың отбасымен кешер өзендері мен теңіздері, жүрер жолдары мен сан сырлы соқпақтары, сүрлеулері әлі алда. Оны туған жерінің Жерүйіғі күтеді.

Қазығүрттың таңғы салқын самалы лекіте соқты. Екі қолтығынан екі адам көтеріп келе жатқандай өзің өте жеңіл де сергек сезінген Жақсылық Кеме Қалған шыңына өрлеп бара жатты.

Не ғыпты сонша, небір пайғамбарлар мен хандар, әмірлер, батырлар, би-болыстар, әулие-әмбиелер, шешендер мен көсемдердің табаны тиғен қасиетті Қазығүрт Жерүйіқтың қайда екенін көрсетіп жібермейді деймісің?! Мүмкін, өзі-ақ тауып берер.

Ол сондықтан да әулиетау ғой...



КЕРМЕК ДӘМ

(Әңгіме)

Түсім бе, өңім бе, ыстық алақан бетімнен, басымнан қауырсының жұмсақ самалындаған леппен сипап өтті. Дәл сол кезде тұмауратып денемді көтере алмай жатқан мен шуақты бір күйге бөленіп, жеңілдеп сала бердім. Іле басыма «бұл кім болды екен?» деген ой келді. Жақындаған бір топ студентті мақта теріміне әкелген. Күн өтіп кетті ме, аяу рапы жақпады ма, кім білсін, басымды көтере алмай құлағам. Боса-болмаса да анашым ауылда қалған. Алыста ажырамас арқасулер кімім бар? Қоңыл иірімдері тереңіне тарта түсті. Басымды жастықтан жұлып алдым.

Бұл – Гүлзада еді!

- Сені ауырып қалды деп естіген соң ...Бүгінге куратордан сұранғам. Саған не әкелгенімді білесің бе? - деді ол маған үяңған тіл қатып.

Оның көзінен де, сезінен де бауырға деген жанашырлық лебі сезіліп тұрды. Өн бойым ысып сала берді.

Гүлзада әкелген түйіншегін аша бастады. Құдай-ау, онда не жоқ дейсіз? Мұның барлығын қайдан алған? Мына дәрілерді қайдан тапқан?

- Басың ауырады ма? Мына дәріні ішіп алшы, жеңілдеп қаласың, - деп бәйек болып отыр.

Ол маған дәрі мен су ұсынды.

Құдайақы, рас айтамын, тұла бойым жеңілдеп сала берді. Жаңаған ішкен дәрі бойыма дарып та үлгермен шығар-ау. Маған күш берген, сенім берген осы бір екі көзі боталаған, жүргегінен ылғи да жылылық есетін Гүлзада еді. Ол қараторының әдемісі. Қос жанары мойылдай қара. Сол мойылдай қара көз елжіремелі күйде қарағанда

тұла бойым өзінен өзі ысып сала береді. Құле сөйлегенде екі бетіне пайда бола кететін шағын шұңқыршалар оның сүйкімін арттыра түседі. Жеңіл де жылдам қозғалатын қыз бойында ерекше бір еркелік бар.

Негізінен ер балаларға арналған бұл жатақханаға қыздардың ешқайсысы бас сүқпайды. Бас сұғу былай тұрсын, маңайламайды да. Батылын қарай гәр, ештеңеден қысылмастан, қымсынбастан Гүлзада жалғыз келіпті. А나мдай аялап, жанашыр болып отырған қызды қалай жақсы көрмейін?!

Бірақ, менің жақсы көруім, іштегі жасырынулы жанартаяым мүлде бөлек еді...

Біздің оқу орынында қыздар құмырсқадай қаптап жүреді. Небір жәудір жанарлы, аршын төс, қыр мұрынды, оймақ ауызды, бота тірсекті үріп ауызға салғандай ажарлы бойжеткендер «мсні неге көрмейсің?» дегендей әрі де, бері де сапырылысып өтуші еді. Бірақ, сол мыңдаған қыздың ішінен менің көзім тек Гүлзадаға ғана байланды.

Айтпақшы, көршілес дала қосынан небір бұраңбел бойжеткендер кешкі ойын-сауыққа келіп, биге араласушы еді. Негізі, қыздар былайғыда бұйығы көрінгендерімен, биге келгенде ашылып, жайрақ қағып шыға келеді ғой. Кешкі биде олардың талайымен кездесесің. Тоқ балтырлы толық қыз, бота тірсек бұраңбел бойжеткен, ақ борықтай сұлу мұсінділер мұнда толып жүр. Құлышадай сұлу мұсінді бойжеткендер саз ырғағымен мың бұрала билегенде сезім шарпылысы шарықтап, көңіл көкдөнені қияға ала қашады. Би алаңы – сұлулық салоны дерсің. Сұлулық жынытығынан көзінді ала алмайсың. Қанша жерден биге келгенде ебедей-сіздеумін деп өзіне-өзі сене алмай тұрғаныңмен, думанды ортаға лап етіп түсіп кеткенінді аңғара да алмайсың.

Міне, осы сұлулық салонында менің көзіме Гүлзададан басқа ешкім түсе қоймады. Гүлзада былай қарасаң, басқа қыздардан асып-артып бара жатқан ештеңесі жок, тәмпіш танау, қараторы қыз. Бойы да аса биік емес. Орта бойлы. Бірақ, неге екенін өзім де білмеймін, Гүлзада десе жүрегім

дүрсілдеп қоя береді. Оны көрмесем, әлденемді жоғалтқандай беймаза күй кешемін.

Тағдыр кейде адамға тосын сый тартулап жатады. Өз қиялыңдағы адаммен ойда жоқта кездейсоқ жолығасың. Қол жетпес армандаі қөрінетін арудың жанында жүргеніңе сенер-сенбесінді білмейсің.

Расында, Гүлзада маған тағдырдың өзі жолықтырған ару еді! Нақ қай күні кездестік, қай күні бір-бірімізге алғаш тіл қатыстық, есімде жоқ. Бірақ, ол маған бұрыннан таныс-білістей жақын еді. Тым жақын болатын. Бәлкім, бізді табыстырған әдебиетке деген махаббатымыз шығар.

Іә, иә бір күні ол кітапханада менің қойын дәптерімдегі шатып-бұтып жазған өлеңсұмақтарымды көріп қалды. Қолына ұстап тұрған дәптерді кері қайтарып ала алмадым. Оның ретін таппадым.

- Өлең жазады екенсің ғой.
- Аздап...
- Ақын екенінді білмеппін.

Мениң бетім ду ете қалды. Өйткені, осы уақытқа дейін мені ешкім ақын деп атамаған еді. Мектеп қабырғасында жүргенімде аудандық газетке мақалаларым шығып, «тілші бала» атанғаным бар. Осы құрметпен мектептегі қабырға газетінің редакторы болып сайланғанмын. Десек те, ешбір газет-журналға бірде-бір өлеңімді жариялата алмағанмын. «Көркемдік қуаты әлсіз екен, үйқастары шымыр емес, ойынды анық жеткізе алмапсың» деген сияқты біртекtes жауаптар келетін. Ерегіссе алған бетінен қайтпайтын бірбеткей балалар болады ғой. Мен де өлең дегенде алған бетімнен қайтпадым. Қаншама ақындардан сын естісем де поэзия әлемінен пырағымды әкете алмай-ақ жүргенмін. Бұдан бөлек, қойын дәптерімде алғашқы махаббатыма арналған өлеңдерім бар емес пе? Гүлзада сол өлеңдерді оқып қоймас па екен?

Гүлзада дәптердің бір-екі бетін аудастырып, бірер шимайымды оқып көрді.

- Санжар, өлеңдерінді әлі де ширата түсуің керек сияқты, - деді тұнжыр томсарып.

Өлеңдерімнің әлі де бір қайнауы ішінде екенін ішім сезуші еди. Газет-журнал қызметкерлерінің хаттары менің өркеудемді өрекпітіп, тулатқанымен, жазуға деген талпынысымды ірке алмаған. Ал, өзіме етene жақын тартып жүрген қыздың тұнжыр күйде айтқан түйіні мені алай-дүлей күйге түсірді. Мен сонда да от-өлеңмен қоштаса алмадым. Өйткені, Гүлзадаға деген сезімімді басқалай жеткізе алмаймын деген нық сенімде едім. Бәлкім, бұдан да тәүірірек өлең жазуыма Гүлзаданың септігі тиіп қалар. «Жігіт қызға ғашық болса, ақын болады» деп білетіндер босқа айтпаған шығар. Ақын бола алмасам да, ақынжанды шығармын. «Мына алмағайып, аласапыран заманда бір таза болса, ақындардың ғана жүрегі таза» дегенді бір кітаптан оқығаным бар. Ал, жүрегі таза болып өту- әр адамның арманы емес пе? Түптеп келгенде жүрегі таза жігітті қыздардың сүймеуі мүмкін емес.

Осы оймен өлеңмен де, Гүлзададан да қоштаса алмадым.

- Әлі-ақ сауығып кетесің, - деді Гүлзада тағы да басымнан сипап.

Алақанының жылы табы басымды шарпып өтіп, жүрегімे нүр болып құйылып жатқандай. Қолын басымнан алмаса екен, осылай отыра берсе екен деп іштей тілеп тұрмын.

- Менің кетуім керек. Түсінесің ғой. Тағы да келемін, - деп ол орнынан тұрды.

Гүлзада мақташылар жатақханасынан шығып бара жатқанда көңілімнің көгіне бұлт қонақтап, жылы жаңбырлар жүзімді жуып жатты. Теріс қарап аунап түсіп, неге екенін білмеймін, ұзақ жыладым. Ауылды, ауылда менің ертерек адам болуымды Алладан жатса да, тұrsa да тілеп отырған, жастайынан жесір қалып, қолынан орамалы кетпеген, көзінің сорасы кеппеген, қайғы-мұңынан арыла алмаған анамды, соңымнан ерген інімді ойладым ба, кім білсін, жұбана алмадым. Бәлкім, Гүлзаданың маған деген бауырмал пейіл-ықыласы жүрегімді елжіреткен болар. Бозшолақ атты бейдауа дүние-ай, адамды мұншалықты мұнға орап, мұнарға малындырып қоярмысың!

Гүлзада уәдесіне берік екен. Ертесіне де, одан кейін де сөмкесіне әлденелерді салып келіп тұрды. Келген сайын мені бауырындай еркелетіп, әкелгендерін ауызыма тық-қыштаумен болады. Осындаі әбектеулерден соң мен шолжан баладай еркелеп, ауырған болып жата бергім келеді. Әлпеш көңіл біреу мелдектетіп мейірім-шапағатын молынан себелеп тұрса деп тілейді. Аялы алақанды сірә, ешкім де жек көрмейді. Мен де барақат тапқан сәттерімнен ажырағым келмейді. Алайда, тепсе темір үзетін жігіттің шамалы самалданғанға шалжиып жатып алғанын кім хош көреді. Кіртиіп қалған көзімде от тұтанып қалғанын көрсек, кураторымыз ендігі еркелігімді артық санады.

Біз мақталықта жолықтық.

- Жұмысқа шығыпсың ғой, - деді Гүлзада қасыма келіп.
- Иә.
- Басыңың ауырғаны қойды ма?
- Сені көрсем, жазылып кетемін.
- Бәлесін қарай гөр өзінің?

Мұны айтқан Гүлзада емес еді. Оның қасында Ақбота бар болатын. Гүлзада екеуіміздің үнемі бірге жүретінімізді билетін ол кейде әзілдеп, кейде әзіл-шыңы аралас екеуімізді үйлендіріп те қояды.

- Қарашы, Гүлзада! Мына Қозы Көрпешің ғашықтықтан үзіліп кеткелі тұр ғой.

Ақботаның мына сезі жаныма жағып барады. Гүлзадаға үрлана қарасам, түк болмағандай жылы жымыып қана тұр екен. Оның байыпты да байсалды жүзінен бауырмалдық мейірім көрдім. Тәтті сезімге пәк көңілдің жауабын таппай, екіудай күйде аласүрдым да қалдым. Әлде мені сүймейді ме? Олай болса неге әурелейді? Осы сауалдардың жауабын таппай, ойқамаулы күйде сергелденді соқпаққа сұнгідім де кеттім. Мениң кірнесіз көңілімді бір түсінсе, Гүлзада түсінуі тиіс деп ойлаушы едім.

Бұл күні де мен терген мақтамның жартысын Гүлзадаға бердім. Неге екенін өзім де білмеймін, ол үнемі алда болса екен деп тілеймін. Оның үлбіреген нәзік саусақтарын аяй-

мын. Мені арқа тұта ма әлде бұрын мақта теріп көрмегендіктен бе, ол үнемі құрбы қыздарынан қалып қоя береді. Соның орнын толтыру үшін тергенімнің жартысын оның қапшиғына саламын.

- Керегі жоқ, керегі жоқ, - деп тартыншақтайды Гүлзада мұндайда шыр-пыр болып.

- Неге? Ақботадан қалып қоясың ғой.

- Мейлі. Қалсам, қалып қояйын. Онда тұрған не бар?

- Үлкен мәселе бар. Сені біреулер ақсаусақ деуі мүмкін.

- Дей берсін. Бұдан былай маған көмектеспе. Жалқау болып қалуым мүмкін.

- Жалқау емессің. Бұрын мақта теріп көрмегендіктен, әлі үйрене алмай жатырсың.

- Дұрыс айтасың. Мен әлі-ақ озат терімші атанамын. Сен бұдан былай маған терген мақтаңды беруші болма.

- Неге?

- Өйткені, біздің бұл жұмысымызға еңбекақы жазылады. Ертең қалаға қайтқанда саған да киім, тамақ керек.

- Керек емес. Жоқ, керек. Мен ауылдан ақша алдырамын. Ал, сенің ауылың алышта. Сондықтан саған ақша көп керек, - деймін оған уәж айтқансып.

Қарап отырсам, ауылдан мол қаржы алдыра қоятындей қандай мықты тірегім бар? Апам болса шашы – сыпырғы, қолы – көсеу болып жүріп кеңшардан болмашы қаржы табады. Оны мен сыптырып әкетсем, інім екеуінің жайы не болады? Қыстық отын керек. Мектепке баратын ініме киім керек. Мұндай керектер біздің үйде толып жатыр. Бірак, мен бұл ойымды Гүлзадаға айтпаймын. Бауыры бүтін, бүйірі тоқ адам болып көрінгім келеді.

Осында келgelі қатарлас жүйекте бірге мақта теріп жүрміз. Жұбымыз жазылмайды. Талай сыр ақтарылды. Соның арасында әкесіз өскенимді, ауылда анам мен інім ғана қалғанын да сөз ретіне қарай айтып қойғанмын. Сонда менің бұл мақтанғаным қай мақтану? Қызы біткеннің бір естігенін оңайлықпен ұмытпайтын сұңғыла болатынын есімнен тарп шығарып алғыптын. Менің бөсіп келе жатқанымды

сезіп Гүлзада нарау тартып қалды. Ернін жымқырып, бір түмен ойға батып кетіпті. Әлден соң ол басын көтерді.

- Санжар, екеуіміз мақта теріп жарысайық, - деді сосын.

Мен оның «бұдан былай терген мақтаңды маған беруші болма» дегенін түсіндім.

Еңкейе-еңкейе бел талды. Мен бір тізерлеп отыра кеттім. Мақтаны сабағынан жалаңаш қолмен жұлғандықтан алақандарым дуылдап ашып барады. Сонда да айналамдағы аппақ әлемге қызыға қараймын. Бәлкім, қасымда Гүлзаданың болуы үшпалы көңіліме желік бітіретін шығар.

Гүлзада иіліп келіп қасыма отырды. Қапшыққа сүйеулі басымды көтеріп, тізесіне қойды. Жылы да жұмсақ бір леп басымды аралап өтті. Өн бойыма тарап бара жатқан жылы ағыс жүріп өткен жолын түгелдей шымырлатып, ток соққандай дірілдетеді. Мұндай серіппелі сәтті бұрын басымнан өткермегендіктен де шығар, буындарым босай бастағандай.

Бауырмал қыздың ойы шөпшекте шығар-ау, ал сол мезette менің құбылмалы қиялым қыырларды шарлап кеткен еді. Бойды балқытқан тәтті шымыр басылмаса еken деп тілеп жаттым. Осынымды сезгендей Гүлзада жылы да жұмсақ алақандарымен шашымды тарай бастады. Мен ішпей-жемей мас болдым. Төрткүл дүние көз алдымда шыр айналып, ғажайып әлемге сұңғіп бара жаттым.

- Кешегі ауырғаныңың салдары шығар, өзің сатқақ ұрғандай жүдеп кетіпсің, - деп қамқорлық танытқан қыз сңкейіп шашымнан иіскеді.

- Шашыңнан күн іісі шығады. Інімді де осылай еркелеңтуші едім. Оның да шашынан күн іісі шығып тұрушу еді. Сағындым өзің, - деп бір қойды.

Менің ішім қылл ете қалды. Осыншалық жақындықты балауса, балғын махаббатыма жауабы шығар деуші едім. Сөйтсем, ол... Жарым көңіл ақсақ сезім қоңылтақсып қалды. Ішіме бір түйін пайда болып, аштыып барады. Көкейіме өксік тығылды. Бірак, қыз тізесінде жатып, жылай алмайды екенсің. «Сүймейді екен. Несіне емексітіп, емінеді»

деген ой санамды әлем-жәлем құйынға айналдырды. Бәлекей бойжеткен түрімнің бұзылып кеткенін лезде аңғарды.

- Санжар, саған не болды? - деп көзіме тік қарады.

- Жай, апамның еске түсіп кеткені, - дедім ішкі арпалысымды бүркемелеп.

- Апаңды сағынып жүр екенсің-ау. Мен де анамды, бауырларымды сағынып жүрмін.

Бір тамшы жас бетіме үзіліп түсті. Мен басымды көтөріп, оның жас жуған бетінен сүйе бердім. Жастың кермек болатынын тұңғыш сонда аңғардым. Гулзада қолымды қаққан жоқ.

Сол күні біз кешке дейін бір-бірімізben жарысып мақта тердік. Бір-бірімізге қарамауға тырыстық. Қарай қалсақ, ішкі сиримызды ашып алатында жасқандық.

Мақтаны таразбанға тапсырып шыққанда күн үясына қонып та үлгерген еді.

Мақталық шетіндегі арықты бойлай жүріп келеміз. Әлден соң көз байланы бастанды. Кібіртек әңгіме көсіле алмады. Менің ішімдегі бітеужараның ұшығы қайтпай-ақ қойды. Сонда да көзге көрінбейтін бір жіп екеуіміздің арамыздағы нәзік байланысты байлап тастағандай босатпады.

Екеуіміз өз ойларымызбен келе жатқанда жапырақтар арасынан бір торғай пыр етіп ұшып шыға келмесі бар ма? Селк ете қалған Гулзада ытқып келіп менің құшағыма кірді де кетті. Япрай, құшағы жанып түрған от екен ғой. Кеудесіндегі көріктей қос алмасы басылып-керілгенде де неміді өртеп жібере жаздады. Әлдебір құштарлық от болып тұтанып, бойымды шымырлатып келе жатты. Мен қызды құшағыма қуып тыққан торғайға риза едім. Тағы бір торғай аяқ астынан пыр етіп ұшып, қыздың құшағымнан босамағанын қалап келемін.

- Ой, қатты қорыққаным-ай!-деді әлден соң алқынып тұрып.

Ол жатақханаға жеткенше менің қолтығымда жүрегімді жылдытып келді. Осы екі арада не сөйлестік, не айтып ақ-

тарылдық, есімде жоқ. Сірә, көптен күткен жұлдызды сәт есімнен тандырған шығар.

Студенттер кешкі тамақтарын ішіп болып, жатақханаға тарай бастаған екен. Асханадан екеуімізге бірдеңе табылды. Алайда, бұл кеште мен ішпей-жемей тоқ едім. Алабұртқан қызы жанарына қарай беруден жалықпадым. Ол да маған түнжыр көзімен жиі қарағыштап, құшағыма тығыла түсті. Бақыттан басым айналды.

Сол сұйымаған сезім сілкіністерімен билеп жатқан жастардың ортасына сұңғідік те кеттік. Кешкі тымық ауада әуелеген әсем әуен делебе қоздырады. Алқын-жұлқын биге араласқан қызы-жігіттер әуен ырғағымен мың құбылып тербеліп жүр. Қарақат көзді қараторы Гүлзада құндыздай құлпырды. Ауызым ашылып қалыпты. Балғын денесі былқ-сылқ етіп ырғақ әуенімен әсем қозғалады. Ол бүгін тым ажарланып кетіп еді.

Курстас досым Нығымет тақап келіп:

- Ау, Санжар, рұқсат ет, сұлуыңмен мен де бір рет билеп келейін, - деді.

- Жоқ, - дедім мен батылданып, -айналаңа қарасаңшы, қызы дегенін толып түр ғой.

Гүлзаданың көзінен ризалық табы сезілді. «Солай ет. Бақытынды оқайлықпен уысынан шығарма» дейтіндей.

Бақкүндес курсастарымның сырттай көбік сөзді сапырып түрғандарын іштей сеземін. Бірақ, құшағымнан сүйіктімді бір сәтке де босатқым жоқ. Дүние шыр айналып, дөңгеленіп өтіп жатты. Бұл кеште мен тек Гүлзадамен ғана биледім. Ол да биге шақырған жігіттердің бірнешеуіне үнсіз қарсылық білдірді. Бұған менің қыбым қанып қалды.

Сол түні біз жатақханадан жырақ кетіп, торғын шымылдықтай таңғы мұнарды бірге қарсы алдық. Құн қуанып оянған баладай күлімдеп түрді.

Мақта терімінен махабbat отын маздатып оралған мен оқуыма алаңсыз кірістім. Қасымда Гүлзада барда, махаббатым барда менің тек жақсы оқуым керек еді. Ана аманатын орындауым керек еді. Гүлзададай гүл реңді келінге ол ғана емес, бүкіл ауыл болып қуанары анық.

Абай атамыз айтып кеткен махаббат қызық, мол жылдарда уақыт шіркін ұршықша зыр айналады екен-ая. Қызығы мен қуанышы, шаттығы мен шуағы мол күндер ақырын-ақырын шегініп, құрғырлардың алыстап кетерін ойлаппсыз ба? Негізі шаттық, қуаныш құшағында жүргендер Уақыт атты ұлы құдіреттің бағасын білмейді. Білгісі де келетін шығар-ая, алайда, болып-толмаққа, білмекке ұмтылған көңіл құсы самрай ұшып, уақыттың зығыршықтай зыр айналып өтіп жатқанын байқамайды екен. Эне-міне дегенше бірінші курсты да бітіріп тастаппсыз.

Адамдар кейде әлдебір асылын, қимас затын жүрек қатпарына жасырады да оқыс есіне түскенде сарылып іздей бастайды. Бірінші курсты бітірген студенттер де осындағы алаңжарлы көңіл-күйде еді. Сынақтарын түгел тапсырып болғандар едел-жедел жиналып, ауылдарына асығыс атташып жатты. Иә, әркімге де кіндік қаны тамған жері ыстық. Отбасына, әке-шешелеріне, бауырларына, құрбы-құрдастарына деген сағыныш та оларды сабырсыздандыра тусты.

Несі бар, үш ай үш күндей болмай өте шығар. Қоңыр күз есік қаққанда еліміздің әр түкпірінен алтын бесік ұямызға қоңыраулатып жетерміз. Сағынысып қауышармыз.

Осы оймен Гүлзадамен күмән-сезіксіз қоштастым. Перронда тұрып мойылдай қара көзіне ұзақ қарадым. Ол да мені бұрынғысынша бетімнен, басымнан сипап, қимастық пен қарап тұрды.

- Апамды сағындым. Ол кісі соғы кезде жиі сырқаттанып қалатын болыпты. Қасында болып қайтайын. Бара салып хат жазамын, - деді дауысы құмыға шығып.

- Шығарып салушылар! Түсіңіздер! Пойыз жүргелі тұр, - деп ескертті жолсерік.

Оның алабұртқан жүзінде қимастық табы алаулап тұрды. «Сүйеді екен ғой, сүйеді!». Біздің қолдарымыз зорға ажырады.

Вагоннан секіріп түскенде жүргегімнің бір бөлшегі Гулзадамен бірге кетіп бара жатқанын сезіндім.

Пойыз қозғалып бара жатты. Мен пойызбен ілесіп едәүір жерге дейін жүгіріп бардым. Терезеден Гүлзаданың қол бұлғап тұрғанын көріп қалдым. Пойыз ауық-ауық ауыр күрсініп ұзай берді. Қолымда қыздың ыстық табы, көз алдымда асыл бейнесі қалып қойды. Көкірегімнен ел көшкендей құлазып келе жаттым. Мына қым-қиғаш тіршілігі құндіз-тұні бір басылмайтын қала ішінде жападан жалғыз қалғандаймын. Көзіме ешкім көрінбеді.

Әлдеқайда асыққанда уақыт шіркіннің тұсаулап қойған аттай кібіртікеп жүрмей қоятыны бар-ау. Маған әр күн бір жылдай баяу жылжыды. Құн сайын ауылдағы байланыс бөлімшесіне барамын. Гүлзаданың сағынышқа толы хаты кешеуілдей берді. Не жағдай болып қалды еken? Анасы аман болса иғі еді. Дүдемалы күйде ішіккен баладай кірнеленіп селқос жүрген құндердің бірінде зарықтырған хат та қолыма тиді. Гүлзаданың өзі келгендей қуанғаным-ай сонда. Хатты ашипас бұрын конвертті иіскең көрдім. Танауыма әдемі бір хош иіс келді. Осы сәт сары жаздың қоңыр самалы дөңгелене соғып, кеудемді уанышпен әлдилегендей жұбаныш таптым. Бірақ бұл жұбаныш ұзаққа бармады. Гүлзада амандығын, анасының әлі де ауырып жатқанын ғана жазып, хатты қысқа қайырыпты. Көңілім қоңылтақсып қалды.

Торығып жүрген тайғанақ құндерімнің бірінде кеңшар бригадирі үйге ізден келді.

- Оу, батыр! Осылай селтендеп жүре бересің бе? Жұмысшылар жетіспей жатыр. Шөпке шық. Ақша табасың. Ертең қалаңа қайтқанда керегіне жарайды. Әлде шешеңнің шырлыры шығып жүріп тапқан бес-он сомын қақшып әкеткелі жүрмісің?

Осы сөз қамшы болып, сол күні-ақ белімді шарт буып, басыма қағаз қалпағымды киіп, қолыма айыр ұстап кеңшардың қауырт науқанына гүмп бердім де кеттім. Сірә, мені сарытап сағыныштан бір сәтке болса да қарбалас жұмыс құтқарған шығар-ау.

Уф! Көптен күткен күн де келіп жетті-ау ақыры. Киімдерімді, жаз бойы жұмыс істеп тапқан ақшамды чемоданыма салып, Шымкентке шұғыл аттандым. Анамның «оқуына әлі біраз күн бар ғой» дегеніне «Жатақханадан орын алуым керек. Өткенде бір сынақтан қарыз болып қалып едім, соны тапсырамын» деп өтірік айттым.

Жатақхана жабырқаулы қарсы алды. Менен басқа бірде-бір студент ауылдарынан оралмапты. Комендант апай: «немене сені біреу ауылдан қуып жіберді ме?» деп күлді. Мейлі, күлсे күле берсін. Менің ішімдегі сағыныш сазын ол қайдан білсін?!

Уақытты босқа өткізбейін деп базарға барып, жаңа киімдер алдым. Мына сыйқыған түрімді көріп Гүлзада куанып қалатын болды. Оған қандай сыйлық алсам еken? Жә, өзіне таңдатпаймын ба? Өз қалауымен алған дүние қымбат емес пе? Оның бір керегіне жарасам, мұның өзі жігіттік парызымының өтеуі болар.

Курстастарым соғыстан қайтқан солдаттардай үздік-создық келе бастады. Қатарымыз көбейген сайын қуаныш еселенді. Алайда, мен үшін Гүлзадасыз қуаныштың ешқандай қадірі жоқ. «Жолаушының кешіккенінен сүйін» деуші еді бұрынғылар. Жарқ ете қалып жүргегімді жарып жіберер ме еken?

Кітапханадан шығып келе жатып ойда-жоқта Ақбота мен соқтығысып қала жаздадым. Оны көріп қуанып кеткеним сонша, сасқалақтап не айтарымды білмедім. Әлден соң біреу санама сыйырлағандай болды.

- Ақбота! Сәлем! Қашан келдің? Гүлзаданы көрдің бе? Одан не хабарың бар?- деп бастырмалата сұрақты жаудырып жатырмын.

Ақбота әлдебір жайсыз хабарды естірттейтіндей тұнжырай қарады. Жүргегім зірк ете қалды. Біраз үнсіздіктен соң:

- Иә, хабарым бар. Ол жазғы каникулда осында келіп, құжаттарын алып кетті. Анасының сырқатына байланысты оқуын Қызылордада жалғастырмак, - деді Ақбота жүзін менен ала қашып.

Әлдекім төбемнен сүйк су құйып жібергендей мелшиіп тұрып қалыптын.

- Мұны маған неге айтпады? Ақбота, неге айтпады?

- Айтты. Саған дәті шыдап арнайы хат жаза алмапты. Маған жазған хатынан саған арнаған жеке парақ шықты. «Сабаққа барғанда өзіне жеке берерсің» депті. Міне, сөмкемде тұр. Оқығам жоқ, - деп ол сөмкесінен төрт бүктеуді хат алып, қолыма ұстадты.

Хаттың бүктеуін жазып, тез оқи бастадым. Қолым дірдір етеді.

«Санжар бауырым!

Саламатсың ба? Апаңның жағдайы қалай? Сағынышыңды басып оралған шығарсың. Мен анамның жағдайына байланысты оқуымды Қызылордада жалғастыратын болдым. Бұған сен ренжімейсің ғой, а. Ренжіме, жсаным!

Мен сені бауырымдай жақсы көремін. Сен менің бауырымсың. Саған қаншама рет айтуда оқталып батылым барып айта алмадым. Мен саған әпке боламын. Сенен үш жас үлкендігім бар. Мұндай жағдайды екеуіміз үйлене алмаймыз ғой. Сен бұл жағдайды бұданда есейіңкірегенінде түсінесің. Түсінесің де мені кешіресің.

Саған шексіз бақыт тілеймін. Менен де көрікті, менен де ақылды қызға жолығатыныңа сенемін. Үйленгенде шақыр. Жарай ма? Алғашқыларың қыз болса атын Гүлзада қоярсың. Мейлі, екінші де бола берсін.

Мен сенің қашан да әпкең болып қаламын!

Кешір, жсаным! Мен сенің балауса, балғын махаббатыңды аялай алмадым. Қорғай да алмаймын. Бірақ, бізге жазылған тағдыр осы.

Бауырым! Қашан да аман бол. Мені ұмытпа!

Сәлеммен әпкең Гүлзада.»

Жүргегім жаншылып, ауа жетпей қалғандай қармандым.
Көзімнен ыршып түскен жасты көрсетпеу үшін жалт бұрылышып, сыйртқа ата жөнелдім.

Неге менің мөлдір махаббатымды түсінбедің? Неге?
Мен сені тіпті он жас үлкен болсаң да жақсы көретін едім
ғой. Жар ететін едім ғой. Екеуіміз бақытты болар едік.

Бір есімді жисам, жатақханада өз орнында жатыр
екенмін. Қашан келдім? Сандалып, сансырап жүрген же-
рімнен кім тауып әкелді? Білмеймін. Жастығым суланып
қалыпты.

Сол күннен бастап делқұлы, булыққан бір лепірме ала-
құйын, беймаза күйге түстім. Сабаққа баруды мұлдем қой-
дым. Қаңғыбастармен бірге арақ ішіп, ара-арасында айық-
тырғышқа да түсіп шықтым. «Өмірінді қор етпе. Элі талай
жақсы қызыға жолығасың. Сабағыңа бар. Анаңың үмітін
ақта» деп Ақбота жалынғандай болып алдыма талай келді.
Илікпедім. Еңсемді жаншып түрған бір күш есер қылығым-
ды қолдады.

- Гүлзаданың мекен-жайын бер. Іздеп барайын, - дедім
бір есімді жиғанымда.

- Ол институттың сыйрттай факультетіне ауысыпты. Қа-
зір анасына қарап отыр екен. Үйінің нақты мекен-жайын
жазбайды. Хатты почтаның «кездесу бұрышы» арқылы жі-
беріпті. Барғаныңмен, таба алмайсың ғой. Сәл шыдай түр-
шы. Тағы бір хаты келіп қалар. Мүмкін мекен-жайын сонда
жазар, - деді Ақбота.

Бірақ, неге екені белгісіз, Гүлзада хатты Ақботаға да
жазбады. Осылай сергелденде жүре берсем, әлденеге ұры-
натынымды анық білдім. Жанашыр курстасстарым да
осыны айтып, ескертумен, сақтандырумен болды. Ойланы
келе академиялық демалыс алыш, облыстық әскери ко-
миссариатқа бардым. Әскерге шақырылған адам жетіспей
жатыр ма, басқадай себебі болды ма, олар менің бұл тала-
бымды жедел қолдады. Әскери-дәрігерлік тексеруден мұ-
дірмей өттім.

Алда ұзақ жол жатты. Мәскеу іргесіндегі Калиниңең по-селкесіндегі әскери бөлімде керзі етікпен жерді аямай теп-кілеп, жауынгерлік ән шырқап, іштегі қайғы-мұнды ұмытуға тырысып бақтым.

Анам қой жүнінен қолғап, носки, жемпір тоқушы еді. Ресейдің қатал да ұзақ қысында маған бұл жақсы қорған болды. «Апа! Маған бұдан басқа ештеңе де керек емес. Мұнда қарнымыз тоқ, уайымымыз жоқ. Мүмкіндік болса бандеролмен кітап, газет-журнал ғана жіберіңіз» деймін ауылға жолдаған сәлем хатында.

Бір күні менің атыма бандерол келді. Бір бума газет-журнал еken. Ішінде аудандық газетке дейін бар. Мұндай қуанбаспын. Ауыл түгел көшіп келгендей сағынышым едәуір басылып қалды. Газет-журналдарды асығыс түгелдей шолып шықтым. Кейін асықпай оқи беремін ғой. Япрай, мына кереметке қараңыз. Облыстық газетке Гүлзаданың «Өмір» атты әңгімесі жарияланыпты. Бұл мен үшін күтпеген жаңалық болды. Оның әдебиетке жақын екенін білгеніммен әңгіме жазатынан хабарсыз екем. Әңгімені еki-үш қайтара оқып шықтым. Құлағыма Гүлзаданың жұмсақ та ерке үні келді.

Әңгіменің соңына «Гүлзада Серікова» деген аты-жөні тұр. Демек, ол оқуын жалғастыру үшін Шымкентке қайтып келген ғой. Қызылордада болса, сол облыстық газетіне әңгімесін жариялатпай ма? Отыра қалып курсастарыма хат жаздым. Менің курсастарымның қайбір ұқыптысы бар еді, зарықтырып барып жауап жазды әутеуір. Бірақ олар Гүлзаданың әңгімесі облыстық газетке жарияланғанынан бейхабар. Гүлзада Шымкенттегі институтқа оралмаған да. Сонда бұл қалай болғаны? Жұмбақ түйінін шеше алмай басым мен-зең болып отырып қалдым.

«Әскерден қайтқан соң редакцияға барып, Гүлзаданың мекен-жайын тауып аламын» деп ойлағам. Уақыт шіркін баяу болса да жылжып, әскерден де босатылдым. Мәскеуден Шымкентке алып лайнермен ұшып келдім. Ертесінен-ақ облыстық газеттің редакциясын іздеп таптым. Әдебиет,

мәдениет және өнер бөлімінің қызметкерлері оқырман қолжазбасын ұзақ сақтамайтындарын айтты. Дегенмен, менің үстімдегі әскери киімді көріп өздерінше ой түйді ме, бір шкафтан қобыраған бір топ қағаз шығарып, алдыма тастай салды.

- Міне, осылардың арасынан табылып қалуы мүмкін, - деді шашы қобыраған журналист жігіт.

Шаңы бүркүраған қағаздарды ұзақ ақтардым. Кенет Гүлзаданың қолтаңбасы көзіме оттай басылды. Маржандай тізілген сұлу әріптер көзіме жылы ұшырап, өзіне тартып барады. Ол редакцияға әңгімесін қолжазба күйінде тапсырыпты. Қолжазбаның бірінші бетіне редакцияға қай күні келгені, қандай нөмірмен тіркелгені жазуы түр. Тіркеу нөміріне қарағанда әңгіме осыдан үш жыл бұрын тіркелген. Демек, Гүлзада ауылына қайтпай түрғанда осы әңгімесін редакцияға өзі әкеліп тапсырған болып шығады.

Екі жыл бойы көкірегімде қоламсадай бықсып жатқан үміт шоғы осылай өшті. Талабым тасқа шабылды. Редакциядан ұнжырғам түсіп дел-сал болып шықтым.

Ендігі ілгергі үміт Қызылорда қаласына арнайы ізден баруғана еді. Еш ойланbastan Қызылорда қаласына тартып кеттім. «Бір білсе, облыстық газет редакциясындағылар билетін шығар. Өйткені, оның мұнда жүріп әңгіме, мақала жазбауы мүмкін емес» деп өз-өзімді алдаусыратып қоямын. Элдеқашан көзден ұшқан жоғым қияндағы қаладан табылардай асықтым. Қырсық қырық ағайынды емес пе, мұндағылар Гүлзада Серікова деген авторды білмейтін болып шықты. Ішім уылжып, беймаза күйге түсіп, өзімді өзім үстай алмадым. Тұмсығы тасқа тиген балықтай есептіреп қалдым.

«Шешінген судан тайынбас». Ендігі бір үмітім осындағы педагогикалық институтта. Одан арғысын пешенемнен көремін де. Шіркін-ай, институттан оның дерегін тапсам ғой. Осындағыларға алыстан орағытып жатпай, келген шаруамның тоқетерін айттым. Сөз арасында осы қызды көптен ізден таба алмай жүргенімді қыстырудым.

- Сені түсініп отырмын. Иә, басындағы бақыт құсын ұстап қалуың керек еді. Оны ұшырып алыпсын. Қыз дегенін қырық қатпарлы, құпиясы құндақтаулы болады. Осы уақытқа дейін сені күтіп жүрсе жақсы, - деп құжат қарап жатқан апай қөңіліме күдік үялатты.

Ұры қөңіл босқа алаңдамапты. Серікова деген студент қыз сырттай оқытатын факультеттен табылмады. Өмірде түрлі жағдайлар бола береді ғой, бәлкім ол мұнда келген соң мамандығын ауыстырды ма екен?

Тұысым жоқ, танысым жоқ қалада ұзақ жүре алмадым. Салым суға кетіп кері қайттым. Көңілім мұндай құлазымас. Жол-жөнекей менің жадап-жүдеген түрімді көрген жолаушылар «мынау безгек ауруына ұшыраған-ау» деп шошынды. Үміті біржола үзілген жанның қайғысы қара тастан да ауыр болатынын олар қайдан білсін! Мен сол қайғының ашы дәмін татып келемін.

Үйге келгеннен соң әскери альбомымның ішіне жапсырулы түрған Гүлзаданың әңгімесін қайта оқып шықтым. «Қайғы да, қуаныш та, дәурен де өтеді, тек өкініш қана қалады» деп жазыпты ол әңгімесінің бір оралымында. Мен де жүрегімді ашып көрсем, өзегімде өксікті өкініш қана қалыпты. Қай тағамның да тұzsыз дәмі кірмейтіні тәрізді өмірдің керуен-көшінде тіршіліктің де кермек дәмсіз мән-мағынасы, құны болмайды екен ғой. Иә, бақыт дегенің көшпелі бүлт па дерсіз, нөсерлетін жауынын төгіп өте шығады. Мені үзілген үміттің балдай өкініші әлдиледі.

Альбом бетіне тырс-тырс етіп жас тамшылары түсіп жатты. Кермек дәм көпке дейін таңдайымнан кетпей қойды.

Қайда екен, қайда, дариға сол қыз?...

КҮЛПАШ

(Бейімбет Майлиннің ізімен)

1

Күлпаштың көңілсіздікке түсіп жүрген күндерінің бірі еді... Устінде өрім-өрім болған соң әр жерінен бір түйіп қойған ескі көйлек, оның сыртында тозығы жетіп тулаққа айналған қысқы ескі тон, басында селдіреген көне бөкебайдың ескі жұрнағы. Бет-аузы қенектей ісік тонып, бүріспін, үйдің бұрышындағы пешке арқасын сүйеп мұңайып, терең ойға шомған адамша Күлпаш отыр. Қасында жыртық күпігеге оранып, бүк түсіп баласы Қали жатыр.

Үй сұық, терезенің жамауынан кірген ызғырық шекені шаққандай... Үйдің ішін жылытуға жағатын отын жоқ. Ұзаққа созылған аштық зардабы одан сайын қысып барады. Далада құтырына соққан жел онсыз да ілдебайлап тұрған үйді көтеріп кетердей. Боран аш қасқырша ұлиды. Құтырына соққан боранның долы дауысын есітіп, Күлпаштың іші одан бетер ұлиды.

Қали басын көтерді.

- Апа-ау, көкем қашан келеді?
- Келеді құлыным, келеді. Сорлы әкең базарда арба сүйретіп жүрген шығар. Қолына бірдене түссе үйге өзі-ақ жүгірер.

Қиуы кеткен есік сықыр-сықыр етеді. Мақтый келіп қалды ма екен деп Күлпаш есікке жаутаңдал қарағыштайды. Есіктен ызғырық кіреді. Мақтый кірмейді.

- Көкең келе жатыр ма екен? - деп Күлпаш баласын ескі тонмен қымтап, далаға шықты. Буырқанған борасыннан ештеңе көрінбейді. Қарандыған нәрсеге ұзақ телміріп еді,

тоқ ауылдың бірінен босанып кеткен ит екен. «Боранды күні ит пен бала құтырады». Қасқырдай ит қарды омбылап кешіп, ойнақ салып жүр. Күтімі жақсы болуы керек, жұні жылт-жылт етеді.

-Ит құрлы болмадық-ау, - деп Құлпаш жылап жіберді.

Көз жасы мұз болып қатты.

II

Боран басылды. Мақтым келген жоқ. Құлпаш дорбасын асынып, байлар ауылының қоқыс тастайтын аумағына аттанды. Қар тізеден асады. Әлжуаз әйелге жол жүру де оңайға соққан жоқ. Ой азабында келе жатып Құлпаш зәулім бір үйдің биік дуалына тірелгенін бір-ақ білді. Неткен үй? Хан сарайының өзі мұндай болmas. «Осындай үйде тұрып жатқандардың арманы бар ма екен?» деп ойлады ол.

Бірақ тас дуал меңірейіп, міз бақпайды. Дуалдың ішінде әлденеге өршелене үрген қасқыр-иттің аңы дауысы естілді. «Қу кедей, біздің үйдің сыртында не іздел жүрсің?» дейтіндей. Не іздеуші еді? Өзек жалғайтын бір үзім нан болсағой. Қалижан қуанып қалатын бір түйір ет немесе шұжықты дуалдан бері лақтыра салса қайтеді? Енді жартылай болса да банан немесе апельсин табылар ма еді? Онда Қали қатты қуанар едіғой. Осының қуанышымен Қали мектепке барып келер еді-ау.

Өз ойына өзі елітіп түрғанда темір қақпа жылжып ашылып, ішінен автомат ұстаған еңгезердей біреу шықты. Құлпашты көріп, автоматыын кезенді.

- Эй, қатын! Не ғып жүрген жансың? Сықпытаң жаман. Сені осылай киіндеріп, біздің шефтің үйіне бомба қойдырғалы әдейі жіберген шығар. Террорист емессің бе? Қане, жоғалт көзінді бүл жерден. Әйтпесе, атып тастаймын, - деп гүр-гүр етті.

Құлпаштың зәресі ұшты. Жүрегі атқақтады. Қашып келе жатып бір шұңқырға оңбай құлады. Содан көпке дейін есін жия алмады.

Әлден соң есін зорға жинап, қаланың қалың ортасына қарай бет алды. Мұнда қарапайым адамдар тұрады. Тамақтың қалдығын арнайы қоқыс жәшігіне тастайды. Бірақ, әр жердің өз сүркүлтайы бар. Бомждар әлгі жәшіктерді жекешелендіріп алған. Құлпаш сияқты қаңғыбастарды маңайна жолатпайды. Әйтсе де, мына аяздан соң олар да жертөлелерден, жылу жүйелері өтетін жерасты жолдарынан, үңгірлерден шыға қоюлары қиын-ау. Осыны ойлап Құлпаш қоқыс жәшіктері тұрған жерге келді. Расында, маңайда ешкім көрінбейді. Бұған ол қуанып қалды. Қоқыс жәшіктерін армансыз ақтарды. Бақуатты отбасы болар, бүтін шұжықты тастай салыпты. Қатқан нан, мұз болып қатып қалған алма, лимон, картоп табылды. Үйге керекті тағы басқа да бірер дүние тапқансызы. Бір келіншек жап-жаңа киімін қағазға орап, «мусорға» атып жіберіпті. Керегі болмай қалды ма екен? Не де болса Құлпаш бұл күні шала байыды. Енді қолындағысын бомждар тартып алмай тұрғанда үйіне тезірек жетіп алуды ойлады.

Оның автобусқа мінбегеніне де көп уақыт өтіпті. Мейлі ғой, үйіне жаяу-ақ жетіп алады. Құлпашқа баласын қуандырганнан асқан бақыт жоқ еді. Оның көз алдына тамақты сүйсіне жеп отырған Қалиы келді. Еркелегендей болады. Тоңып қалыпты ғой байғұс.

Мақтым өз мекемесінің белсенендісі еді. Жұмысты біркісідей жапырып істеді. Мақтау естіді. Сыйлықтардан да кенде болмады. Сөйтіп жүргенде тоқырау деген тоңмойын жылдар келді. Бұл шайпұлын айырып жүрген мекеме банкротқа ұшырып, жабылып тынды. Жасы қырықтан асыңқырып қалған оны басқа мекемелер жұмысқа қабылдамады. Олардың өздерінде де қысқартулар болып жатады. Қайда барса да алдынан сұық қабақ қарсы алады. Мақтымның көңілі май ішкендей болады.

Бұрынғы бастығы: «Осы қарқыныңдан тайма. Биыл саған қалайда пәтер береміз» деген. «Жаңа пәтерге көшсек, саған бөле тауып беремін» деуші еді Құлпаш күйеуіне еркелеп. Сол күндер қайда қалды? Пәтер түгілі пәтір нанға да

зар болып қалармыз деп ойлапты ма? Пәтер жалдап тұра-тын Мақтый қаланың бір қыыр шетінен жер сатып алған. Жиган-тергенінің барлығын сол аядай баспанасына салды. Құжыраханасына кіргенде қалтасында соқыр тиын да қалмаған еді. Баспаналы болу қуанышы ұзаққа созылған жоқ. Қай мекемеге барса да ол екі қолына бір күрек таба алмаған.

Күлпаш аса ажарлы келіншек еді. Бір күні үйіне құрбысы келді. Мақтый жұмыс іздең кеткен еді. Онашада ол құрбысын әбжыланша айналдырып, азғырды.

- Ана қаңғыбасыңмен осындей тар қапаста отыра бермекпісің? Сорлы, өмірің қорлықпен өтетін болды ғой. Бұдан да азбас-тозбас қамынды ойласаңшы, - деген ах ұра отырып.

Күлпаштың көңілін аудару үшін ол талай әңгіме сапырды. Айтып-айтып келіп құрбысына «бүйтіп қор болып жүргенше өзіне бір қамқоршы тауып ал» деп тоқтады. Оның ретін өзі ойластырып та қойыпты. Құрбысының ұсынатын адамы Жұмағазы.

- Екі-үш үйі бар. Астында қос-қос шетелдік жұлқынып тұрған машина. Қалтасынан теңгені былай қойғанда көкала доллар төгіліп жүреді. Оған он бес жасар қыздар да ғашық. Бірақ, ол сені ұнататын сияқты. Оны маған өзі құпиялап жеткізді. Пәтер әперіп қоямын дейді. Ишкенің алдында, ішпегенің артында, шалқып өмір сүресің, - деді Раушан.

Бұл кезде Мақтыйның сұыққа ұрынып, сырқаттана қоймаған кезі еді. Қайдан тапса да үйге азық-түлік әкеліп жүрді. Сондықтан «байынды тастап, басқаның қойынына кір» деген сөз Күлпаштың жүрегіне қанжар болып қадалды. Жүрегі тас төбесінے шықты.

- Тілеулесім, Раушан-ай, бұлай деуге қалай дәтің барды?» деп құрбысына оқтау ала ұмтылышып, үйден қуып шыққан.

Базарда арба сүйретіп нәпақасын айырып жүрген Мақтыйның аяғынан сыз өтіп, қатты жығылды. Аштық пен жоқшылықтың азабын Күлпаш осылай тартты.

Мақтымды қаладағы аурухана қабылдамай қойды. «Есепте жоқсың» деп бір қайырды. «Жолдамаң жоқ» деп екі қайырды. Өкпесі қабынған Мақтым үйінде төсек тар-тып жатып қалды. Осындай күндердің бірінде олардың үйіне Раушан тағы келді.

- Өлетін күніңе жақын қалыпсың. Сендерге қарайлласа-тындағы өзіміз де онып тұрған жоқпыз. Қазір Жұмағазы-ның қолы жүріп тұр. Мен соның мекемесіндемін ғой. Ол сені кеше тағы да сұрады, - деді бір қалтарыста Раушан.

Мақтым оның сүйіп қосылған жары. Екеуі бір-біріне ғашық болып қосылған-ды. «Оның көзіне шөп салғанда қайбір опа табамын. Бір-бірімізге адал болуға серт бе-рип едік қой. Күнәшар болмайын» деп ойлаған Күлпаш құрбысының арбауынан бойын аулақ ұстаған-ды. Күннен күнге жағдайлары ауырлап барады. Содан да екі ойдың жетегінде басы қататын болып жүр. Мақтымның да, Күл-пашиң да қарайласа қоятын жақын-жұрағаты бүл қала-да жоқ. Сонда кімге барып пана таппақ? Әрине, Жұмағазы қатын қылып үйіне кіргізіп алмас. Раушанға салса, оны-мен әмпей-жәмпей болуы керек қой. «Байыңды, балаңды таста» десе қайтпекпін? Күлпаш осыны ойлағанда жылан көргендей жиырылды.

Күлпаш Раушанның аузынан Жұмағазыға жұғысып жүргендердің жардай болып семіріп алғандарын, кейбіреу-лерінің басына үй, астына машина біткенін есітіп әрі-сәрі күй кешті. Жуанқарын коммерсанттың жасы жетпісті ал-қымдап қалғанын ойлап және жабырқады. Бір бала тапқа-ны болмаса Күлпаш әлі уыздайды. Жасы әлі отызға да жеткен жоқ. Осы уілжіп тұрған мінсіз сұлу қалпымен ол месқарын Жұмағазының қойынына қалай кірмек? Әкесімен жасты екенін былай қойғанда оның сүйкімсіз екенін қайтерсің. Екеуінің арасындағы сыпсыңды былайғы жұрт естімей тұ-пар деймісіз. Сонда Күлпаш қалай жер басып жүре алады? Раушан айтқан көңілдестер қолтығы тер сасыған кәрі те-кенің қойнында қалай жатады екен?

Біреуге бар, біреуге тар зар заман-ай! Айналандағы аш-қарақтық, қайтсем байымын деген дүниеқоңыздық, то-йымсыздық әлсіздерді өз ііріміне тартып, шыңырау қара тұнекке шым батырып әкетеді еken ғой. «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген рас сөз болып шықты. Аштықтан, жоқшылықтан өзегі өртеніп жүрген күндерінің бірінде Күлпаш:

- Менде қандай ес қалды дейсің? Мақтымның жатысы анау. Енді адам бола ма, жоқ па, белгісіз. Мен де тырбанып көрейін. Біреудің есігінің алдындағы күңі болсам да теңге төлейтін бір жұмыс тауып бер, - деді құрбысына.

III

Күрк-күрк жөтеліп, өкпесін сүйретіп тірлік айыруға тырмысып базарға кеткен Мақтым ымырт үйіріліп, төңіректі қою қараңғылық түмшаласа да үйге әлі оралған жоқ. Бір жерде өліп қалмаса келетін уақыты әлдеқашан болды.

Күлпаш пештің алдында отыр. Жанында бүрісіп Қали жатыр. Күлпаш ойға шомып отырып «үң» деп ауыр күрсінгенін өзі де сезбей қалды. Бұл күрсіну күн батардың алдында қатындардың от жағып, тамақ асатынын еске түсіріп, күйеулеріне еркелегеннен шығаратын назы емес, бұл жүректе қаттап топтанып, жүрек, бауырын елжіретіп, бойын удай жайлаған қалың қасіреттің, ауыр дерптің ұшқыны еді. Бұл дерпті Күлпаштың кіршікіз таза жүрегіне салып отырған құрбысы Раушан. Бұған қосымша бұларға ызғарын төгіп бурліктірген жоқшылық. Айналасындағы ашқөздік. Қурай басын сындырмай-ақ дүние-мұлікке белшесінен малынып, сөйлеуге ерініп қалған кербез келіншектер. Осыдан барып енді Күлпаш өткен өмірінде түсіне де кірмеген жат адамнан жәрдем сұрауға мәжбүр болды...

Ертең өз босағасынан кетпек. Сонда көзі қып Қалиын қайда тастайды? Босағасын кімге тапсырады? Оған өзінің де көзі жетпейді.

Күлпаштың ойынан Мақтым кетпей-ақ қойды. Екеуінің алғашқы танысқаны есіне тұсті. Автобуста Мақтым байқамай Күлпаштың аяғын басып кеткен. Қыз аяғын басып кеткен адамның сыйбағасын бермек болып, жалт қарады да, аузына біреу құм құйғандай үні шықпай қалды. Жігіт аса көркем еді. Ұзын бойлы. Үстіне киген киімі өзіне сондай жарасымды.

Осы кездесуден соң олар орталық саябакта ұзақ-ұзақ серуендейтін болды. Бірін-бірі қия алмай, жұлдыздар жа-мырағанша жүретін қимас тұндер естен шығар ма. «Екеуі-міздің құшағымызды қара жер ғана айыратын шығар» деп бір-біріне серт те беріп еді-ау. Енді сол Мақтымын ол тастап кеткелі отыр. Сезімсіз сергелдеңің соңы немен тынар екен? Жоқшылық, кіріптарлық оны бұлақ кезінің бұлтағына салғызбаған. Ешкім тағдырын таңдал тумайды екен-ау, егер жоқшылық жағадан алмағанда, күйеуі жұмыстан қысқарып, оның үстіне аурушаң болып қалмағанда Күлпаш өзі қаламайтын адамның қол астына жұмысқа барап ма еді?

Тентіреуік көңіл әлдебір жұмбақ сауалдың соңына ертіп, Күлпаштың жанын бүрқан-тарқан етті. Оның көкірегі қарс айырыла жаздал, өкпесін біреу сыйымдал сурып алғандай өксіп-өксіп жұбанbastan ұзақ жылады. Тағдырына лағнет айтты.

- Мама, а , мама?!
- Ау, құлныым!
- Көкем келді ме?

IV

Сықырлауық есік «әндетіп» ашила берген. Келген Мақтым екен. Есіктен кіре бере қолындағы дорбасын тастап, отыра кетті. Күлпаш жүгіріп барып, күйеуінің етігін шешпекке әрекеттенді.

- Атасына нәлет! Базар іші қалың қар. Арба түгілі адам жүре алмайды. Бүгін қолға ештеңе тұспеді. Есесіне доста-

рым теңге жинап берді. Кейін қайтарамын ғой. Нан, вермишель, пісте май, тауық еті, тағы бірдеңелер әкелдім. Ертең үйге отын түсіремін, - деді Мақтым.

Осы таяуда Құлпаш Раушанмен бірге Жұмағазының жұмыс орнына барған. Сонда ғой, Жұмағазының ұры көзі жылт-жылт етіп жұмыртқадай аппақ келіншекке қарай берген. Раушанмен алдын ала келісіп қойған ба, олар іркіл-местен кеңседен шығып, бір қымбат мейрамханаға келіп орнықты. Қазы-қарта, жал-жая, ішімдіктің түр-түрі үстелді қайыстырып жібере жаздаған. Қанша күн тоя тамақ ішпесе де Құлпаш тартына алып отырды. Қали мен Мақтымның ашқұрсақ отырғанын ойлағанда мына ас та төк молшылыққа ызасы келді. Біреулер бір үзім қара нанға зар. Ал, екінші біреулер нанның үстінде отырып насихат оқиды. Не деген әділетсіздік! Не деген жауыздық! Екі дүние ортасында аумалы-төкпелі күй кешіп отырған Құлпаш қалың тұман ішінде жалғыз адасқандай күй кешті. Раушанмен ілесіп барғандағы ас та төк дастархан есіне түсіп, Құлпаш шарт кетті. Ол булыққан, арпалысқан ойдың құшағында отырып, әлдеқайдан аузына түскен сөзді іркілмей айтып қалды.

- Тоңмойын топастық пен тоғышарлық жайланаған жерде жақсылыққа, ізгілікке, мейірімге, имандылыққа орын қалмайды екен-ау! Аңқаулардың атқорадан шығар күні бар маекен? Мынадай аязды күнде кім вермишельмен ілдебай-лап отырады. Абай ата айтып кеткендей, аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?

Қанша қорлық көрсе де Құлпаш бұлай таусылып сөйлемеуші еди. Соңғы күндері үйге Раушан келгіштей бастағалы келіншегі осындай бір «өнер» шығарып жүр. «Мұны да оқыта бастаған екен-ау» деп Мақтым іштей күрсінді.

- Раушан келіп кетті, - деді Құлпаш күйеуінің ойын тап басқандай.

- Не дейді?

- Жұмыс тауып беремін дейді.

- Қайдан?
- Жұмағазының жаңынан.
- Оның кім екенін білемісің?
- Білмеймін. Маған жұмыс тауып берсе өзгесінде не шаруам бар? Мына қапас қорада қашанғы қамалып отырмакпын? Біздің де бір жарқырап жүрер күніміз болады ма, жоқ па?
- Көктем шығысымен Атырауға кетеміз. Ол жақта жұмыс та көп, табыс та жақсы дейді ғой.
- Ауру адамды кім жұмысқа ала қояды екен?
- Өған дейін жазыламын ғой...
- Көктемге дейін кім бар, кім жоқ? Мені қойшы, мына Қалиыңды ойламайсың ба? Сорлы қабырғасы қабырғасына жабысып, құр сұлдері жур. Енді бұған төзе алмаймын. Ертеңнен бастап жұмысқа шығамын. Аурусың ғой, балаңа қарап, үйде отыр, - деді Құлпаш.
- Жұмысқа шығуыңа қарсы емеспін. Бірақ, ана Жұмағазының жаңына да жуымайсың.
- Шіркін-ай, ә! Сонда мені кім жұмысқа ала қояды? Жұмысты әлде сен тауып бересің бе? Үндемейсің, ә. Демек, қолыңдан келер қайран жоқ. Соны біліп, тыныш отырмаймысың?
- Жоқ, отыра алмаймын. Жұмағазыдай жұлымырдың жаңына жібергенше арам қатқаным жақсы.
- Ол немене адам жейді ме екен?
- Одан да адам жегені жақсы.
- Не дедің?
- Иә, не естісеп сол. Жарылқағыш Жұмағазың қарамағындағы қыз-келіншектерге қырғидай тиеді деседі ғой.
- Қырғидай тисе несі бар? Саған ұқсап жадап-жүдеп, жерге қарап отырған жоқ. Жемсауы тоқ, бөтегесі майлы.
- Сол майға шылқ етіп бата қалмақ екенсің ғой.
- Дәл солай. Мына қаңыраған қорадан бүйірің тоқ жүретін жер жақсы.
- Сүм Раушан сені де арбаған екен-ау. Сиқырланыпсың,

арбалыпсың, Құлпаш. Дімкәспін, шарасызыбын, қолымнан келер амал бар ма? Қайтейін, алған бетінен қайыра алмадым-ау. Өзің біл!-деп Мақтым жылап отыра кетті.

- Көке, маған бәтеңке әкелдіңіз бе? Мектепке барайын десем, бәтеңкем жоқ, - деп Қали әкесінің мойнына асылды.

V

Қақаған қыс тым ұзаққа созылды. Қар үстіне қар жауды. Үскірік аяз бет қариды. Боран басылмады. Мұның өзі жығылған үстіне жұдырық болды. Қала шетіндегі қараша үй қалың мұңға оранды.

Қала іргесіндегі шағын ауданға автобустың қатынамағаны қашан. «Қаланың өзіне жетпей жатыр» деген желеумен шағын ауданның газ бен жарығын әлдеқашан сөндіріп тастаған. Қөптеген кедей үйлердің қысқа деп жинаған азын-аулақ отыны лездे-ақ түгесілді. Еті тірілері ағаш пен көмірді қайта түсіріп алған. Сырқаты мендеген Мақтым үйден ұзай алмады.

- Шешең кешікті ғой. Кеткеніне ай толды, ол әлі оралған жоқ, - деп Мақтым ұлына қарады.

- Көке, қарным ашты. Апам қашан келеді? - деп Қали кемсендеді.

... Жұмағазыға жұмысқа түрғалы Құлпаштың жағдайы күннен күнге жақсара түсті. Жұмағазы оны мейрамханаға даяшы етіп жұмысқа қабылдады. Мейрамхананың екінші қабаты қонақ үй болатын. Соның екі бөлмелісі Құлпашқа тиғен. «Таңертең ерте жұмысқа үлгермейсің» деп осында түнетеді.

Құлпаш жұмысқа орналасқан алғашқы күндердің бірінде оның бөлмесіне Жұмағазы келді. Қасында бір топ нөкері бар. Олар әп-сәтте-ақ үстел үстін жайнатып жіберді. Жапжақсы отырыс болды. Көп кешікпей нөкерлер түрлі сылтай айтып, тарай бастады. Бөлмеде Жұмағазы екеуі ғана қалды. Олар кетісімен Жұмағазы Құлпашты бас салып

құшақтап, сүйе бастады. Ішкіліктің буы буын-буынын алған Күлпаш оған қарсылық таныта алмады. Ыңғайына тез көнді. Осы кездесуден соң Жұмағазы осы бөлмеде жи қонып қалатынды шығарды. Аюдай қорбандаған қақпастың қылышы ұнамаса да шыдап бақты.

Думанды орта, ас та төк дастархан, бұрын иығына да іліп көрмеген қымбат киімдер Күлпашты мас ете түсті. Ол өзінің адап жары, сүйекті баласы барын ұмытта бастағандай еді. Ішкіліктен басы айналып, бұлышыр бір мұнардың ішіне сұңгіп, мәңгүрт күй кешетін. Осында ол жоқ пен бардың арасында селсоқты күй кешеді.

Аракідік есін жиғанда мына баяны жоқ өмірдің қалтарыс-бұралаңы көп екені жаңын жегідей жейді. Істеп жүрген тіршілік-тірлігі есіне түскенде ұяттан жерге кіріп кете жаздайды. Мақтым мен Қалидың беттеріне қарағысыз еткен тағдыр-талайына нағнет айтып жылаған түндері қаншама.

Жұмағазы жылтыр-жылпоздың нағыз өзі болып шықты. Күлпашқа қолы бір жетіп алғаннан соң одан бірте-бірте сұына бастады. Бұрынғыдай өліп-өшпейді. Көмектесуді де сирексітті. Кейде жекіп сөйлейтін болған. Ал, кеше ғой, Күлпаш оның көрші бөлмeden бір жап-жас қызын шығып бара жатқанын көрді. Жұмағазы «мені көрдің бе?» дегендей мұның көзінше жас қыздың бетінен сүйіп, қыпша белінен тас құшақтап алыпты. Жас қызы да қымсынар емес, теңгенің тепкісі болар, сірә, кәрі текенің жуан белінен қапсыра құшақтап, сақалымен ойнайды.

Күлпаш осында келgelі Жұмағазының көп сырына қанық болған еді. Бұрын жүрт айтса, сенбеуші еді. Енді көзі жетіп жүр, Жұмағазы қызы-келіншектерді қолғапша жи ауыстырады. Ендігі кезек бәлкім, Күлпаштікі болар.

Осыларды ойлап, Күлпаш сары уайымға салынды. Егер Жұмағазы мұны жұмыстан босатып жіберсе, қайда бараңды? Екеуінің арасындағы сыпсың ендігі Мақтымның құлағына да тиген шығар. Сонда бұл ошағына қай бетімен оралады?

Кеше түсінде Қалиды көрді. Мұңайып түр. Тіл қатпайды. «Саған көп-көп кәмпіт әкелемін. Өзің айтып жүрген жақсы киімдерді де әперемін» деп кетіп еді. Кешіккеніне, уәдесінде тұрмағанына өкпелеп жүр ме екен? Құлпаш ұлын «келе ғой» деп шақырады. Қали қашқақтайды. Құлпаш бастығырылып қалыпты. Орнынан шошына тұрса, өне бойы қара терге түскен екен.

Бүгін, міне, ол түсінде Мақтымды көрді. Қүйеуі ашулы. Қабағы қарс жабулы. Бұған бұрылып та қарамады.

Өзінің бір күндік рахаты үшін адал отбасын қалай қылуп кеткеніне бүгінде Құлпаштың өзі қайран қалатын болып жүр. Жұмағазының жылуы азайған сайын ол өзін елсіз аралда қалғандай сезіне бастады. Оңбай алданғанын кеш түсінді. Жұмағазыдай жексүрынға қор болғанын ол енді ұғынды. Ар отына қүйгенде мына жарық дүниені тастап та кетпек болып бекінді. Бірақ, жан тапсыру оңай емес екен. Мақтым мен Қалиды кімге тастайды?

Мақтым соңғы кездे тым жүдеп кетіп еді. Өз көнін әзер сүйретіп жүрсе де бұларға тاماқ тауып әкелемін деп таңмен таласа тұрып, базарға кететіні есіне түседі. Табан ақы, маңдай термен табылған сол бір үзім қара нанға ештене де жетпейді екен-ау. Ойлап отырса, ол бүгінге дейін надандықтың нәжісіне батып, арамнан ас ішіп келіпті. Ақ жүрек адамның қадірін білмеу астамшылық екенін ойлағанда келіншек бармағын шайнады, сыңсып жылады.

Бірде оны Жұмағазы азық-түлік әкелуге жұмсады. Құлпаш үшін осыдан асқан қолайлы кезең жоқ еді. Ол келгелі тыққыштап жүрген теңгелерін алып шықты. «Қалидың айтып жүрген курткасы мен етігін ала барсам қуанып қалады ғой» деп ойлап қойды. Құлпаш азық-түлікті де мол етіп сатып алды. Бәлкім, қымбаттылары алдындағы кешірілмес күнәсін осылай жуғысы келді ме екен?

Ол өзі тастап шыққан үйіне жеткенше дегбірі қалмады. Қали жатырқап, жолай қоймас. Сонда да маңдайынан бір иіскең, бетінен сүйер ме еді? Мақтым, әрине, теріс айналар, шырай бермес. «Бізді ұмыт. Бұл табалдырықты қайта ат-

таушы болма» деп еді-ау кетерінде. Аппақ арына кетпес дақ түсіріп оралатының жаралы жүрегі сезген болар-ау.

Тұрмыс тауқыметі тығырыққа әкеліп тіремегенде Құлпаш бұл тірлікке баар ма еді? Өзін осылай ақтап алғысы келген келіншектің жүрегі атқақтап, ілгері басқан аяғы кері тартып келе жатты.

Ол таксиді үйіне жетпей тоқтатты. Ондағы ойы такси жүргізушісіне өзінің қоңызың күйін көрсеткісі жоқ-ты. «Осында тосыңыз» деп азық-түлік, киім-кешек толы сәмкелерін мықшия көтеріп үйіне жүрексіне беттеді.

Жақындағанда байқады, үй төбесіндегі мұржадан будақтап тұтін шығып жатқан жоқ. «Бұ сорлы әлі отын түсірмеген бе? Қали тоңып қалмады ма екен?» деп ойлап қойды.

Үйіне жақындей жүрегі ауызына тығылды. Қорқақтап, өз-өзінен шошынып келе жатқанында алдынан бір қарайған шыға келмесі бар ма. Онсыз да қорқып келе жатқан келіншек құлап қала жаздады. Есін әзер жинап қараса, алдынан ойда жоқта қарақшыдай қалқыып шықкан адамы көршісі маскунем Қыбырай екен. Әдеттегідей жұтыңқырып алыпты. Сонда да Құлпашты жазбай таныды. Устінен қоламсы жаман иіс шығып тұрса да мұнтаздай таза келіншекке жиіркене қарады.

- Неменеге тесіліп қарайсың? Танымай тұрсың ба?-деді Құлпаш.

- Таныдық.

- Танысан, амандық қайда?

Қыбырай бұған қымсынудың орынына сылқ-сылқ күлді. Сосын:

- Сені анадайларға қосылып кетті деп еді...-деп жұмбақтай сөйледі.

- Анадайларың кім-еї, албасты?

Қыбырай ләм-мим деп жауап қатпастан ұзай берді.

Үйге жақындағанда Құлпаштың жүрегі бұрынғыдан да атқақтай соқты. Ауланың қары күрелмепті. Мақтый өкпесін сүйретіп жүрсе де ауланы қардан тазаламай жатпаушы

еді. Әлде қатты қысылған соң туыстарының бірінің үйіне көшіп кетті ме екен?

Ол қырау басқан терезелерден үңіле қарап, күңгірт бөлмелерден ештеңе айыра алмады. Есікті тартып көріп еді, құлып салынбапты. Есік ішке қарай оңай ашылды. Есесіне, Құлпаشتың жүргегі тарсылдал, кеудесінен шығып кете жаздады. Электр жарығы болса да сөніп қалғанын ол білетін еді. Сондықтан қалтасынан фонарик алып жарқ еткізгенде ауыздары ашылып, көздері бақырайып, тістері ақсиып жатқан Мақтым мен Қалиды көрді. Әкелі-балалы екеуі бірін-бірі қапсыра құшақтап жатыр еді.

Құлпаш қүйеуі мен баласының үстіне сылқ етіп ес-түссіз құлап түсті. Одан арғысын сезген де жоқ.

Көршілер шашы аппақ қудай болып ағарып кеткен, беттерін жұлып тастаған келіншекті жынданып кеттіге балады.

Сол күні көрші үйдің күшігі тұні бойы аласұрып, ұлып шықты.



ҚАНАЙ-ХАНЕКЕ!

(Әңгіме)

Дүрия дүние дөңгеленіп бір орнында тұрмайды екен. Сағымдай бұзылып, сабындаған еріп мың құбылады. Адамдар да замана ауанына қарай төңкөріліп, жаңа қоғамға лезде-ақ бейімделіп, бірі ұтқан сайын жұтынып, бірі қаптаған иірімдерге жұтылып, білімі мен біліктілігіне, айласы мен ақылына, кулығы мен сұмдығына қарай өмірден өз орындарын табады екен. Талай тереңдерге үңілген тарихшылардың айтуынша, бабаларымыздың бабалары, тіптен әрідегі Адам Ата мен Хая Анамыздан кейінгі ұрпақтары тас, қола дәуірлерін бастаған кешкен ғой. Аш-жалаңаш жүретін қайран бабаларымыз өмір сүру үшін әуелі тас, ағаштан қару жасап, мамонттарға, динозаврларға топтанып шабуыл жасап, оларды бір ойпаңға не жыраға аудап әкеліп, тасборан жасап өлтіріп, етін шикілей жеп күнелткен. Бірте-бірте үстіне жай түсіп өлген аңының дәмін татып көріп, қақталған еттің дәмді болатынын біліпті. Осыдан соң от тұтатуды үйренген. Бертін келе кен қазып, темір қорытып, қылыш, найза, қалқан, жебе жасап, жауларын ойсырата жеңудің оңай жолын тапты. Тұп- тұқияндary осындаған тапқыр адамдар болғанда, басқасын былай қойғанда баласына дейін баскесер болып тұрған құбылмалы, кезенейлі кезеңде адамдар айланың неше атасын менгерді. Оларға тіптен адамнан – Алдаркөсе, аңнан – тұлкі ілесе алмай қалды.

Ұстараның жүзіндей мың құбылып, алуан рет аударылған осындаған заманның көшіне жүгі аумай әлескендердің бірі Қанабек еді. Кеңес үкіметі қүйреп, ескі жүйе жүресінен омақасып, жаңа қатынастар орнай бастағанда Қанабек ылдым-жылдым ептілігімен танылып, едәуір жонданып алды. Бәз көріп-білмеген, бабаларымыздан аңыз болып

жеткен Айдаһар деген жалмауыз үйқысынан оянғанда қарыны ашқаны сондай қомағайланып аран аузына не болса соны тоғыта берген дейді ғой. Сол сияқты Қанабек те ата-бабалары аштықтан көнек ауруына қышырап, ісіп-кеуіп өлгелі жатқандай тапырақтап, қармап қалудың жолында ашкөздене ұмтылды. Молшылық пен тоқшылықтың майы сыртқа теуіп, семіздіктен жарылғалы түрған бақарлы-шақарлы кеңшар тарады да жайылымдағы үйір-үйір жылқы, келе-келе түйе, табын-табын сиыр, отар-отар қойдың біраз белігі директордың еншісіне тиді де, қалғанын өңшең «бастар» бөлісіп алды. Бұл «бастарда» да едәуір салмақ бар еді. Кеңшар деген кішігірім құрылымның өзінде бас зоотехник, бас малдәрігері, бас есепші, бас экономист, бас агроном, бас инженер-прораб, бас селекционер-малдәрігері сияқты бірталай «бас» бар-ды. Бас болған соң оларда да көз, құлақ, тіл бар. Бәрінен бұрын қанша асаса да тоймайтын аран ауыз бар. Қаптаған ауызға әлдене тастамасаң қауып алады. Арғы-бергінді қазбалап, жұмысынан әлдебір кемшілік тауып алады. Кеңшардың бірқатар мүлкі «бастарға», одан қалғандары ферма, қойма менгерушілеріне, партия үйыминың хатшысы, ауылдық кеңестің төрағасы, жастар үйыминың жетекшісі сияқты белсенділерге қыл үстінен үлестілірді.

Құдауанда, осы кезде қырдағы қора-жайлар, небір мықты қоймалар, бітпей қалған құрылыштар, шабындық басында қалып кеткен техникалар, тауарлы-сүт фермасының, гараж, шеберхананың әп-әйдік ғимараттары, көп-көрім клуб пен айтулы асхана, мал бордақылау пункттері ешкімге керексіз болып қалды. Тіпті, иесіз қалғаны соншама, оларды «түбінде керек болады-ау» деп ойлаған пенде табылсашы. Қолына машина, трактор, бес-он түяқ мал тигендер «осыған да қанағат» деп миықтарынан күліп, тоқмейілсіп тымырайып жүрді. Міне, осы кезде жоғарыдағы қырғын қазынаға аш бөрідей тиген осы өзіміздің Қанабек еді. «Әй дейтін әже, қой дейтін қожа» болмаған соң кеңшардың түкке керегі болмай қалған ыргын дүниесі талан-таражға түсті. Оларды қисық шегесіне дейін түгін қалдырмай та-сып әкеткен қырғи Қанабек.

Көп ұзамай ауылда «ойбай, несін айтасыз, Қанабек қалаға барып үлкен кәсіпкер, жаңа қазақ болыпты» деген сөз желдей гуледі. «Сонда жаңа қазақ болғанда анасынан қайта туып па?» деп әйелдер беттерін шымшыласты. «Ауылда жүргенде шөп басын сындырмайтын еді, үлкен кәсіпкер боп не тындырыпты?» деп еркектер таңырқасты.

Несің айтасың, айналдырған екі-үш жылда Қанабек қанардай қомпайып шыға келді. Бұрын салдырлатып ескі «Жигули» мініп жүруші еді, бұл жолғысының сорты да, сүркүткінде алабөтен. Еңгезердей болғанмен, ерен жүйрік келісті келік. Қанабек те көлігіне сай керги қалыпты. Шікірейіп, шіреніп жүрісі қандай! Екі езуінен тұтінін будақтатып темекі шегуі қандай! Барлы-сайлы екенін әсте ұмытпайды. Шалқая түсіп, шырт түкіріп, ретті-ретсіз шарт кетеді. Тоқтықтан кекірік атып тұрса да аш иттей қабаған. Құтты бір ата-бабасынан қалған қанды кегі бар адамдай анаған да, мынаған да зәрлі көзін кектене қадайды. Оның сұсты да сұық безерген бетін көргендер ық жағынан өтпесе, қарсы алдынан келе алмайды.

Бақыт дегеніңіздің өзі кейде қарап отырсаңыз, көзсіз көбелек тәрізді. Айналып келіп кейде соқырдың, кейде қотырдың басына қона салады. Бақыт құсын қайда қондырағын Жаратушы Иемізден басқа білетін ешкім жоқ. Аядайғана ауылда көптің бірі, қолдың кірі болып елеусіз жүрген ебелектей Қанабекті еңселі де екпінді кәсіпкер болады деп кім ойлаған? Дегенмен өзі ауылда жүргенде жә деген көкпаршылардың бірі болатын. Бойы мықыр болса да, күші тықыр емес еді. Мен деген көкпаршының тақымындағы көкпарды жұлқа тартып жұлып алғанда алпамсадай алып адамдардың өзі қайран қалатын. Сірә, осы жұлқа тартып, көлденең килігіп, ұрымталдан ұрмалап, айласын асырып, сұмдығын жасырып көкпардан үйренгені бойына құт болған шығар-ау, жырымдап жинаудан, әлсіздерді қинаудан, жоқтан бар жасаудан, бір жүріп, екі асаудан алдына жан салмай жүр. Кешегі көкпаршы, бүгінгі кәсіпкер Қанабек жаңа дәүіріне сай жаңа есімге ие болған! Бұрынғы аты қырт

Қанабек, әрі кеткенде көкпаршы Қанабек еді, бүгінде оны Қанай, Қанаға деп аспандатады. Кім барып көрген, қонақ үйлері мен саunalарындағы жалдамалылары, бәлкім жалшылары «Хан аға!», «Ханеке!» деп табынатын көрінеді.

Шіркін-ай, кездейсоқтық деген керемет күш қой. Бір замандарда қазан төңкерісі жасалып, кедейлер байларға қырғидай тиді. Кедей белсенді болды. Жарлы жарылқаушы болды. Енді келіп дәуір дүрбелеңі килігіп, дәлдірдер мен дүмбілездер дүние кілтін ұстап тұр. Бүгінде екінің бірі – президент, үштің бірі – бас директор. Оңаша ортада да, қияндағы қалтарыста біреулер «хан» атанип жүр. Бұдан асқан қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман болар ма? Бұдан асқан демократия болар ма?

Заманына қарай амалы. Өкімет өгейсінген соң ауыл тұрғындары өз беттерінше тіршілік етуге көшті. Енді адамдардың арасалмағын ажырататын айна пайда болды. Екі тізгін, бір шылбыр қолға тиген соң адамдар бай, кедей болып бөліне бастады. Қанабек сияқты қақатұяқтар қожайынға айналды. Үйлерінде малай ұстайтындар да табылды.

Бір күні ауыл дүрлікті.

- Несін айтасың, Қанай ағай ауылдан фабрика ашады еken,- десті білетіндер.

- Фабрика емес, ферма ашады, - деп тузетті оны екіншісі.

- Жоқ, шағын кәсіпорын ашады, - деп нығарлады Қанабектің маңайында жүріңкірейтіндер.

Сол жүріңкірейтіндердікі жұдә бек шындыққа жанасады. Қанабек өзі ту-талапайын шығарып ауыл іргесіне автокөліктер қаптатты да құрылыш материалдарын үйіп тастады. Бұл ауыл жастарына кәдімгідей жанбағыс көзі болып қалды.

Кейін білді ғой, салынып жатқан құрылыш шлактан құйылған кірпіш шығаратын шағын кәсіпорын еken. Бүгінгінің тілімен мұны шағын бизнес деп те атайдын көрінеді.

Пәленің бәрі өнім шығарғанда басталды емес пе? Ауыл жастары жұмыстан ат-тондарын ала қашты.

- Эй, күшік! Саған мұндай жағдайды кім жасайд, ә? Үйіңнің дәл іргесінен жұмыс тауып беріп тұр. Исте де теңгенді

алып, қажетіңе жұмса. Қазір мұндай жұмысты еш жерден итпен іздесең де таппайсың. Сонда сенікі қай мастану? Қай дандайсу? - деп әкелер балаларын бықырт тигендей етті.

Ауылдың әр-әр жерінде осы текстес ұрыс-керіс бүрк-сүрк қайнап жатты. Жастар ауылдарындағы кәсіпорынды көрсе кірпідей жиырылды.

Сөйтсек, Қанабек «хан» жастарды 10-12 сағат ауыр жұмысқа жегіп, дуананың алдына тастайтындағы ғана тын-тебенді қолдарына ұстаратады екен. Бұған қала көріп қайт-қан жастар өлсе көнер ме?

Қанабек қарап отырмады. Ол ауыл жастарын жұмыс-тан тырқыратып қуып шығып, орындарына ала шапанды ағайындарды қойша тоғытты. Шіркіндерде шаршау деген болсашы. Таңғы сағат бестен кешкі он-он бірге дейін бір тынбайды. Шлакоблок тау болып үйілді. Алушылар бірінен соң бірі ағылғаны сонша онсыз да топырағы шығып жататын жол ми батпаққа айналды. Шаңға батып қалған ауыл тұрғындары ауыр жүк көлігін көрсе бөжей көргендей тік-сінді. Бірақ бұл қырман да ұзамай сарқылды.

«Қанабектің жұмысшылары қашып кетіпті» деген сөз сүзық желдей сумандап ауыл-ауылға лезде тарады.

Артынша Қанабектің оларды да қыспаққа алып, қаржыдан тарықтырғаны белгілі болды.

Ауылдағылардың Құдайы беріп қалды. Көшені көктей өткен автокөліктердің күрк-күрк жөтелі, дыбыс ұлғайт-қыштарының құлақ тұндырар аңы айқайы, сондарында көпке дейін ыдырамай қалып қоятын тыныс тарылтар қою қоймалжынды шаң тиылды. Бірақ қай жыртқыштың да соңында ізкі қалады емес пе? Ойдым-ойдым, балшық пен шалшыққа барынша мелдектеген жырым-жырым жа-найқайлы жол, кәсіпорынның қаңқасы бір кездері Қанабек деген дөкейдің салтанат құрғанын айшықтап айқай-лап тұрды.

Ескі жараның орыны қарақотырланып біте бастағанда Қанабек үлкендігі пілдей, салмағы зілдей автокөлікпен екпіндеп тағы келіп қалды. Қасында төрт-бес нөкері бар. Қабағы-қатулы, сәлемі-сатулы. Бұл жолғы жоспары да ерек,

жосығы бөлек. «Ауылды гүлдендіремін, тұрмыстарының түрлендіремін. Жеке-жеке уақ шаруа қожалықтарының басын қосып ірілендіремін» дейтін көрінеді. Басқа да жоспарлары пішен.

Іә, күшенсөң, қолында нақты бизнес-жоспары бар Қанабек сияқты күшен!

Бұлай боларын кім болжапты? «Соқыр атқа қотыр ат үйірсек» демекші, Қанабектің маңайына кілең бір әлдеке-дей жалаңдаған жылпос жәдігейлер мен әккілер жиналак қалыпты. Бұларға көңілшек келіншектей көрінгеннің көлеңкесіне тығылатын жылтырлар қосылған. «Қашайын деп тұрған киікке тәйт деген соң не жорық?», тұтанғалы тұрған отқа май құйған соң оңа ма, өрт лаулай түсті. Ауылда «түлкі заманды тазы болып шалар» ыңғайын күтіп жүрген жылмағайлар да бар еді. Қанайдың ығына жығылып, айдауында жүретіндер бір қауым ел болып қалыпты. Олардың арасында аіғал да, арам да жүр.

Негізінен бұрынғы бос қалған бірен-сарап қорада Қанабек мал өсіреді. Осында көкпарға ат баптайды. Қанабектің қарасын кеңейтіп жүргендер арасында жалдамалы жұмысшылары да бар.

Япырай, жұмын білдірмей, жібін ілдірмей жүретін жандардың жолы қашан да ашық-ау. Қай әкімнің кезінде келіп заңдастырып алғанын итім білсін бе, қожайынның қыр, беткейлерде пәленбай гектар егістік алқабы да бар екен. Күзге салым астық орған комбайндар дала төсін дүбірлетіп жатады.

...Ауылдың ардақты ақсақалдарының бірі Алтынбектің үйіне он төрт-он бес жасар балап алқынып жетті.

- Ата, сізді ертең сағат тоғызда ауыл әкімдігінде өтетін жиналысқа шақырады,- деді хабаршы бала.

Енінен таныды, құрдасы Біләлдің немересі. Кетпекке асығып тұр.

- Кәрі қойдың жасындай жасы қалған мені әкім неге керек ете қалды? - деп Бауыржанға сұрауды жүзбен қарады.

- Білмедім, ата, - деп Бауыржан велосипедіне мінди.

Ұзап бара жатқан балаға қарап Алтынбек ауыр күрсінді. Өтіп бара жатқан заман-ай десеңші! Күні кеше осы неменің тұсаукесер тойында Біләл екеуі біраз жырғап еді-ау. Сол бала да әне-міне мектеп бітіргелі жүр. Өзі қолканат болуға жарап қалыпты.

- Балам! Жиналысқа атаң да келеді ме? - деп айқай салды Алтынбек ұзап кеткен баланың соңынан.

- Келеді, ата келеді!

«Е, онда менің де баруым керек екен» деп ой түйді Алтынбек. Шүғыл шақыруларына қарағанда маңызды мәселе бар ғой. Әйтпесе, тілерсегі тілерсегіне соқтығысып, құлағалы жүрген өлмелі шалды олар бастарына шайнап жаға ма?

Әкімшіліктің аядай бөлмесіне бұл кіріп барғанда едәуір адам жиналып қалған екен. Көптен көрмеген бірер шалшауқанмен шұрқырап табысты. Өткен-кеткенді, биылғы егін шығымын, мал-жан амандығын әңгіме етісті. Бала-лардың, келіндердің, немере-шеберлердің амандық-саулығын сұрасты.

- Эй, мына жиналыстың мәнісі не екен?- деп Тоқтарбай қария әңгімені бөлді.

- Үкімет коронавируске байланысты жұмыссыз қалғандарға 42500 теңгеден беріп жатыр ғой. Соны кімдер алатынын, кімдерге жәрдем берілетінін айтатын шығар, - деп алдын-ала болжам жасап қоюға шебер Өтемұрат килікті.

- Соны да бізben ақылдаса ма? Өздері үйме-үй аралап көріп, кімге жәрдемақы тиесілі, кімге тиесілі емес, осылай анықтайды емес пе? Меніңше, бұл жолғы жынынның жөнжосығы басқарақ, - деп Орынтай жағдайға қанық екенін аңғартты.

Таясар, Ерболат, Әуken сияқты ауыл ақсақалдары бір-бір ауыз сөз қыстырды. Атынша құрқылтайдың ұясындашашағын бөлме араның үясындашашағын гүйлдеді.

Кенет жиналғандар жым-жырттана қалды. Әлдекім «дөкейлер келе жатыр!» деп дабыл қаққан сыңайлыш.

Ауыл әкімі Оңғарбаймен бірге Қанабек бастаған қағынды топ акт залына кіріп келгенде жиналғандардың таңдағысын көрсөніз. Бәрінің де жүзінде «Ә, мынау тағы не бұл діргелі жүр?» деген сауал аңталап тұр еді.

Оңғарбай орындығына орнығып болып, жан-жағына «әй, мені жауға жығып бергелі отырмысыңдар?» дегендей жалынышты қарады. Содан-ақ бұл жиналыстың зорлықпен, әлдекімнің күштеуімен өткелі отырғанын аңғарды көпшілік.

Әкім орнынан сылбыр көтеріліп, бүгінгі жиынның күн тәртібін хабарлады.

- Жолдастар! Ағайын-туыстар! Ақсақалдар! Күн тәртібінде бір ғана мәселе. Мына қыратта игерілмей жатқан бірнеше гектар жер бар. Соны мына Қанабек жерлестеріңіз алғып, ел иғілігіне пайдаланбақ. Ауыл тұрғындары тұрақты жұмыспен қамтылады, - деп бір тоқтады.

- Қай жерді айтып отырсың?

- Анығырақ айтшы.

- Игерілмей жатқан қандай жер өзі?

- Сол жер Қанабекті күтіп жатып па?

- Бұл құлқыны өмірі тоймайтын Қанабектің 100 гектар бидай, 50 гектар арпа, 30 гектар көкөніс еgetін жері бар емес пе? Сонда бұл өзі тағы қай жерге көз тігіп отыр?

Жиналғанар ұлардай шулады. Әкім сасқалақтады. Сонын қолындағы қаламымен шыны ыдысты ұрғылап, жиналғандарды тыныштыққа шақырды.

- Әкім бала, мына дөй қай маңды сұрап отыр? Нақтырақ айтсаңшы.

- Оған жер жетпей қалды ма?

- Жерге тоймайды еken өзі.

Әкім қолын көтеріп, жұртты сабырға шақырды. «Не айттар еken?» дегендей жиналғандар тынши қалды.

- Мына Қаражонның арғы беті көптен бері бос жатқан жоқ па? Қанекең сол жерді игеремін деп отыр, - деді әкім кекештеніп.

Алтынбек шоқ басып алғандай ыршып тұсті. Жиналғандар тұс-тұстан айқайға басты.

- Ой, Алла-ай! Мына жалмауыз енді жүрттың жан бағып отырған жалғыз жайлауына қол салмақ екен ғой. Сонда ауыл малы топырақ жейді ме? Онсыз да ауыл іргесінде жа-йылымдық ұлтарақтай жер қалмады ғой. Енді кеп Қаражонның арғы бетін алса, күнкөрісі малға қарап отырған ауыл адамдары шеттерінен оба тиген жан сияқты қырылады десеңші! - деп Алтынбек ақсақал қалай мінберге барып қалғанын өзі де аңғармай қалды.

- Жер жүтқыр, жерге тоймайды екен, - деп Бәтима кемпір жер тоқпақтады.

- Бұл Қанабек елді жарылқаймын дейді. Қане, жарылқағаны? Ана жылы ауыл жастарын қанап, бейбіт елді бір бөріктіріп еді. Ендігісі не? - деп Әукең таяғымен үстелді үргылады.

- Ей, Қанай! Онда барсаң сенің жерің, мұнда барсаң сенің жерің. Сонда мына ағайындарын ай мен күннің аманында үйқамаққа қамалып, аштан қырылсың дейсің бе? - деп Тауасар ашудан тұтығып сөйлей алмай қалды.

- Ата жауымыз жоңғардан да жаман болдың ғой, енді тартып алмаған неміз қалды? - деп Кеңбай шал кейіншектеп барып орнына қайта отырды.

- Ағайын! Елім! Жүртүм! Мына жемірдің атын Қанай деп бекер шатасып жүрміз. Негізінде мұның ныпсысы Қанау болу керек. Елді қанағаннан басқа бір түйір пайдасын көрдік пе? Айтыңдаршы, қане? - деп Салқынбек мінберге қарай тұра ұмтылған еді, оны жанындағылар жібермей үстап қалды.

- Ана жылы шлакоблок құямын деп ауылға ауыр жүк көліктерін қаптатып, шаң-топырақ астында қалдырып еді. Енді өрісімізді топыраққа айналдырмақ екен ғой. Жарылқағыш екенінді көрейін, сенің жұмысынды істеймін деп екі баласы бірдей мүгедек болып қалған Тұрғанкул әжейге қандай қамқорлық жасадың? Эне, екі бірдей соқталдай жігіт үйінде іріп-шіріп жатыр. «Мен кінәлі едім-ау. Қемек көрсетейін» деген ниетінді көрмейміз, - деп Жұман жүлқынғанда жиналғандар бөрі тиген қойдай дүрлікті.

Осы бір оңтайлы сэтте орайын тауып мінберге шыққан Қанабек:

- Ту-у, ұлардай шулайсындар-ау, түге! Мен жер алсам, сіздердің қамдарыңыз үшін алып жүрмін. Жыл сайын үйлеріңізге екі-үш қаптан үн беремін. Мектепке, балалар бақшасына, жалғызлікті қарттарға жыл сайын демеушілік жасап тұрамын. Басқа да көмегімді аянып қалып жатқаным жоқ. Қаражон иесіз жатыр. Мен ол жерді өз пайдама алғалы отырғаным жоқ. Бәрі сіздердің қамдарыңыз. Жыл сайын қыста барлықтарыңыз шөп таппай қиналасыздар. Мал көп. Шөп аз. Ол жер шабындық. Мен сіздерге жыл сайын жеткілікті шөп түсіріп беремін. Тек балаларыңызды науқанға жіберсеңіздер болды. Айтыңыздаршы, қане, мұндай көмекті сіздерге кім береді? - деді әлі де көпшілікке тізгін бергісі келмей.

- Мынау не шатып тұр? Жайылымды алғаның – малымызға қол салғаның. Жайылымы жоқ мал жутамай ма? «Іріген ауыздан шіріген сез шығады» деген. О, несі-ей! - деп Ерболат шаптықты.

Жиналғандар тұс-тұстан жамырап сөйлеп қайыру бермей бара жатқан соң әкім тағы да шыны ыдысты ұрғылады. Бірақ, бұған басыла салған адам көрінбейді. Есесіне шу үдей тұсті.

Ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Тұран тұтігіп кетті.

- Шырагым Қапай! Сені бір тәуір жігіт пе деп жүрсем, бас пайдаңнан басқа ешнәрсені ойламайтын оспадар жан екенсің. Мыналарға қарашы, бәрі өз ағайының. Сен осылардың соңғы ырзығын тартып алғалы отырсың. Адамгершіліктен, иманнан жүрдай екенсің. Жүрдай болмасаң, осыны істермісің? - деп қамшысымен үстелді салып қалды.

Сарт ете қалған сақман дауыстан отырғандар селкетті. Іле шыбынның ызыңы естілетіндей тыныштық орнады. Қанабек осы мезетті де құр жібергісі келмей, орнан тұрды.

- Мен бұл шешімді жеке-дара қабылдап отырғаным жоқ.

Бастаманы ауыл белсенділері, кооператив төрағалары қолдап, маған келді. Мен оларға қарсылық көрсете алмадым. Жайылымды тиімді пайдалану жөніндегі жоспарымызды хаттап, аудан әкіміне апарып тапсырдық. Олар да бізді қолдайды, - деп кәсіпкер «енди қайтер екенсіндер?» дегендей отырғандарға қоқылана қарады.

- Оу, мынау не деп түр? Сонда мұның қолтығынан су бүріккен белсенділер кімдер? Жоспар жасағаны несі? Біз оны неге білмейміз? - деп Тұран жан-жағына сезіктене қарады.

Іштері қылл ете қалған төрт-бес жігіт сырғақтап сыйтылып кетпекке тырысты.

- Пәдеріңе нәлет! Сендер екенсіндер ғой, мынаны емексітіп жүрген. Жауыздар. Сатқындар. Бұлар ма, бұлар отыз жетінші жыл келсе, беттері бұлк етпей сіңірінді созып, сирағынан ұстап жатырластарын да жауға ұстап беруден тайынбайды. Құдай бетін әрі қылсын, ашарылық келсе бар ой, бірінің етін бірі жетіндер осылардан шығады. Өй, өңшең қаныпезерлер. Бокшаларынды жинаңдар да, залдан шығындар, - деп Алтынбек басқа айтарға сөз таппай булығып қалды.

Бұдан әрі жиналғандар тоғанды жарып өткен тасқын судай екпінде алды. Біреулер Қанабек пен оның жарамсақ қолшоқпарларына бөріктерін атты. Ызаға булыққан көпшілік Қанабекті ағаш атқа мінгізіп жіберді. Боктық пен айқайдың, қарғап-сілеудің арасынан зорға шыққан кәсіпкер залды да, аталарын да, туыстарын да тастай қашты.

Ертесіне ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Тұран бастаған топ аудан әкімінің есігін күзетті. Аудан әкімі кәсіпкердің әлдеқандай қағазға жергілікті тұрғындардың қолдарын қойғызып әкелгенін жасырған жоқ.

- Мен «ауылға барып жалпы жиналыс жасаңдар. Көпшіліктің үйғарымына сай ойланып көрерміз» дегем. Алайда, оның жайылымдық жер екенін білмедім. «Бос жатқан жер, ешкімге керегі жоқ. Игерілгені дұрыс емес пе?» деген соң сеніп қалғаным рас. Дегенмен, қателеспеппін. «Ауылдың

барлық тұрғындары қатысқан жиналыстың хаттамасы көрек» дегенім дұрыс болған екен,- деді аудан әкімі Жолан.

Сазарып барған ақсақалдар сабаларына түсіп қайтты.

Япрай, бір жылдары адамдарды қызмет баспалдағы да білімі мен біліктілігіне, тәлім-тәжірибесіне қарай жоғарылатушы еді. Бүгінгінің бәрі – би, бәрі – қожа. Тіпті, әріпті таяқ деп білмейтін дүмбілездер дәуірлеп тұр. Ұры-қарылар, есіріктер мен есектің миын жегендер, қаныпезерлер, қарақшылар ірі-ірі компаниялардың тізгінін ұстайды. Заман ауаны осылай кете берсе бай мен кедей арасы алыстай түсеріне дау жоқ. Зұлымдық бар жерде оған қарсы күш пайда болмаушы ма еді? Сол тегеуірінді топ бөгетті жарып өте алады ма, жоқ па? Биліктегілер «бай мен кедейді теңестіреміз» деп аңғал, етекbastы қазақтың аузын аңқитып жүр emes pe?

Аңқифан аузға шыбын тезек тастап кетеді. Тезек пен қидан тазару үшін сілкініс керек. Серпіліс керек. Кедей байғұс қалай сілкінеді? Қалай көшке ілеседі? Бұл да жұмбақ.

Айтпақшы, өткендеңі жүлқынысты жиналыстан соң ауыл тұрғындары жайылымға күзет қойыпты. Бүгінде төрт аяқты қасқырдан екі аяқты қасқыр қауіпті. «Іштен шықкан жау жаман». Жоңғарға, монғолға, шүркітке, қытайға, орысқа, қызылбастарға бұйырмаған Ұлы Дағырақ жапалақтың қолтығында кетіп қалмасына кім кепіл?

Ағайынды бір-біріне алакөз жау етіп қойған заман-ай десеңші! Алаң жұрттың көңіліне аужар етер жұбаныш табылар ма? Келер күндердің келбеті күңгүрт. Оны Жаратушыдан өзге ешкім де болжай алмақ emes.

Бүгінде қаражондықтар ауылына көлденең көк атты келсе шошынатын болыпты...

ҚАСКӨЙ

(Әңгіме)

Дастан даладан тағы да жылап келді.
Мұрыны пыс-пыс етеді. Үзаланғаны сондай, терісіне
сыймай түр. Құлағына дейін қызыарып кетіпті.

Алдынан шыққан інісі Қайыржанды шалып құлатты.

- Мұның не? Бауырыңды өлтіресің бе? О неси-ей, түге?! -
деп әкесі Мейіржан орнынан тұра беріп еді, Зайыржан оның
қолын шап беріп ұстай алды.

- Ата, велосипедімнің доңғалағы тағы да жарылып қа-
лыпты, - деп Досжан атасына мұңын шақты.

- Кеше ғана кәмерін жаматтырып беріп едім ғой. Тағы да
жарғанбысың? Өзің дс ылғи шөп-шалам, күл-қоқыс тастан-
ған жермен жүреспің. Шеге ме, шөңге ме кірген ғой, - деп Ме-
йіржан әдеттегінше көл-көсір ақыл айтуда көшті.

- Тәйт!, - деп оны Зайыржан тыйып таstadtы.

Дастан – Зайыржан атасының баласы. Мейіржанды әкем
деп мойында майды. Атасындай Алатауы бар болған соң да
ерекелігі басым. Талай рет тентектік жасап, сыбағасын алуға
шақ қалғанда оны азаптан құтқарып қалған алтын атасы
ғой. Сондықтан шағымын атасына айтпай, кімге айтады?

- Оу, Мейіржан! Мына баланың көзінің сорасын ағыза
бермей, қазір барып дөңгелегін жаматтырып кел, - деді За-
йыржан қатуланып.

Үнінде ызғар бар.

- Ту-у, әке-ай! Кеше ғана кәмерін жаңадан алып, ауыс-
тырып салып бердім емес пе? Осы-ақ велосипедін бұзады
да жүреді. Жұрттың баласы велосипедін күтіп ұстайды,
жылдап мінеді. Бұл болса... Бүгін жұмыстамын ғой, дема-
лыс күні кәмерін жаматып берейін, - деп Мейіржан киініп,
жұмысына кетуге қам жасай бастады.

- Демалысқа дейін бұл бала көзі жәутендең, басқалардың
соңынан салпақтап жүгіріп жүреді ме? Жұмысыңдан сұра-

нып келіп, жөндettіріп әкеліп берсең нең кетеді? - деп Рыскул де немересі үшін күйіп-пісті.

- Осы ауланың барлық балаларында велосипед бар. Зырылдатып әрі-бері шапқылайды да жүреді. Олардың соңында қашан көрсөн Досжан мен Қайыржан алаөкпе болып жүгіреді де жүреді. Жүгіре-жүгіре өкпелері күйіп, бір күні құласа қайтесің? Қарашы, әне, екеуінің де құлақтарынан күн көрінеді. Әбден жүдеп бітті. Бұлар ма, бұлар, баланың жайын ойламайды. Өздері аспаннан салбырап түскендей, - деп Зайыржан ашуына мінді.

- Ата! Апа! Мейіржан кеше ғана екеуінің де велисопедін жөндettіріп берді емес пе? Күнде-күнде жөндей-жөндей мезі болды. Күтіп мінбей ме? Қит етсе, Мейіржанға ұрсасыздар. Балаңызды тыып алмайсыз ба? - деп Әсемкүл екіленіп келе жатыр еді, енесі Рыскулдің қабағына қарап екпіні басылып қалды.

- Эдірем қал, әдірем қалғыр! Күйеуінің сөзін сөйлей қалыпты ғой. Бай сенде ғана бар ма? Қарашы-ей, айтып түрған сөзін? Одан да ана байыңа ақша беріп, мыналардың белесебедін жөндettір. Сендердің түктегерін де кетпейді. «Жұмыс, жұмыс» деп кешке дейін қара көрсетпей қаңғырасындар да жүресіндер. Таңертекенен кешке дейін бұлардың бар азабын тартатын біз, - деп Рыскул бұрқ-бұрқ қайнай бастады.

- Жә, жетер! Сұнқылдай берме! - деп Зайыржан зекіп қалғанда Рыскул жым болды.

Осы бір үнсіздікті пайдаланып, бала мен келіп зып беріп далаға шықты. Көп өзамай «Мерседестің» ауладан шығып бара жатқан дауысы естілді.

Олар кеткен соң Зайыржан әлденені күбірлеп, ауық-ауық жөтеліп, бір орнында тынши алмай, екі қолын арқасына қойып үй ішінде әрі-бері жүріп алды. Еденді сықырлатып бос айналшықтап жүрген шалына қарап Рыскул күрсінді. Шалының шәркез-шадыр мінезін білетіндіктен ләм-мим деп тіс жармады.

Ұл мен келін жұмыстарына кеткен соң Зайыржан немерелерді бір ауық таза ауада ойнатып қайтуды ойлады.

Жаздың жайсаң күні жадырап, дүние нұрға балқып тұр. Аспан шайдай ашық. Күн көтеріле күшіне енетін рай байқатады. Іргедегі тау таңғы саф ауада бар бітім-болмысымен айқын көрінеді. Тылсым тыныштықты көшеге шығып, алаңсыз ойын қызығына берілген балалардың шаттыққа толы дауыстары ғана бұзып тұр.

Зайыржан айналасына сүйсіне қарады. Шау тартып, өмірлік қам-қаракеттің, жүріс-тұрыстың азаюы көңіліне көлеңке үялатып, дүние дидары көгілжім мұнармен түмшалып, көкірегінен ел көшкендей жетімсіреп жүр еді, шекесіне шуақ түсіп, оқыс жадырады. Айнала құс базарына айналып кеткендей. Дүниеде балалардың алаңсыз күлкісіне жететін қандай құдірет бар?! Құлағына әр-әр тұстан талып жеткен сиқырлы сыңғыр қарттың жүргегін жібітті. Бейопа дүниенің алдамшы екенін ойлап, дene тоңазығанда сол шыңыраудан баланың бал қылығы мен жұпар ісі суырып шығаратыны бар ғой. Зайыржан да зұлматтғы өлім жайлыштарынан арылып, бойы жадырап қалды.

Әлден соң жол бойындағы орындықтарға екеу-ұшеу, ұшеу-төртеуден жұптасқан кәрі-құртандар жайғаса бастады. Аққырау шаштылар өзара қауқылдасып, шат-шәлекей көңілдерінен күдік-күмән кептерін ұшырды. Аракідік асыр салып ойнап жүрген балаларға ұрысқансып айқайладап қойғандары болмаса, сіңірлеріне ілініп жүргендердің көңілдерінде көп кіді қалған жоқ.

Осы бір алаңсыз әңгіме өрбітіп, біріне-бірі көңілқостық білдіріп отырған жаймашуақ сэтте Зайыржан жоқ жерден шала бүлінді де қалды.

- Ойбай-ай! Мына баланың өкпесін шаң қапты-ay! Ауырып қалмаса игі еді, - деп орнынан атып тұрды.

- А-а, не дейсің? Шаң қапқаны несі?

- Кімді ит қапты дейсің?

- Кім ауырып қалыпты?

Кілең бір саңыраулардың сұрықсыз сауалы Зайыржанды одан сайын діңкелетті. Жан-жақтан жамырай сөйлеп, онсыз да әңгіменің ұшығына шығып үлгермей жатқан осы топттан бағана-ақ сыйтылып кетуді ойлап отырған Зайыр-

жан бұдан әрі аялдай алған жоқ. Ол велосипедтегі әр бала-ның соңынан салпақтап жүгіріп жүрген немерелерін іздең тауып, әлгі құрып кеткір белесебедті өзі-ақ жөндettіріп беруге оқталды. Бірақ бұл құрғырдың бөлшектері қаладағана бар екенін естігенде әуелгі аптығы басылып қалды.

- Осыдан Мейіржан келсінші! - деп күйінді.

Өне бойын тер басқан Дастан мен Қайыржанды іздең тапқанда қарттың жүрегі атқаңтай соғып түр еді. «Әй, кәрілік-ай! Аяғымды тұсауладың-ау!» деп жалын ата қурсінген қарт ентігін зорға басты.

Бұл жолы да Мейіржанның жаңғалақтығы үстап, кәмір әкелуді ұмытып кетіпті. Немерелер томсарған соң үйде қайдан жылу болсын, бұл түні отбасы мүшелері түгелдей қойындарына құрбақа кіріп кеткендей дөңбекшіп шықты. Ертесіне екі немересінің көзі кіртиіп қалғанын көріп Зайыржан баласына қатты зекіді.

«Енесі тепкен, құлышының еті ауырмас» дегенді айтқан қазақтың көріпкелдігіне дауа жоқ. Экесінің ұрсып-жекігегені Мейіржанға шыбын шаққандай да әсер етпеді. Сол баяғы жұмысбастылық, одан қалса ұмытшақтық Мейіржанның мықты қорғаны. Зайыржан оңашада отырып: «Осы мен жаңғалақ баланы қалай таптырдым? Рыскүлдің бір істі екі айтқызып жасайтыны бар еді. Сірә, жаңғалақтық нағашыларынан келген болды ғой» деп ой қорытты. Екі тентек көздері боталап тағы қалды. Оларды көргенде Зайыржаның жүрегі аунап түсті.

Зарықтырған, сарғайтқан сенбі де келді. Зайыржан екі немересінің алаңжарлы күйлерін көріп, «бүгін демалыс екен-ау, келіннің қасында жатыр-ау» демеді, айқай салды:

- Эй, үйқыбас! Шаңқай тұске дейін шәниіп жата бермек-пісің?

Рыскүлдің белі бүкірейіп жүріп адвокаттығы мықты. Бұл жолы да соңысына басты.

- Шал-ау! Алжыған әтеш сияқты азанымен айқай салғаның не? «Беймезгіл шақырған қораздың басы жұлышнады» дегенді білмеуші ме едің?

Зайыржанның бүл күтпеген құқайы еді. Қаны басына шапшып, көзі қарауытқанда Рыскүл қайта екпін алды.

- Құдайдың екі күн демалысында балаларға тыныштық бермейсің. Күн шықпай тұрып алып, үйді дүрліктіресің де жүресің. Келіннен де ұялмайсын. Тыныш ұйықтасын да олар,-дегені шатақ шалдың шымбайына аяздай батты.

- Сені ме, сені, көксөққыр!

Зайыржанның аузына кәпелімде басқа сөз түспеді. Жас кезі болса дырау қамшымен жон арқадан шып-шып еткізіп тартып-тартып жіберер еді. Келін, немерелер оның қолын байлап тұрганын көрмеймісіз. Шал кекірек жара күрсініп:

- «Сен салар да мен салар, атқа жемді кім салар?» деген осы. Мына екі жәутеңкөздің белесебедін кім жөндеп береді? - деп кемпіріне кектене қарады.

Шалының шаптыға қарағанын шайпау кемпір елең қылмады. Самауырынға от тастап отыра берді.

Бөлмедегі бажылды есітіп Мейіржан «інінен» шықты. Әкесі «қашан інінен шығады?» деп тышқан андып отырған мысықтай сақ отыр еді, баласын тыптыр еткізбеді. Қолағаштай мұрыны зорайып, шұбар өңі түктеніп кетіпті.

- Тасбауыр неме! Мына екі баланы қашанғы зарлатасың? - деп ұлына зілдене қарады.

Шаруаның бар азабы бір өзінің қабырғасына батып жургендей әншейінде аһылеп-ұхілеп жүретін Мейіржан бүл жолы құрақ ұшты.

- Қазір, әке, қазір. Шайымды ішіп аламын да базарға барамын, - деді шаһар шалдың айбарынан сескеніп.

Мейіржан бүл жолы таңғы шайды мейірі қанып іше алмады. Кесесін төңкеріп, орнынан созалаңдай көтерілді.

- Баланың шайын да ішкізбедің ғой, - деп Рыскүл бүркүлдады.

- Тәйт! Албаты лақпай, тыныш отыр!

Мықыр шалдың әлі де мықтылығы бары еске түсіп, Рыскүл пыс болды.

Мейіржанның баруынан қайтуы жылдам болды.

Екі немере қол шапалақтап қуанды. Әлден соң екеуі де өз велосипедтерімен құлдыраңдап бара жатты.

- Ит-ай! Баяғыдан осылай етсең болмас па еді? - деп Зайыржан ұлына сүлейсапа күйде қарап тұрды.

Ой, несін айтасыз, екі күн Дастан мен Қайыржан үшін мерекеден кем болған жоқ. Бой-бой болып терлеп келген екеуінің киімін ауыстырудан Әсемкүл де шаршамады. Тұні бойы телефон шұқылап өздері де, өзгені де ұйықтатпайтын екеу түяқ серіппей қалың ұйқыға кетіп жүрді.

Бірақ мемлекеттің берген демалысы екі күн ғана! Ала-кеуімде орындарынан тұрып, мектебіне кеткен олар сабактарынан келген соң тағы да велосипедпен әрі-бері шапқылап ойнап жүрген. Күн екіндіге ауғанда Әсемкүл жұмысынан оралып, ақ тер, көк тер болып жарысып ойнап жүрген екі баланы «сабактарынды қарандар» деп үйге қызып тықты.

Талайдан күткен қызық ойынға мелдектеп тоя алмаған екі үл мұрындары пысылдап, бар ынта-ықыласы даладағы ойында болып кітапқа самарқау қарайды. Өздері құрыптасталаі балаға ертеңгі сабак жоқ сияқты. Олардың шулаған дауыстары екі ұлдың онсыз да тулаған жүректеріне шоқ салды.

Ертеңгісін сабактан оралған екі еркек ойбайлады да қалды. Құдауанда, қас қылғандай екі велосипедтің де доңғалағы тесілген. Тіпті, бірінің доңғалағын қиқы-жиқы етіп кескілеп тастапты.

-Бұл қай қаскөй болды екен? - деп шал шыр-пыр болды.

Жұмысынан оралған Мейіржан немерелеріне емешегі үзіліп отырған әкесіне «Соншама әздектеп едіңіз. Велосипедтерін ылғи да шеңгелді жерлермен айдайтын өздерінен көрсін» деп есе қайтармақ болды.

- Әр аптаның басында осы екеуінің белесебедіне пәле көрінеді де тұрады. Сен шал, осы сарайға адыраспан тұтетіп, жын-шайтанды аластасаң қайтеді?-деді Рыскүл қарап отырмай.

- Атаңың басы! Жын-шайтан сенің мына шақшадай басың тұрғанда балалардың белесебедін қайтсін? - деп Зайыржан зілденді.

Дегенмен, осы оқиға қайталана берген соң Зайыржанның жүргегі зірк етті. Үйдегілер үрпісіп қалды.

Бір күні Зайыржан дәрет алып келе жатып сарай есігінің ашиқ тұрғанын көріп қалды. «Әй, кім бар мұнда?» деп есіктен сығалағанда іштен Мейіржан атып шықты. Күтпеген жерден көлбен етіп атып шыққан бейне оған шайтан болып елестеді. «Біссімілда! Біссімілда!» деп кейіншектей берді. Қолынан құманы түсіп кетті. Су ақтарылып қалды.

Әлден соң есін жиғанда ұлының машинасын оталдырып жатқанын аңғарды.

Қаскөйдің қайдан келгені түсінікті болды.

Зайыржанның ойына ілгеріде өткен бір оқиға түсті. Сол жолы ол Мейіржанды көкпарға ала барып еді-ау.

Ұмар-жұмар көкпар қызығына түскен Зайыржан «осы арада тапжылмай тұр» деп тастап кеткен баласын ұмытқан да еді. Алқын-жұлқын көкпарда ойын қызығына масайрағандар «өлдім» дегенінді тыңдар ма? Көкпарды ала қашқан Зайыржанның соңынан бір топ атты қиқулап келе жатты. Мұндайда адамды есірік қысады. Есірікке еліткен адам есерсоқтау күй кешеді. Осындай желік үстіндегі Зайыржан астындағы атын үстін-үсті қамшылап, құстай ұшып келеді. Алдында терең құз болса да тізгін тартар райы жоқ.

Кенет ол қарсы алдында өзіне қарай құлдырандай жүгіріп келе жатқан Мейіржанды көзі шалып қалды. Егер жер куырып келе жатқан жүздеген жүйріктің жолынан алып тастамаса ауыздығымен алысқан арғымақтар кіп-кішкентай баланы таптап өте шығары сөзсіз. Зайыржанның жеңіс деп керілген өр көкірегі дал-дал айырылып, су сепкендей басылды. «Ұлым жазым болады-ау» деген үрей оны есенгіретіп тастады.

Мұндайда Тәңірімнің өзі жаңылғанға ес кіргізеді еken. Қайдан есіне түскені белгісіз, Зайыржан тақымындағы көкпарды тастай берді де алдынан құлдырандай жүгіріп келе жатқан ұлын қырандай бүріп көтеріп алды. Сол бойы ат-

тың басын ірке алмай едәүір жер ұзап барып кері бұрылғанда көргені соңындағылар түсіп қалған көкпардың әлегімен шоғырлана қалыпты.

- Уф! - деп демін зорға алған Мейіржан сонда тұңғыш рет бейқамдықтың сан соқтыратынын ойлап еді.

Бұлар тұратын көшеге асфальт теселгелі тұрғындар әуелгіде қуандарымен, соңғы уақытта жиі аландастын болған. Баланың аты қашан да бала емес пе, астарындағы шайтан арбамен әрі-бері зырылдатып жарысады да жүреді. Көше бойымен жүре берсе қауіп те жоқ. Алайда, көше қызылысынан өту о дүниедегі қыл көпірден өтуден де қын. Өйткені, әрі-бері ағылған автокөлік ырғын. Негізі машина руліне отырғандардың көбісінде желекпе желік болады. Желік қысқан жанды жын да тоқтата алмайды.

Мейіржанның велосипед көрсө бәле көргендей тыжырынатыны осыдан.

Зайыржан осыдан талай жыл бұрынғы көкпарды есіне алғып отырып, «әке жүрегі баласы үшін текке аландасың ба?» деп бір қойды. Қадағалап, бақылап тұрмаса көбелек-тей ұшып-қонған бала шіркін отқа да, суға да түсіп кетуі бек мүмкін. Ол бұл қауіпті басынан өткеріп еді ғой. Сондағы санаулы секундтарда басына не келіп, не кетпеді? Сол сүмдикты ойласа жүрегі әлі де зырқ етеді.

Қақпадан шығып бара жатқан автокөліктің ішінде ыржып күліп отырған ұлын көзі шалып қалды.

- Тәубе! Тәубе! - деп Жаратқанға құлшылық етті.

Шалдың іші уілжіді.

ҚАТЕРЛІ ӨТКЕЛ

(Әңгіме)

Табан астында үйытқи көтеріліп, кемпірдің қолындағы үршықша шыр айналып, жолындағысының барлығын талғамай сыптырып-сиырып, иіріміне қомағайланған тартып алатын құтырынған құйын сияқты елірме есірік ешкімге опа бермеген.

Бәрі де ойламаған жерден болды-ау.

Алды-артынды ойлатпайтын құйын мінез, ессіз есірік сезім-ай десеңші.

Қарғабайдың маңдайы таспен үрғандай зеңіп барады. Сол күнгі тосын оқиға төбеден соққандай қаймықтырып тастаған, іші-бауыры мұз болып қатып қалды. Қойынына жылан кіріп кеткендей тұла бойы тітіркенді. Қаны басына шауып, көзі қарауытты.

Долы толқын жағалауды сабалап жатты.

Дәмелі келін болып түскен соң көпке дейін құрсағына шарана бітпеді. Былайғы жүрт «бедеу келін» деп сыртынан өсектей де бастаған-ды. Қарғабай сүйіп қосылған келіншегін жамандыққа қимады. Үркек көңіл үгілмелі емес пе, соңғы кездері жәудіреп тұратын жанарынан ыстық жас жиі ыршып түсетін болған. Көрші келіншектердің қай қалжыңы да қаңғып келіп Дәмеліні қабады. Сондықтан ба, сіркесі су көтермейтін боп алды, әзіл-қалжың десе бүйідей бүрісіп қалады. Қабағы бір жадырамай-ақ қойған келіншегінің көңілін табу үшін Қарғабай жанығып-ақ баққан. Эйткенмен, жүрекке тоң болып қатқан мұз ерімей-ақ қойды.

Сол күні Қарғабай жұмысынан кештеу оралды. Үйге Дәмелінің ағасы келіп отыр екен. Келіншегі қазанға ет салып қойыпты. Бірақ, осындауда әлдене жетіспей тұрады емес пе? Қарғабай қипақтады.

- Қап, дүкенге жүгіртіп жіберетін бала да жоқ. Өзім ба-
рып қайтайын, - деп киініп тысқа шықты.

Есік алдында Дәмелі теріс қарап тұр екен. Иығы солқ-
солқ етеді. Ағасы келіп түрғанда қыз деген қуанбаушы ма
еді? Не жазып қалды? Шарбақтан шыға беріп Қарғабай «ай,
қап!» деп санын соқты. «Жүгіртіп жіберетін бала да жоқ»
дегені Дәмелінің жүргегіне шаншудай қадалмасына кім ке-
піл? Бүгінде әр сөздің астарына үңілетін болып алды. Кү-
йеуінің жаңағы асығыста қопалдау айта салған бір ауыз
сөзі адаспай соны іздеп тапқанын көрмеймісіз. Құдай-ай,
бала туралы сөз ауызынан қайдан ғана шығып кетті? Жал-
пы, екеуі оңаша қалғанда да сәби, бала туралы әңгімеден
айналып өтуші еді. «Қай сайтан түртті екен? Ағасына мұ-
ңын шағып, екеуіміздің арамыз алшақтап кетпесе жарар
еді» деп Қарғабай тілін тістеді.

Ол үйден шыға анасының Дәмеліге қарата айтқан сөзін
құлағы шалып қалды.

- Келін! Үйге ағаң келіп отыр. Жоқтан жау, болмастан
дау шығармай, қабағаңды ашып отырсаңшы. Не болса со-
ған бүртия берме. Ілуде бір келетін ағанды жасытпа. Сенің
қабағындағы кіrbінді көрсе, не ойлап кетеді? Әлде Қарға-
шым саған бірнәрсе деп қойды ма?

- Жоқ, апа! Бауырларымды сағынғандықтан шығар,-де-
ген Дәмелінің үні құмығып шықты.

- Жасынды сүрт. Қөзінді құрғат. Ағаңың алдында жай-
рандал отыр, - дей Гүлдарига апасы келініне қарата тағы
әлденелерді айтып жатты.

Бұл кезде Қарғабай ұзап та кетіп еді.

Екі-үш бөтелке ішімдік пен түрлі сусындар алып орал-
ғанда анасы, қайынағасы және келіншегі үшеуі сары са-
мауырынды орталап та қалған екен. Ішімдікпен бірге үйге
жылы леп те кіргендей. Сол арада орталарына үйме табақ
етте келіп қалды.

- Құда бала, бір қойдың басын мұжитін ретін-ақ еді, Қар-
ғабайым жұмысынан кеш оралып, мал соя алмадық. Бұл
да бір үйің ғой. Асықпай аунап-қунап бірер күн жатарсың.

Ертең мал соямыз. Сыбағаңды жеп кетесің. Бұғінге әзірге риза бол, - деді анасы Гүлдариға.

- Апа-ау, әуре болып қайтесіздер? Мына еттің өзі жетпейді ме? - деді Ханәлі алдындағы жамбас жілікке қолын созып жатып.

- Құда бала! Бір қойдан кедей болып қалмаймыз. Салтымыз сондай. Ертең өзіне арнап мал соямыз. Сенің сыбағаң сол етте де бар. Қарындасың да сендерді сағынып жур. Ақыры келіп қалған екенсің, екі-үш күн қонып, мейман болып кетсеңші. Дәмелінің де сағынышы басылсын. Ертең Қарғашым жұмысынан сұранып келіп, тауға апарар. «Қызық көргің келсе тауға бар» деген бар ғой. Тау-тасқа өрмелеңдер, айнала абат дүниеге көз салындар. Ертең ауылыңа барғанда не көрдім деп баrasың? Ал, енді алдарындағыны алып қойындар, - деп анасы алғашқы рюмканы көтертіп жіберді.

Мұнан соң қонақ ашыла түсті. Ағасы қайтқанша Дәмелі бетінің қаны тамып, қуанғанын сыңғыр күлкісімен жеткізіп журді. Ханәлі кетерде томсарды.

- Келіп-кетіп жүрсөндерші, - деп ағасына қыыла қарады.

Қарғабайдың секемшіл жүрегі оқыс бүлқынды. «Ағасына шағынып түр-ау. Бұл үйден зорлық көріп жур ме еді? Төркіндері келіп-кетіп жүрмese оны біреу сабай ма екен?» деп ойлады. Бірде бетін, бірде ту сыртын беретін алдамшы өмір дегеніңіз осы. Сүйіп қосылған сыңары еді, сенімі сетінегені қалай? Ертең теріс айналса жүрегінің парша-паршасы шықпай ма?

Осыны ойлап Қарғабай қамығып қалды. Ол соңғы кезде түйіктанып, тұңғиық терең ой құшағында жүретін келіншегін кінәлағысы келмеді. Дәмелінің жүрегінде бір ғана діт бар. Онымен қатар келін болып түскендер бүгінде үш-төрт қара домалақты шомылдырып жур. Дәмелі соларға қарайды да көнілі құлазып сала береді. Соңғы кезде көбік ауыз кесірлердің өзі туралы не айтатындарын құлағы шалып қалып жур. Бәрінен де бұрын жүрегін осып өткені «қысыр жылан сияқты қайқаңдайды да жүреді» деген удай абыз

сөз болды. Дәмелі қашан көкірегін керіп қайқаңдал жүріп еді? Құрсақ көтере алмай жүргені қашан да бетіне шіркеу болып, төменшіктей беретін әдет тапты емес пе? Сонда да бұл ауылдың әйелдерінің оябын табу қызын. Олардың кейбірінен өлген адамды тірілтпесе де одан бергінің барлығын күтүге болады. Сондықтан Дәмелі ауыл әйелдерінің алдына түсе бермеуші еді. Басын көтертпейтін бір бүйірыгы күйге түсіп, бедерсіз бүғалыққа байланды да қалды.

Соңғы кездері Дәмелінің төсегі де салқын тартып барады. Бұрын отша лапылдан түрушы еді. Ыстық ерінің балшырынына тоя алмайтын. Балғын денесі талшыбықтай бұралып, қорғасындағы балқығанда Қарғабай от сезімнің құшағында ындынның ырқында манаурап жатып барлық дүниені ұмытып, келіншегінің еміренген үніне елітіп, есек-гіреп қалатын.

Дәмелі жатып қалған екен. Қарғабай шешініп, оның қасына жатқанымен келіншегінен ықылас-ынта болмаған соң теріс қарап аунап түсті. Ағасын шығарып салған соң көңілі ортайды ма әлде күні бойғы жұмысынан шаршады ма тырс еткен дыбысы білінбейді. Өзі тарс бүркеніп алыпты. «Ешкімнің де керегі жоқ» кейіпті таныған соң Қарғабай да тартыншақтады. Сарқылмастай көрінген сезімнің тез-ақ сүйнғанына өкінді. «Неге өкпелі? Неге бүйіғылана береді?» деп те ойлап жатты. Көлденең тікенектің барлығы Дәмелінің дімкәс жүрегіне қадала беретіні несі?

Ана бір жолы Дәмелі жұмысынан алабұртып келді. Ауылдың тасыр келіншектерінің шығармайтыны болсашы. Қайсысының ақылы екенін кім білген, Дәмелі төсекке жатқан соң Қарғабайдың иығынан тұртіп, өзіне қаратып алды да:

- Қарғаш, осы біз бір-бірімізді кінәлай бергенше, дәрігерге барып көрінейік те,- деді дауысына діріл араластырып.

Қарғабайдың бұл естиін деген сөзі ме еді, маңдайынан қара тер бүрқ ете түсті. О заман да, бұ заман «еркектігім күмәнді» деп дәрігерге қаралған қай қазақты көріп еді? Ра-

сында, кінәрат өзінде болса ше? Онда бұдан соң қалай жер басып жүреді? Бұл сөз ұры тазыдай жалмаңдал, әр босағаға кіріп-шығып тез тарап кетпей ме? Әтек атанып, абырайдан айырылғанша жарды емес, жерді құшқаны дұрыс емес пе?

Ал, кінә Дәмеліде болса ше? Жар болып қойынын жылытықан, ниеттес болып үйінің түтінін түзу шығарған қосағын жаманатқа қия ала ма? Өз кемшілігін білсе Дәмелі сол күні-ақ төркініне кетіп қалары анық. Бүйтпесе ол Дәмелі болар ма? Уыздай уылжып түрған келісті де көркем келіншегін Қарғабай қалай қияды? Осы оймен Қарғабай ұзақ дөңбекшіді.

Дәмелі күйеуінің күйзеліске түскенін осыдан-ақ аңғарды. Іштей қандай қорытындыға келгенін өзі біледі, содан кейін бұл тақырыпты қозғаған жоқ. Сонымен бұл тақырып жабулы қазан жабулы күйінде қалды.

Күздің ыбылыңқы-сыбылыңқы ұзақ күніндей бірде бие, бірде түье әрі-сәрі тірлікпен айлар сырғып өтіп жатты. Анау-мынау қыындыққа оңай сынбайтын Дәмелі сыр бермеді. Кейде жайрандал, кейде солғын тартып, бар мұңшерін ішіне бүгіп бақты. Толысып туған айдай ажарлы да ақылды келіншегін Қарғабай елжірей сүйді.

Жарылқаймын десе Жаратқанға не тұрады, бір күні Дәмелі екі беті алаулап отырып Қарғабай көптен күткен жүрекжарды қуанышын жеткізді.

- Қарғаш! Мениң аяғым ауыр!

Бұл әлдеқашан сүйегі қурап кеткен әкесі тірліп келгенен де артық қуаныш еді, Қарғабайдың жүрегі жарылып кете жаздады. Қуанғанынан далақтап анасы жатқан бөлмеге жүгіріп барып кірді.

- Апа-ау, апа! Келініңіз, - дей берді ауызына басқа сөз түспей.

- Тыныштық па? - деп шошынып қалған Гүлдариға келініңің аяғы ауыр екенін естігенде орнынан үш ұмтылып тұра алмады.

Сол түні олар көз ілмеді. Қөп ұзамай ауылдың ауызы жылдам келіншектері «құрсақ шашу» тойына бірі қалмай

жиналды. Дәмелінің соңынан сыпсың сөз жүгірткен, кейде тілі де тиіп кеткен келіншектер ештеңені бұлдіргемеген жандардай жайрандап отыр. Тіпті, Дәмелінің құрсақ көтергеніне өздерінің де үлесі бардай еркінсіді, еркелейді. Қалай дегенде де қуанышқа келіп отырған соң Дәмелі өкпені үмитты. Мынадай қуанышта өкпеге орын қалар ма?

Қуанышты хабарды естіп Дәмсліпің анасы Несібелі де артынып-тартынып келіп кетті. Оның келген күні де кішігірім тойға үласты.

Ай-күні жетіп Дәмелінің перзентханаға кететін күні де келді. Қарғабайда ес қалған жоқ. Келіншегінің қабағы кіртисе-ақ болды, жаны шығып кетердей қиналады. Немере сүйгелі жүргендіктен енесі де жомарт жүрегін кең ашқан. Дәмелі ақбөртеленіп толыса бастағанда-ақ келінің астынан түсіп, жерден бір сабақ жіп те көтерткізбей қойды. Ас-суын алдына апарып беріп, келіндей қызмет көрсетті. Мұндайда Дәмелі:

- Апа-ая, қойыңызшы. Өзім-ақ істеймін ғой, - деп қызарапташ қалады.

- Қалқам-ая, Қарғашымның үрпағын дүниеге әкелгелі жүрсің. Жазатайым жығыла қалсаң, өкініші өмірі кетер ме? Қозғалма. Қайта әрі-бері қозғалып, денем ширап қалды,- деп Дәмеліні тыпты еткізбеді.

Оны айтасыз, үйге келген қонақтарды да «сүқ көзі өтеді» деп келіні отырған бөлмеге жолатпай қойды. Қонақтарға тамақты өзі беріп, шығарып салған соң ғана келінің бөлмеден шығуына рұқсат етті.

Зарығып көрген үлдың атын апасы ырым етіп Тауыпалды қойған еді.

Бір күні сәбидің дene қызыуы оқыс көтерілді. Дәмелі оны жылы орап алды. Қарғабай екеуі дәрігерге көрсетпек болып жолға шықты.

Пәленің басы еді бұл.

Өкініші өрттей сапар болады деп кім ойлаған?

Аурухана дарияның арғы бетіне орналасқан. Бергі беттің түрғындары дәрігерге көріну үшін қайықпен өтеді.

Дәрігер Қарғабаймен құрдас Тұрсынәлі деген жігіт. Үрейден естері шығып кеткен ерлі-зайыптыларды ол қуле қарсы алды. Тауыпалдыны әрі аударып, бері аударып, тыныс алуын, жүрек қағысын тыңдалап, ауызын ашып тілін, таңдайын көріп барып ол:

- «Кәрі қыз ұл таппайды, тапса қоятын жер таппайды» дегенді естігенім бар. Дәмелі, сол күйге түсіпсің. Қорықпа. Сәби шамалы суықтап қалған. Үйге барған соң мына дәріні ішкізіп, жылы орап жатқызасың. Ертең-ақ тәуір болып кетеді, - деп шкаф суырмасынан әлдебір дәрі алышп, Дәмелінің қолына ұстадты.

Мұнан соң Қарғабайды ертіп тағы бір бөлмеге шығып кетті. Әлден соң оралған екеуі қызара бөртіп қалған еken. Ерлі-зайыптылар есіктен шығарда:

- Бұл батырдың тойы қашан? - деп сұрады Тұрсынәлі.
- Иә, иә, тойы болады. Жасаймыз тойды. Тұрсынәлі сені де тойға шақырамыз. Міндettі түрде келетін бол, - деді Қарғабай.

- О не дегенің? Сенің қуанышыңа бармағанда, қайда баруши едім? Тек хабарын екі-үш күн бұрын жібер.

- Жарайды.

Ауруханадан шыққанда күн екінтіге еңкейіп қалған еken. Бұлар қайыққа отырғанда дария сыйбырын білдірмей, момақан ғана ағып жатты.

Қайық жеңіл қозғалып сылаң қағып сырғи жөнелді. Қайық дария ортасына келгенде әлдеқайдан лұп еткен жел көтерілді де іле су беті толқынданып құтырына бастады. «Боранды күні бала мен ит құтырады» деуші еді бұрынғылар, қайдан келгені белгісіз бір желік Қарғабайды түртпектеді де отырды. «Мені құрдастарым әрсаққа жүгіртіп, әңгіме етуші еді. Енді көрсің менің кім екенімді?» деген өктем ой көкірегіне құлады. «Осыдан бір жылқыны жығып, көлкөсір той жасамасам ба?» деп күпісі көтерілді. Осы екпінмен ол келіншегінің қолындағы ұлын өзі алды да жоғары тік көтерді.

- Ей, адамдар! Көремісіндер, менің ұлым бар. Мен – әкемін! - деп айқай салды.

- Қойсаңшы, Қарғаш! Бала самалдап қалады, - деп Дәмелі жік-жаппар болды.

Пенденің желкөрік көкірегі керілмесін деңіз, Қарғабай келіншегі «қой» деген сайын құтырына түсті.

- Ей, дария! Ұлымды тербет менің!

Құдауанда, адам желбуаз қиялға берілгенде ақын да болып кетеді екен-ау. Қарғабайдың аузына бірер шумақ өлең келіп те қалды.

Қарғабай құтырынған сайын Дәмелінің алаңжарлы көңілі үркектей бастады.

- Қарғаш-ау, қойшы енді. Әке болған жалғыз сен емессің. Біреу-міреу естісе ұят-ты. Баланы маған бер! - деп жалбарынды.

Осы кезде қайық қайқаң ете қалды. Қаперсіз тұрған Қарғабай екі қолдап жоғары ұстаған баласына ие бола алмады, құндақтаулы сәби көз ілесспес жылдамдықпен суға шолп етіп түсіп кетті. Арман болған аққанат періште су бетінде сәл қалқып барды да қарабарқын тұңғирыққа батып көрінбей кетті. Нойыс неме іркіліп қалды. Ал бұл кезде Дәмелі қайықтан көз ілесспес жылдамдықпен секіріп, сәбінің соңынан тұңғирыққа сұңгіген еді.

Қарғабай қайықтың ернеуінен ұстап, қоймалжынды тереңге қанша үңілгенімен ешнәрсе көре алған жоқ.

Жаратылыста жігіттің жігерсіздігінен, жүрексіздігінен, жасықтығынан асқан қорлық жоқ. Қос бірдей аяулысын құтқарып қалу үшін батылдық таныта алмаған мұскін қайық ернеуінде айналшықтап жүрді де қойды. Әншайінде үргөппе кеудемсоқтың бірі еді, тым құрыса ырымын жасап суға бір сұңгіп те шыға алмады. Жаңғалақ адамдай қайық ернеуін ұстап шыр айналған ол тағдырың ызалы мазағына шыдай алмай өксіп жылап жіберді. Қайық бұлтың ете қалғанда жүрегі оқыс бұлқынып, сүмдүқ шошынды. Күйгелектеген ол енді суға кеткен қос бірдей қимасын емес, өз басының амандығын күйттей бастады. Мінемін

деп талпынғанда қайық қайқаң етіп көтеріліп, төңкеріліп түсे жаздады. Қайық суға кетсе, демек, Қарғабайдың да суға кеткені. Осыны ойлағанда Қарғабайдың зәресі ұшты.

Әупірімдеп жүріп қайыққа қайта оралған ол ескекті қалай қарай есерін білмей дағдарды. «Екеуін бірдей суға жібердім» деп үйіне қалай барады? Ертең қайынжұртына қай бетімен көрінеді? Ол қайық үстінде екі ұдай болып отырып қалды. Әлден соң қайығының ағыспен ығып келе жатқанын аңғарды. Басыр болған адамдай көз алдындағы көрсеші. Аса қымбат адамдарынан айырылып қалғаны есіне түсіп, іші ұдай ашыды. Тамағына өксік тығызып, кемсөндеді. Сынық көңілі одан сайын сұныып, шарасыздық иығын жаныштады.

Қос мұнлықтың судан енді қайтып шықпасын ойлағанда Қарғабай өкіріп жылап қоя берді. Оның ендігі бір ойы солардың соңынан кету еді, бірақ бір меңреу күш оны жібермей-ақ қойғаны. Соңыра білді, бұл – қорқақтығы екен. Бойын үрей билеген жан ешқашан жеңіске жеткен емес. Қорқақта Отан болмайды. Осы уақытқа дейін өзін бір үйдің баскөтерері, алтын діңгегі, қорғанышы санап келген ол Алла алдында, Ар алдында есеп бере алмайтын дәрменсіз, жауапкершіліктен жүрдай, қорқақ екенін ойлағанда жігіт болып жер басып жүргеніне арланды. Қайық ернеуінен секіріп кетуді ойлаған оның бойын үрей билеп, кейіншектей берді. Кешіруге келмейтін қылмыс жасап алып, соның өтуін, жазасын тартуға келгенде қиғаштай бергені жанына батты.

Арада апта өткенде әлдекімдер бір әйелдің жағаға шығып қалғанын көріп, жан-жаққа сұрау салды.

Қарғабай ентігіп жеткенде мойылдай қара көздері мөлдіреп жатқан Дәмеліні көрді. Қалың қара шаштары тарқатылып, дария сұына сусып түсіпті. Мың тарау қара шаш жағаға ұрған толқынмен бірге иректеліп, мың құбылып жатты.

Қарғабай Дәмелінің үстіне өкіре жылап құлағанда сұып қалған дene бойын аяздай қарыды. Дәмелі «осыған сен кі-

нәлісің» дегендей оған шаншыла қарап қалыпты. Осы бір кінәлау, жазғыру Қарғабайды сүмдүк шошытты.

Мұнда негізі шошынбаған адам қалмады. Содан бері «Қатерлі өткел» аталып кеткен осы маңға жан баласы жуымайды.

Мәйітті жатқан жерінен көтеріп зембілге салғандар адам сенгісіз көрініске қайран қалысып, таңырқады. Да-мелі ұлын омырауына басып алышты. Бөбекіне еміренгісі, емізгісі келді ме екен?..

* * *

Жалпақ жұрт «Қарғабай жынданып кетіпті. Дарияның жағалауында еңіреп жылап жүргенін көрдік» десіп әңгіме айтушы еді.

Енді біреулер: «Жок, ол дарияға өзін тастап өлген. Жұрттың көріп жүргені оның елесі» дейді.

Мен осы әңгіменің екеуіне де сендім.

ТАНДАЙДАҒЫ ТІКЕН

(Әңгіме)

Оның ақ мұнардай аппақ әлемі бар еді. Көңіл айдынындағы кірнесіз күміс күмбірлі күмбезді әлдебір кердең, пәршек-пәршегін шығарып талқандап кеткендей жан әлемі жетімсіреп қалды. Содан бері басыр болған адамдай көз алдындағыны көрмейді. Қимас дүниесінен айырылып қалған баладай жан-жағына елегізи қарайды, жәутендейді. Бұрынғы желкөкірек көңілі де көнетөз тартып, жадырамайды. Бар қызығын бір ауыз сөздің бодауына берген сыйнық көңілдің шарасыз мұңы нардың белін қайыстырадай.

Ту-у, не болып кетті өзі?

Әзімбердің таңдайына тікен қадалғандай өңешінен ас өтпей, ине жұтқан иттей ілмиіп қалғанына бүгін аттай алты күн. Ол мұншалықты қалың қайғыға белшеден батамын ғой деп әсте ойламаған еді. Бәрі табан астынан басталды ғой.

Сол күні ол таң бозамықтана өрген отармен ілесе кеткен. Күндеңі әдеті. Шілде айы болғандықтан да отар таңғы төртерде-ақ тыптырыши бастайды. Бәрінің де көшбасшысы сақалы қауғадай, қос мүйізі найзадай ақ серке! Табиғатынан тынымсыз жаратылған неме ғой, сүмендеп тінткілемейтін жері жоқ. Өрістен келісімен үйдің маңайын торуылдайды, қап, қоржын, жәшік көрсө маңайынан шықпайды. Тұртінектеп жүріп бірдене тауып жейді.

Осы серке орнынан атып тұрды болды, дүниені дүбірге бөлеп, сиқырлы әуен төхіректі түрлендіріп жібереді. Ақ серкенің мойында күміс қоңырау бар. Соның бір сыңғыр еткені жетіп жатыр, жеті жүзге жуық қой-ешкі командирден бүйрық алған солдаттардай орындарынан атып-атып тұрып серкенің соңынан ереді. Ақ серке «қане, менімен таласатын қайсысың бар?» дегендей айналасына маңғаз қа-

рап, шайқатыла басып, қауға сақалын шошаң-шошаң еткізіп маң-маң басып кетіп бара жатады.

Әзімберді аға шопан көкесіне көмекші болып келгелі құқайды осы серкеден-ақ көріп бақты. Таңғы елең-алаңда көзін тырнақ ашқызып, мал соңында салпақтатқанымен бітпеді оның әүресі. Кейде қасына төрт-бес «нөкерін» ілестіріп көзді ала бере сайға немесе жықпылға лып беретіні бар. Кеңшардың жоңышқалығына өшпендейлігінде есеп жоқ. Енді бірде отардағы өзімен шамалас текемен мүйіз түйістіреді. Өзі шектен тыс ызақор, жеңіліп қалса құйгелектеп әр ешкіге бір барып сүйкенеді, тұртпектейді. Құйі келген бурадай ауызынан жыны шығып, көзі аларып, көбігін шашады. Қырқымға барғанда да, той тоғыты кезінде де ай мүйізді ақ серкенің қой бастайтын көсемдігі болғандықтан да пышаққа ілікпейді, ұры иттей сумандауын қоймауы да кешірімді.

Бүгін сол ақ серке сақалы сапсиып, мүйізі қақшиып суатқа ерте тартты да тұрды. «Командир» суатқа бет алған соң «жауынгерлер» жиналышып, соңынан ерді.

Әзімберді атын борбайлатып қыратқа шыға келгенде еңістегі ақбоз үйді бірден көзі шалды. Үй маңайы ығы-жығы адам. Екі-үш машина үй маңына ерекше көрік үстемелепті. Малшы қауым әр бұлақтың басындағы жалғыз-жарым үйді де «ауыл» деп атай береді. Мына көрінісінде Тілеубердінің үйі де ауыл деп ауыз толтырып айтуға жарап қалыпты.

Үйдің маңы қарбалас. Жерошақтан шыққан тұтін түйениң шудасында будақтап-бурандалап көкке шаншыла көтеріліп жатыр. Осы көріністің өзі жапандағы жалғыз үйге ерекше реңк беріп тұр. Таңертең шұбарына жайдақ міне салып қой соңынан кеткен Әзімберді қопан-қопаң етіп қырдан түсіп келе жатып «е, ферма басшылары келген еken ғой» деп ойлады.

Көмекші шопан ақ серкенің сезімталдығына таң қалды. Әрине, қадірлі қонақтар келгенде бір қойың басы үйітілуі тиіс. Үй маңында отарға ере алмайтын ақсақ-тоқсақ, жылан шаққан, көзіне шөп-шалам түскен, құрттаған қой ғана жатады. Оларды қонақ місе тұтпайды. Мұндайда ағасы боз

жорғасын шайқалтып келіп, отардың ішінен таңдап бір семіз қойды іліп кетуші еді, бұл жолғы жайбарақттылығы түсініксіз. Сірә, тосыннан келген қонақтар амандық-саулықтан арыға мұрша бермей жатқан сияқты. Сонда ана же-рошақтан будақтап көтерілген түтін ненің белгісі? Анасы қадірлі қонақтарға сүр ет аспаушы еді ғой.

Әзімберді үйден оқшау сырғыққа атын байлай салды. Әдетте үйге мейман келгенде көңілділік қозы көш жерден кекірік атып тұрушы еді. Бұл жолғының жөні бөлек сияқты, тыстағылардың да, үй ішіндегілердің де жүздерінде байсалдылықтан бөлек бір алаңжарлы толқу бар. Сырттан келгендердің жүрісі суыт тәрізді. Әзімберді бұрын-соңды бұл адамдарды көрген емес-ті. Құдайы қонақтардың сөздерінде – астар, тұспалдарында – терең сыр жатқан сияқты.

Әзімберді түкке де түсінбей анасына, одан ағасы мен жеңешесіне жаутаңдай қарады. Олардың жүздері әлдебір суық хабарды естіген жандай алабұртып, ысып-жанып тұр екен. Ал, төрдегі теке сақалды жайдақ сөзben жорғалата бастырмалатып төпеп отыр.

- Бұл кісілер кімдер? - деп Әзімберді жеңгесі Жадыраға жалтақ-жалтақ қарады.

- Кейін түсінесің, мырза бала! - деп Жадыра әлдебір тығыз-таяу жұмысқа асыққансып, ошақ жаққа ығысып кетті.

Енді ол жөн-жосықты анасынан білмек болды. Әншейінде өрістен келгенде маңдайынан иіскеп, құшағына басатын анасы бүгін қатуланып алышты. Сонда мына қонақтар әлдебір суыт хабарды естіртуге келген бе? Өздері шеттерінен табаққа тиген иттей неге төменшіктей береді? Қыз алыш қашып, кешірімге келетіндей бұл үйде бойжеткен жоқ. Сонда бұл келіс қай келіс?

- Аға, мына кісілер кімдер? Не үшін келіпті? Жолдан адасып жүрген құдайы қонақ емес тәрізді. Сонда бұлар біздің үйден не іздейді? - деп ағасын сұрақтың астына алды.

Тілеуберді жауап берудің орнына көзін ежірейтті. Шегір көзінен үшқын шашырады.

Түкке түсінбеген Әзімберді тамағын жеп, қымызын ішіп болып, бұлақтың басына кетті. Әлдебір уыт ішін күшікше тырнап жатты. Оған тосын қонақтардың сыйқыты ұнамады. Әрі аунап, бері аунап оның бойын енжарлық биледі. Көштен қалып кеткен адамдай көңілі жабырқады. Женешесі күні бойы күн астында жүріп еріндері тілім-тілім болып, өңі қарауытып келген қайнысының алдынан қымыз алып шығып «мырза бала» деп еркелетуші еді. Кейде жас аралығы жақын болғаннан, соң «Тетелес» деп те атайдын. Бүгінгісінің пейілі бөтен. Әлде әр сөзін бұлдаپ өткізіп, қазбалап сөйлеп, тақымдай берген таңсық қонақтарына алаңдай ма екен?

Алыстан алты жасар бала келсе де алдынан шығатын қазақ емеспіз бе, қонақтарға бас тартылып, кәделі сый ұсынылды. Аңдысқан жаудай біріне-бірі сараң сөйлеп, есепті қызмет көрсетіп отырған соң ба, үйде шаттық шуағы шашылмады. Керісінше, шайтанның отындай ғана өлеусірген жарық жылу болып жарытпады. Қонақтар да, үй иелері де өлген күннен бір-біріне құрмет көрсеткенсіп отырған сыңай бар. Осы бір салқындық екі жақтың да мысын басқан, еңселерін тіктетпейді.

Әзімберді самаурын қойысып көмектескісі келіп еді, жеңешесі шырай бермеген соң жырақтап қала берді. Ол енді ертерек отарын өргізуге асықты.

Сол түні ай толысып туды. Төңірекке сүттей сәуле се-безгілеп, жердегі инені тауып алуға болады дейтіндей жарық текті. Ай жарығымен шөпті бырт-бырт үзген отардың асығатын сыңайы байқалмайды. Күндізгі аптапта ыстықтан әбден зәрезап болған қой екеш қой да түнгі салқынды тиімді пайдаланып қалғылары келетіндей.

Әлдеқайдан шегіртке шырылдады. Оған бірнеше шегіртке қосылып, дала оркестрі өзгеше бір күйді шырқай жөнелді. Әзімберді осы бір тылсым сәтті бұзғысы келмеді. Әншейінде радиоқабылдағышын қосып, «Шалқар» бағдарламасынан концерт тыңдаушы еді. Бытырай жайылған отардың шөпті бырт-бырт үзуі, оған шегірткелердің шы-

рылы қосылып, әуезді бір әуен құйқылжыта төгілгенде бала шопан басқа дүниеге назар жыққысы келмеді.

Шаруаторы жирен аты да оқта-текте құлағын қайшылап, басын жерден оқыс көтеріп алғаны болмаса, әдеттегі жем мен тыныштық ізделп бұлақ басына тартып кетер тосын мінезінен тиылған. Тек оқта-текте ауыл жақтан көпек иттердің еріне үрген дауысы естіледі. Олар «таң атуға таянды ғой, үйіңе қайтпайсың ба?» дейтіндей. Бірақ, неге екені белгісіз, Әзімбердінің жүрегі алабөтен атқақтайды. Әлдебір күш «үйіңе қайтпа, онда саған не бар?» деп сыйырлайтындей.

Таң бозында бұлақ басына отарын ірген бала шопан төсегіне сүріне құлады. Көзі ілініп бара жатып «мыналар әлі қайтпаған ба? Біздің үйден не ізделп жүр?» деп ойлап үлгерді.

Ертесіне анасы оны тағы да ерте ояты. Отар тұні бойы тоқ жайылғанына қарамастан қырға тырмысып барады екен. Таңғы асын асығыс-үсігіс ішкен Әзімберді отар соңынан тағы да шұғыл аттанды. Бұл кезде өтпек жолаушылар әлі де үйқы соғып жатыр еді.

Сәске түсте отарды суатқа беттетіп келе жатқан Әзімберді үй маңындағы көліктердің ғайып болғанын бірден байқады. «Кеткен екен ғой». Жас шопан күтпеген қонақтардың кеткендеріне өкінген де, қуанған да жоқ.

Үйге кіргенде ол әлдебір салқындықты бірден аңғарды. Анасы да, ағасы да сең соққан балықтай мең-зен, селесоқ бір күйге еніпті. Оларға бірдеңе десе болды отқа түскен тұздай шартылдайды. «Оу, мыналарды жын иектеп кеткен бе?» деп ойлаған көмекші шопан аң-таң күйде әрқайсысының бетіне жалтақтап қарай берді. Ол үңіліп қараған сайын анасы да, ағасы да кінәлі адамдай күйгелектеп, жұздерін ала қашады. Жеңешесі Жадыра болса екі оттың арасында қалғандай екіүдай болып шаrasыз күйде отыр. «Япырай, дәу де болса кешегі келіп кеткендер адам санасын жадылайтын жалмауыздар болмасын. Олар келіп-кеткенге дейін мыналар дені-бастары сау адамдар еді ғой» деп ойлады. Түкке де түсінбеген Әзімберді тұнімен дөңбекшіп шықты.

Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болып мейманасы тасып ойнап-күліп отырған тату түңліктегі салқындық сываты көпке дейін ыдырай қоймаған. Анасы ағасын, ағасы анасын кінәлайтындағы, бірінен-бірі сұып барады. «Олардың арасындағы осы бір ойда-жоқта түскен сыватты қалай жамаймын?» деп Жадыраның амалы таусылған тәрізді. Қашан көрсөң анасы да, ағасы да ауыздарына су толтырып алғандай тымыраяды да отырады. Анасы Рәткүл әкесі бүгін өлгендей ауыр күрсінгенде ауызынан жалын атқылайды.

Күтпеген күйзелістің сырлы неде? Бұл неткен жабырқау? Сүттей ұйып отырған отбасына қонақтары қандай шоқ тастап кетті?

Көлденең көк аттылар келіп-кеткелі Тілеуберді боз жорғасына мініп алып әлдеқайда жоғалып кететінді шығарды. Кейде буыны кеткен адамдай былқ-сылқ етіп бұлғақтап удай мас болып оралады. Сауранбай аталатын штабта арасында тауарлар дүксіні бар. Ал, онда «Москваның айрықша арағы» жәшік-жәшігімен қаланып тұрады. Дүкен сатушысы Жолтай қолы ашық, жомарт адам. «Киіз кітабына» кімнің қанша арақ алғанын жазып қояды да шүлен үlestіргендей таратада береді. Штаб басына кімдер келмейді дейсіз? Малшылар да, шөпшілер де штаб басын аңдиды. Кеңшар директоры немесе партком хатшысы, ауылдық кеңестің тәрағасы Құдай айдал келе қалмаса, басқаларынан қынғайды. Әзімберді ағасының штаб басын жағалайтындарға қосылғанын ә дегеннен-ақ білген. Бірақ қолдан келер қайран жоқ. Үлкенге қарата сөз айтып көргенсіз атанғысы жоқ. Әрі ағасының жуан жұдырығынан да тайсақтайды. «Бір куні болмаса бір күні ішүін өзі-ақ тоқтатар» деп ойлады. Ал, шешесі Рәткүл ұлы Тілеубердінің кешіккенінен сүмдық шошынады. «Әлденеге ұрынып қалды ма екен, сорлы бала!» деп жаман ырым шақырады да отырады.

Жадырадан да жайдарылық жоғалды. Қыр-қыраттан әлдене қылт етсе тесірейе қарап, сазарған күйі ұзақ тұрады. Соңғы күндері ол да жүнжіп кетті. Әншейінде жұмысын ән салып жүріп тындыруышы еді. Бүгінде бойындағы сәні

де, ауызындағы әні де жоғалған. Екі иығы қушиып, жағы солып, көзі үңірейіп, шашы қобырап, өзіне-өзі қарай алмайтын күйгелек бір күйге енген.

Сол тұні иттері қасқыр көргендей шабалана үрді. Ат осқырынды. Отардың бір шеті дүр етіп үркіп, қайта жатты. Тұннің әлдебір уағы болса да құндізгі қапырық қайтпай қойды. Женешесі жиі-жиі уфілеп, ауа жетпегендей қарманып, дөңбекшіп жатты.

Таңертең штаб жақтан сүйт шыққан жүк көлігі шаңын бүркүратып келіп есік алдына кілт тоқтады. Кабинадан шыққан екеу былқ-сылқ еткен ағасын сүйрелеп үйге кіргізіп бара жатты.

- Ойбай-ай! Мына бала өліпті ғой,-деген шешесінің жан дауысы шықты.

Жадыра қыстығып жылап жіберді.

Ағасы удай мас еді. Усті-басы қаннан көрінбейді.

- Аттан жығылды, - деді келгендердің бәрі.

- Үзенгіден аяғы шықпай қалып, ат біраз сүйретіпті. Ат тұяғы бетіне де тиген, - деді екіншісі.

- Ойбай! Неғып тұрсындар? Немене мұны тамашалауға алып келдіңдер ме? Штаб басында дәрігер отырмаушы ма еді? Соған неге көрсетпедіңдер? - деп апасы шыр-пыр болды.

- Фельдшер ауылға кетіп қалыпты.

- Ойбай, Құдай-ай! Енді қайттім? - деп анасы таусыла сөйледі.

Содан кейін жер тоқпақтап жылады.

- Мынаның қу сұлдерін сүйретіп үйге әкелгенше, ауылға ауруханаға жеткізбедіңдер ме? - деп баласын мынадай халде үйіне жеткізген екеуге зілдене қарады.

- Апа-аяу, мас адамды аурухана қабылдамайды ғой. Участекелік инспекторды шақырса, ауданға апарып қамап тастауы мүмкін. Бұл мастығынан айыққанша ауылға кеткен фельдшер де келіп қалар, - деп шофер қарсы дау айтты.

Мұнан соң Рәткүл тынышталғандай болды. Жадыра күйеуінің көйлегін шешіп, қанын сұртіп әлек.

Ертесіне Тілеуберді түрі танымастай болып оянды. Беті гүп болып ісіп кеткен. Көздері ашылмай қалыпты. Рәткүл оған өзі білетін ем-домын жасап бақты. Арада үш-төрт күн өткенде фельдшер Сартай келіп жарасын қайта танып, бір уыс дәрі қалдырып кеткен.

Осы оқиғадан соң Тілеубердінің бет-әлpetі ғана емес, мінезі де күрт өзгерді. Арақ ішіп келсе болды, «кетемін» дейтінді шығарды. Қайда кетеді? Неге кетеді? Әзімберді түкке тусянбей, басы қатты.

Әдеттегідей отарын Көсегенің көк жонынан төмен қаптатып, өзі атынан түсіп, маңайға көз салып отырған. Жотадан бір атты қылаң берді. Жорғасын маң-маң бастырып, атының үстінде тербелтіліп келе жатқан Бекжанды ол алыстан таныды. Бекжан өзі секілді шопан. Мал өргізе шыққанда шаруаторы атын мінетін еді. Төгілдіріп жорға мінгеніне қарағанда маңызды шаруамен әлдеқайда бет алған тәрізді.

- Сауранбайға бара жатыр едім. Ертеңдері үйге қонақтар келмек. Соларға керек-жарақты алуға шыққаным ғой, - деді ол амандық-саулықтан соң маңғаздана.

- Кімдер келеді?- деді Әзімберді әңгіме болсын деп.

- Ой, сұрама. Нағашылар, құдалар келмек. Үйде той болайын деп жатыр, - деп Бекжан шалқайды.

Әзімбердінің есіне тосыннан келіп, тымырайып кеткен қонақтар түсті.

- Жарайды, мен кеттім, - деп Бекжан жорғасын жолға салды.

Сиыр сәскеде Бекжан қырдан түсіп келе жатты. Қоржынының екі басы тоқ. Өзі тым көңілді. Сары тістері ақсиып, сонадайдан күліп келеді. Қызара бөртіп алыпты. Штаб басынан қайтқандардың өзгелерге көрсетер бір қыры осы. Бекжан да дауыс жетер жерден айқай салды:

- Әй, Әзім! Совхоздың қойы арам қатар деймісің. Бір уақ бел жазып, демалсаң қайтеді?

Бұл енді Бекжанның соқтығарға қара таппай келе жатқандағы алғашқы айласы.

- Қойларын жарылуға шақ қалыпты ғой. Шетінен соя беруге болады. Осы сен қойды не беріп семіртесің? Біздің

отардағы қойдың іші-ішіне жабысады да жүреді,- деді ішінде ішімдіктің уыты бар Бекжан.

- Отарды торға қамап, күн тас төбеге көтерілгенде ғана өргізсөн, қалай қондаңады? Осы сен қойды тұнделетіп жаю дегенді білмейсің-ау,- деді Әзімберді.

- Тұнімен қой жаятын мені бір ақымақ көремісің? Совхоз бәрі бір сыйлық бермейді, - деп қыңырайды Бекжан.

- Бермесе қойсын! Отарды қысқа қонды етіп түсірмесең, көктемге дейін көтерем болып титықтап қалады. Шығын да көбейеді. Сосын ферма басқарушысынан сөгіс аласың. Элген малдың құнын төлейсің,- деді Әзімберді.

- Сен-ақ білгіш екенсің, - деп Бекжан ежірейді.

- Білгішінгенім емес, турасы осы ғой,- деді Әзімберді онсыз да ілік іздеп, ұрынарға қара таптай дызақтап тұрған сөршісінің ығына жығыла салғысы келіп.

- Мұның турашылдығын қара! Турашылым сол! Турашыл болсаң, туған ағаң Тілеубердінің шешеңдің соңынан әріп келгенін неге айтпайсың? Өткенде ағаңның туыстары селіп, қона жатып кетіпті. Сыңайлары ағанды өздерімен һірге алып кетпек. Ал, турасын айтқыш батырым, әңгімелі осыдан бастасайшы, - деп Бекжан мұттәйім тырқ-тырқ, кырқ-жырқ күлді.

Әзімбердінің қақ шекесінен әлдекім дойыр қамшымен алып қалғандай мең-зең күйге түсті. Атынан түсіп, меңіреу ғалыпта ұзақ отырып қалды. «Саған керегі осы ма еді? Өзің ілеп алдың» дегендей Бекжан бұған сыңарезулене бақырая қарап тұрды да атын тебініп жүріп кетті. Жай кетіп һара жатқан жоқ, артына жалтақ-жалтақ қарап, мырс-мырс сүлемді. Кекесінді күлкісінен жымысқылықтың неше атасы кыланша ирелендер тарап, түсіп жатыр.

Әзімберді көпке дейін есін жия алмады. Бір әке, бір шешеден туылдық деп жүрген жан көкесі сонда жат болып шыққаны ма? Жо-жоқ, бұлай болуы мүмкін емес. Мүмкін емес. Әзімберді басын ұстап әлі отыр. Басының зеңіп ауырғаны соншалық, ол отырған жерінде құлап қала жаздады.

Қанша жатқаны белгісіз, бір кезде көзін ашқанда отарды ақ серке бастап, суатқа құлап барады еken. Орнынан қанша үмттылып, тұрамын дегенмен зіл тартқан денесі қорғасындей басып, қозғала алмады.

«Қалай барамын үйге? Таңертең ғана туған ағам болып қалған көкем түске жетпей жат болып шықты. Бұл мүмкін бе?» деп ойлады ол. Ой түбіне жете алмай басы қатты. «Бұл қалай болды өзі?».

Ілгері басқан аяғы кері кетіп, жүрісі өнбеді. Өз үйі өзіне жат көрінді. Бәріне де өзін кінәлі санады. Айдаладағы Бекжанмен кергілеспесе бұл құпияның беті ашылmas па еді? Енді жан анасының, ағасы мен жеңешесінің бетіне қалай қарайды? Ол отарының шып-шырғасы бұзылмай суатқа құлағанын көрген соң атының басын кері бүрді да тебініп қалды. Қайда бара жатыр? Не істемек? Мұны өзі де білген жоқ. Кірнесіз көңіліне түскен көлеңке қайтсе кетеді?

Иен даланы жаңғырта ағыл-тегіл жылап келе жатқан оны көрген былайғы адам шошынып қалғандай еді. Оның жүрегіне түскен салмақты ешбір безбен таразылай алмақ емес. Зіл батпан салмақ жүрегін жаншығаны соншалық, ол атынан қалай ауып түскенін сезген де жоқ.

Сол күні оны шөвшілер, малышлар жабыла іздеп, түннің бір уағында ес-түссіз жатқан жерінен тапты. Үлкендер «айдалада шайтан иектеп кеткен ғой» десті. Осы жорамалмен қара суды теріс ағызады деген Насыролла молдаға ат шаптырды. Ауданға хабар жіберілді.

«Шайтан иектеп кеткен» Әзімбердінің жағы қисайып қалмағанымен, мінез-құлқында бұрын байқалмаған бір ерекше құбылыс пайда болды. Меніреу болған адамдай айналасындағылардың сөзіне елең етпей мәңгіп отырады да қояды.

Осы оқиғадан соң-ақ аласы совхоз басшыларына қайта-қайта барғыштаған. Ақыры отарды басқа шопанға санап өткізіп, олар ауылға көшіп келді. Аядай ғана ауылда сөз жатады ма, аласының соңынан еріп келген бала жайлы әңгіме өзекті тақырыпқа айналып үлгеріпті. Бәлкім, осы қаңқу

себепші болды ма екен, ағасы мен жеңгесі «ауылда жұмыс жоқ» дегенді желеу етіп, жаңадан бой көтеріп келе жатқан қалаға ірге аударды.

Сол жылы күзде Әзімбердіге әскери комиссариаттан шақырту келіп, онсыз да ауылға симай жүрген ол азаматтық борышын өтеуге қуана-қуана аттанып кетті.

Тілегі қабыл болды ма, ол тым-тым алышқа, Сібірдің ну орманды бір түкпіріне барып түсті. Сарышұнақ аязда қасат қарды кірш-кірш басып, әскери саппен кетіп бара жатып, Әзімберді көңіліндегі кіrbінді кетіргісі келді. Құлағына анасының: «Балам, бір емшекті тел емдіндер. Бір тәсекте жатып, тай-құлындағы тебісіп өстіндер. Анасы бір адамдар бір-біріне бөтен болмайды. Қашқақтап ағаңың көңіліне қаяу сала бермесенші» дегені келді. «Бәлкім, сағынысып табыссақ, бәрі де ұмытылар. Апам дұрыс айтады ғой» деп ойлап келе жатқан Әзімберді сапта сүрініп қала жаздады.

- Солдат! Көзіңе қарасаңшы! - деп ақырды аға сержант.

Әзімберді аяғын зорға жинап, жауынгер достарына қосылды.

Уақыт алға қарай жылжыған сайын Әзімбердің ауылға деген сағынышы маздай түсті. Ол анасын, ес білгелі қасынан бір елі ажырамай келе жатқан ағасын, таулы ауылдардың бірінен ағасы алып келген сүп-сүйкімді жеңгесін, інісін сағынды. Кеудесін сарытап сағыныш кернеп, журегіне шоқ түскендей әлденеге алаңдап жүрген күндерінің бірінде ол ағасы мен жеңгесінен хат алды. Сондағы булығып жылағаны есінен кетер ме? Сағыныш пен қимастық сезім астасып, оның жан дүниесін алай-дүлей еткен. Осыдан соң хат артынан хат келіп тұрды. Ара-арасында ағасы конверт ішіне ақша салып жібереді. Бауырдың аты қашан да бауыр екен-ау.

Екі жыл екі күндей болмай зымырап өте шықты. Туған жерге асығып жеткен Әзімберді әуелі анасына асықты. Туған-туыспен, көршілермен, сыныптастармен қауышып, мауқын басқан соң қаладағы ағасы мен жеңгесіне келді. Ағасы мен жеңешесі оны құшақ жая қарсы алды. Әзімберді

әскерде жүргенде қарындасты болғанын естіген. Былдыраған тәтті тілімен құлдырандап алдынан шыққан титтей бауырын көргенде Әзімбердінің тіпті есі қалмады.

Сол күні ағасы қаладағы ағасының шыға қоймады, көрші-қоланды, достарын шақырып, інісінің азаматтық борышын өтеп келгенін атап өтті. Жеңгесі де сағынып қалыпты, барын қайнысының аузына тосты.

Ақ жайлауы-ағасының үйінде екі-үш күн аунап-кунап, сағынышы басылған Әзімберді ауылына қайтты.

Ауылда ыңғайлы жұмыс шыға қоймады. Әр жұмыстың басын бір шалды. Осыны естіген ағасы оны қалаға шақырды. Мұнда жұмыс көп әрі еңбекақысы да жоғары. Бірақ, Әзімберді Алматыны таңдады. Өзі бала күннен армандаған мамандықты иеленгісі келген.

Өмір-өзен өз өрнектерімен өзгеше. Тағдыр- Тәңірінің тартуы. Бір анадан туғанмен, бірге жүрмек жоқ. Әр шаңырақ өз арбасын өзі сүйремек. Сол арбаның бір доңғалағы басқа ағаштан жасалды ма әлде өлшемі артық-кем болды ма, кім білсін, оның отбасы орта жолда шоқырақтап қалғандай еді.

Әзімберді әскерде жүргенде ағасының қияндағы туыстары тағы да іздеп келіпті. Ағасының не деп жауап бергені, қалай қарсы алып, қалай қоштасқаны белгісіз. Алайда, осыны естігелі Әзімбердінің кекірегіне күдік, жүрегіне шоқ түсті. Ол ішіне қатқан қырауды қанша әрекеттенсе де еріте алмады. Оның үстіне ағасының бұрын-соңды көрмеген әпкесі табыла кетіп, ол Тілеубердінің үйінен шықпай-ақ қойды. Осы әпкесі көрінсе-ақ болды, Әзімберді кірпідей жиырылатын әдет тапты.

Міне, содан бері да талай уақыт өтті. Ештеңені де елең етпестен ағасына сағынып жеткенімен, қуана қауышқанымен, таңдайына тікен қадалып қалғандай қолайсыздау күйден шыға алмай-ақ қойғаны. Бұрынғыдай ағасына емін-еркін еркелей де алмайды. Сырласпайды. Әлде адамдар есейе келе бір-бірінен алыстай түседі ме?

Таңдайдағы тосын тікен қадалып тұрып алды. Оның қашан түсері тағы белгісіз. Тамағын мысық тырнаң жатқандай өзін жайсыз сезінген Әзімберді батар күннің жалқынына қарап отырып, ауыр күрсінді.

Сансыз ой қажаған Әзімбердің көңілі қоңылтақсып, тәлейіне бүйірған тағдырына налыды. Ең асыл дүниесін жоғалтқан жандай іші уілжіді, көңілі босады. Әлдеқайдан құйын көтеріліп, көз алдында шыр көбелек айналып тұрып алды...



ТӘЖ-ТАЖАЛ

(Әңгіме)

Ұмырт үйіріле ойламаған тұстан жердің асты үстіне, үсті астына тұскендей әлемтапырақ, сұрапыл сүмдық басталды. Әлдеқайдан шаңды дауыл көтеріліп, жолындағылардың барлығын жалмауыздай жапырып жайпап өтті. Қарақошқылданып тұнере тұскен аспан жаққа қараудың өзі қорқынышты. Шарт-шұрт ойнаған наизағай қараңғылықты қақ жарып өтіп, жерге от болы түсіп жатты. От тұскен жерден ілездे өрт тұтанаңып, жалыны маңайын шарпи бастады. Қарашобыр қауым бөрі тиген қойдай дүрлігіп, беті ауған жаққа жөңкіле қашты. Аяқ астында қалған шал-шауқан, кемпір-сампыр, бала-шағаның құлындаған жан дауысы төңіректі түршіктірді. Қосүрейлі мұскін топ бірін-бірі жаншып өтіп, қапас қорқынышты қоюлата түсті.

Аспаннан жай оқ болып түсіп, жерден шоқ ұшып жатқан осындай астаң-кестең аласапыран аздай, көк күмбездің түбі сөгіліп жүре берді. Суық та ызғарлы торғайдай-торғайдай бүршақ аралас нөсер шелектеп төгіліп, онсыз да елірме күйдегі адамдарды аяусыз соққылады.

- Ақырзаман! Ақырзаман! - деп Әлмерек молда мешіттен көздері атысып, аласұрып атып шықты.

- Апокалипсис! Апокалипсис! - деп шіркеу қызметкери Иван әкей қолдарын көкке сауды.

Жандалбасада сәлдесінің бір шеті ағытылып кеткен екен, шұбатылған шүберек аяғына оралып, сүрініп омақаса құлады. Ол сол жатқан жерінен тұра алған жоқ.

- Ей, Құдайдан қорықпаған, әбілет басқырлар! Ақыры сендерді әбілет басты ғой.

Абайландар, арам істерден, арамзалықтан аулақ болыңдар деп сендерге Құдайдың зарын айтып, талай ескерттім. Тыңдадындар ма мені? Ал, енді не болды? - деп Жағыпар ишан жер бауырлап жатып еңкілдеп ботадай боздады.

Мешітке, шіркеуге, басқа да мықты деген ғимараттарға келіп тығылған онсыз да абыр-сабыр күйде еді, ишанның сөзін естіген жоқ. Біреулер «Алла Тағалаға жалбарынып, құлшылық қылындар! Құран оқындар! Тәубеге келіндер!» деп өңешін жыртып айқайладап жатты. Құлақ тұнған айқайдан онсыз да үрейлі қауымды бөркітіргендер топ ішінде жұтылып кете барды. Бір-біріне қияметтік серік, өмірлік дос боламыз дескен пендениң желкөрік көкірегі әншейінде екен. Шыбын жандарының қуыс кеуделерінен шығып кетпеуін ойладап шырқыраған пендelerдің біріне-бірі қарауға мұршалары жоқ. Бірін-бірі демеу, қолтығынан сүйеу, қамқорлық, жанашырлық деген ұғымдар топас тобырдың қа-періне де кірмейді. Адамды адам танымас долы дүрбелен басталып кеткен еді.

Құдауанда, үш күннен соң көк дауыл ішін тартып тына қалды. Бас сауғалап пана, ықтасын болар қуыс-қуысқа тығылған пендeler іннен шыққан суырдай сілейіп, астаң-кестеңі шыққан меңіреу дүниеге қарап қымылсыз сіресіп қалды. Осы талмаусыраған өліара сәтте адамдардың тілі байланып қалғандай еді. Үзіліп соққан бектердің желіндей үп етіп леп ессе үйқыдағы ажал-аждаһалар оянып кетіп, маңайдағылардың барлығын аш өзегіне тартып алатындей. Тізелері дірілдеп, буын-буындары босап, көздеріне үрей үйірілген адамдар сілтідей тынып қалыпты. Япырмай, Та-бигат-Ананың мұншалықты долданғаны, тулағаны несі? Назырқанбайтын, назаланбайтын табиғаттың бар пәлені қара бұлттай қаптатып әкеліп, тілесін-тілемесін көп момынға жаналғыштай жамыратып жібергені қалай? Осынша азап тартатындей олар қай жерде жаңылып, жаза басты?

Қырық қырық ағайынды. Кетеуі кеткен заманда топас-тықпен тоқсан баулы. Жайрап жатқан жер-жаһанда жын-дай жылжып тағы бір мұттақым мерез келе жатты.

Сол куні Жер бетінде белгісіз, пенде біткен естіп-біл-меген дәлдүріш дерт, опасыз оба ойнақ салып, арнасынан асып-төгілген топан судай жалмауыз тілін сумандатып жайыла бастады. Емші, дәруіштер, қара суды теріс ағыза-

тын молда-бақсылар тосыннан төнген тажалдың шипасын таппай, жанып түрған отқа түскендей шырғалаңды шарасыз күйге тұсті.

* * *

Жер бетін аждаһадай жайпап келе жатқан, дию дерттің дауасы табылмағаны Көктегі Періштелердің де жандарын күйзелтті. Олар адам кейпіне еніп, қалалар мен елді мекендерді шыр айналып шығып, көңіл жайлайтын жұбаныш таба алмады. Пенделердің көздері бітеліп қалғаны соншалық, ешбір ақыл-айлаңа, үгіт-насихатына, бәтуа-бітіміңе құлақ аспайды. Шаршап-шалдыққан Періштелер мұнарлы Кекке қайта оралып, ұзақ кеңесті. Олардың жүгінерлік, тоқтамға келтірер бір ғана Құдіреті бар еді. Ол – Алла Тағала болатын!

Мұнарлы Көкте көсліп ұшып кесіс жатқан Періштелер сондарына ілескен әлдебір қараны көзі шалды.

- Соңымызға түсетіндей бұл не қылған тобыр? - десіп қалып еді Періштелер.

- Не де болса тосалық, - деп Періштелердің бірі ұсыныс айтты.

Мөлдір әлемнің тұнығын лайлап, шексіз де шетсіз заузаңғарды шаңдатып, зобалаңға орап бықсыма арамдықпен сондарына сүмектеліп ілескен Ібіліс, Әзәзіл, Шайтан мен Жын екен.

- Қайда асықтыңдар? - деп сүрлана сұрады Ібіліс жол болсын айтудың орынына.

Біліп тұрсындар ғой, - деді Періштелер қосарлана.

- Адамның азғындыққа ұшырап, Аллаға да бас имейтінін мен әу баста-ақ айтқанмын. Көріп қайттыңдар ғой, балшықтан жаралғандардың шалшыққа белден батқандарын. Оларға енді несіне араша сұрамақсындар?-деді Ібіліс қабағынан қар жауып.

- Адамдарды дұрыс жолдан тайдырып, уасуаса айтып азғырғандарың аздай, енді біздің соңымыздан келіп, райымыздан қайтармақсындар ма? Азғыруларыңа көне алмас-

пыз. Жолымызды бөгемендер. Жайларыңа жүріндер! - деді Періштелер.

Жын мен Шайтан сиқыр мен зұлымдықтың неше атасын меңгерген зұлмат күш иелері болғанымен, Періштелердің пәк жүректеріне бойлап ене алмады. Төрт дүлей долданған күйі жерге суыт аттанды. Адам Ата үрпағынан кегін алып, кінәсін қайтаруды ойлаған Ібіліс тобының тағы қандай топас-тарпаң тірлікке баратыны Раббы Алламызыға ғана аян еді.

Шырылдаған, азғырушылардың арандатуларынан сескенген мұбәрәк Періштелер Жаратушы Жаппар Иеміздің алдына дейін тоқтаусыз ұшты.

- Жүрістерің суыт қой. Не жағдай? - деп сұрады Алла Тағала алғаш өзі жаратқан Періштелерінің қандай күйде, не мәселемен келгендерін біліп тұрып.

- Уа, Раббы Иеміз! Асқан құдіретіңізбен, шексіз сүйіспен шілігіңізбен жасаған Сапиолла зәузатына зобалаң келді, - деді Періштелердің үлкені шыр-пыры шығып.

- Білемін, -деді Алла Тағала.

Құдіреті күшті Жаратушымыздың білмейтіні болушы ма еді.

- Ерекше қамқор, аса қайырымды Раббы Иеміз! Сіз адамдарға қандай ауру жіберсеніз де дауасын да қоса жіберуші едіңіз ғой.

Періштелер қол кусырып, тағзым етіп қаздай тізіліп тұра қалды.

- Адам Ата үрпағына мен қашан да қамқормын әрі кешірімдімін. Жаратқаннан бері назарымнан шыққан да емес. Адамзатты жаратпақшы болғанымда сендер «Міндеттерімізді орындамағандықтан немесе арамызда әлдекім Алла Тағаланың тілегіне қайши келгендіктен осылай болған шығар. Өзіңізді ұлықтап, мадақ айтушы біз түрғанда жер жүзіне басқа біреуді жаратып, ие етуіңіз қалай? Олар қалай да салтымызды бұзады, билікке, мұддеге таласып бірін-бірі қырады, қан төгіс жасайды. Ұлықтығызыға шек келтірмей, құлшылық етуші біз ғанамыз» деп сарыуайымға салынғандарың естерінде ме?-деді Ұлы Жаратушы.

- Есімізде, есімізде, - деп келісті Періштелер.

Алла Тағаланың шексіз шарапатына алғаш бөленген Періштелер Раббыларының құдіретін жасы біледі. Олар Алланың еркін ойын терістеп, парасатына күмәнданбақ емес. Әу бастан Адам Атаның үрпағын жамандамақ ниеттері болған жоқ. Бұл жолы да адал, ақ ниеттерінен айнымаған.

Іә, сол күні Алла Жер жүзінің мұрагері Адам Атана топырақтан жаратып, оған жан берді, жүргегіне нұр құйды. Мұнан соң Алла Тағала Періштелеріне Адам Атаға жүгінуге әмір берді. Күнә-күмәннан пәк Періште іркілген жоқ, Адам Атаға ізетпен бас иді.

Ібіліс табиғатында кекірейген керден, тәубесінен тәкаппарлығы терең күншіл де қызығаншақ еді. Сондықтан Алла әміріне бағынбады. Қырсықтығы мен қыңырлығына басып, Сапиоллаға тағзым етуден бас тартты. Сейтіп, Алла Тағалаға шек келтірді.

Қиямпұрыстанып тұрған қыңырдан Алла өз Жарлығына қарсы келуінің себебін сұрады.

- Адам Атана құдіретіммен және сүйіспеншілігіммен жараттым. Сен оған ізет-ілтипат көрсеткің келмейді. Мұның мәнісі неде?

- Мен Адамнан әлдеқайда зерделімін. Мәртебе жағынан менімен шендересе алатын, нәсіл жағынан маған тең келетін жан жоқ. Адамды балшықтан, мені оттан жараттың. Сондықтан одан артықлын, - деп дау айтып күпінді Ібіліс.

Ібіліс менмендік атты ірінді індектеке шалдықсан еді. Оның азғындағаны сонша, Алла әмірін елегісі келмеді. Оттан жаратылған Ібілістің жүргегі мұз болып қатып қалды. Құдіреті күшті Алланың ұлы туындысы Адам Атаға көз қырын салуды өзіне артық санады. Бұл енді асқынған күпірлік еді.

Аса мейірімді ерекше қамқор Алла Тағала азғындықты кешіре алмады.

- Бұл арадан қараңды батыр. Сендей кәсәпірге қарғыс руа, нәлет қамыты қиямет-қайымға дейін сенен алынбасын, - деп оған жаза берді.

Ібіліс жата кетіп, Жаратушыдан кешірім сұрады.

- Адамзатқа қиямет-қайым болғанша тірі жүрсем, - деп жалбарынды.

Алла шексіз кешірім иесі! Сол күнге жеткенге дейін Ібіліске кеңшілік етті.

Қара жүректі де қайырым болмайды. Алла Тағаланың рахымына бөлене тұрып Ібіліс рахметін қимады. Жауыз жүрек жақсылыққа жамандық сайлады.

-Мені азғырған өзің, - деп Аллаға кінә қойды, - Адам баласына үнемі дұрыс жол сілтерсің. Сол жолда Адамды тосамын да тұс-тұсынан тап беремін. Түбінде Адамдар өзінді де алдайды.

- Таңдаған жолыңмен жүре бер. Талай теріс тірлік жасарсың. Тек демеспін. Зор дауысыңмен Адамдарды үрейлендірерсің, зорлық арқылы оларға қарсы тұрарсың, дүние-мұлқін, перзенттерін тартып аларсың, оларға сұрқиялышқен уәде де берерсің, бұлдыр үмітті де меңзесрсің. Жәдігойдің үздесінде опа болмас. Өзіме иман келтірген Адамды алдауыңа жол бермеспін қалайда. Сені ешқашан оларға қожаңдатпаймын. Олар да саған бағынбайды, айтқаныңа көніп, айдауыңа жүрмейді. Азғындық жолы-азап! Оны кәсіп етсең сен де берекет таппассың. Адамдарды азғырғаның үшін сені де, саған ілесушілерді де тозаққа тоғытамын, - деді Алла Ібіліске ескертеп сөйлеп.

Періштелер Алла Тағаланың байтақ әлемді, Жер мен Көкті жаратқанын жақсы білетін. Өздеріне рақым-шапағат нәсіп еткен Аллаға өздерін жаратқан күннен сиынып, құлшылық етіп келе жатқандарын ойлады. Сөйткен Тәңірінің Адамдарды азғындық жолына итермелеууші Ібіліс пен Әзәзілдің жолын кеспеуі қалай? Жер бетіндегілердің нәпсісі үшін нәпақа іздел, небір сорақы сүмдыштарға барып жүргенін құдіреті күшті Құдайдың білмеуі мүмкін бе? Оларды Ібіліс, Әзәзіл, Шайтанның арбауына беріп қоюы неліктен?

- Сендер Біләл оқиғасын ұмытпаған шығарсындар? - деп сұрады Алла Тағала.

Ол былай болып еді. Біләлдің Мұхаммед (F.C.F) пайғамбарға жиі баратыны жөнінде Омейия бин Халефілге

әлдекім өшпен ділікпен өршелене жеткізген. Біләл сырын жасырған жоқ. Омейия жарылып кетуге шақ қалды.

- Менің қара табан құлым екеніңді білемісің? Басқа бүйымдарым сияқты сен де менің жекеменшігімсің. Ақша төлеп сатып алған күннен бастап тәнің ғана емес, жаңың да, ақыл-ойың да меің еркіме өткен. Теріsezуленіп жаңсақ қимылдауға саған ерік жоқ, - деп долданды Омейия.

Біләл айылын жимастан жауап қатты:

- Сіздің құлышыз екенім рас. Жеті түнде тұрып, дарияны бөге десеңіз, ми қайнаған ыстықта нені тасы десеңіз де жарлығыңызды табанда атқарамын. Алайда, ақыл-ойым, сенімім өзімдікі. Қай дінге сенем десем, өз еркімде. Мен табынған ислам дінінің сізге қандай залалы тиді?

Омейия бұған қатты шатынап, ызаға булықты.

- Қара табан құлым. Сені барынша қатты жазалаймын. Көкіргінде қиял торы өрнектеген екен. Оны бұзбасам болмас,-деп шаптықты.

Осыдан соң ол Біләлдің қол-аяғын мықтап байлап, көшениң бұзақы балаларына тапсырды. Олар Біләлді допша тепкіледі. Ымырт жабыла Омейия құлышына келді. Біләл итихатынан (ой-ниетінен) қайтты ма екен, соны білгісі келген.

- Біләл, қандай шешімге келдің? Итихатында берік тұрсың ба? Әлде жөніңе келесің бе?-деп сұрады қатулана сұрланып.

Жүргінің басына шер байлаған Біләл оған жиіркенішті көзben ызалана қарады. «Қамшың денемді қанжоса етіп осар, жібің талша мойнымды қияр, садағыңың жебесі жүргімді түйреп өтер, сонда да өз иелігімдегі, сенімімдегі асыл дінімді жан-дүниеммен мызғыта алмайды» дегенді оның отты жанарынан анық оқуға болатын еді.

Екінші күні Біләлді өртеніп тұрған ыстық құмды далаға алып келді. Біләлді жерге жатқызып, кеудесін үлкен таспен бастырды. Біләл оттай ыстыққа күйіп, зілдей тасқа жаншылса да жүргіндегі иманды, дін жөніндегі ұстанымын өзгертуен жоқ.

- Қинаудың қандайын көрсетсең де иман-идаятымнан әсте таңбаймын,-деді ол тәлейіне бұйырған азаптан қиналып жатса да.

Омейия оны азаптауын жалғастыра түсті. Күндердің күнінде оны азаптан Абубәкір құтқарды. Алла Тағала екеуін де тозақтан ада етті. Абубәкір дүние-мұлкін садақаға атады. Ол жақсылықты басқаларды өзіне борышкер, міндеткер ету үшін емес, Ұлы Пәруәрдигәрдің ризашылығын алуды ғана мақсат етті. Омейия тозақтың лаулап түрған от-жалынына қақталды.

- Қауырсын қанаттарың дір ете қалды ғой,- деді Алла Тағала Періштелерге қарап.

- Да, Раббы Иеміз! Сенің шексіз рахымыңа, қамқорлығыңа, өлшеусіз мейіріміне мұхтажбыз,- деп Періштелер қол кусырып, тізе бүгіп, Аллаға сыйынды, дәргейіне бас ұрды.

Алла Тағала кешірімді, кешіргенді жақсы көреді. Ол қол кусырып, тұнжыр томсарып жағалай түрған пәк Періштелеріне разы-хоштықпен қарады.

- Мен байтақ Жерді мекен ету үшін Адам Атаны, оның үрпақтарын жараттым. Олар Жерде еңбек етіп, тіршілік етуге, өсімдіктермен қоректеніп, жерасты байлықтарын ашып иеленуге, сол арада өсіп-өніп, үрпақ жаюға дәрмен-куат бердім. Сендер өздерінді олардан әлдеқайда білімді әрі ақылды санадындар. Сондықтан Адам Атаға білім сіңіріп, көз аясын кеңейттім. Он сегіз мың ғаламның атын үйреттім. Адам Ата мен Хая А나ға Жұмақ сыйладым. Алайда, Адам Ата мен зайыбының Жұмақта рахатқа кенеліп жүргенін көріп, ішкүса болған Ібіліс оларды азғырды. Міне, содан бері Адам Атаның үрпақтары Ібілістің, Әзәзілдің, Шайтанның арбау-азғыруынан шыға алмай келеді. Олардың сұрқиялышып берген уәделеріне иланып, адамзаттың бар баласы дерлік Құдай болмаққа үмтүлышпен жатыр. Пенделердің дүниеқоңызданғаны соншалық мені де ұмытты. Қазір адамзаттың Құдайы-Ақша. Сол Құдай-Ақшалары арқылы бас-басына би болуды армандайды. Кедей-бай, бай-Құдай болсам деген пасық пиғыл барлығының әзиз жүректеріне қанды шеңгелін аямай салған. Сондықтан оларға тәж пішінді тажал жібердім. Менен қорықпайтындарға айта барындар, тәубелеріне келсін. Патша, корольдер, президенттер жердегі менің қөлеңкем. Халық маған қалай ба-

ғынса, оларға да солай бас июлері керек. Алайда, бұгінгі көлеңкелерімнен ыңсап, парасаттылық, имандылық жоғалып барады. Қараша халықпен қас болған билеушілерден қадыр қашады. Олар мәңгілік емес. Мәңгілік Мен ғана. Сара санасына осы да жетпейді. Таққа отырғандардың барлығы тақуа болмайды. Олардың көбі мен сыйлаған тақты әкелерінен қалған мұрадай көріп жүр. Екі дүниенің рахым-шапағатын, обал-сауапты ұмытты. Пәни дүниедегі адамдар алдында дұрыс жол мен теріс соқпақ, иман мен сатқындық, жеңіс пен жеңіліс сияқты сынақ бар. Мұны Адамға жаратқан күні-ақ айтпап па едім? Барлық адам менің ғана құлым. Ал, биліккүмарлар, даңқкүмарлар жеке-жеке құл ұстағысы келеді. Тәж киіп, топас тәкаппарлықтың торына түскендердің жазасы ауыр. Жер бетіндегі күнәшар пенделер көкірегінен кесірлі кесел- тәкаппарлық пен тәжкүмарлық, тоғышарлық тоқтағанда ғана обаның дауасы табылады,-деді Алла Тағала.

Шексіз де шетсіз Мейірім-Шапағат иесі, құдіреті күшті Жаратқан Иеміздің кешірімі мен кеңшілігін пенделерге сүйіншілеп жеткізу үшін Періштeler Жерге қарай жай оғындей жарқырап түсіп келе жатты.

Жер жүзінің мұрагерлері бұған дейін де Алланың жазасына аз ұшырап па еді? Топан су, Помпей оғы, цунамилер, алапат жер қозғалыстары, опатты озбыр обалар, жанартайлар Жаратқандың жана шырлық ескертпелері емес пе еді? Ұлы Құдіреттің осы ескертулерінен қам сүт емген пенделер қорытынды шығарды ма?

Тәж-Тажал Жер бетін түгел жайпап, кінәлі-кінәсізді екшеп-таразыламай-ақ өлім ұрығын сеуіп келе жатты.

Уа, Раббы Иеміз! Бәрін білуші, бәрін жоспарлаушы өзің ғана. Күнәшар пенделердің қуыс кеуделеріне Сана сәулесін құя гөр!

МАЗМҰНЫ

Повестітер

Ақілгек.....	3
Олар – атасының балалары.....	37
Бетпақдала балладасы	64

Әңгімелер

Ешқайда бастамайтын сүрлеу	106
Жезде.....	120
Көрші	148
Жерұйық	155
Кермек дәм.....	160
Күлпаш	177
Қанай-Ханеке!	191
Қаскөй.....	203
Қатерлі өткел	211
Таңдайдағы тікен	221
Тәж-тажал	234



Сабырбек ОЛЖАБАЙ

АҚІЛГЕК

Повесттер мен әңгімелер



Редакторы **Тұрысбек СӘҮКЕТАЙ**
Пікір жазған **Құдияр БІЛӘЛ**
Корректоры **Салтанат ЭШІМОВА**
Компьютерлік верстка **Сәуле ТАБАЛДИНОВА**

Теруге 12.06.2021. «Жамбыл» баспасының компьютерлік орталығында
беттелді. Басуға қол қойылды 20.07.2021. Қалыбы 84x108^{1/32}.
Қаріп түрі «Cambria». Шартты баспа табағы 15,25. Офсеттік қағаз.
Офсеттік басылыс. Тараптамы 1000 дана. Тапсырыс № 0111.



Сабырбек ОЛЖАБАЙ

Қазақстан Жазушылар және Журналистер одактарының мүшесі, F.Мұсірепов, С.Адамбеков атындағы әдеби сыйлықтардың лауреаты, республикалық «Тарих. Тағылым. Тұлға» байқауының бірінші орын иегері. 2005 жылдың қорытындысы бойынша облыстың ең үздік жазушысы. «Алтын қауырсын» номинациясының иегері. Ресейдің халықаралық Психология академиясының құрметті мүшесі. Қазақстан Педагогикалық академиясының профессоры. Қазақстанның құрметті журналисі. Қазақ журналистикасының кайраткері. Баспасөз саласының үздігі. TURKSOY-дың Құрмет грамотасының иегері. Созақ және Мактаарал аудандарының құрметті азаматы.

